

ҚҰДАЙ, ҚАЙДАСЫҢ?!

ШӨЛ ДАЛАДА
КҮШ-ҚАЙРАТ ПЕН
АНЫҚ МАҚСАТҚА
ИЕ БОЛЫҢЫЗ



ДЖОН БИВЕР

Қымбатты дос,

Қиындықтар мен сынақтарға кез болғанда, Құдайдың уәделерінен көз жазып қалу оңай. Осы кітапты жазғандағы көздегенім – өмірдің әр кезеңінің, тіпті, шөл дала кезеңінің де, өзіндік мақсаты бар екенін есіңізге салып, жігерлендіру.

Нақ шөл далада Құдай жүрегімізді жұмсартып, мінезімізді қайта қалыптастырады, сөйтіп, бізді өмірімізге деген ауқымды жоспарын орындауға дайындайды. Құдай үнсіз қалғандай немесе алыстап кеткендей болғанымен, Жаратқан Ие бізді ешқашан тастап кетпек емес; Ол біздің жан-дүниемізді өзгертуде. Шөл даланы дұрыс жолмен өтсеңіз, рухани жетіліп, келесі деңгейге өтуге дайын боласыз.

Бұл кітап – сізге деген сыйлығым. Осы кітапты оқып, жігер алуға мұқтаж басқа да сенушілермен, дос-жарандарыңызбен батыл түрде бөлісе беріңіз. Сонымен қатар, CloudLibrary.org сайтына кіріп, өміріңізді өзгерте алар көптеген ресурстарды қазақ тілінде жүктеп алыңыз.

Шөл далаңыздан Құдайдың билігі мен құдіретіне бөленіп, жүрегіңіз жанашырлыққа толып, Киелі Рухтың даусын есту қабілетіңіз артып шығуыңыз үшін мінәжат етемін. Шөл даладағы тазарту кезеңінен саф алтындай тазарып шығуыңыз үшін дұға етемін.

Құдайдың уәделерін жүрегіңізде сақтай отырып, көздеген мақсатыңызға жетіңіз!

Құдай жарылқасын!

Джон



CloudLibrary.org

Джон Бивер
JohnBevere@ymail.com



MESSENGER
INTERNATIONAL
MessengerInternational.org

ҚҰДАЙ, ҚАЙДАСЫҢ?!

ШӨЛ ДАЛАДА
КҮШ-ҚАЙРАТ ПЕН
АНЫҚ МАҚСАТҚА
ИЕ БОЛЫҢЫЗ

ҚҰДАЙ, ҚАЙДАСЫҢ?!

ШӨЛ ДАЛАДА
КҮШ-ҚАЙРАТ ПЕН
АНЫҚ МАҚСАТҚА
ИЕ БОЛЫҢЫЗ



ДЖОН БИВЕР

God Where Are You?! by John Bevere, Kazakh
© 2019 Messenger International
www.MessengerInternational.org
Originally published in English as God Where Are You?!
Additional resources in Kazakh by John Bevere are available
for free download at: www.CloudLibrary.org
To contact the author: JohnBevere@ymail.com

«Құдай, қайдасың?!», Джон Бивер, қазақ тілінде
© 2019 Messenger International
www.MessengerInternational.org
Бастапқыда ағылшын тілінде, «God Where Are You?!»
атауымен шығарылған.
Джон Бивер мен Лиза Бивердің қазақ тіліндегі қосымша
ресурстарын мына сайттан тегін жүктеп алуыңызға болады
www.CloudLibrary.org
Автордың электрондық поштасы: JohnBevere@ymail.com

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	VII
Кіріспе	1
1 “Қайдасың?”	5
2 Игі жақсылармен бірге	19
3 Бізге қажет шөл дала	31
4 Қарым-қатынас	43
5 Жаңа шарап	57
6 Көктегі сый	75
7 Құдайдың ізгі жолы	89
8 Берік негіз қалаңыз	107
9 Шыңдалу	125
10 Шөл даладағы су	141
11 Құдайға жол дайындаңдар	157
12 Шөл даладағы жеңіс	177
Талқылауға арналған сұрақтар	199
Қосымша	205

АЛҒЫ СӨЗ

«Сол сияқты, Жаратқан Ие енді Сион шаһарына да жаны ашып, оның қаңырап бос қалған жерлерінің бәрін кереметпен қалпына келтірмек. Ол елдегі шөл дала мен құла түзді жұмақ секілді, иә, Жаратқан Иенің пейіш бағының өзі іспетті ғажап етпек! Сонда Сион шат-шадыман болып, шүкірлікке, шырқалған әнге бөленетін болады».

— Ишая 51:3

Жұбайымыз екеуіміз түңілудің ұшы қиыры жоқ шөл дала-сын кезіп жүрген кездеріміз, жігеріміз құм болып, сол құм өзімізді көміп қалардай болған кездеріміз болды. Сондай ауыр шақта күйеуімнің мінәжат етіп, Құдайды шарқ ұра іздегеніне, «Құдайым, қайдасың?!» деп сыйынғанына талай рет куә болдым.

Мүлт кеткен, шалыс басқан жерімізді іздеп, түн ортасына дейін ақылдасып отыратынбыз. Қай жерде қате кетті? Қай ісіміз дұрыс емес? Қай ағаттығымызды түзетуіміз керек? Осы сұрақтарға жауап іздеумен болдық.

Джон күн сайын, таң атпастан оңаша кетіп, мінәжат ететін. Әр күнгі үмітіміз – бәлкім бүгін сұрағымызға жауап табылар, бүгін шытырманнан шығып, айқындыққа қол жеткізерміз, мүмкін бүгін өзгерістер басталар. Джонның келуін тықырши күтетінмін. Джон үйге келерде, балалар да ұйқысынан оянатын еді.

Сыбырлап:

– Құдай не деді? – деп сұраймын.

Джон басын шайқайды. Көңілім жабырқап, үмітім әлсірей түскендей болады.

Әлде біз есімізден адастық па? Құдайдың уәдесін естігеніміз шын ба? Әлде бір елес пе? Құдайдың Өзі бізді жетелеп келе жатқан болса, бізді не себепті шөл далаға тастап кетті? Неге үндемейді?

Ия, шөл далада күңкілдеумен болдым.

Қазіргі білетінімді сол уақытта білгенімде ғой, шіркін! Сол кездегі сынақтан мойымай, жеңіл өтер едім. Қадамым нық, жүрегім сенімге толы болар еді. Сол уақыттың тазару мен дайындық мерзімі екенін біліп, сабыр сақтар едім.

Міне, сондықтан, осы кітап – жол сілтеуші және сізге берілген сый деп санаймын. Өміріңіздің әрбір кезеңінен сабақ ала біліңіз, болашақта жемісін көресіз.

Еңсеңді көтер, достым! Сен жалғыз емессің!

— Лиза Бивер

«*Нью-Йорк Таймс*» агенттігінің пікірінше
бестселлер болып табылатын
кітаптардың авторы.

«Мессенджер Интернейшнл» қызметінің
негізін қалаушылардың бірі.

КІРІСПЕ

Бұл кітап – менің шөл даланы кезіп жүрген шағым жайлы және басқа да көптеген адамдардың соған ұқсас тәжірибесі туралы. Құдайдың маған арнаған игіліктерінің барлығына қол жеткіздім деп әлі де айта алмаймын. Дегенмен, Құдайдың сізге деген барлық мақсаттарына жетуіңізге қажет қайрат пен жігерді осы кітап беттерінен табуыңызға тілектеспін. Сол үшін мінәжат етемін.

Бұл туыным – терең де толық, алып-қосары жоқ, жан-жақты зерттеу деп айта алмаймын. Мұнда көтерілген тақырыпқа әлі де талай кітап жазылар. Жүрегімнен шыққан осы кітабым шөл дала кезеңінің негізгі қырларын қамтиды. Мақсатым – осы жолдауды Киелі Рухтың сіздің өміріңізде қолдануына мүмкіндік беру, сол үшін тақырыпты тереңірек қарастыру.

“Шөл дала” деп нені айта аламыз, нені айта алмаймыз, шөл даладан өту не үшін керек, оның мақсаты мен берері не – осының бәрін кітап беттерінде талқылаймыз. Кітапта келтірілген мысалдар мен берілген кеңестерді дұрыс пайдаланып, өміріңіздегі шөл даладан даналықпен өтуіңіз үшін мінәжат етемін.

Өз өмірімнен келтірген мысалдарымның көбісі алғашқы екі қызметіме қатысты екенін кітапты оқу барысында байқайсыз. Алғашқы қызметім бағушыма және қауымға келген қонақтарға қызмет ету болды, Техас штатындағы Даллас қаласындағы төрт жарым жылым солай өтті. Сол мерзімнің соңғы он сегіз айы мен үшін шөл далаға айналды. Флоридадағы қауымда жастар қызметін басқарып жүргенімде екі жарым жылға созылған шөл дала кезеңінен тағы өттім. Бұл жолғымен салыстырғанда, Далластағы қиындықтар түк те емес. Және бұл жолғы шөл даланы кезу де он сегіз айға созылды.

Өмірімде тағы ондай кезеңдер болды ма? Болды. Бірақ ол уақытта мен алғашқыдан гөрі әлдеқайда ысылған, шөл даланың не екенін ұғынған сенуші едім. Сондықтан бұл жолдары: «Құдай, бұл қалай?», немесе «Құдай, қайдасың?!» деп қайта-қайта сұраумен болған жоқпын. Шөл даланы кезу мерзімдерінде біраз тәжірибе жинап, онда не болатынын, не істеуім керектігін білетін болдым.

Өз өмірінде шөл далаға тап болған талай сенушімен сөйлескенім бар. Олардың сөзінен, көбінесе, абыржыған, түңілген рай байқалады. Не болып жатқанын түсінбей жүрген, дал болған адамдар. Жақында жұбайым Лиза екеуіміз шөл дала жайлы екі аудио-бағдарлама жаздық. Сол бағдарламар шыққаннан кейін көптеген тыңдармандар пікірін бөлісіп жатты. Бұрын-соңды болмаған көп мөлшерде хат алдық. Сол хаттар “Шөл даладағы жеңіс” («Победа в пустыне») атты кітабымды қайта қарастыруыма түрткі болды.

Аталған кітабымды шамамен отыз жыл бұрын жазған болатынымын. Шығарманы ыждаһаттылықпен қайта оқып шықтым. Байқасам, тітаптың мазмұны – 1980-ы жылдардың соңы мен 1990-ы жылдардың басын қамтитын мерзімге арналған пайғамбарлық сөз екен. Редакторым екеуіміз уақыттан тыс ақиқатты бөліп алып, кейінгі отыз жылдардағы рухани тәжірибемді қоса отырып, кітапты толығымен қайта жазып шықтық. Сонымен, қолыңыздағы кітап – бұрынғы кітаптың қайта қарастырылған, жаңартылған нұсқасы емес, жаңа, тың жолдау. Бұл кітап – қай уақытта да өзекті болатын, замандастарымыздың да, келешек ұрпақ адамдарының да шөл даладан өтуіне көмек бере алатын маңызды жолдау.

Киелі Кітапта: «Өз уақыты бар әр нәрсенің, Осы дүниеде істелінетін Әр істің мезгілі бар өзінің» деп жазылған (Уағыздаушы 3:1).

Өмір түрлі маусымдардан тұрады. Әр маусымның өз мақсаты бар. Сол мақсатты білсек, іс-әрекетіміз дұрыс болмақ.

Үстіне қысқы комбинезон киген, сноубордын арқалаған кісіні көз алдымызға елестетейікші. Ол арқанжолмен тау басына көтеріледі де, төмен қарай сырғанап жөнелмек болады. Алайда, сол сәтте-ақ етпетінен түседі. Неге дейсіз ғой? Өйткені бұл оқиғаның барлығы жазда, қар жоқта орын алды! Осы әрекеті қыс мезгілінде әлгі адамға көп пайда тигізер еді, ал жаз мезгілінде дәл сол ісі орынсыз, тіпті зиянды болды.

Осы кітапты жазғандағы ниетім – шөл далада болатын тазару мен нығаю маусымы жайлы ақиқатты сіздермен бөлісу. Бұл маусымның мақсаты – дайындық. Кітапта қызмет ету жайлы көп айтылады, оны бірден-ақ байқайсыз. Әрқайсымыз түрлі салаларда – бизнесте, денсаулық сақтау немесе білім беру жүйесінде, мемлекет басқаруда, тағы сол сияқты салаларда қызмет етуге шақырылғанбыз. Маған берілген тапсырма – толық қызмет, кітапта келтірген мысалдарым сол қызметіме қатысты. Дегенмен, айтылған қағидалар қай салаға болса да, қатысты. Бизнесте қызмет етуге шақырылғандар да, Ізгі Хабар таратушылармен қатар дайындықтан өтуі тиіс. Өмірдің әрбір саласында да солай.

Тағы да айтарым: осы кітапқа «Шөл даладан өту» деп аталатын қосымша мәтіндер енгіздім. Ол – шөл даладағы уақытыңыздың неғұрлым жемісті болуына септігін тигізетін қысқаша тұжырымдамалар мен жігерлендірулер. Кезінде білім мен тәжірибенің жетіспеушілігінен өзім біраз қиналған едім. Осы жолдауым сізге жол нұсқап, артық адасудан сақтайды деп үміттенемін. Және де шынайы рахатқа бөлей алатын Жалғыз Жаратушымызға деген құлшынысыңызды арттыра түсер деген үмітім де бар.

Ақ көңілмен,
Джон Бивер
Ақпан 2019

«ҚАЙДАСЫҢ?»

«Қуаңшылық пен құнарсыздықты мойымай көтере білсек, Құдайға деген сүйіспеншілігіміз көрінеді; ал Құдай бізді Өз игіліктерімен жарылқағанда, Оның бізге деген сүйіспеншілігін көреміз».

— Мадам Гюйон / Жанна-Мария Бувье де ла Мотт Гюйон

«Бірақ шығысқа қарай жүрсем, Ол онда жоқ, батысқа қарай жүрсем, Оны сол жерден де таппаймын. Солтүстікте әрекет еткен кезінде де Оны көре алмаймын, оңтүстікке бұрылсам, Оны сол жерден де байқай алмаймын».

— Әйүп 23:8-9



Жұрттың бәріне ашулы болатынмын. Неге екенін өзім де білмеймін. Көңілімнен шыққан нәрсе жоқ.

Тұңғышымыз, Эдисон, бір жарым жаста болатын, мен оның балалығын көтере алар емеспін.

Лизаға да дауыс көтере, айғайлап ұрсамын.

Бағушымнан көңілім қалған.

Әріптестеріме ашулымын.

Шынымды айтсам, Құдайға да ренжілу едім. «Бұл қалай?» деп күңкілдеймін.

«Өмірімде Сенің әрекетің неге көрінбейді?»

«Берген уәделерің неге орындалмайды?»

«Неге бұлай?»

«Менімен неге сөйлеспейсің?»

Наразылығым ішіме сыймай, қайта-қайта: «Қайдасың?» деп күңкілдеумен болдым.

Құдай сізге соншалықты жақын болған кездеріңіз болды ма? Оның атын сыбырлап қана айтсаңыз, Құдай Ие жаныңызда екенін сол мезетте сезінесіз, Құдайдың жауабы да лезде келеді.

Ал енді, міне, Құдайға бірінен соң бірін қанша жолдама жолдасаңыз да, біріне де жауап жоқ. Құдай өміріңізден зымзия жоқ болып кеткендей. Көкейіңізде қалған жалғыз сұрақ:

«Құдай, қайдасың?!» Қанша айқаласаңыз да, жауабы – үнсіздік болатындай көрінеді.

Шөл далаға тап болған екенмін, алайда, оны білмеппін. Техас штатындағы Даллас қаласында тұратынмын, өзімді Исаның жақсы шәкірті, әрі Құдайдың назарынан тыс қалған мәсіхші санайтынмын. Ол кезде мен жас сенуші болатынмын, шөл далаға тап болуым алғаш рет еді.

Бұрын Құдайдан сұрағанымды көп қайталамай-ақ алатынмын. Әртүрлі ұсақ-түйек керегімді Жаратқан Ие көп сұратпай бере қоятын еді кезінде. Құдай өте жақын, Оның құзыры айқын әрі күшті еді. Ал мына қуаңшылықта не істерімді білмедім. Құдайымның алдында тізерлеп тұрып ах ұрумен болдым: «Құдай, не болып кетті? Менен миллион шақырым ұзап кеткендейсің!»

«Қандай күнә жасап қойды екенмін?» деген оймен өмірімді тексерумен болдым.

Рас, қайсыбір пенде сияқты, мен де кейде күнә жасап қоятынмын. Алайда, тезірек тәубе етіп, Исаның кешірімін алуға тырысатынмын. Меніңше, өмірімде біле тұра жасалып жүрген, көпке созылған күнә жоқ-ты.

Сол бір қуаңшылық кезеңінде: «Құдай, менімен сөйлесуді неліктен тоқтаттың?» деген сұрақты күнде қоятынмын.

Киелі Кітаптағы ұлы тұлғалардың бірі Әйүппен мені салыстыруға болмас, дегенмен, менің сондағы күйім Әйүптің қиын-қыстау күндерде кешкен күйіне өте ұқсас болатын. Әйүптің бір кездері оғаш көрінген сөздерінен енді терең мағына таптым. Құлазыған шөл далада қалып қойған менің күйімді Әйүп дәл жеткізгендей:

Бірақ шығысқа қарай жүрсем, Ол онда жоқ,
батысқа қарай жүрсем, Оны сол жерден де таппаймын.
Солтүстікте әрекет еткен кезінде де Оны көре алмаймын,
оңтүстікке бұрылсам, Оны сол жерден де байқай
алмаймын» (Әйүп 23:8-9).

Мінәжат етуді жалғастыра бердім, алайда, аспан темірден жаратылғандай еді.

Сонда Құдай маған бір ақиқатты ашып берді: мәсіхшінің өмірі баланың өсуіне өте ұқсас екен. Рухани жағынан мен әлі нәресте едім, және келесі кезеңге қадам басқан кезім болатын. Осының табиғатқа сай көрнекті мысалы көз алдымда еді. Ұлым Эдисон бір жарым жаста болатын. Лиза – өте мейірімді ана, Эдисон қыңқылдай бастаса-ақ, жанына барып, көңілін аулауға тырысатын. Нәресте бір-ақ сәтте анасының мейірімді құшағынан қамқорлық пен жұбаныш табатын еді.

Бірақ, барлық баладай, Эдисон да өсіп жетілуге, есеюге тиіс. Уақыт өте әр бала емізуден шығып, тамақты өз қолымен алып жеуді үйренеді. Барлық бала солай, ал бізде төрт ұл бар. Не деген әлем-тапырық басталады десеңші! Сіз мені түсініп отырған боларсыз. Ас ішпек болғанда олар тамақтың жартысын үстел мен еденге шашып-төгіп тастайтын.

Бұрынғыдай емізе бермейтініңізге балаңыз ренжитін шығар, тамақтанудың мына бір жаңа әдісін неге шығарғаныңызды түсінбейді, бәлкім. Алайда, сіз өз дегеніңізден қайтпайсыз, өйткені, баланың болашағын ойлайсыз. Балаларымыз тамақты жан-жағына шашқанда қасықты алып өзіміз тамақтандырғанымыз оңай екенін біле тұра, ұлдарымыздың қасықты өзі ұстап, тамақ ішуді үйренуіне кедергі келтірмедік. Баланың өсіп-жетілуіне мүмкіндік бердік. Өйткені, балаларымыз ер жеткенше, аузына тамақ салып отырмақ емеспіз!

Нәресте өскен сайын, оған жасалатын күтім мен қамқорлық та өзгереді. Мақсат – баланың өсіп жетілуіне жағдай жасау. Біздің рухани өсіп-жетілуіміз үшін де Құдай соны істейді. Адам жоғарыдан туылып, Киелі Рухқа кенелгеннен кейінгі алғашқы уақытта Көктегі әке сенушінің әрбір мінәжатына лезде жауап береді. Кейін, біздің жетілуіміздің, рухани өсуіміздің уақыты келгенде, (Еврейлерге 5:12 айтылғандай, сүт қана емес, қатты тамақты да қажет ете бастағанымызда), Құдай өмірімізге қиын-

дықтардың келуіне де жол береді немесе әрбір мінәжатымызға сол мезетте жауап бере қоймайтын болады.

Рухани кемелдікке жету жолы әр адамның нәрестеден кәметке жету жолына ұқсас. Құдай маған осыны ашып бергенде, ойымның бағыты өзгерді, енді мен: *«Осы уақытқа дейін қателесіп келдім бе? Осы қиындықтардың барлығы Құдайдың жазасы емес, шөл дала болуы мүмкін бе? Құдай өмірімдегі осы кезеңді мені рухани жетілдіріп, Исаға қызмет етуге дайындау үшін қолданып жүр ме екен?»*

Дәл осындай жағдай Исаның да басынан өткені есіме түсті. Иса Жақия пайғамбарға барып, суға шомылу рәсімінен өткеннен кейін Әкенің жылы лебізін естіді. Артынша Киелі Рух Исаны шөл далаға жетелеп алып кетті. Бұл Исаның тартқан жазасы емес, Ол еш күнә жасаған жоқ.

Сонымен, ызаға батқан, өзімді-өзім аяумен жүрген мен: *«Шөл даладағы осы бір жағдайымды сонша қиындатып жүрген өзім емеспін бе?»* деген ойға қалдым.

Шөл дала кезеңіне көзқарас

Исаға ұқсас болғымыз келсе, мінез-құлқымыз өзгеру керек. Сол өзгерістердің жүзеге асатын орны – шөл дала. Шөл даланы кезіп жүрген адамға Құдай неше шақырым алшақтап кеткендей, ал Құдайдың уәделері жалған сияқты көрінеді. Алайда ол шындық емес, адамның ойы ғана. Шын мәнінде Құдай әрқашан бізбен бірге, өйткені Құдайдың Өзі: «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын» деп уәде еткен (Еврейлерге 13:5).

Шөл далада жүргенде, Құдайдың өзіңіз сенген уәделерінен де, арман-мақсаттарыңыздан да барған сайын алшақтап бара жатқандай боласыз. Шөл далада рухани өсу де, жетілу де жоқ сияқты, сіз оны сезінбейсіз. Алға басудың орнына кейін қарай шегініп бара жатқандайсыз, өміріңіздегі Құдайдың

құзыры артудың орнына азайып бара жатқандай болады. Сезімдеріңіз солай дейді. Құдай сізді сүймейтіндей, елемейтіндей, керек қылмайтындай да көрінеді, тіпті. Шын мәнінде олай емес, әрине.

Шөл далаға тап болған адамның сезінетіні – құлазыған жалғыздық. Шындығында, шөл дала кезеңі Исаға шын сенетін әрбір адамның басынан өтеді. Құдайдың әрбір перзенті шөл далаға барып қайтатыны – айнымас ақиқат. Исаның рухани жетілген сенімді шәкірті болу үшін шөл далаға, бәлкім, бір емес, бірнеше рет баруға да тура келер.

Құлазыған қуаң даланы айналып өтетін, ең құрығанда, қысқа жолмен кесіп өтетін амал бар деп айтқым келеді. Бірақ ондай амал жоқ. Ол жақсы да, достым. Өйткені, уәделі жерге жетем деушілердің барлығы шөл даланы шарлаған жолдармен жүріп өтуі тиіс. Өмірімізде қуаңшылық маусымы қалай да болатынын мойындауымыз керек.

Шөл дала дегеніміз не?

Әбүйір болғанда, кәдуілгі шөл далада, сусыз жерде, аптап ыстық пен аңызғақ желден пана таппай қиналып жүрген жоқпыз. Шөл дала күндіз ми қайнатқан ыстық, түнде салқын, тіпті суық. Шөл далада қалған адамды жалғыздық, аштық пен су тапшылығы қинайды. Оның үстіне, жол таппай адасқан, шеті мен шегі көрінбейтін иен даладан қалай шығарын білмей шарқ ұрған күй. Кәдімгі шөл далада бұрын-соңды болып көрмесек те, осыған ұқсас күй кешкеніміз бар.

Өз басым шөл дала кезеңінен бірнеше рет өттім, бірі де оңай тиген жоқ. Осы кітапта сіздерге сол қиын шақтарда түйгендерімді айтып бермекпін.

Жақсы жағы, Құдайға мойынсұнсақ, өміріміздегі шөл дала кезеңі күйініш пен зардың уақытына айналмайды.

Ақылға қонбайтындай естілсе де, айтайын, шөл дала кезеңінің мақсаты – бізге зардап емес, пайда келтіру, бізді тазарту, үйрету, Киелі Рухпен бірлесе әрекет етіп, жеміс беруге дайындау.

Шөл далаға тап болғандардың көбісі үрейге беріліп, ағат басады. Адамдар үстіне адаса түседі, қателікті бірінен соң бірін жасай береді. Мысалы, жұмыс орнын күрт өзгертеді немесе басқа қауымға ауысады. Осындай өзгерістердің көмегімен бұрынғы тыныштығын қайтарып алғысы келеді, немесе бақытқа қол жеткізбек. Тағы бір мысал, бұрынғы қарым-қатынастың үзілуі ауыр тисе, кейбір бойдақтар жаңа жар іздеуге кіріседі.

Құдай сізді шөл далаға не себепті және қандай мақсатпен жетелеп апарғанын түсінудің орнына, қиындықтардан жалтара берсеңіз, шөл даладағы мерзіміңіз ұзара түседі. Соның арқасында қиындықтардың, көңіл қалдыратын жағдайлардың, тіпті, жеңілдердің саны көбейе түседі. Ал оның себебі – Құдайдың сізді қайда және не себеппен жетелеп апарғанын түсінбеуіңізде.

Қырық жыл дала кезген Исраил халқының басындағы жағдай дәл осы болатын. Шөл дала кезеңінің мақсатын түсінбегендіктен бүтін бір ұрпақ Уәде етілген жерге кіріп, оны иеленуге жарамсыз болды. Не деген өкінішті жәйт! Құдай оларды сынақтан өткізіп, үйретіп, дайындап, нағыз қаһарман етпек болатын. Сол дайындықтың арқасында олар Уәде етілген жерге баса-көктеп кіріп, иемденуге қабілетті болар еді. Алайда олар шөл даланы дайындық кезеңі емес, жаза деп түсінді; сондықтан күңкілдеумен, шағымданумен, түрлі құмарлыққа берілумен болды.

Уәде етілген жерге кіріп, иемдену уақыты келді. Бірақ, барлаушылар қайтып келіп, көрген-білгендерін баяндап бергенде, көпшілік күңкілшіл, шағымшылдардың келеңсіз сөздеріне құлақ қойды. Таразының бір басына Құдайдың уәдесі мен құдіреті, екінші басына пендешілік пен адами дәрмен-

сіздік түскенде, олар Құдайға емес, адамға сенуді жөн көрді. Олар жеңілеміз деген өтірікке сенді, ағы мен балы ағыл-тегіл жерді иемдене алмаймыз деген қауесетке ерді. Құдайдың болмысы мен мінезін білмегендіктен күнә жасады.

Құдай олардың бұл таңдауына егжей-тегжейлі жауап берді. Сол жауаптың негізгі түйіні: «Мақұл, еріктерің білсін». Елсіз даладағы бір жылдық саяхат болып жоспарланған кезең өмірлерінің ақырына дейін созылды.

Абай болыңыз! Өмірбаянымызда осындай шешім қабылдағанымыз жазылып қалғанын сіз де, мен де қаламаймыз! Пауыл елші айтқандай, «Ата-бабаларымыздың бастарынан кешкендері өзгелерге үлгі болып, бізге ескерту ретінде жазылып қалдырылды», сондықтан, Исраил халқының қателіктерінен сабақ алайық, достым (1 Қорынт. 10:11).

Шөл даланы оған кірген бетте-ақ тани алсақ, тістеніп ызаланудың да, күңкілдеудің де қажеті болмайды. Өйткені, шөл даланың ар жағында кемелдікке, құдіретке, Құдайдың игіліктеріне, мүмкіндіктерге, жетістіктерге толы “уәделі жер” жатқанын білеміз. Сонда осы қиын кезең бізге соншалықты ауыр тимейді, Жақыптың:

«Бауырластарым менің, сендер алуан түрлі қиын сынақтарға ұшырағанда, бұл жайтты зор қуанышпен қабылдаңдар. Тек төзімділіктерің іс жүзінде соңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды» деген сөздерімен келісеміз (Жақып 1:2, 4).

Шөл далаға тап болғаным – әбден адасқанымның белгісі ме?

Бұл өте орынды сұрақ.

Шөл далаға тап болғандардың көбісі: «Қай жерде қате жібердім? Құдайға қай ісім жақпады?» деген ойға қалады, оны-

сы түсінікті де. Оның себебі – шөл дала кезеңінің мақсаты мен мәнісін түсінбеу.

Киелі кітапта да, бүкіл тарих барысында да

Шөл даладан өту жолы

#1 Маусымды тани біліңіз

Шөл далаға тап болғандардың көбісі бұл жағдайға аңтаң болады. Құдай ізгі, біз Құдайымыздың мейіріміне, сыйларына, қамқорлығына әбден үйреніп аламыз. Осы бір тамаша уақыт бір күні көзден бірден-бір ұшады деген ой келмейді. Алайда, ондай күн туады, бір өзгеріс болғанын сеземіз. Сондықтан, асып-саспай, қалыптасқан жағдайды мұқият қарастырған жөн. Өмірлік жолыңыздың қай тұсына келгеніңізді түсініп алыңыз. Өйткені, қай маусымның басталғанын білмесеңіз, сол маусымға сай, дұрыс әрі орынды әрекет те жасай алмайсыз.

Оңтүстік Флориданың ауа райынан солтүстік Канаданың климатына ауыстыңыз делік. Қыс түскенде термометрдің сынап бағанасы нөлден төмен түседі. Енді тысқа шығарда сырт киім кигеніңіз жөн екенін білгеніңіз дұрыс.

Осы ереже шөл далаға да қатысты. Шөл далаға жеткеніңізді көрсететін белгілерге көңіл аудармасаңыз, өміріңіздің осынау кезеңінде көптеген қиындықтан еңсеңіз түсіп кетуі ықтимал. Және шалыс басып, опық жеуіңіз мүмкін. Көне Өсиетте Исашар руының басшылары жайында: «Олар заманның ағымын және Израилдің не істеуге тиіс екендігін түсінетін адамдар болатын» деп жазылған (1 Шежірелер 12:32).

Шөл далаға келіп жеткеніңізді түсіне алсаңыз, әрі қарай не істеуіңіз керектігін де біле аласыз.

шөл дала кезеңінің – Құдайдың қаһарына іліккендігінің белгісі емес, Құдайдың тапсырмасын орындауға қажет дайындық кезеңі екенін түсінгендер көп.

Қате шешім қабылдаудың салдарынан да шөл далаға тап болуымыз мүмкін. Оны жоққа шығармаймын, әрине. Исаға қаншалықты ұқсас болсақ та, күнәмен шайқасымыз тоқтамақ емес, қателесуіміз де әбден мүмкін. Бұл ақиқат. Сондықтан, бір рет мүлт кетуіміз немесе бірнеше ағаттығымыз әжептәуір проблемаларға әкеп соқтыруы да ықтимал.

Сонымен қатар, осалдығымызды түсіне алатын Кешірімді де Ұлы Жақтаушымыз бар. Ол да шындық. Сол себепті, күрделі мәселелердің шырмауынан немесе өзіміз адасып барған шөл даладан шығуға жол бастайтын алғашқы қадамымыз – асқар таудай Әкеміздің алдына келіп, мінәжат ету: «Әке, мына ісім – күнә. _____ (жасаған күнәңіздің атын атап айтыңыз). Өтінемін, кешіре гөр. Сол күнәдан бас тартамын. Осы сәттен бастап, Сенің рақымыңмен басқаша өмір сүретін боламын».

Мынаны түсініңіз: шөл далаға өз қателіктеріңіздің арқасында барып қалған болсаңыз да, Құдай Иемен қарым-қатынасыңызды түзеңіз, Құдайдың мойынсұнған шәкірті болыңыз, сонда шөл даладан тезірек шыға аласыз. Алға баса беріңіз. Әрине, әрбір мезгіл мен маусым Құдайдың қолында. Забур жырларында «Өмірім Сенің қолында» деп жазылған (Забур 30:16).

Жоғарыда айтылғанның барлығын ескерген күнде де, шөл далаға түсуіңіз Құдайдың еркіне сай болса керек. Осы бір қиындыққа толы кезеңнің басталу себебі – жіберген қателіктеріңіз емес. Бұл айтқаным сізді бұрынғыдан бетер шатастыруы мүмкін. Дегенмен, осы кітапты жазып отырғандағы мақсатым – шөл далаға деген Құдайдың көзқарасын түсіндіру, рухани өсіп-жетілуіңіз үшін қиындықтар кезеңінің қаншалықты қажет екенін көрсету, сізді Исаға неғұрлым ұқ-

сас қылу үшін Құдайдың шөл даланы қалай қолданатынын көрсету.

Және де мынаны анық ұғынуымыз керек: Құдай сізді шөл далаға жетелеп апарып, шайтанның алдауына қалдырып, жалғыз тастап кетпейді. Мысырдан көшіп шыққан халықтың артындағы келесі ұрпаққа, Уәде етілген жерге кірерден бұрын, Құдай былай деген болатын:

«Құдай Иеміздің осы қырық жыл бойы сендерді иен далада бастап алып жүрген жолын естеріңе түсіріңдер! Ол сендерді Өзіне мойынсұндыру үшін, әрі шынайы ниеттеріңнің қандай екенін: Оның өсиеттерін орындайсыңдар ма, жоқ па, соны білу үшін түрлі сынақтардан өткізді» (Заңды қайталау 8:2).

Сонымен, Исраил халқы зор қателік жасаса да, ессіздік, қанағатсыздық пен бүлікшілдіктің арқасында шөл далада ұзақ қалып қойса да, Құдай қалыптасқан жағдайды жақсылыққа бұрмақ еді. Құдай қашан да солай істейді, соған қуанамын! Сіз ше?

Шөл дала туралы қате ұғымда болмаңыз. Біз шөл далаға тап болды екен деп, Құдай бізбен жұмыс жасауды тоқтатпайды. Көктегі Әкеміз бізді шөл даланың ішімен Өзі жетелейді, Құдай жетелемесе, өзіміз шыға алмаймыз. Шөл далада жүрген сенуші Құдайдың қолдануына жарамайтын құрал тәрізді сөреде шаң басып тұр деп ойламаңыз. Мейірімді Әкеміз олай етпейді. Керісінше, дәл сол уақытта Құдай біздің өмірімізде орасан зор жұмыс атқарады.

«Ағаштардың арасында орман көрінбейді» деген мәтелді естіген боларсыз. Осы сөз шөл далаға да қатысты. Құдайдың әрекетінің қақ ортасында тұрған адамға оны көру қиынға соғады.

Шөл дала – жеңілу орны емес, әсіресе, Құдайға мойынсұнған адамның өміріндегі қиындықтар кезеңі – күйреудің

белгісі емес. Осы ақиқатты ұғынып алыңыз. Айдалада Иса да сынақтан өткен болатын. Ол қырық күн бойы тірек болар жан жоқ жалғыз болды, пана жоқ, үй-жай жоқ, аштықтан әбден әлсіреген күйінде шайтанның шабуылына ұшырады. Соның өзінде Иса шайтанды Құдайдың Сөзімен жеңіп шықты! Шөл дала – Құдайдың перзенттерінің жеңілетін жері деп ойламаңыз. Есіңізде болсын, «Ол Мәсіхпен тығыз байланыстағы бізді әрдайым жеңістің шеруімен жетелейді...» (2 Қорынт. 2:14).

Израил халқы иен даланы кезіп жүргенде, жергілікті тайпалардың шабуылына бір емес бірнеше рет ұшыраған болатын. Құдай Өз халқын оларға қарсы шайқасқа жетеледі. Сөйтіп, Израил халқы аморрейлерді (Руларды санау 21:21-25), Мадиам тайпасын (Руларды санау 31:1-11), Башан тұрғындарын (Руларды санау 21:33-35) жеңіп шықты. Жаратқан Ие Израил халқының жауларынан жеңілуін қалаған болса, қару алып қорғануларына тыйым салар еді. Құдай оларды иен далаға қырып салу үшін апармаса да, Израил халқының көбісі Уәде етілген жерге кіре алмай, сол далада қалып қойды. Бұл Құдайдың еркі емес, халықтың тілазарлығының қайғылы салдары болатын.

Сонымен, шөл далаға тап болудың себебі Құдайдың сізге деген наразылығы, не болмаса жазасы емес. Соған сізді сендірдім деген үміттемін. Сонымен қатар, шөл дала – Құдай сізді тастап кететін немесе ұмытып кететін жер емес. Және шөл дала – сенушінің күйрей жығылатын, жудан жеңілетін жері де емес!

Құдай бір жақсылықты ойластырып қойды!

Шөл дала кезеңі – Құдайдың игіліктерін, кереметтерін, молшылығын, құдіретін емес, Жаратқан Иенің жүрегін танып білуге құштарлық уақыты. Солай етсеңіз, бойыңызға қайратты мінез-құлық қалыптастырасыз, күш-құдіретке ие боласыз.

Қиын-қыстау кезеңде Құдайдан келген асқақ армандарыңыздан айырылып қалмаңыз. Жүрегіңізде анық мақсат, Құдайдың уәдесі болмаса, жігеріңіз құм болып, түңілесіз де, күңкілге берілесіз.

Өмірдегі өз орныңызды біле алсаңыз, болашағыңыз айқын болады. Сонда, Құдайдың кереметтерін көрмесеңіз де, өзіңізді жетелеп келе жатқанын сезінесіз. Бұл маусым – Құдайға деген сүйіспеншілігіңіздің кемеліне келетін кезі. Сіз енді: «Құдай мен үшін қандай жақсылық жасай алады?» деп сұрауды қойып, «Құдай менен не күтеді?» деген сұраққа жауап іздейсіз.

Ежелгі пайғамбар Әйүптің кешкен күйі жайлы жоғарыда айтқан едік. Ол Құдайдың әрекетін түсінбегендіктен, тауы шағылып, түңілген болатын. Қайда барса да, Құдайды таба алмай шарқ ұрды! Әйүптің ізденісі сонымен аяқталса, біздің де көңіліміз қалар еді. Алайда, Әйүп үмітін үзген жоқ, ақырында сенім мен үмітке толы мына сөздерді айтты:

«Құдай жүретін жолымды жақсы біледі. Ол мені сынап тексергенде, алтын сияқты таза болып шыға келемін» (Әйүп 23:10).

Қандай ғажап рухани түсінік! Құдайдың бізді қайда жетелеп апара жатқанын түсіну кейде қиынға соғады. Дегенмен, Жаратқан Ие жүретін жолымызды біледі, соған сенейік. Құдайға алаңсыз сеніп, толықтай үміт арта аламыз. Сондықтан Пауыл елші былай дейді: «Өмірлеріңде игі ісін бастаған Құдайдың оны жалғастыра беріп, Мәсіх қайта ора-лар күнге дейін толықтай аяқтайтынына кәміл сенемін» (Філіптіліктерге 1:6).

Осы сөздің шөл далада да ақиқат екенін білеміз.

2

ИГІ ЖАҚСЫЛАРМЕН БІРГЕ

«Дауылдарға төтеп берген мәсіхшілер әсем ағаштардай болып өседі. Олар тау жоталарында өскен, жел қаққан ағаштар тәрізді – талай соққы көрсе де, өзегі бәрінен де мықты».

— Билли Грэм

«Киелі Рухқа кенелген Иса Иорданнан қайтқанда, Киелі Рух Оны айдалаға бастап алып барды».

— Лұқа 4:1



Шөл далаға хош келдіңіз! Осындай қуанышты қарсы алу таң қалдырды ма? Рухани шөлде өткен уақытты, әдетте, жақсы уақыт деп қарастырмаймыз. Дегенмен, көктегі Әкеміздің шөл далаға деген көзқарасы басқа. Ал енді сіз жақсы адамдардың арасындасыз.

Сенім жолында шөл даланы айналып өтсем деген ойда болсаңыз, ондай ниеттен арылғаныңыз дұрыс дер едім. Шын мәнінде шөл далада көптеген әділ сенушілердің, тіпті, Құдайдың Ұлының да ізін көреміз. Олардың барлығы иен далада бірталай уақыт өткізген болатын.

Яғни, шөл далада сіз жалғыз емессіз, игі жақсылардың арасындасыз.

Атышулы адамдардың атын атап, әсер қалдырғың келіп отыр деп мені айыптай көрмеңіз. Өмірінің біраз уақытын шөл далада өткізген адамдардың тізімі, шынымен де, әжептәуір.

Ежелгі заман әулиесі Әйүпті жоғарыда атап кеткен болатынмын. Киелі кітап Әйүпті «сол кісі шығыс өлкесіндегі ең ауқатты адам болатын» деп сипаттайды (Әйүп 1:3). Ол кісі қолда бардан түгел айырылып, тұл қалды. Бала-шаға да, мал-мүлік те, деннің саулығы да, жұбайының қолдауы да – бәрі де ұшты-күйлі жоқ болды. Әйүп – ары таза адам болса да, жақын достары оған жасырын күнә жасаған боларсың деп айып тақты. Шөл далада тауы шағылғаны сонша, Әйүп, тіпті, дүниеге келмей-ақ қойғаным жақсы еді деп ах ұрды.

Шөл далада Ыбырайымның ізімен жүресіз. Ур қаласында тұратын, байлығының рахатын көріп отырған сол бір ауқатты адамға Құдай барын тастап, уәделі жерге жол бастауды бұйырады. Сол саяхатта Ыбырайымның айнымас серігі Сара болатын. Өмірлерінің талай жылы иен даланы кезумен өтті. Мұса шөл даламен жақсы таныс еді. Ол перғауынның сарайында ханзада дәрежесінде жүріп өсті. Мысырлықты өлтіргеннен соң ол құлазыған кең даладан бір-ақ шықты. Сонда жүріп, қырық жыл бойы қой бақты. Және сол айдалада Мұсаға Жаратқан Иенің Өзі жолықты:

«Мұса қайын атасы – мадияндық діни қызметкер Етордың ұсақ малдарын бағып жүрді. Бір күні ол отарын айдаланың алыс түкпіріне, Құдайдың тауы деп те аталатын Хориб тауына айдап барды. Сол жерде оған Жаратқан Иенің періштесі бір тікенді бұтаның ортасынан жалындап жанған от ішінен аян берді. Мұса бұтаның от болып жалындап тұрғанымен өртеніп кетпегенін байқаған еді. Сонда ол іштей: «Мынау қызық көрініс екен, сол жерге жақынырақ барып, бұтаның неліктен өртеніп кетпей жатқанын қарайыншы», – деп ойлады. Жаратқан Ие Мұсаның қарау үшін жақындап келгенін көрді. Содан Құдай бұта арасынан оған:
– Мұса! Мұса! – деп дауыстады. Ол:
– Тыңдап тұрмын, – деп жауап берді»
(Мысырдан көшіп шығу 3:1-4).

Сосын, өзіміз білетіндей, Мұса Мысырға қайта оралды да, халқын алып шықты. Қайда алып шықты дейсіз ғой ... шөл далаға, әрине.

Иен даланы Жүсіп те кезген болатын. Жүсіп – әкесінің ерекше жақсы көрген сүйікті ұлы, оны ағалары алдымен орға тастап, кейін құлдыққа сатып жіберді. Сонымен, Жүсіп Мысырға бара жатқан саудагерлердің керуенімен бірге кете барды. Мысырда оған жала жабылып, түрмеге қамалды. Сонда, перғауын-

ның зынданында қамауда жатқанында Жүсіпті Құдай қолдап, патша шарапшысы мен наубайшысының түстерін жорып берді. Бұл жайт перғауынның түсін жоритын сәтке дайындық еді.

Шөл даланы Дәуіт те көрген. Самуил пайғамбарға Құдайдың Рухы қонып, келесі патша Дәуіт болатынын айтты. Артынша Дәуіт патшалық құруға дайындала бастады. Дайындығы шөл даланы кезумен, шатқалдарда тығылумен өтті. Сол кезде Дәуіт Жаратушысын Қамқоршы, Құдірет Иесі, Берік Қорған, Мықты Негіз ретінде танып білді.

Жақия ұлы пайғамбар еді. Әкесі ұлының болашағы жайлы Құдайдан аян алған болатын. Алайда, Жақия Құдаймен қызметкерлер мектебінде емес, шөл далада жақын танысты. Жақия Яхудея өңірінің елсіз даласын мекендеп, жүннен тоқыған қарапайым киім киді, жабайы жемістер мен жәндіктерді қорек қылды. Лұқа жазған Ізгі хабарда былай делінген: «Содан Жақия Иордан өзенінің бойындағы барлық өңірді аралап былай деп уағыз айтты: «Күнәларыңа өкініп теріс жолдан қайтып, Құдай жолына түсіңдер, әрі шомылдыру рәсімінен өтіңдер! Сонда Құдай күнәларыңды кешіреді!»» (Лұқа 3:2-3).

Пауыл елшіге Құдай көптеген құпияларды Арабия шөлінде ашқан еді. Оларды Пауыл жазба ретінде қалдырды. Кейін олар Жаңа Өсиеттің басым бөлігіне айналды. Пауыл елші былай деп жазады: «Құдай маған Исаның Өзінің рухани Ұлы екендігін ашып білдіріп, Ол туралы Ізгі хабарды яхудиелерден басқа халықтардың арасына таратуға бұйырды. Сонда мен осы жайлы ешбір адамнан ақыл сұраған жоқпын, әрі Иерусалимге барып, менен бұрын елші болғандармен де ақылдасқан емеспін. Қайта, ешқайда соқпастан, Арабия еліне тура аттанып, сол жақтан Дамаскіге қайтып келдім» (Ғалаттықтарға 1:16-17).

Иса Мәсіхтің Өзінен аян алғанда Жохан елші қайда еді?

«Мен, Жохан, сендердің бауырластарыңмын және Иса Мәсіхке бола азап шегіп, Оның Патшалығына қызмет етіп, қайта оралуын төзімділікпен күтудегі серіктестеріңмін. Құдайдың сөзін және Иса Мәсіхтің

шынайы хабарын уағыздағаным үшін Патмос аралында тұрдым» (Аян 1:9).

Патмос – елсіз арал, нағыз иен дала, Құдайдың аян беруіне ең қолайлы жер болатын.

Және, ең бастысы, шөл далада Исаның Өзі де болған. Құдайдың Ұлына Киелі Рух қонды, Ол ел алдында Әкесінің батасын алды. Артынша Киелі Рухтың жетелеуімен елсіз далаға кетті де, шайтанның азғыруына төтеп берді.

Байқауымша, көбінесе солай болады. Құдай бізге болашақта өзіміз арқылы істейтін керемет істерін көрсетеді. Содан кейін бізді соған дайындау үшін иен далаға жетелеп алып кетеді.

Менің иен далаға барғым келмейді, әрине. Бірақ, шөл дала ұлы пайғамбарларға да, Иеміз Исаға да керек болғанын білеміз. Олай болса, елсіз далада біраз уақыт өткізудің маған да пайдасы тиетін болса керек. Шөл дала – Құдайдың бізді сынақтан өткізетін, мінезімізді жұмсартатын, сенімімізді нығайтатын, жанымызды тазартатын уақыты. Қиын-қыстау кезеңдерде Құдай біздің бойымызда Өзінің мінезіне ұқсас мінез қалыптастырады. Құдай патшалығында болашақта ерен еңбек етуге дайын болуымыз үшін шөл дала кезеңі керек-ақ.

Шөл даланың кереметі сол, мұнда Құдайды жаңа қырларынан танып білесіз! Ишая пайғамбар:

«Сол сияқты, Жаратқан Ие енді Сион шаһарына да жаны ашып, оның қаңырап бос қалған жерлерінің бәрін кереметпен қалпына келтірмек. Ол елдегі шөл дала мен құла түзді жұмақ секілді, иә, Жаратқан Иенің пейіш бағының өзі іспетті ғажап етпек! Сонда Сион шат-шадыман болып, шүкірлікке, шырқалған әнге бөленетін болады» дейді (Ишая 51:3).

Жаратқан Иенің Өзі пейіш бағында Адам атамен тілдесіп, Өзін таныстырған болатын

Шөл далада Құдайды қатты аңсап, шөлікпейсіз. Қайғы жұтқан адам әр нәрсеге алаңдамайды, назары Құдайда бо-

лады. Сондықтан, Жаратқан Иеңізбен кездесуге, жақын танып білуге жүрегіңіз дайын. Өмірдің қызығына алданбай, бір Құдайға ден қоюға дайынсыз. Құдайға ерем деушілердің қай-қайсысы да шөл даланы басынан кешеді. Дәл сол иен далада Құдай бізге жаңа қырларынан көрінеді. Ишая пайғамбардың жазбасында былай делінген: «Уа, Жаратқан Ие, шынымен Сен Өзіңді жасыратын Құдайсың, Исраилдің сиынған Құдайы әрі Құтқарушысысың!» (Ишая 45:15). Жаратқан Ие Өзін аңсайтындарға ашылады, оларға жақын болады, олардың Өзіне деген құштарлығы мен Құдаймен қауышқандағы қуанышын арттыра түседі. Сонымен қатар, Жаратқан Иені аңсамайтындардан Құдай Өзін жасырады.

Шөл даладан өту жолы

#2 Жалғыздықты қаншалықты сезінсеңіз де, Құдай сізбен бірге

Шөл далаға тән нәрселердің бірі – Құдай зым-зия жоқ болып кеткендей көрінеді! Дәл қазір, сіз Құдайды соншалықты қажет еткенде, Құдай сізден миллиондаған шақырымдарға алыстап кеткен тәрізді.

Құдайдың екі түрлі құзыры туралы білгеніңіз жөн. Біріншісі «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын» деген аятқа сай (Еврейлерге 13:5). Бұл – Құдайдың бір мезетте барлық жерде бола алатын қасиеті. Дәуіт бұл жайлы былай дейді: «Көкке көтерілсем, сол орындасың, тұңғиыққа түссем де, Сен сондасың» (Забур 138:8). Құдайдың Сөзіне сенсеңіз, Құдайға шындап үміт артсаңыз, Жаратушы Иеңіз әрдайым сізбен бірге. Бұл – мызғымас ақиқат. Сіздің сезімдеріңіз қалай десе де, ақиқат өзгермек емес.

Құдай Тағала адамның Оған үйреншікті, әдеттегі көзқараспен немесе немқұрайлы қарауына жол бермейді.

Құдайға деген құштарлық

Құдай Өзін шын жүректен аңсағандарға келеді.

Құдай Ие Исраил халқын иен далаға аштыққа душар етіп, Өзіне мойынсұндыру үшін жетелеп апарды, әрі шынайы ниеттерінің қандай екенін білу үшін түрлі сынақтардан өткізді. Алайда, Ешуа Нұнұлы тәрізді Құдайды аңсаудың орнына, халық үйреншікті асын, үй-жайын, Мысырда қалған басқа да нәрселерді аңсаумен болды. Жаратқан Ие Өзін Мұсаға

Құдайдың бізбен бірге болуының тағы бір түрі – бәріміз жақсы көретін айқын құзыры, ол да мәсіхші өмірінің бір бөлігі. «Айқын ету» дегеніміз – көрінбейтінді көрінетін ету, естілмейтінді естілетіндей ету, белгісізді белгілі ету. Құдайдың айқын құзыры келгенде, Құдай Өзін адамның сезім мүшелеріне ашып береді. Мұндай кездесу мадақтау кезінде, жеке мінәжат үстінде, табиғат аясындағы серуен кезінде, күнделікті шаруаларыңыздың барысында, тағы да кез келген жағдайда болуы мүмкін. Бұл кездесулер ерекше рахат сыйлайды.

Сонымен, шөл далада сізді рухани аштық пен рухани шөл меңдеген болса, ал Құдайдың жан-дүниеніңізді тебірентер керемет құзыры келмей жатса, сабыр сақтаңыз. Құдайдың уәделеріне, әсіресе, «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын» деген сөзіне нық сеніңіз. Біз Құдайдың айқын құзырын сезінбеген күнде де сеніммен қуана білсек, Оған деген айнымас сүйіспеншілігімізді көрсетеміз.

таныстырғандай, оларға да таныстырмақ болып келгенде, халықтың Құдайды танып білуге құлқыны соқпады. Шынтуайтына келгенде, Құдайдың халқы Жаратушы Иеден бас тартқан еді. Заңды қайталау кітабын оқып көрейік:

«Тау от болып жанып жатқан кезде сендер қараңғылық ішінен дауысты естігенде, барлық рубасыларың мен ақсақалдарың маған жақындап келіп, былай деді: «Құдайымыз Жаратқан Ие бізге Өзінің нұрлы салтанаты мен ұлылығын көрсетті, от ішінен Оның даусын естідік. Бүгін біз Құдай адаммен тілдескенде адамның тірі қала алатынын да көрдік. Ал енді, біз неге өлуге тиіспіз? Мына жалындаған от бізді жалмағалы тұр. Егер Құдай Иеміздің дауысын әрі қарай ести берсек, онда құрып кетерміз. Мәңгі тірі Құдайдың дауысын от ішінен біз естігендей естіп, тірі қалған пенде бар ма? Сіз өзіңіз Құдай Иемізге жақындап барып, Оның айтқандарын тыңдаңызшы. Содан кейін Құдайымыз Жаратқан Иенің өзіңізге білдіргендерінің бәрін бізге жеткізіңіз. Соларды тыңдап, орындайтын боламыз»» (Заңды қайталау 5:23-27).

Сонымен, Құдай иен далада Өзін халыққа таныстырмақ болды, Құдай Мұсамен қаншалықты жақын болса, халқымен де соншалықты жақын болғысы келген еді. Алайда, Исраил халқы кейін қарай шегініп, Мұсадан «сіз өзіңіз Құдай Иемізге жақындап барып, Оның айтқандарын тыңдаңызшы. Содан кейін Құдайымыз Жаратқан Иенің өзіңізге білдіргендерінің бәрін бізге жеткізіңіз. Соларды тыңдап, орындайтын боламыз» деп сұрады.

Өкінішке орай, олар Құдайды танып біле алмады. Құдай туралы білді, Құдайдың Өзін білген жоқ. Міне, сол себепті олар Құдайдың өсиеттерін орындауға қауқарсыз болды. Құдайды танып білмегендіктен олар Уәде етілген жерді көрместен, шөл далада қырылып қалды.

Құдай Жохан, Мұса, Дәуіт, Пауыл, Жүсіптерді иен далаға жетелеп апарғандай, бізді де апарады. Шөл далада Құдайды аңсаймыз ба, көзімізден бір-бір ұшқан жайлы да тыныш өмірімізді аңсаймыз ба – міне, сынақ. Жақып елші жазады:

«Сұрасаңдар да, ие бола алмайсыңдар, себебі ізгі ниетпен емес, арам құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін сұрайсыңдар. Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады. Киелі жазбадағы мынадай сөздер бекер айтылды деп санайсыңдар ма: Өмірімізден орын алған Құдайдың Рухы жалғыз Құдайды ғана сүйіп, Оған түгелдей бағышталуымызды аңсайды. Ал Тәңір Ие бізге (арам құмарлықтарға қарсы тұруға) рақымын мольнан сыйлайды. Сол себептен де Киелі жазбаларда мынадай сөздер бар: Құдай тәкаппарларға қарсылық жасайды, «ал езілген кішіпейілдерге рақымын сыйлайды». Сонымен, Құдайға мойынсұныңдар! Әзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді. Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Ей, күнәкарлар, қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартыңдар! Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар!» (Жақып 4:3-8).

Біз Құдайды шын жүректен аңсап, іздегенде, Құдай бізге жақындай түседі. Израил халқы Құдайдың қалауын емес, өз құмарлықтарын қанағаттандаруды ғана көздеген еді. Осы дүниелік құндылықтарға ерді, іздегендері – жайлылық пен қауіпсіздік, қу құлқынның қамы. Осы дүниемен ойнасап, Құдай алдында опасыз жарға тең болды. Мысырдың патшасын да, оның мыңдаған әскерін де байлық, баршылық, әл-ауқат құтқара алмаған еді, Израил халқы соны ұмытты.

Жаратқан Иемізге жақындаймыз десек, екі нәрсеге көңіл бөлуге міндеттіміз. Біріншіден, қолымызды тазартуға тиіспіз.

Қорынттықтарға арналған екінші хатында Пауыл елші: «Осы уәделердің бәрі де бізге берілгендіктен, сүйікті бауырластарым, тәніміз бен рухымызды арамдайтын барлық нәрселерден таза-рып, Құдайды терең қастерлеп, толығымен Оған бағышталған қасиетті өмір сүрейік!» деп жазады (2 Қорынт. 7:1). Күнә адамды Құбайдан ажыратады: «Қайта, өздеріңнің әділетсіз істерің Құдаймен араларыңды ажыратып келеді! Жасаған күнәларың Оның бетін сендерден бұрып әкетеді. Сондықтан да Құдай Ие мінажаттарыңа құлақ салмайды» (Ишая 59:2).

Екіншіден, жүрегімізді тазартуымыз керек. Мұның кілті Жақып елшінің хатында: «Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар!» (4:8). Екіойлы, табансыз адамдардың көңілі Рухтан тәнге қарай ауады. Санасы мен сезімдері Құдайға толықтай бағышталмаған. Колосс қаласындағы сенушілерге арнаған хатында Пауыл елші: «Сонымен, Мәсіх өлімнен қайта тірілгенде сендер Онымен бірге рухани тірілдіңдер. Сондықтан көкке лайықты қасиеттерді иемденуге ұмтылыңдар! Өйткені Мәсіх көкте, Құдайдың оң жағында отыр. Ойларыңды күнәкар дүниедегіге емес, көктегіге аударыңдар!» деп жазады (Колосс. 3:1-2).

Ойыңыз бен қалауыңыз қай нәрсеге ауса, соған ынталана, құштарлана ұмтыласыз. Мұндағы ең түйінді сөз – аудару. Әйел адам шаштаразға барып, шашын химиялық құралдардың көмегімен бұйралатты дейік. Шашының әрбір талы бұдан былай бұйраланып тұрады. Енді қолмен тартып түзетсеңіз де, жіберген сәтте-ақ бұйра қалпына қайта түседі.

Сенушілер қауым жиналысына қатысады, мадақтау тобының құрамында ән айтады, басқа да қызметтер атқарады, ал «мәсіхшілік» іс-шаралардан тыс қалғанда олардың санасын не билейді? Ойы неге ауған болса, сол билейді. Әлгі кісі қауым жиналысынан, мәсіхшілердің арасынан шыға сала, көңілі сол бұйраланған шаштай өз қалпына келеді. Ойын неге аударған болса, санасы соған қарай ауады.

Еліміздің әр жеріндегі қауымдарда болдым, сол қауымдардағы сенушілер мадақтау тобымен бірге өлең айтады, уағыз айтылып жатқанда қойын кітапшасына түртіп алады, түрлі қызметтерге үлесін қосады. Оның бәрі дұрыс, әрине. Алайда, жексенбілік жиналыс пен қауымдағы қызметінен қолы босағанда сол адамдардың айтатыны – тек ақша, кәсіби спорт, киім-кешек, әлеуметтік желілердегі жаңалықтар, өздерінің әуесқойлықтары, қыз-жігіттер, тамақ, сатып алған заттары, дүкендердегі сатылымдар, телефондарға жүктелетін қосымшалар және басқа да осыдүниелік құндылықтар. Осыларды сөз еткенде ол кісілердің көздері жайнап, қызығушылық танытады. Ал Киелі кітап оқуды, мінәжат етуді, Ізгі хабар таратуды, қызмет етуді, тіпті, қауымға баруды да өздеріне міндет санайды. Өздерін сол міндетін орындап жүргендей сезінеді.

Жігіт ғашық болып, үйленгелі жүргенде, оған сүйіктіңді көбірек ойла деп ескертудің қажеті жоқ. Қалыңдығы күндіз-түні ойынан шықпайды, сүйген жарының есімін аузына алғанда, тіпті, даусы өзгеріп шыға келеді. Себебі, жігіттің махаббаты, жүрегі, көңілі сол қызға ауған. Жігіт ғашық! Дәуіттің сөзін оқып көрейік: «Ықылас-ниетім әрдайым Иемде, Оң жағымда Ол маған жар боп келеді: Жағдайым шайқалмайды ешбір кезде» (Забур 15:8).

Дәуіттің ойы екіге бөлінбеген. Жүрегі таза. Ешкімді де, ешнәрсені де Құдаймен қатар қоймаған, Құдаймен бірдей сүймеген. Құдайға деген сүйіспеншілігі дүниенің қай ләззатынан да, қай дәулет-мансабынан да биік тұрды. Ықылас-ниетіңіз кімде, неде? Кімді, нені Исадан артық көресіз? Кімге, неге Исадан гөрі көбірек үміт артасыз? Өміріңізде сондай адамдар немесе заттар бар ма? Жалған тәңір деп соларды айтады. Дәуіт:

«Жаратқанның тауына кімнің шығуына болады,
Оның киелі орнында кімнің тұруына болады?
Бұл тек қолы мен жүрегі таза жанға болады,

Жат тәңірге табынбай, жалған айтпайтынға болады» дейді (Забур 23:3-4).

Ешкімді де, ешнәрсені де Исадан артық көрмейтін, ешкімге де, ешнәрсеге де Исадан гөрі көбірек үміт артпайтын адам – жүрегі таза адам. Оның ықылас-ниеті жалғыз ғана Исада. Матай жазған Ізгі хабарда Иса былай дейді: «Кім әке-шешесін не ұл-қызын Менен артық көрсе, сол Менікі болуға лайықты емес» (Матай 10:37).

Шөл далаға тап болсаңыз, Израил халқындай болмаңыз. Олар жалған дүниені сүйгендері сонша, Құдайды танып білу мүмкіндігінен айырылып қалды

Ишая пайғамбар былай дейді:

«Сол кезде тіпті иен дала мен құла түз қуанып,
меңіреу дала да шаттанып, сарғалдақтар гүлдейді.
Айдала жайқала гүлдеп, қуана ән шырқайды.
Құла түз енді Ливан тауларындай салтанатты,
Қармил тауы мен Шарон жазығындай құлпырып,
көрікті болады. Әрбір жан Құдайымыз Жаратқан
Иенің салтанатты ұлылығын көретін болады»
(Ишая 35:1-2).

Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығын көретін жеріміз – шөл дала.

Бізге дейін өмір сүрген ұлы адамдардың арасынан біз де табылайық. Дәуіт, Мұса, Пауыл, Жүсіп және басқа да Құдайдың сүйікті ұл-қыздарына еліктеп, қолымыз бен жүрегімізді тазартып, Жаратқан Иемізге жақындай түсейік.

БІЗГЕ ҚАЖЕТ ШӨЛ ДАЛА

«Басыңыздан өткеннің бәрін ой елегінен өткізіп көріңіз. Шөл далада Құдайдың өзіңізді қалай жетелегенін, күнделікті ішер асыңыз бен киер киіміңізді беріп тұрғанын еске түсіріңіз. Қыңыр мінезіңізді көтергенін, күңкіліңізге төзгенін, «Мысырдан алып шыққан» құмарлықтарыңызды көре тұра, оған да шыдағанын ойлап көріңіз. Барлық осалдығыңыз бен басыңызға түскен қиындықтың бәріне Жаратқан Иенің рақымы жеткілікті болмап па еді, сол жайлы ойланыңыз»

— Чарльз Сперджен

«...Құдай Иеміздің осы қырық жыл бойы сендерді иен далада бастап алып жүрген жолын естеріңе түсіріңдер! Ол сендерді Өзіне мойынсұндыру үшін, әрі шынайы ниеттеріңнің қандай екенін: Оның өсиеттерін орындайсыңдар ма, жоқ па, соны білу үшін түрлі сынақтардан өткізді».

— Заңды қайталау 8:2

Шөл далаға алғаш рет келуім мен үшін әжептәуір соққы болды. Шынымды айтсам, Исаға еруімнің алғашқы жылдары тамаша еді. Лиза екеуіміз Техас штатындағы Даллас қаласында отау тіктік. Біраз уақыт инженер болып жұмыс істедім, сосын өзіміздің қауымда қызмет етуге кірістім. Сондағы “жұмысым” – бағушыма, ол кісінің жұбайына қызмет ету, және қауымға шақырылған уағызшыларды қабылдау, қонақтарымызды күту болды. Төбем көкке сәл-ақ жетпей жүрді! Жұмақта жүргендей болдым. Біздің қауым Америкадағы ең әйгілі қауымдардың бірі болатын. Сондықтан қауымымызға Құдайдың атақты қызметкерлері, атағы жер жарған уағызшылар келетін. Соларды күтіп алу менің міндетім болатын.

Әлемдік деңгейде қызмет етіп жүрген осынау ұлы адамдар Далласқа ұшып келгенде, оларды әуежайда қарсы аламын, қауымға, қонақүйге, баратын жерінің бәріне апарып жүремін. Қонақ қайтқанша көлігінің жүргізушісі де, көмекшісі де мен, ас ішетін мейрамханасына да алып барамын. Сол қызметімнің арқасында біздің заманымыздағы аты әлемге әйгілі қызметкерлермен дастархандас та болдым, көп уақытымды солардың жанында өткіздім. Қызметтегі алғашқы жылдарым қуанышқа толы, тамаша жылдар еді.

Біраздан соң қиындықтар басталды. Зор қиындықтар. Ол күндері шөл далаға тап болғанымнан бейхабар болатынымын.

Шөл дала – Құдайдың бізді жаттықтыратын орны, мінезіміз өзгеріп, сеніміміз нығаятын жер. Шөл дала әрбір сенушіге керек.

Мынадай жағдайды көз алдыңызға елестетіңізші: сіз – бар өмірі құлдықта өткен, жақында ғана азаттық алған Исраил ұрпақтарының бірісіз. Осы жақында ғана бұрын-соңды болмаған кереметке куә болдыңыз, буырқанған теңіздің қақ айырылғанын көзіңізбен көрдіңіз, ол ол ма, толқыған су екі жақтан қабырға болып тұрғанда ортасынан жүріп арғы бетке өттіңіз. Сізді екі жақтан қоршап, қорған болған судың соңыңыздан өкшелей құған жауларыңызды жалмап қойғанын көрдіңіз. Сізді билеп-төстегендер тұңғыыққа батып жоқ болды! Сіз олардан біржола құтылдыңыз. Құдайдың құтқаруын көріп, ән шырқап, би билеп, жеңісті шаттана тойладыңыз. Құдай сізге жақ екеніне кәміл сенгендіктен, өзіңізді жауырыны жерге тимес жеңімпаз сезіндіңіз. Құдайдың құдіреті мен адалдығына енді қайтып күмәнданбауға бел будыңыз.

Алайда, бүгінгі жағдайыңыз басқа. Елсіз даланы кезгеніңізге бірнеше күн болды; қажыдыңыз, шөл қысты, аптап ыстық шекеңізден өтті. «Уәде етілген жерге» кіруге тиіс едіңіз, оның орнына жыланы мен шаяны қаптаған шөл даланы кезіп жүрсіз. Шырқаған әндеріңіз сап тиылды, мадақтаудың үні өшті, Құдайдың жеңісін жырлауды доғардыңыз. Ендігі айтатыныңыз – көшбасшыңызға арналған наразы сөздер, жазғыру: «Бізді Мысырдан не үшін алып шықтың? Өзімізді де, бала-шағамызды да, ірілі-ұсақты малымызды да осы қаңыраған қу далада қырып салмақсың ба?»

Енді сіз жайлы сөйлесейікші. Құдай сізді құдіретті күшімен дұшпанның қолынан құтқарып алды. Сондағы мақсаты – сізді иесіз иен далада, ескерусіз жалғыз тастап кету деп ойлайсыз ба? Олай емес, әрине! Уәде етілген жерге жету үшін шөл даланы басып өтуіңіз керек, бар болғаны сол ғана.

Жаратқан Ие Исраил халқын Мысырдан алып шықты да, иен далаға жетелеп апарды. Сол бағытпен сізді де жетелейді. Есіңізде болсын, сізді жетелеген шайтан емес, Құдайдың Өзі. Бұл саяхаттың мақсаты мен керемет жоспары бар. Осы қу

далада Құдай бізді алдымен мойынсұндырады да, артынан сынақтан өткізеді. Жүрегіміздегіні, шынайы ниеттеріміздің қандай екенін өзімізге көрсету үшін солай істейді.

Құдай бізді қалай мойынсұндырады? «Жаратқан Ие сендерді мойынсұндыру үшін кейде аштыққа душар етті. ... Ол сендерді ... тәтті нанмен (маннамен) қоректендірді» (Заңды қайталау 8:3). Құдай Исраил халқын аштыққа душар ету арқылы мойынсұндырды. Алайда, осы сөзден кейін маннамен қоректендірді деп жазылған. Осы жерде қайшылық бар сияқты. Маннамен қоректендірсе, қалайша аштыққа душар еткен?

Манна – ас атаулының төресі; періштелердің жейтін асы! Илияс пайғамбар маннадан дайындалған бар болғаны екі таба нанды жеп, қырық күн нәр татпастан жаяу сапар шекті. Осы манна Исраил халқына мольнан жауды. Атқан таңмен бірге жаңа манна шық түскендей түсіп қалатын. Аптасына алты күн бойы солай. Ал алтыншы күні түскен манна екі күн бұзылмай сақталатын. Манна түскен алғашқы күннен бастап, Уәделі жерге жеткенше, бірде-бір рет халық аш қалған емес.

Олай болса, неліктен Құдай «сені аштыққа да душар еттім» дейді? Қай аштықты айтады? Мұны түсіну үшін Исраил халқының жағдайын көз алдымызға елестетіп көрейік. Мәселен, таңғы асыңыз – нан дейік, түскі асыңыз да сол, кешкі асыңыз да сол бір нан. Ет, май, тосап, балық, шұжық дегендердің ешқайсысы жоқ, тек нан ғана. Және бұл жағдай бірнеше күн немесе бірнеше ай емес, қырық жылға созылды дейік. Қырық жыл!

Жастар қызметінде бағушы болып қызмет атқарып жүргенімде Тринидад еліне миссионерлік сапар шектік. сегіз күндік сол саяхатқа жастардың арасынан елу алты адам бізбен бірге шықты. Тринидадтағы қауым бізден барын аяған жоқ, олар күнделікті тамағымызды дайындап беріп жүрді. Бірақ күнде жейтініміз тауықтың еті болды. Жергілікті аспаздар оны түрлі әдіспен дайындайды екен, бірде күріш қосып, бірде көкөніс қосып беріп жүрді. Дегенмен, дастарқанға үнемі тауық еті келеді.

Тауық етін сегіз күн бойы жеп, әбден жалықтық. Басқа асты аңсадық. Елге оралдық. Жастардың бірі қоңырау шалып,

туыстарымен хабарласты. Анасы тауықтан тамақ пісіріп күтіп отырғанын айтты. Әлгі баланы жылан шаққандай болды. Басқа тамақ пісіруін сұрап анасына жалына бастады.

Тринидад елінде жүргенімізде небәрі сегіз күнде іштей күңкілді бастап ала жөнелген едік. Сонда қырық жыл бойына бір тамақты жей беру қалай болмақ? Төрт жыл емес, қырық жыл! Міне, Құдайдың Исраил халқын аштыққа қалай душар еткені енді түсінікті болды. Жаратқан Ие оларға қалаған астарын берген жоқ, дендері сау болып өмір сүрулеріне қажет асты берді.

Исраил халқы иен далада жүргенде тағы не нәрседен тапшылық көрді – қай жоғы мазаларын алды? Мұқият оқысаңыз, тағы бір таң қаларлық жайтты байқайсыз: олардың киімі мен аяқ киімі тозған жоқ. Не деген үнем десеңізші! Ал, бірақ қырық жыл бойы киіміңізді жаңартпай жүре бергіңіз келеді ме? Бір киім, тозбаған күнде де, жалықтырады ғой, солай емес пе? Дүкен аралап, немесе интернеттен іздеп, киім-кешек таңдамайсыз. Қырық жыл бойы киетініңіз – сол баяғы қоңыр етік!

Иә, олардың негізгі қажеті – суық пен ыстықтан қорғануына қажеттің бәрі бар. Алайда, қалайтындары жоқ.

Елсіз иен даланың көрінісін көз алдыңызға келтіріңізші. Күн артынан күн өтеді, көз алдыңызда еш өзгерісі жоқ дала, әр жерде өскен сол бір бурыл тартқан тікенектер, соры шыққан топырақ, көшкен жұрттың соңынан ілескен шаң. Мөлдір сулы өзен де, жайқалған орман да, егіндік те, айдын көлдер де жоқ, көз ұшына дейін созылған елсіз иен дала ғана. Қырық жыл бойы көз алдыңызда осы бір көрініс болса, қалай қарайсыз?

Құдай олардың қалаған нәрселерін емес, оларға шын қажет нәрселерді берді. Осы ойды есте сақтай отырып, Заңды қайталау кітабындағы әлгі аяттарды тағы бір оқып шығайық:

«Жаратқан Ие сендерді мойынсұндыру үшін кейде аштыққа душар етті. Адам тек нанмен ғана емес, Жаратқан Иенің аузынан шыққан әрбір сөзімен де өмір сүреді дегенді үйрету үшін Ол сендерді ... тәтті нанмен (маннамен) қоректендірді» (Заңды қайталау 8:3).

Құдай олардың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отырды. Сонымен қатар, қалаулары мен құмарлықтарын қанағаттандыратынның барлығын алып тастады. Осылайша оларды аштыққа душар етті. Сол аштық арқылы халықтың ниеті сыналды. Иен даланы кезген адамдардың жан-жүрегі Жаратқан Иеге ұмтылады ма, әлде артта қалған баспанасын, қанға сіңген, әдет болып қалған тыныс-тіршілігін, үйреншікті асын аңсайды ма? Құдайға жақын болуға, әділдікке ұмтылады ма, жайлы өмір мен ләззат алу жолдарын іздейді ме? Өкінішке орай, Исраил халқының ықылас-ниеті шөлдегенде шөлдерін қандыра алатын, ашыққанда тойдыра алатын Жалғыз Құдайда емес екен. Сондықтан олар бұл сынақтан өте алмады:

Шөл даладан өту жолы

#3 Мәселені қолға алудан аулақ болыңыз

Өз күшіне, өз ақылына сеніп үйренген адамның әдеті – қиындықтырды өз бетінше, өзінің күш-қабілетіне сүйеніп жеңіп шығу. Шөл далаға тап болғанда да ондай адамның істейтіні – мәселені қолға алып, адами жолдармен шешу. Шөл далада Құдай сізді жалғыз тастап, Өзі миллион шақырым алыстап кеткендей көрінеді, неше сағат мінәжатыңыздың жалғыз нәтижесі – ісіп кеткен тізеңіз, ал Құдай патшалығы үшін жасаған ісіңіздің бірі де жеміс бермейді. Осындайда амалымыз таусылып, әйтеуір бірдеңе шығар деген үмітпен бйберекет әрекетке көшуіміз ықтимал. Бұл дұрыс емес. Шөл даланың ерекшелігі сол, онда көзге көрінер өзгеріс жоқ, тек азғантай су мен бірсарынды ас, өлместің күні. Осындай жағдайда ұғынатынымыз – өмір біздің іс-әрекетімізбен, қолымызда бармен шектелмейді. Өмірдің мәні – Құдайды жақын тану, Жаратқан Иенің еркін орындау.

Мен барған шөл далалардың бірінде өткен әрбір күнім

«Исраил халқының арасындағы жат жұрттық тобыр өзге тағамдарға құмарлық танытты. Исраилдіктердің өздері де қайтадан күңкілдей жыланып: «Біреу бізге ет жегізсе ғой, шіркін! Мысырдағы тегін балықты айтсаңшы! Қияр мен қарбыз, жуа, пияз әрі сарымсақ дегендерді айтсаңшы! Ал енді, көзіміз мына маннадан басқа ештеңені көрмейді. Оны жей-жей тәбетіміз таусылып, өзегіміз талды ғой!» – деп шағымданды» (Руларды санау 11:4-6).

Мысырда қалған жай-күйлері естерінен кетпеді. Құдай жетелеп апарған иен даладан гөрі, езгі құлдықты артық көрді. Етті сағынып, жылап-сықтады, күңкілдері тиылмады. Құдай Тағала халықтың шағымын естіді:

аптадай, әрбір аптам айдай көрінді. Өйткені, бағыт-бағдардан айырылдым, арман-мақсаттарым да көмескі, жігер де, жалын да, құлшыныс та жоқ. Дегенмен, сапарымды жалғастыра беруім керек. Алға қарай адымдап баса беруім керек, жүрегімдегі Құдайдың Сөзінен нәр алуым керек, қызметімді дұрыс атқара беруім керек, қауымның жиналыстарына қатысуым керек, шыдамсыздыққа беріліп, ағаттық жасамауым керек. Құдайдың жетелеуімен келе жатқанымды, Құдайдың маған деген бүгінгі еркі – осы екенін өзіме-өзім қайталап айтумен болдым. Жаратқан Ием мені қай жолмен жетелейтінін Өзі біледі, уәделерін ұмытқан жоқ.

Және есте болар нәрсе, шөл дала – өз жоспарыңызбен жүретін жер емес. Шөл дала – тазару мен дайындық уақыты екенін ұмытпаңыз. Мұндағы мақсатыңыз – күнәға азғырылмай, сенімде табанды болу.

Құдайдың сізді шөл даланың ішімен жетелеген жолында, Құдайдан бір елі ажырамаңыз. Көктегі Әкеңіз кешеуілдегендей көрінсе де, тағатсызданып, Құдайдың алдына түспеңіз, асықпаңыз!

Құдай халыққа сұрағандарын берді,
 Осылайша халық тойына ет жеді,
 Құдай оларға аңсағандарын берді,
 Бірақ әлсірететін індет те жіберді»
 (Забур жыры 77:29; 105:15).

Олар құмарлықтарын қандырды, қалағанын алды, алайда, мұның құны қымбатқа түсті. Тойына жеген етпен бірге індет келді. Сол індет олардың жанын әлсіретті, сол індеттің салдарынан әлсіреген халық табандылық таныта алмады, сынақтан өте алмады, ақырында Уәде етілген жерге кіре алмай, сүйектері қу далада қурап қалды. Исраил халқының күнәсі ет сұрағанында емес, қалай сұрағанында еді. Олардың ет сұрап күңкілдеуі – Құдайға деген наразылықтың көрінісі еді. Олар Құдайдың Өзіне де, істеріне де, қамқорлығына да, жетелеуіне де наразы болатын. Мысырдағы тыныс-тіршілігін қимаған, бүгінгі күніне көңілі толмаған жайлары бар. Өткен күндерінің жағымды жағы ғана естерінде, Мысырда құл болғандарын ұмытқан.

Осы оқиға – біз үшін ес жиғызар сабақ. Ықылас-ниетіміз Уәде берушіде емес, уәде етілген игіліктерде болса, өмірлік жолымызда кезіккен шөл далалардан өтер күш-қайратымыз болмайды. Құлдықта өткен өмірімізді бейне бір тамаша күндердей еске алып, сағынып, алданатын боламыз.

Жаратқан Иені беретін игіліктеріне бола немесе жасайтын жақсылығына бола іздеу бір басқа да, Өзін аңсап, Өзіне бола іздеу бір басқа. Біріншісі пайдакүнемдікке негізделген, өзімшіл ниетті адам Құдаймен жақын, сырлас, терең қарым-қатынаста, шынайы байланыста бола алмайды. Ал Құдайдың Өзін, жүрегін, жүзін іздесеңіз, тұрақты да терең қарым-қатынасқа қол жеткізе аласыз. Бәріміздің қалайтынымыз да сол.

Қасиетті жоқшылық

Елсіз, қуаң шөл даладағы өмір – тапшылықта күн кешу. Жан-дүниеніңізге және тәніңізге ең қажет дегендер ғана бар, ал одан артық, сіз қалайтын нәрселер жоқ. Мұқтаждықтарыңыз ғана қамтамасыз етілген, қалғаны шектеулі. Құдай біздің негізгі қажетімізді қамтамасыз етуді уәде еткен, сондықтан, шөл далада молшылық бермегенімен, күнделікті нанымсызды береді.

Америка тұрғындары молшылық жылдарды сөз еткенде, еттің кәделісін жедік деп айтады. Шөл далада ет атымен жоқ. Яғни, сүйікті асыңыз да, жақсы көретін басқа нәрселеріңіз де жоқ. Сіз қалайтын өмір емес, сізге қажет күнкөріс қана. Армандаған лауазым емес, қолыңыз жеткен жұмыс. Құдай сізге шын мәнінде қандай рухани игіліктер қажет екенін біледі, ол – сіз ойлаған нәрселер емес. Шөл далада Құдай сіздің қажеттіліктеріңізді қанағаттандырады, ал қалауларыңызды қанағаттандырмауы да мүмкін.

Бізді шөл далаға апарғандағы Құдайдың мақсаты – жүрегімізді тазарту, сенімімізді нығайту. Беретін игіліктеріне емес, Құдайдың жүрегіне ұмтылуымыз керек. Молшылық жылдары келгенде, береке беруші – Құдайымыз екенін, Ол антпен бекіткен Келісімін орындайтынын ұмытпаймыз (Заңды қайталау 8:2-18).

Бір түпкілікті мәселе бар: қажеттілік пен қалау дегендерді дөп танып айыра алмаймыз. Біздің осы екі нәрсені түсінуіміз шындыққа сай емес. Қалауларымызды қажеттілік деп шата-самыз. Пауыл елшінің төмендегі сөздері нені меңзейтінін тереңірек түсінуіміз керек:

«Мұны бір нәрсе қажет болғандықтан айтып тұрған жоқпын. Мен қандай жағдай болмасын, қолдағы барды қанағат етуді үйрендім. Жоқшылықта да, молшылықта да өмір сүре аламын. Мен не тоя тамақ жейін, не аш жүрейін, молшылықта немесе

мұқтаждықта болайын, қай жағдайда да қанағат етудің құпиясымен жақсы танысып алдым. Себебі маған күш-қуат беретін Мәсіхпен бірге болсам, бәріне де төзе аламын» (Філіпіліктерге 4:11-13).

Мәсіхтің құдіретімен Пауыл жоқшылықта да, молшылықта да қолда барды қанағат етуді үйренген болатын. Біз, Батыстағы қауымдардың сенушілері, қанағат етуді үйрене алмай-ақ қойған секілдіміз. Өкінішке орай, молшылықта өмір сүріп жүргендер де, жоқшылық көріп отырғандар да өміріне риза емес. Біздің ойымызша өзімізге тиесілінің барлығын иемденбесек, бейне бір тауқымет тартып жүргендей боламыз. Адамдардың рухани деңгейін олардың қоғамдағы беделіне, әл-ауқатына, жеткен жетістіктеріне қарап бағалаймыз. Оның орнына олардың сенімі мен мінез-құлқына қарағанымыз жөн еді.

Исраил халқы Мысырдан шыққанда, мысырлықтардың байлығын ала кеткен болатын. Оның ішінде алтын-күміс бұйымдар да, қымбат бағалы киімдер де баршылық еді. Алайда, олар асыл тастар мен алтынды пұт жасауға жұмсады. Әдемі киімдерді киіп, сол пұттардың алдында би биледі. Яғни, қолдарындағы асыл қазына олардың Құдайға жақын екенінің дәлелі емес-ті. Мысырдан шыққан қалың елдің арасында Құдайға ұнамды мінез небәрі екі-ақ адамнан табылды. Сол екеуі құлдық көрмеген жаңа ұрпақпен бірге Уәде етілген жерге кірді. «Алайда қызметшім Халеп ондай мінез көрсетпей, Маған шын жүректен сенімді болғандықтан, Мен оны өзі барлап келген сол елге апарып кіргіземін. Оның ұрпақтары сол елді иемденетін болады» (Руларды санау 14:24). Нұнұлы Ешуа мен Халеп Құдайға шын жүректен сенімді еді.

Бірімізді-біріміз бойымыздағы қасиеттерімізге қарап емес, қолымыздағы барымызға қарап бағалаймыз. Бұл санамыздың бұрмаланғанын көрсетеді.

Тағы бір назар аударатын жайт, мәсіхшілер молшылыққа немесе жоғары лауазымдарға жетсе, сол жетістігін ойына келгенді істеуге Құдайдың берген рұқсаты деп қарастырады! Қаражатты өз қалауларын қанағаттандыруға жұмсайды, ойына келгенін сатып ала береді, лауазымының беделін өз мүддесіне қолданады. Ол адамдар қуаңшылық жылдарындағы сынақтан өте алмайды. Шын мәнінде, қаржылық жарылқау мен берілген билік бізді Құдайға бұрынғыдан бетер тәуелді ете түсуі керек еді. Сонда ғана біз Құдайдың мақсаттарын көздеп, жетегіне еріп жүре аламыз.

Исаның жердегі қызметіне деген көзқарасы туралы ойланып көріңізші. Исада өзімшіл ниет болған емес. Ол біздің күнәмізді, ауруларымызды, өлімге кесілген үкімімізді Өз мойнына алды. Бірде-бір күнә жасамаса да, Иса біздің мүддемізді Өз қамынан жоғары қойды. Исаның өмірінің мақсаты қара басының қамы емес, қайта Өзін құрбандыққа беру еді. Өз мүддесінен бас тартып, бізге ең тамаша сыйын берді – мәңгі өмір сыйлады.

Шөл далада Құдай біздің мінез-құлқымызды Исаныкіне ұқсас қылып жетілдіреді. Шөл дала – Киелі Рухтың жемістері пісетін жер. Жаратқан Иемізді танып білуге құштар болсақ, Құдайдың мінезі бойымызға дариды.

4

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

«Ішкі, көзге көрінбейтін өміріміз ретке келгенде, көптеген қиындықтар өзінен-өзі жоқ болады, осыған қайран қаламын».

— Э. У. Тозер

«Сендер Мені сүйсеңдер, өсиеттерімді орындаңдар!».

— Жохан 14:15



Құдай бізді иен далаға жетелеп апарғанда, ұтатыны не? Шөл даланың біз үшін пайдалы екеніне көз жеткіздік, бұл бағыттағы аңгімені әрі қарай да жалғастырамыз, ал бірақ, Құдай үшін пайдасы бар ма? Әрине, бар. Құдайдың көздейтіні – бізбен арадағы қарым-қатынасты тереңдете түсу. Біздің Өзіне жақындай түскенімізді қалайды. Өкінішке орай, көбіміз Құдаймен қарым-қатынасымызды өз мүддемізге пайдалануға әуес келеміз. Нәтижесінде Құдайға деген сүйіспеншілігімізді суытып аламыз.

Лиза екеуіміз сөз байласып, үйленгелі жүрген кезіміз болатын. Қалыңдығыма өлердей ғашықпын. Күндіз-түні ойымнан шықпайды. Лизамен бірге көбірек уақыт өткізу үшін қолдан келгеннің бәрін істейтінмін. Лизаға бірдеңе керек бола қалса, шаруамның барлығын тастай салып, сол керегін апарып беретін едім.

Болашақ қайын атамның үйінде Лизаның жанында бес сағат болғаным есімде. Сүйіктіммен қимай қоштасып, үйіме қайттым. Үйге кіруім мұң екен, телефонға қоңырау түсті. Лиза екен. Ол биязы үн қатып: «Қымбаттым, пиджағың біздің үйде қалып қойыпты» деді.

Бұл сөз құлағыма әсем әуендей жақты. Көп ойланбастан: «Барып алып кетуім керек» дедім.

Алып-ұшып Лизаның үйіне жеттім. Лизаның жанында тағы да үш-төрт сағат болдым. Бұл бір тамаша күн болды.

Сол күндерде Лиза түн ішінде қоңырау шалып: «Қымбаттым, балмұздақ жегім келіп тұр» десе, «Он минутта барамын! Балмұздақтың қай түрін алайын?» дер едім. Лизаны көруге, жанында болуға сылтау іздейтінмін. Лизаның қай қалағаны болса да, орындауға дайын болатынмын. Мұның бәрі Лизаға деген махаббатымды дәлелдеу үшін емес, Лизаны сүйгендіктен.

Лиза туралы басқаларға айтуға күш салуымның қажеті болмайтын. Тыңдар құлақ болса, Лиза жайлы айта беруге дайын едім. Қай әңгіме болса да, Лизаға қарай, алдағы үйлену тойымыздың төңірегіне бұрып әкете беретінмін. Мен ғашық едім!

Алайда, бірнеше жылдан кейін назарым басқа нәрселерге, спорт, жолдастарым, және ең бастысы, жұмыс пен қызметке ауды. Ендігі жерде бар уақытымды Лизамен бірге өткізетін ниетім жоқ. Лизаның өтініштерін ынталана орындаудан да қалдым. Жұбайым күндіз-түні ойымда тұрмайды. Лизаға сыйлық сыйлауды да туған күн, мерекелермен шектедім. Оның өзіне де құлықсызбын. Бірде Әулие Валентин күніне орай Лизаға сыйлық алуды ұмытып кеттім. Әйелім қатты ренжіді. Кешірім сұраудан басқа амалым болмады. Шикілігімнің арқасында кеткен қатем көп болды. Ең өкініштісі, некедегі өмірдің ауыспалы маусымдарын танып ажырата алмауым еді. Лизамен арамыз суи берді; махаббатым сөніп бара жатты!

Дегенмен, Құдай менің жүрегімді өзгертудің амалын тапты-ау, әйтеуір, сол үшін алғысым шексіз. Қаншалықты өзімшіл болып кеткенімді көруіме мүмкіндік берді. Махаббатымызды қайта жандандырып, некемізді нығайтты.

Құдаймен қарым-қатынасымызда да солай болуы мүмкін. Исаға ерушілердің біразы белгілі бір жетістіктерге қол жеткізеді, өмірі жайлана бастайды. Сондайда алға ұмтылуды қойып, қолындағы барын сақтап қалуға ғана күш салады. Олар енді Құдайды аңсамайды. Өздерін басқалармен салыстырып, рухани стандарттар орнатады, ненің жеткілікті екенін өздері анықтап, шектеу қояды. Құдайды Тұлға ретінде танып білуге

ұмтылмайды. Бұдан былай оларды өз мақсаттары, күнделікті күйбең тірлік, тұрмыс билейді. Енді Олар Құдайды беретін игіліктеріне бола іздейді. Ал Құдайдың Өзі оларды қызықтырмайды. Жүректері Құдайдан теріс айналып, өзімшілдікке қарай бұрылған. Ықылас-ниеттері Құдайда емес, өздерінде. Мүмкін, олар мәсіхшілермен достығын жалғастыра берер, Қауымдағы беделін арттыруға да тырысатын болар, алайда, жүректерінде Өмір беруші Құдайға деген құлшыныс жоқ.

Жаратқан Иеміздің Өзін керек қылмай, Құдайды өз құлқынымызды қандыру үшін, өз қалағанымызға жету үшін, өз пайдамыз үшін іздесек, түзу жолдан таюымыз оңай болады. Шыны керек, мінәжат еттік деп марқаямыз, бірақ, мінәжатымызды Құдайдың тұрғысынан қарастырсақ, Жаратқан Иені өз мүддемізге пайдалануға тырысып жүргенімізді түсінер едік. Біз Құдай Тағаланы мұқтаждықта көмек беретін, қажетімізге жарайтын көмекші деңгейіне түсіріп жүрміз. Бауырластарым, Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігі зор, Ол бізді осы адасқан күйімізде қалдырмақ емес. Исаны іздеген көпшілікке айтқанын бізге де айтады.

«Келесі күні ... Иса мен шәкірттерінің бұл жерде жоқ екеніне көздері жеткен жұрт ... қайықтарға мініп, Исаны іздеп Қапарнаумға беттеді. Олар Оны көлдің батыс бетінен тапқанда: «Ұстаз, бұл жерге қашан келдіңіз?» деп сұрады. Иса былай деп жауап берді: «Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Құдайдың өздеріңе кереметтер арқылы не білдіргенін түсінгілерің келмейді. Тек нан жеп тойып алғандықтан ғана Мені іздеп жүрсіндер» (Жохан 6:22-26).

Иса біздің жүрек түбінде жатқан, шынайы ниетімізді біледі. Жұрт Исаны іздеп барғанда, олардың көздегені – кереметтерді көріп, Құдайдың істерін ұғыну емес, басқа нәрсе (тегін ас) еді. Сол ниеттері Исаға аян болатын. Рухани құбылыстар мен кереметтер өзді-өзі үшін жасалмайды, Құдай

оларды бағыт беру үшін, жол сілтеуіш ретінде қолданады. Сол жердегі кереметтер Исаның Кім екенін таныту үшін керек еді. Ал әлгі адамдардың онымен шаруасы жоқ-ты, ойлағандары – қарын тойдырудың қамы.

Сізді тек өзіне бірдеңе керек болғанда ғана еске алатын танысыңыз бар шығар? Ондай адамдар жайда сізді есіне түсірмейді де, бір мұқтаждық туындағанда хабарласа қояды. Сізбен дос болғысы келетіндей сыңай танытқан, шын мәнінде сізден тек пайда іздеген адамдарды кездестірдіңіз бе? Оларға сіздің ақшаңыз не беделіңіз ғана керек. Ондай адам сіздің қамыңызды ойлаған емес, жүрегінде сізге деген сүйіспеншілік те болған емес; ол сізді жай ғана өзінің бір қажетіне пайдаланбақ. Мұндай жағдай кімнің болса да жанына қатты батады!

Басқа адамдарға деген осы тәрізді өзімшіл көзқарас қоғамымызда, оның ішінде Қауымға да кеңінен етек жайып кетті. Көптеген мәсіхшілердің жүрегі наразылыққа толы; Исаға деген сүйіспеншілік суып кеткен. Жаратқан Иеге ыстық махаббаттан емес, өзімшіл ниеттен қызмет етіп жүргендер көп. Құдай олардың арман-тілектерін орындаса, өздерін бақытты сезінеді, Құдайға риза болады. Алайда, бастарына қиындық түссе, жүректерінің түбіндегі шынайы ниеттері ашылады.

Адамның бар назары өзінде ғана болса, ерте ме, кеш пе, міндетті түрде күңкіл басталады. Неге дейсіз ғой? Өйткені, түбінде, бәріміз де қиындыққа тап боламыз. Сол кезде өзімшілдіктен тұтанған күңкіл лаулап жанады. Қиындықтар қанша уақытқа созылса, күңкіл де сонша уақытқа созылады. Израил халқының өміріне қарасаңыз, осыны анық көресіз. Құдай оларды Перғауынның қол астындағы құлдық езгіден құтқарғанда, қуаныштарында шек болмады:

«Һаронның қарындасы Мәриям пайғамбар даңғырасын қолына алғанда басқа әйелдер де даңғыраларын алып, оған еріп дөңгелене би билей жөнелді. Мәриям оларға былай деп ән салды:
«Жаратқан Иені дәріптендер ән-жырменен,

Себебі Ол жеңімпаз, мерейі үстем бәрінен!
Теңізге лақтырды Ол атты мінген адамымен!»»
(Мысырдан шығу 15:20-21).

Исраил халқы шаттыққа кенелді. Олар өздерін құлдықтан құтқарған Құдай Тағаланың ұлылығын, мейірімін, құдіретін көріп, қайран қалды. Арада үш күн өтті. Көш Шур атты елсіз далаға жетті. Олар құла түзді үш күн бойы кезгенмен су таппады. Мараға келгенде халық оның суын іше алмады, өйткені су ащы екен. «Сонда халық: «Енді не ішеміз?» – деп Мұсаға қарсы наразылық білдірді» (Мысырдан шығу 15:24). Бұл күңкіл тіпті орынсыз еді. Осыдан небәрі бірнеше күн бұрын Қызыл теңізді қақ жарған Құдай енді оларға ішетін су тауып бере алмай ма? Мұса ше? Ол да сол, осыдан үш күн бұрынғы ержүрек көшбасшы емес пе еді?

Жаратқан Ие шынымен де ащы суды тұщы суға айналдырды. Бұл керемет те лезде ұмытылды. Енді бірнеше күн өткенде халық тағы да күңкілге басты, бұл жолғысы – ойларындағыдай астың жоқтығы. Олар енді: «Бұрынғы өміріміз артық еді» деп күңкілдеуді шығарды. Рас па? Бел бүгіліп, кірпіш жасау, жонын тілгілеген қамшы шынында да бүгінгі күндерінен артық па?

«Сол айдалада күллі қауым Мұса мен Һаронға қарсы наразылық білдіріп: «Мысыр елінде Жаратқан Иенің қолынан өлгеніміз жақсы болған болар еді! Ол жерде етке толы қазанды айнала отырып, нанды тойғанымызша жеп жүрдік. Ал сендер бізді бүкіл қауымды аштан қатыру үшін осы шөл далаға бастап алып келдіңдер», – деп күңкілдеді» (Мысырдан шығу 16:2-3).

Құла түзде, қуаңшылық заманда, күңкілдің бәрі жетекшілерге, туған-туысқа, жора-жолдасқа, жауларға, тіпті, елдің билігіне бағыталады. Осы қиындықтарымызды Құдайдан көруге көбінесе аузымыз бармайды, асылық сөйлеуге қорқамыз. Исраил халқы да дәл солай. Мұса мен Һаронды жазғы-

румен болды, дегенмен, ар жағында айтпағы: «Құдай уәдесіне берік болмай шықты!» Соны білген Мұса оларға: «Сендер бізге емес, Жаратқан Иеге наразылық білдіріп тұрсыңдар!» деді (Мысырдан шығу 16:8).

Шөл даладан өту жолы

#4 Жоспарыңызды нақтылап алыңыз

Шөл далаға алғаш тап болғандағы күйім есімде. Бейжай күйге түспей тыныштық сақтауым қиынға соқты. Оның себебі – сол бір ауыр кезең бітпестей көрінді. Мені мазалаған ұзақ күту емес, күтудің жаныма батқандығы. Құдайдан келген арманым бар-тұғын, саяхаттап жүретін уағыздаушы қызметін атқару. Сол арманымның жүзеге асуына кедергі келтірген бір жағдай өзгермей-ақ қойды. Бұл мен үшін шөл дала болатын. Құдай сол қиындықты жүрегімді тазарту үшін қолданды. Мұны маған Құдайдың Өзі айтты. Сол кездері осы бір шөл дала кезеңінің не себепті ұзаққа созылып кеткенін түсінгім келіп, сол жайлы көп мінәжат ететін едім. Сондай бір мінәжатымның үстінде Құдай жүрегіме сөйледі: «Маған қызмет етесің бе, арманыңа қызмет етесің бе, соны көргім келеді».

Бұл сөз мені елең еткізді. Шынында да, мақсатым не? Көбірек мінәжат етіп, жүрегімді тексерумен болдым. Арманым – Ізгі хабарды жер жүзіне тарату ма, әлде одан әлдеқайда асқақ арман – Құдайға толықтай үміт артып, айтқанымен жүру ме? Олай болса, Құдайдың жетелеуіне еріп, толық бағынуым керек. Сонда ғана менің еркім Құдайдың еркіне сай болмақ.

Сонымен, сізге айтар ақылым: Көктегі Әкенің құзырында өмір сүріп, Құдайдың еркін орындаудан Құдайдан келген арманыңыздың басым болып кетуіне жол бермеңіз.

Шөл дала шынайы ниетімізді көрсетеді. Қиын-қыстау заманда өзіміз бе, жанқияр адамбыз ба, соны көруге болады. Киелі Рухтан жүрегіңізде шын мәнінде не бар екенін, шынайы ниетіңіздің қандай екенін көрсетуін сұраңыз. “Мысырдағы” құлдықтан шығуыңызға қай мінез-құлқыңыз, қай ой-пікіріңіз кедергі болып жүр? Құдайдың алдында адал да шыншыл болайық, тәрбиесіне көніп, өзімізді түзетуіне жол берейік. Сонда ғана болашағымыз жарқын болмақ.

Жақсы жаңалық: тәубе етіп, өзіміз ой-ниеттен арылуымызға ешнәрсе кедергі келтіре алмайды. Жаратқан Иемізді тек жарылқаудың көзі ретінде пайдаланудың орнына, күңкілді доғарып, Құдаймен қарым-қатынасымызды түзеуге бір-ақ сәтте бет бұра аламыз.

Сонымен, Құдай бізді сүйеді, және сүйгендіктен шөл далаға жібере алады.

Құдай – формула емес

Исраил халқының ықылас-ниеті Құдайда емес еді. Сондықтан Жаратқан Иені жақын танып біле алмады. Олар кереметтерді көргенде жігерленіп қалатын. Ал Құдайдың құдіретін көрмесе, теріс айналып кететін. Мұса қырық күн бойы тау басында, Құдайдың жанында болғанда, Исраил халқы пұт жасап алып, соған табынды. Олар тек құтқарылудың пайдасын көргісі келді. Құдайдың Өзі оларды қызықтырмады, Жаратқан Иеге жақынырақ болуға, Оны танып білуге құлшыныс болған жоқ.

Иен далада Жаратқан Ие Мұсаға «Халыққа бар да, оларды бүгін-ертең Маған бағышталып, күнәдан таза болуға шақыр. Бәрі киім-кешектерін жуып тазартып, бүрсігүнге дайын болсын! Сол күні Мен – Жаратқан Ие бүкіл халықтың көз алдында Синай тауына түсемін» деп бұйырды. Құдай Синай тауына түсіп, Мұсамен тілдескеніндей, бүкіл халқымен де тілдеспек еді. Сол күні халық найзағайдың жарқылдап, түтіннің тауды қаптағанын көрді, күннің күркіреп, кернейдің қатты дауыс-

тағанын естіді. Зәрелері зәр түбіне жетті. Құдай салтанатты ұлылығымен жерге түскенде, халық бұл көрініске төзе алмады.

«Халық алыстан тұрып, Мұсадан: «Бізбен өзіңіз сөйлесіңіз, ал біз тыңдайтын боламыз. Құдай бізбен тікелей тілдесе көрмесін, әйтпесе құрып кетерміз» деп өтінді» (Мысырдан шығу 20:18-19).

Олар Мұсаға: «Біздің орнымызға Құдаймен сен сөйлес. Құдайдың айтқанын бізге жеткізіп тұр, ал біз сол сөзді бұлжытпай орындайтын боламыз» деп жалынды (парафраз). Міне, тағы да сол өзімшіл қалау. Құдаймен арадаға қарым-қатынасқа мән бермей, тек Құдайдың берерін иемдену. Бәлкім, оларда Құдайдың Сөзін орындауға деген игі ниет болған да шығар. Алайда, Құдаймен қарым-қатынаста болмаса, Оған сеніммен ере алмайтын еді.

Құдаймен қарым-қатынас орнатуға тырысудың орнына, Исраил халқы мәселелерінің шешілуін ғана ойлады. Соның жауабы ретінде Құдай оларға Он Өсиет берді. Бірақ мәселе онымен шешілген жоқ. Әрбір жаңа ұрпақ сол өсиеттерді орындауға дәрменсіз екенін мойындауына тура келді.

Ал біздің замандастырымыз ше? Олар туралы не айтуға болады? Құдайдың алдында адал жүргісі келетін адамдар арамызда жетіп артылады. Құдайға толып жатқан уәде береміз. Оны орындай алмаймыз. Ақырында мінәжат уақыты келгенде, даусымыз әрең шығады. Бағушымызды, жұбайымызды немесе интернет желісіндегі уағыздаушыны тыңдай бастаймыз, ондағы үмітіміз – әлгі адамның Құдайға деген құштарлығы бізге де әсер етіп, Құдаймен қарым-қатынасымыз түзеледі ме деген үміт. Исраил халқы тәрізді, біз де Жаратқан Иемізбен жеке қарым-қатынасқа мән бермей, Құдайдың Сөзін орындауға тырысамыз. «Менің өсиеттерімді жүректеріне сақтап, орындап жүргендер – Мені сүйетіндер. Оларды Әкем де сүйеді. Мен де соларды сүйіп, Өзімді оларға жақынырақ таныстырамын» дейді Иса Мәсіх (Жохан 14:21).

Осы аяттарды оқығанымда, Иса: «Джон, Менің өсиеттерімді орындасаң, Мені сүйетінін дәлелдейсің» деп тұрғандай болатын. Бірде Құдай осы үзіндіні қайталап оқуымды бұйырды. Оқыдым. Құдай: «Менің ойымды түсінген жоқсың; тағы оқы» деді. «*Жарайды, Ием*». Сонымен, әлгі аятты он шақты рет қайталап оқып шықтым.

Ақырында «Құдайым, білместігімді кешіре гөр, аяттардың мағынасын Өзің түсіндіріп бергейсің!» деп жалбарындым.

«Джон, өсиетімді орындағаның – Маған деген махаббатыңның дәлелі деп айтып тұрған жоқпын», – деді Құдай – «Мені сүйетін-сүймейтінін Өзім де білемін! Маған шын жүректен ғашық адам өсиеттерімді орындауға қабілетті. Міне, осыны айтпақпын!»

Түсіндім! *Заң емес, қарым-қатынас*. Мен мұны өсиет, яғни заң деп қарастырған едім, сөйтсем, Құдай маған *қарым-қатынас* туралы айтып тұр екен

- Құдайды ережелер мен қаулылар арқылы танып-білу мүмкін емес.
- Түрлі әдістерді меңгеру арқылы Құдайды танып-білу мүмкін емес.
- Киелі де Құдіретті Құдайды формулалар мен өрнектер арқылы сипаттау мүмкін емес.

Алайда, көптеген сенушілер Құдайды осыларға сыйғызбақ. Құдаймен арадағы қарым-қатынасымызға көңіл бөлудің орнына бақытты өмірге жеткізетін жеті қадам, құтқарылуға төрт қадам, нағыз достықтың бес құпиясы немесе мінәжатыңыз жауапсыз қалмауы үшін қажет қадамдар сияқты жетістікке қол жеткізудің әдістерін меңгеруге кірісеміз. Құдайды уәделер салынған қорап түрінде көреміз. Сол қораптан Құдайдың уәде еткен жарылқауларын керегімізге қарай бірінен соң бірін алып шыға бертін сияқтымыз. Құдайға деген көзқарасы осындай болса, адам күнәні қалай жеңбек?

Құдай – өзімізді немесе өмірімізді жақсартудың жаңа формуласы емес. Ол Тірі Құдай, сіз бен біз сияқты перзенттерінің жүрегінде өмір сүреді. Ол бізбен жақын, сырлас болғысы келеді, өміріміздің әр саласына қатысып, әр ісімізде бізбен бірге болғысы келеді! Көктегі Әкеміздің мақсаты – сырластық. Махаббаттың сууына жол беру – адамға тән нәрсе. Осыны ескерсеңіз, Исаның мына сөзді неліктен айтқанын түсінесіз:

«Алайда саған айтар наразылығым мынау: сен алғашқы сенген кездегі сүйіспеншілігіңді жоғалтып алдың. Өзіңнің қандай биіктіктен құлдырағаныңды ойлашы! Өкініп, теріс жолыңнан қайтып, алғашқыдағы игі істеріңді жасайтын бол! Әйтпесе саған жуырда келемін де, шам қойғышыңды (қауымдардың арасындағы) орнынан алып тастаймын. Егер өкініп, теріс жолыңнан қайтпасаң, осылай істеймін» (Аян 2:4-5).

Мұса басқа қандастарындай емес, ол Құдайға алыстан ғана табынумен қанағаттанған жоқ. Құдайдың тау басына түскен құзырын көргенде Мұса кейін қарай шегінген жоқ. Қайта алға басты. Мысырдан шығу кітабында: «Содан халық алыста қалып, ал Мұса Құдай тұрған қою қараңғылыққа қарай беттеді» деп жазылған (Мысырдан шығу 20:21). Мұса пайғамбар бедел мен ықпалға ие еді, ұзын саны үш миллион адамның жетекшісі болатын, Көне Өсиеттегі біраз кереметтерді Құдай сол Мұсаның қолымен жасаған еді. Дегенмен, осының барлығы оның жүрегін қанағаттандыра алмайтынын Мұса білді. Бұрын-соңды болмаған кереметтерді көргеннен кейінгі Мұсаның Құдайға айтқан сөздерін оқып көріңіз:

«Егер де маған риза болсаң, (бізді жүргізетін) өз жолдарыңды білдіре гөр. Сонда мен Өзіңмен тығыз байланыста тұрамын, келешекте де Сенің рақымың маған түсетін болады...

Егер Өзің бірге барып жар болмасаң, бізді бұл жерден уәделі елге апара көрме.

Сенің нұрлы салтанатыңды көрсете гөр, – деп өтінді»
(Мысырдан шығу 33:13-18).

Құдай Тағала Мұсаға өте тиімді ұсыныс жасады. Исраил халқын елсіз иен даладан алып шығып, Уәде етілген жерге жетелеп апаруды бұйырды. Тіпті, оларды бастап алып жүру үшін қуатты періштесін қоса жібермек болды. Сол періште оларды Уәде етілген жерге аман-есен жеткізер еді. Құдай ол жердің қаншалықты жақсы екенін, ағы мен балы ағыл-тегіл, орманды-сулы шұрайлы жер екенін тағы қайталап айтты. Жалғыз-ақ, сендермен Өзім бармаймын деді Құдай. Осы сөзді ести сала, Мұса Құдайдың мына тамаша ұсынысынан бас тартты. Мұсаның жауабының мәні былай еді: «Сенің құзырыңсыз Уәде еткен жарылқауың керек емес. Маған Сенің Уәделеріңнің орындалуы емес, Өзің керексің». Мұсаның Құдайға деген құштарлығы Иеміздің көңілінен шықты деп ойлаймын.

Мұсаның құштарлығы мұнымен шектелмеді; ол Құдайға: «Егер де маған риза болсаң, (бізді жүргізетін) өз жолдарыңды білдіре гөр» (Мысырдан шығу 33:13). Құдайды білу үшін, Оның жолдарын білуіміз қажет! Құдайдың құдіреті мен берер игіліктерін ғана емес, Жаратқан Иеміздің жүрегін де аңсайтындарға Құдай Өз жолдарын көрсетеді. Құдайдың жүрегін ұққан адамдар Киелі Рухтың құдіретіне кенеледі: «... Құдайға сенімділер нығая түсіп, ... қарсы тұрады» (Даниял 11:32).

Қызметке кіргенімде, алғашқы уақытта күнде таңерек бір-екі сағат мінәжат ететін едім. Мінәжаттарымның мазмұны мынадай еді: «Жаратқан Ием, мені адамдарды құтқаруда, ауруларға шипа беруде, жындарды қуып шығаруда қолдана гөр». Осы өтінішімді түрлі сөздермен айтып, Құдайға сиынуды жалғастыра беретінмін. Құдайдан мықты қызмет сұрағанымда, өзімді өте бір жанкешті адамдай сезінетін едім.

Алайда, осындай бір мінәжатымның үстінде Құдай жүрегіме сөйлеп, былай деді: «Балам, мінәжаттарың өте өзімшіл, мұндай мінәжат нысанаға тимейді». Төбемнен жай түскендей болдым.

«Осылай сиынуыңа не түрткі?» – деп сұрады Ием, – «Мені қолдана гөр ...» деген сөзіңді күнде естимін. Мінәжатың өз ба-сыңның төңірегінде. Мен сені жындарды қуып шығару үшін немесе ауруларға шипа беру үшін жаратқан жоқпын. Сені жаратқандағы мақсатым – жақын қарым-қатынас; сенің де мақсатың сол болуы керек».

Бұл сөз мені қайран қалдырды. Сондағы Құдайдың айтқаны есімнен кетпейді: *«Яһуда да Исаның атымен ауруларды сауықтырды, жындарды қуып шығарды!»* Шынында да, Иса он екі шәкіртін ауыл-аймаққа жібергенде, араларында кейін Өзін сатқан Яһуда да бар болатын. Сонымен, түсінгенім, ықылас-ниетім дұрыс нәрселерде емес екен. Құдайдың бізге деген мақсаты – көктен түскен сыйы Исаны танып білу.

«Сөйтп, Мәсіхтің Өзін де, Оны қайта тірілткен құдіретті де жақыннан танып білуге құштармын. Мәсіхтің азаптарына ортақтасып, Оның өз жанын Мен үшін өлімге қиғанындай, мен де Ол үшін өмірімді қиғым келеді» (Філіпіліктерге хат 3:10).

Бірнеше жылдан кейін Лиза жиналысқа дайындалып отырып, әлгіндей мінәжат еткен еді. Құдай оған тіл қатты. «Лиза, Мен адамдарды *пайдаланбаймын*; Мен оларды майлаймын, жаны мен тәндеріне шипамды беремін, Исаға ұқсас қылып өзгертемін, бірақ *адамды пайдаланудан аулақпын*». Және Құдай: «Лиза, достарыңның бірі сені пайдаланғаны болды ма?» деп сұрады.

«Иә», – деп жауап берді ол.

«Сол кезде өзіңді қалай сезіндің?» – деп сұрады Құдай.

«Досы сатып кеткен адамдай сезіндім!»

Құдай сөзін жалғастырды: «Менің оларды пайдалануымды сұрап, «Күнәарларды құтқаруда, ауруларды сауықтыру-

да, ықпалды болуда мені қолданғайсың» деп жалбарынған қызметкерлер көп болған. Сұрағандарын бердім. Олардың жүрегі Маған бұрылар деген үмітте едім. Алайда, енді олардың бар назары қызметке ауды. Менің жолдарымды үйренуге күш салмады. Нәтижесінде Мен берген дарындарды өз патшалығын құруға пайдаланды. Қиындыққа кез болғанда Маған келіп жалбарынды. Бірақ олар күткен уақытта және олар қалаған жолмен жауап бермегендігіме бола Маған ренжіді. Өздерін Мен оларды пайдаланып кеткендей сезінді. Мені танып білмегендіктен, Менен ажырап қалды».

Күйеуінен бала көтергісі келетін, бірақ жұбайының қандай адам екенінде шаруасы жоқ әйел жайлы не ойлар едіңіз? Жұбайының аяғын құшақтай жығылып: «О күйеуім, *мені пайдалана гөр*, саған бала тауып берейін! Өтінемін, маған бала бер, бермесең, өлемін!» деп жалбарынады. Оғаш естілсе де, айтайын, Құдаймен тығыз байланысқа ұмтылмастан, «күнәһарларды құтқаруға мені пайдалана гөр» деп сиынғанда біз де дәл сол әйелдің кебін киеміз. Әйелдің күйеуімен жақын болғанда, дүниеге бала келетіні сияқты, Жаратушы Иемізбен жақын қарым-қатынаста болсақ, жаңа сенушілер жоғарыдан туылады.

Сонымен, Исраил халқының ізденісі мен ниеті бұрыс болды. Олар Жаратушыға емес, жаратылған нәрселерге ұмтылды. Нәтижесі қандай болғанын білеміз. Дайындық орны болып, алдағы қиындықтарды жеңуге қажет даналық пен күш-қабілет берудің орнына, шөл дала оларды әбігерлікке салды да, ақырында бір ұрпақты бүтіндей жалмады. Орны толмас қаза! Олар Уәде етілген жерге сондай жақын еді!

Бұл біз үшін сабақ! Құдаймен жақын қарым-қатынас орнату жолындағы шөл далаларымызды мойынсұна қабылдауымыз қажет.

5

ЖАҢА ШАРАП


*«Барлығын жаңартатын жаңа шарабыңның ыдысы
қыла гөр бізді».*

— Ефрем Сирин

*«Естеріңе бұрынғыны алмаңдар,
Бұдан былай баяғыны ойламаңдар!*

*Енді Мен жаңаны жасаймын да,
Қазір ол шыққалы тұр жарыққа,
Сендер мұны ұғынбайсыңдар ма?
Міне, Мен иен далада жол саламын,
Шөл даладан бұлақтар ағызамын».*

— Ишая 43:18-19



Құдайды танып білгіміз келсе, өзгерістерге дайын болуымыз керек. Ал өзгеру үшін ең қолайлы жер – шөл дала. Осы бір қураған, елсіз иен далада Құдайдың Рухының жаңа самалын сезінеміз.

«Өзгерістер келу үшін не себепті қиын-қыстау кезеңдерден, қуаңшылық маусымдарынан өтуіміз керек?» деп сұрақ қоятындар көп. Осы тарауда сол сұрақтардың жауабын назарыңызға ұсынамын.

Он сегіз айға созылған шөл дала кезеңі аяқталды. Біраз уақыттан кейін Флорида штатындағы бір Қауымда жастар қызметінің жетекшісі болып тағайындалдым (бұдан көп жыл бұрын болған жайт!). Бұл қауым Америка Құрама Штаттарындағы ең жылдам өсіп келе жатқан қауымдардың бірі болатын. Бұдан бұрын жастар қызметін басқарып көргенім жоқ, сондықтан, өзіме-өзім аздап сенімсіздеу едім. Дегенмен, мені бұл қызметке тағайындаған – Құдайдың Өзі екенін білемін. Олай болса, Құдаймен тығыз қарым-қатыста болсам болды, бәрі жақсы болады.

Әлгі жастар қызметі дәстүрлі үлгімен ұйымдастырылған болатын. Яғни, жастардың қызығушылығына сай түрлі ішаралар өтетін, жастарымыз соларға қатысады. Өкінішке орай, жастардың көбісі рухани өсіп-жетілмейтін. Талай қыздар мен жігіттердің өмірі бейберекет. Осы қызметке кіргенімде, Киелі Рух маған: «Тәубе етіп, теріс жолдан қайту туралы, қасиетті өмір

сүру жайлы, Құдайға мойынсұну және билік жайында тәлім беруің керек» деді. Осы тақырыптарда уағыз айтып, тәлім бере бастағанымда, жастар қызметінде шұғыл өзгерістер басталды.

Таңқаларлық нәтижеге қол жеткіздік. Жастар тобы бірнеше айдың ішінде үш есе өсті. Қарақшы топқа кіретін, жалған дінге сенетін жастар көптеп келіп, Исаны қабылдады. Сенімі сөніп қалған көптеген жастарымыз қайта лаулап жанды. Бәріміз Құдайдың құзырына рахаттана кіріп, Исаға деген сүйіспеншілігіміз арта берді. Жаратқан Ие өзімізді де, еңбегімізді де керемет жарылқап жатты.

Далластағы алғашқы шөл дала кезеңі аяқталғанда, қиындықтар осымен біткен екен деп ойладым. Құдайдың тапсырмасын орындап, Ізгі хабар таратып жүрмін. Иса елсіз далаға бір рет қана барды ғой. Менде де солай болады деп сенген едім. Сондағы қателескенім-ай! Әлі де тазаруым керек, сенімім әлі де нығаю керек екен. Және шөл дала жайлы көбірек білуім керек екен. Өмірімдегі келесі қуаңшылық кезеңіне қарағанда, алғашқысы баланың ойынындай көрінді.

Жастар қызметінің жетекшілер командасына Киелі Рух көптеген жаңашыл идеялар берді. Шөл даладағы дайындық мерзімінен кейін Құдай әлдебір істі тапсырғанда, солай болады. Көктен жаңа шарап құйылғандай болады. Мұса, Дәуіт, Жүсіп сияқты жемісті болуымыз үшін не істеу керектігін Құдай Өзі көрсетеді.

Жастар қызметінің сондағы рухани өсуі шынында да ғажап еді. Сол жетістігімізге қарамастан, жергілікті сенуші жастар тобы ғана емес, Исаны танымайтын басқа жастарды ойлап, жүрегімді ауыр салмақ басты. Міндетіміз – бүкіл Орталық Флориданың жастарын құтқару екенін сезіндім.

Сонымен, мінәжат етіп отырғанымда мынадай ой келді: *«Қызметімізді теледидардан көрсетсек қалай болар екен?»* Сол кезде, – 1980-ші жылдардың орта шенінде, теледидар – адамдардың жүрегіне жетудің ең тиімді жолы болатын. Интернет, әлеуметтік желілер, «YouTube», смартфон дегендер әлі жоқ тұғын. Ең ірі деген жергілікті телевизиялық станциялардың бірінің көрер-

мендерінің саны төрт миллион адамға жетеді екен. Таңқаларлығы – әлгі станцияда сенбі күні кешке, сағат 22:00-де бос уақыт бар болып шықты. Жастарды «аулауға» ең жақсы уақыт.

Осы ойымды қауым бағушысына айттым. Ол кісі қауымның мұндай жобаға қаражаты жетпейтінін айтты. Телебағдарламаны қаржыландыруға жастарды жұмылдырсам болады ма деп бағушыдан сұрап едім, ол кісі рұқсатын берді. Жастарды жобаммен таныстырдым. Есірткі мен арақ-шараптан, басқа да проблемалардан зардап шегіп жүрген бүкіл Орталық Флориданың жастарына Ізгі хабарды жеткізудің жоспары қауымдағы жастардың көңіліне қонды. Олар сатушы немесе газет таратушы болып жұмыс істеп, осы жобаны қаржыландырмаққа бел буды. Ақырында апта сайын, сенбі күні кешке теледидар бағдарламасын шығаруға қажет қаражат жиналды.

Бағушымыз таң қалды; бұл істің Құдайдан екені айқын болды. Сенбі сайын кешкі онда теледидарға шығатын сенуші жастар тобы бұған дейін болған емес. Жаңа шарап деген осы. Жобамыз жақсы нәтиже берді. Теледидар арқылы Ізгі хабарды естіп, көптеген адамдар қауымға келді. Аспаннан келген «жаңа шараптан» бас тартқанымызда, осы кереметті көрмейтін едік. Кейін де, сол қызметтен кеткеннен соң көп жыл өткенде де “Отты жастар” деп аталған әлгі бағдарлама арқылы өзгерген талай тағдыр жайлы куәліктер естідім.

Өзгерістер – жақсы

Жастар қызметіне кейінірек ораламыз. Әуелі жаңа шарап дегеніміз не және ол не себепті маңызды, сол жайлы айта кетейік.

Кейде Құдай өзгеріс енгізуімізге қозғау салады. Бұл өзгерістер көбінесе оңайға соқпайды, дегенмен, әрқашан да жақсылыққа жеткізеді әрі жеміс береді. Өзгерістерге бел бұған адам үйреншікті жайлылықтан айырылады, сондықтан өзгеріс көбінесе оңай тимейді. Адамды әдет билейді десек, қате айтпаспыз. Әдет әбден қалыптасқаннан кейін оны өзгерту

қолайсыздық туғызады. Алайда, Құдай патшалығын кеңейтуге атсалысам деген адам өзгерістерге дайын болуы шарт.

Сенуші отбасында өскен адамның өмірінде сенімге қатысты әдеттер, әдістер, салт-дәстүрлер жастайынан қалыптасып, бойына сіңеді. Салт-дәстүрдің барлығы дұрыс емес демеймін, әрине. Бірақ, жүректен шыққан ниет болмаса, жай ғана дәстүрді орындауды көздеген әрекеттер өлі болмақ.

Шын мәнінде мұндай істер рухани бекініске айналуы мүмкін. Кейбір сенушілер рухани регрессияға ұшырайды да, сенімнен діншілдікке қайтады. Ондай адам сырт көзге Құдайға ұнамды өмір сүріп жүргендей көрінгенімен, Құдайдың бұрынғы істеріне сүйенеді де, бүгінгі істеріне қарсылық көрсетеді.

Парызшылдар мен Исаның заманындағы басқа да діни жетекшілер дәл сондай адамдар еді. Олар өздерінің Ыбырайымның ұрпақтары екенін, Құдайдың Келісіміне кірген адамдар екенін, Мұсаның шәкірттері екендігін мақтан тұтатын. Құдайдың өткен шақтағы істеріне қарманып, бүгінгі күні араларында тұрған Құдайдың Ұлын мойындаудан бас тартты. Олар өздерінің әдет-ғұрпын, табынудың қалыптасқан салтын берік ұстанатын. Енді міне, Құдайдың Ұлы келіп, әбден еті үйреніп алған өмір сарынын өзгертпек, тұрақтылық пен жайлылықты бұзбақ. Алайда, Құдай олардың орнатқан ережелеріне сай болуға тиіс емес... қайта олар Құдайдың қойған шартына сай болуға тиіс. Құдайдың Ұлы осыны көрсетті. Олар болса, салт-дәстүрге жабысып, өзгерістерге мейлінше қарсы тұрды.

Діншіл адамдар өздерін «таңдаулы топ» санайды. «Құдай тек біз арқылы және біз белгілеген шектен шықпай әрекет етеді» деп ойлайды. Мұндай көзқарас жалған нанымдарға әкеп соқтырады. Дер кезінде тоқтатпаса, оның ақыры жауыздық пен сатқындық болады. Исаның заманында солай болған, Қауымның бүкіл тарихы осындай мысалдарға толы.

Тұлға ретінде өзгеріп, сенімнің келесі деңгейіне өтуіміз үшін, өміріміздің үйреншікті сарынын өзгертуге, жай-

лылықтан шығуға, Киелі Рухтың жетелеуіне еруге дайын болуымыз шарт. Бұл жол көбінесе шөл даланы басып өтеді. Сол елсіз иен далада жаңа өмір көздерін табамыз.

Осыны Жақия пайғамбардың өмірінен анық көруге болады. Жақияның әкесі діни қызметкер, бір кездері бас діни қызметкер болған. Жақия әкесінің ізін басып, діни қызметкер болуы керек еді. Иерусалимдегі мектепке барып, Гамалиил атты ғұламадан тәлім алуы керек-ті. Алайда, Киелі Рух Жақияны шөл далаға жетеледі. Құдайға сиынған сайын құлан түзге кетуге деген ниет жүрегін билей түсті. Жақияның ойы сансаққа жүгірді, білем. Бәлкім: *«Бірге өскен құрдастарымның барлығы «Рухани мектепке» барып, тәлім алады. Диплом алады, болашақта атақты қызметкер болады.*

Олар қызметке тағайындалады. Елдегі ғибадатхананың қайсысына барса да, уағызын жұрт тыңдайды. Мен ше? Мен жайлы жұрт не дейді? «Рухани мектепке» бармасам, Құдайға қалай қызмет етем, Құдайдың аманатын қалай орындаймын?»

Құдайдың маған деген аманаты бар екенін білемін. Жоғары шенді періште келіп, әкеме ұлды болатынын, сол ұлдың, яғни менің Құдайға қызмет ететінімді жариялаған болатын. Бұл әңгімені әкемнің аузынан естігем. Бірақ, елсіз иен далаға кетсем, қызметім қалай жүзеге аспақ? Шөл далада жүрген мені уағыз айтуға кім шақырады?»

Дегенмен, Жақияның жүрегіне сөйлеген Киелі Рухтың даусы ой-санасындағы сол бір тоқтаусыз сұрақ пен күмәннен басым болды. Құдайдың жетелеуімен Жақия иен далаға кетті: «Ал Жақия ержүрек, зейінді бала болып есейе берді. Исраил халқының алдына шыққанша, ол айдалада тұрды» (Лұқа 1:80). Айта кететін жайт, Жақияның дайындығы бала кезінен басталып, ұзақ жылдарға созылды, ал қызметі небәрі алты ай мерзімді ғана қамтыды. Дегенмен, Иса Жақияның қызметін ерекше атап өтті. Жақия туралы Иса: «Сендерге шындығын айтайын: адам баласы атаулының ішінде Жақия пайғамбардан жолы үлкен ешкім болған емес» деген еді (Лұқа 11:11).

Шөл даладан өту жолы

#5 Баспанаңыз шатыр болсын; үй салмаңыз

Шөл даланың өтпелі кезең екенін ұмытпаңыз, сіз оны басып өтесіз, ол артта қалады. Соны есте сақтаңыз. Сондықтан, шөл далада үй салып әуре болмаңыз, шатырда тұрыңыз!

Исраил халқы ондаған жылдар бойы иен даланы кезіп жүрді. Алайда, Құдайдың жоспары олай емес еді. Жаратқан Ие оларға үй салып алуды бұйырған жоқ. Олай етсе, айдалада бір қолайлы жер тауып, үй тұрғыза бастаса, өтпелі кезеңді маңдайларына жазған тағдыр екен деп алданған болар еді. Жоқ, олардың баспанасы шатыр, өздері бұлт орнынан қозғалса-ақ заттарын жинап, жолға аттануға әрқашан дайын болатын. Қашанда солай: шөл дала – барып тоқтайтын нысаналы жер емес, өтпелі кезең. Құдай оларға: «Мына дала соншалықты жаман емес екен. Уәде етілген жерді қайтейін деп едіңдер? Жерді тереңірек қазып, мықты іргетас қалаңдар да, Маған және өздеріңе арнап, жақсы үй тұрғызыңдар» деп айтқан емес. Сол бір иен даладағы саяхат кезінде, тіпті, Құдайдың Өзі де шатырды мекендеген болатын.

Табиғат аясында тігілген шатырда тұру – қысқа демалыс кезінде қызық та көңілді. Алайда, қайсымыз да айдалада емес, мықты үйде тұрғымыз келеді. Бірақ алданбаңыз, иен далада іргетас қалап, үй салмаңыз. Мүлкіңізді жинап алып, жолға шығуға үнемі дайын болыңыз. Ақырында ескірген шатырыңызды кірпіштен қаланған үйіңіздің артында жинап қоятын күн де келеді.

Жақияның шөл далаға неше рет барғанын, онда қанша уақыт болғанын, қандай қиындықтарды басынан өткергенін

Киелі Кітап нақтылап айтпайды. Лұқа жазған Ізгі хабар былай дейді: «ал Ханна мен Қаяфа – басты діни қызметкерлер болып тұрды. Сол кезде Құдай айдалада Зәкәрия ұлы Жақияға сөзін арнап (оны пайғамбарлық міндетіне кірістірді)» (Лұқа жазған Ізгі хабар 3:2-3). Қызығы, Ханна мен Қаяфа Құдайдан алшақ кеткен діни жүйенің ішінде жүргенде, елсіз иен далада, қиындық пен қуаңшылықтың ортасында Құдайдың жаңа ыдысы дайындықтан өтіп жатты. Сол ыдысқа Құдайдың жаңа шарабы құйылды.

Жаратқан Ие Жақияны қызметіне сол замандағы танымал «Рухани мектепте» емес, шөл далада дайындықтан өткізді! Жақия иен далада Құдайдың Сөзін уағыздағанда, дүйім жұрт жиналып тыңдады. Киелі Рухтың жаңа лебі соқты, көктен жаңа шарап құйылды – және мұның бәрі діни мекемелерде емес, иен далада болып жатты. Діншілдіктен, екіжүзділіктен, өлі дәстүрлерден әбден шаршаған, өзгерістерді шын жүректен қалаған адамдар айдалаға барып, Құдайдың Ұлының келуіне жүректерін дайындады.

Біраздан кейін Иордан өзенінде шомылдыру рәсімінен өтпек болып, Иса келді. Жақия бұл қызметті орындауға өзін лайықсыз санағанымен де, Иса дегенінде тұрды. Исаның қызметі Киелі Рухтың сол уақыттағы жер бетіндегі әрекетінен туындауы шарт еді. Суға шомылдыру рәсімінен өткеннен соң Иса Киелі Рухқа кенеліп, Құдай Рухының жетелеуімен елсіз иен далаға кетті.

Лұқа жазған Ізгі хабарда, он төртінші тараудың бірінші аятында «Киелі Рухқа кенелген Иса Иорданнан қайтқанда, Киелі Рух Оны айдалаға бастап алып барды» деп жазылған. Арада әзәзіл шайтанның сынағына толы қырық күн өтті. Киелі Рухтың құдіретіне кенелген Иса Ғалилея аймағына қайтып келді. Жер бетіне келгендегі көздеген ісін атқарып шығуға дайын болып, жарақтанып қайтты. Жақия пайғамбардың иен даладағы бірнеше ғана айға созылған қызметінің артынша шөл далада тағы бір қозғалыс – Иса Мәсіхтің қызметі басталды.

Жаңа торсық

Иса қызметін бастағаннан кейін «Әлгі діншілдер Исаға келіп: «Жақияның шәкірттері жиі ораза ұстап мінажат етеді, парызылдардың шәкірттері де солай істейді. Ал Сіздің шәкірттеріңіз неге ораза ұстамастан тамақ ішеді?» деді» (Лұқа 5:33). Мұндағы «әлгі діншілдер» деген кімдер? Бұл сұрақтың жауабын Матай жазған Ізгі хабардан табамыз: «Сол кездері Жақия пайғамбардың шәкірттері Исаға келіп: “Біздер де, парызылдар да жиі ораза ұстаймыз, ал Сіздің шәкірттеріңіз неге ораза ұстамайды?” деп сұрады» (Матай 9:14). Ұзақ жылдар бойы бұл адамдар – парызылдар деп ойлап келген едім. Олардың Жақияның шәкірттері екенін білгенімде, Киелі Кітаптың осы тұсы маған басқаша ашылды! Әлгі адамдар ашулы еді. Өйткені, олар жиі ораза ұстайды, ұзақ мінәжат етеді, ал Исаның шәкірттері олай емес. Жақияның жолын қуушылардың өмірі Құдай алдындағы құрбандық болатын, дегенмен, олардың назары Исаның шәкірттерінде.

Жақия қызмет еткен кезеңде Киелі Рух сенушілерді ораза тұтуға шақырып, ораза арқылы әрекет етті. Алайда, Жақияның шәкірттері Құдайдың бүгінгі әрекет ету тәсілін мойындап, соған сай өзгере алмады. Тек өздері ұстанатын қызмет ету әдістері мен табыну жолдары жеміс бере алады деп сенді. Туыс-туғанын, бала-шағасын тастап, Жақия пайғамбарға еріп иен далаға кетті, Құдайға қызмет етудің барлық ауыртпалығын қыңқ демей көтерді. Ал енді олардың жетекшісі абақтыға қамалды. Жаңа Жетекшінің шәкірттері бұлардың қатаң ұстанымдарын мойындамайды. Осының бәрі Жақияның командасының шамына тиді. Оларға діншілдік жолына тайып кетудің қаупі төнді.

Есіңізде болсын, діншілдік рухтары Құдайдың өткен шақта істеген істеріне негізделеді де, бүгінгі күні істеп жатқан істерін мойындамай, қарсыласады. Мүмкін, Жақия пайғамбардың шәкірттері өздерінің жетекшісіне қайтсе адал болып қалатынын, Жақияның жолын қуушылардың іс-әрекеті қандай болуы керектігін ойлап, Құдайдың дәл қазір не істеп, не айтып

тұрғанына көңіл бөлмеген болса керек. Олардың ықылас-ниеттері енді Құдайдың жүрегінде емес. Назары тек өздерін бір кездері Құдайға жетелеп апарған әдісте ғана.

Жақияның шәкірттерінің жүрегінде менменшілдік пен өкпе-реніш бой көтерді. Олар пайғамбардың қызметіне атсалысты, уақыты мен, бәлкім, қаражатын да бөлді. Ал енді олардың бар істегеніне, еңбектерінің жемісіне, жетістіктеріне жойылу қаупі төніп тұр. Жақия пайғамбардың өзі «Мәсіхтің беделі артуға, ал менікі төмендеуге тиіс» деген еді (Жохан 3:30). Соған қарамастан, олар қасарысып, өзгерістерге мойынсұнғысы келмеді.

Иса оларға астарлап жауап қайтарып былай деді: «Күйеу жігіт қастарында болғанда тойға келгендерге ораза ұстатып қоюға бола ма?» (Лұқа 5:34). Исаның жауабы олардың діншілдігін әшкереледі. «Құдайдың Ұлы араларында жүргенде, ораза тұтудың не қажеті бар? Әлденені қажет етіп, Құдайдан сұрамақ болса, Менің алдыма келулері жеткілікті» (парафраз). Діншілдікке негізделген ой-саналары оларды: ораза тұтса немесе басқа бір діни іс-шараларды атқарса ғана Құдайдың назарына ілінеді деп сендірді. Олардың көзқарасында ораза – Құдайдың алдына келуге мүмкіндік беретін құрал, және де ораза тұтқан адамның мәртебесі тұтпаған (немесе өздеріндей әдісті ұстанбаған) адамнан жоғары. Міне, осылай олардың жүрегіне менменшілдік орнықты. Олардың әдісі кезінде жақсы жеміс берген еді. Бірақ, енді жемістен гөрі әдістің өзі маңызды.

Ауыз бекітіп, ораза тұту, әлбетте, дұрыс. Дегенмен, оразаңыз Құдайды өз дегеніме көндірем деген айла-шарғыға айналмасын. Оразаның мақсаты – жүрегіңізді жұмсартып, Құдайдың Сөзін ести алатындай қылу. Құдайдың Өзі араларында жүргенде, Исаның шәкірттеріне ораза тұтудың не қажеті бар еді? Жақияның шәкірттеріне Исаның қайтарған жауабын әрі қарай оқиық: «Иса оларға астарлап жауап қайтарып былай деді: Күйеу жігіт қастарында болғанда тойға

келгендерге ораза ұстатып қоюға бола ма? Бірақ «Күйеуді» қастарынан алып кететін күн туады; міне, сол кезде олар ораза ұстайтын болады» (Лұқа 5:34-35).

Иса «бәлкім, сонда олар ораза ұстайтын болар» деген жоқ. «Сол кезде олар ораза ұстайтын болады» деп нақты айтты. Исаға сұрақ қойғандар тек ауыз бекітіп, астан ораза ұстау жайлы айтқан еді. Мына сөзге назар аударыңыз: «Күйеуді» қастарынан алып кететін күн туады; міне, сол кезде олар ораза ұстайтын болады». Иса тек ашқұрсақ қалуды айтып тұрған жоқ, Өзінің араларында бар болуынан да айырылатындарын меңзейді. Бұл ойын артынша айтқан әңгімесінде де жалғастырады. Есіңізде болар, шөл дала кезеңінің бір белгісі – Құдай алыстап кеткендей, айқын құзыры сезілмейді.

Исаның сөзін тереңірек ұғынуымыз үшін, сол жерде айтқан астарлы әңгімесіне назар аударайық:

«Сондай-ақ, жас шарапты ескі торсыққа құймас. Олай етсе, быршып ашыған жас шарап торсықты жарып, ағып кетеді, торсық та бүлінеді» (Лұқа 5:37).

Киелі кітапта шарап Құдайдың құзырын бейнелейді. Пауыл елші Ефес қаласының тұрғындарына жазған хатында: «Арақ-шарап ішіп, мас болмаңдар, бұл жүгенсіздікке апарады! Қайта, Киелі Рухқа кенеле беріңдер!» дейді (Ефестіктерге 5:18).

Жаңа шарапқа – Құдайдың құзырына кенелейік! Жаңа шарап – Киелі Рухтың жаңа лебі.

Осынау маңызды мәселені тағы бір рет қысқаша шолып өтейік. Алғаш рет Киелі Рухқа кенелгендегі тәтті сезіміңіз есіңізде ме? Құдайдың құзыры соншалықты тамаша, соншалықты мол еді. Құдайға сиына бастауыңыз мұң екен, Құдайдың жаныңызда екенін сол мезетте сезінесіз, және күні бойы Құдайдың құзырында жүресіз. Кей күндері Құдайдың жақындығын анық сезінгеніңіз сонша, көз жасыңызды тия алмай қауымда ұзақ отырдыңыз.

Біраз уақыт өте, Құдайдың құзырын сезіну соншалықты оңай болмай қалғанын байқайсыз. Бұрынғыдай мінәжат етуді жалғастыра бересіз. Алайда, енді «Құдайым, қайдасың?!» деген сұрақты жиі қоятын боласыз. Шөл далаға келдіңіз!

Шөл дала, басқа сөзбен айтқанда, Құдайдың құзырына шөліккеу оразасы. Бұл кезеңнің белгілі бір мақсаты бар: Құдай сізді жаңа ыдыс болуға, жаңа шарапқа арналған жаңа торсық болуға дайындайды. Ескі торсыққа жаңа шарап құюға болмайды.

Исаның заманындағы торсықтар қойдың терісінен жасалатын. Жаңа кезінде, шарапты алғаш құйғанда, торсық жұмсақ, икемге көнгіш келеді. Шарап ашып, көпіргенде, тері созылып, торсық кеңейеді. Таяу Шығыс елдерінде күн ыстық, ауадағы ылғал мөлшері аз екенін білеміз. Бірнеше жыл қолданыста болған торсықтар кеуіп, қатқылданады. Енді бұрынғы шараптың орнына жас шарап құйса, ондай ескірген торсық жаңа шараптың салмағын да, ашуын да көтере алмайды. Шарап ашып, көпіре бастағанда-ақ жарылып не жыртылып қалады. Бұндай жағдайды болдырмау үшін ескі торсықтарды бірнеше күн бойына суға салып қояды да, артынан зәйтүн майын жағып, илейді. Тері жұмсарып, икемге келеді, торсық жаңарады.

Біз – жаңа рухани шарап құйылатын торсықпыз. Сондықтан, торсықтың көргенін біз де көреміз. Біз – Құдайдың құзырын алып жүруге тағайындалған адамдармыз. Күнделікті қам-қарекетіміз, өмір сүретін ортамыз біздің қатқылданып, сезімталдықтан айырылуымызға септігін тигізеді. Жұмақта жүрген жоқпыз; өміріміз күнәһар дүниеде өтіп жатыр. Сондықтан, ой-санамыз жаңартуды қажет етеді. Торсығымыз жұмсақ та икемді болуы үшін Құдай Сөзінен сусындап, санамызға әбден сіңдіруіміз керек. «Оны Құдай сөзімен тазартып, қайта туғызып, қасиетті қылды» дейді Пауыл елші (Ефестіктерге 5:26). Торсықты зәйтүн майын жағып илеу – мінәжатта өткізген уақытымыздың белгісі. Құдайдың Сөзінде немесе

мінәжатта Құдаймен бірге уақыт өткізгенімізде, ой-санамыз жаңарып, іс-әрекетіміз бен әдістерімізде қайыспайтын қатқыл болудан қаламыз. Иленіп, жұмсарып, Құдайдың пішімдегеніне көнетін боламыз, икемге келеміз.

Бірақ, ескі торсықты жаңартуға кірісерден бұрын ішіндегі шарапты төгу керек қой! Сонда бос қалған торсық Құдайдың айқын құзырынан құралақан қалған адамды бейнелейді! Міне, ауыз бекітіп, ашқұсақ қалып, ораза тұту бар да, Құдайдың құзырын сезінбей, құралақан қалып ораза ұстау бар. Мұндай уақытты қуаңшылық уақыты дейміз. Өзгерістерге дайындық кезеңі – осы!

Құдай сізді Өзінің айқын құзырынан неге айырады? Жігеріңізді жоқ қылу үшін бе? Жоқ! Тіпті, нәтижесі сондай болса да, Құдайдың мақсаты – ол емес. Сіз Құдайға керек болмай қалдыңыз, Ол сізді “сөреге қоя тұрайын” деді ме? Жоқ! Сізді Өзін іздеуге бұрынғыдан бетер ынталандыру үшін. Құдайға деген құлшыныс жүрегіңізді жұмсақ та сезімтал етеді. Құдайдың ықпалына қарсыласатын қатқыл, тоңмойын сенушілер – Құдайды іздеуден қалған адамдар. Олар өткен шақтағы шынайы рухани тәжірибесінен алып шыққан белгілі бір әдістер мен формулаларды қолдануда тұрақты, ал Құдайдың бүгінгі әрекетіне қарсыласады.

Жақия пайғамбардың жолын қуушылар да солай. Жақия арқылы Құдайдың құдіреті көрінгенде, олар пайғамбарға ерді. Алайда, Құдайдың Өзін танып білуге ұмтылудың орнына олар өз нанымдары мен әдістеріне тастай қатып, Құдайдың “илеуіне” көнуден бас тартты.

Құдайдың жаңа қозғалысы басталғанда, жаңа ілім де пайда болады, әрқашан солай. Ақиқатқа негізделген ілімдер мен доктриналар бізді Құдайдың Өзіне жақындата түседі. Алайда, назарымыз сол ілімнің не доктринаның өзінде ғана болса, оның ақыры діншілдіктің бұғауына, заңшылдыққа, адасуға, немесе осылардың барлығына әкеп соқтырады.

Табынудың қатып қалған әдістері діншілдіктің қатып қалған қағидаларына айналады. Оларды ұстану сізді Құдайдың құзырына жетелемейді. Дегенмен, көптеген сенушілер табынуда ереже орнатып, өздерінше әдістер қолданады. Бірер жыл өткенде олар үлгілі мәсіхші болуға қажет білім жинайды да, Құдайды іздеуді мүлде қояды. Енді олар өздері шығарған салт-дәстүрге сай өмір сүреді. Ондай адамдар өміріміз Ізгі хабарға сай деп сенгенімен, көңілдері құлазып, өмірлері бос өтіп жатқанын сезінеді.

Еремия пайғамбардың жазбасы былай дейді:

«Сол кезде Маған сиынып шақырасыңдар, алдыма келіп дұға етесіңдер, ал Мен сендерге құлақ асамын. Егер де Маған шын жүректен бет бұрып сиынып Мені іздесеңдер, табасыңдар» (Еремия 29:12-13).

Құдайдың құзырына кіру үшін дұға ету аз. Діншілдікке шырмалған адамдардың көбісі Құдайға ерінбей-жалықпай сиынады. Жаратқан Иеге шын жүректен бет бұрып, Құдайды шын жүрекен іздеуге тиіспіз. Осы аяттардан көріп тұрғанымыздай, ынталана іздеу қашанда үйреншікті әдетке еруден әлдеқайда көп күш салғанды қажет етеді. Жалынды жүрек, Құдайды танып білсем деген қатты құштарлық керек. Киелі Кітапта: «Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Құдайға келген әркім Оның бар екеніне сенуге және Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың жарылқайтынына илануға тиіс» деген сөз бар (Еврейлерге 11:6)

Ал енді Исаның сөзін қайталап оқиық:

«Сондай-ақ, жас шарапты ескі торсыққа құймас. Олай етсе, быршып ашыған жас шарап торсықты жарып, ағып кетеді, торсық та бүлінеді. Керісінше, жас шарапты жаңа торсыққа құю керек. (Сонда екеуі де аман қалады.) Ал ескі шарапты ішкен әркім: «Ескісі жақсырақ» деп, жаңасын қаламайды» (Лұқа 5:37-39).

Ескі шарапқа үйренген адам жас шарапты қаламайды. Адам әдет пен машықтан тұрады. Ауру қалса да, әдет қалмайды деген мақалды білетін шығарсыз. Құдай торсықты ескі шараптан босатады, содан соң шарапсыз, қуаңшылық маусымынан өткізеді. Сонда ғана шөлiркеп, жаңа шарапты аңсаймыз. Қатты шөлдеп, iшерге сусын тапшай тұрғанда: «Жаңа шарапты iшкiм келмейдi, ескiсiн ғана iшемiн» демейсiз. Құдайдың құзыры мен құдiретiн аңсаған адам Киелi Рухтың жаңа лебiне жүрегiн ашуға дайын. Дәуiттiң елсiз иен даладағы мына бiр сөзiне сiз де қосыласыз:

«Уа, Ием, Сен сиынатын Құдайымсың,
Таң сәрiден мен Саған бет бұрамын,
Сусыз жердемiн кеуiп, құлазыған,
Жан-тәнiммен Сенi аңсап сағынам.
Киелi тұрағыңда аяныңды көрдiм,
Құдiрет пен ұлылығыңды байқадым» (Забур 62:2-3).

Саул патша әр iстi Құдайдың қалауына емес, өз қалауына сай iстедi. Ал Дәуiт болса, Құдайдың еркiн орындауға әрқашан әзiр едi. Өйткенi, Дәуiт – Құдайдың құзыры мен құдiретiн аңсаған адам.

Тағы бiр шөл дала

Осы тараудың басында айтқанымдай, жастар қызметiн басқарғаным – тәлiмгер қызметiндегi тұңғыш қадамдарым болатын. Теледидардан көрсетiлген жастар қызметi өте жемiстi болды. Сонымен қатар бiздiң өңiрдегi ең iрi радиостанциялардың бiрiнде қысқа роликтер арқылы Iзгi хабар тараттық. Тасымыз өрге домалап тұрған кез.

Сол тамаша күндердiң бiрiнде Киелi Рух жүрегiме сөйледi: «Жастар қызметiнiң бағушысы лауазымынан айырыласың», – дедi Ол, – «Мен сенi Американың Батыс Жағалауынан Шығыс

Жағалауына дейінгі, Канаданың шекарасынан Мексиканың шекарасына дейінгі қалаларға, Аляска мен Гавай аралдарындағы қауымдар мен конференцияларға жіберетін боламын ...»

Киелі Рухтың осы сөзін Лизаға да айттым. Екеуіміз осы айтылған жайлы көбірек мінәжат етіп, терең ойланатын боп келістік. Бұл жайлы басқа штатта бағушы қазметінде жүрген бір досымыздан басқа ешкімге тіс жарған жоқпыз. Әлгі айтқанын Құдайдың Өзі уәде етті. Құдай уәдесіне берік. Олай болса, Құдай Тағалаға көмектесудің қажеті жоқ.

Алайда, арада бір жылдан аса уақыт өтті. Еш өзгеріс байқалмайды. Жалғыз-ақ, Құдайдың құзыры азайып бара жатқандай болды. Ақырында Құдайдың құзырын тіпті сезінбейтін болдым. Дұғада бұрынғыдан көп уақыт өткізетін болдым, нәтиже жоқ. Оның үстіне жастар қызметіне деген мақсат-жоспарым да көмескіленіп бара жатқандай болды (ескі шарап төгіле бастады). Мінәжат еткен сайын жастар қызметінің жүрегімде алған орны азайып бара жатты. Сырт көзге көрінбегенмен, қызметке деген құлшынысым сөне берді.

Жастарға уағыз айтарда бірнеше сағат бойы мінәжат ететін болдым. Бір-екі рет, тіпті, уағыз айтуға басқа біреуді жіберуін сұрап, Құдайға жалбарынғаным да бар. Жиналысқа бос торсық болып баратын болдым. Алайда, қызмет еткенімде Құдайдың құзырына бөленемін. Қызметімді аяқтап, үйге қайтқанымда, орта жолда Құдайдың құзыры менен қайта алынады. Келесі аптада тағы сол.

Оған қоса, өмірімізде сырттан келген қиындықтар мен іштегі қиындықтар басталды. Ондай қиындықтармен бұрын-соңды кездескен емеспіз. Мәселе өзімде болар деп ұйғардым. Сөйтіп, есіме түсіре алған әрбір күнәмды Құдайдың алдында мойындап, кешірім сұрадым. Қуаңшылықтан сонда да арыла алмадым.

Бірде, қандай күнә жасағанымды түсінбек болып тағы сиынып отырғанымда Құдай: «Бұл шөл далаға күнә жасаға-

ныңның арқасында келген жоқсың! Мен сені алдағы өзгерістерге дайындаудамын» деді.

Құдай қызметімнің келесі деңгейінде кездесетін сын-тегеуріндерге төтеп бере алатындай етіп, мінезімді жетілдіруде еді.

Ишая пайғамбардың кітабын ашып оқиық:

«Естеріңе бұрынғыны алмаңдар,
Бұдан былай баяғыны ойламаңдар!
Енді Мен жаңаны жасаймын да,
Қазір ол шыққалы тұр жарыққа,
Сендер мұны ұғынбайсыңдар ма?
Міне, Мен иен далада жол саламын,
Шөл даладан бұлақтар ағызамын» (Ишая 43:18-19).

Жаратқан Ием Өз уақытында және Өз құдіретімен Өзі уәде еткен өзгерістерді жүзеге асырды, кейінірек осы кітабымда сол жайлы айтып беремін. Сол кезде, шөл даладағы ең ауыр күндерімнің өзінде де Құдай ықпалы бүкіл Америкаға, әрі қарай жер жүзіне тарайтын қызметіміздің басталуына дайындалып жатқан еді.

Достым, Құдай сіздің ескі шарабыңызды төгіп тастайды. Солай етсе, жаңа шарап және оған қоса жаңа сын-тегеурін келгенде, ескі шарапқа қайта оралмайсыз.

6

КӨКТЕГІ СЫЙ

«Кйбір адамдар өткенге оралып, бастарынан өткен барлық қиындықты естеріне алады да, болашаққа қарап, бұрынғыдан да көп қиындық күтеді, сөйтіп бар өмірлері абыржу-қобалжумен өтеді».

— Д. Л. Муди

«Бауырластарым, мен бұл мақсатқа жеттім деп санамаймын. Істеп жүргенім бір-ақ нәрсе: өткен нәрселерді ескермей, алдымдағы бәйгеге қарай жан сала жүгіріп келемін. Құдайдың сыйына – Оның Мәсіх Иса арқылы шақырған көктегі өміріне ие болу үшін көздеген мақсатты қуып жүрмін».

— Філіпіліктерге 3:13-14



Пауыл елші Жаңа Өсиеттің үштен бірін жазды, Яһудея елінен сыртта көптеген қауымдардың негізін қалады. Елшінің қызметі бүкіл әлемге тарады, бірақ өмірінің соңында жазған хаттарының бірінде ол «мақсатқа жеттім деп санамаймын» деді. *Пауыл елші өмірлік еңбегін соңына дейін атқарып, көктегі сыйын алмайынша қанағаттанбақ емес.*

Құдайдың аманатын толық орындап, көктегі сыйымызды алуымыз үшін, ең алдымен, міндетіміздің әлі толық орындалмағанына сенімді болуымыз шарт.

Кемелдікке әлі жеткен жоқпыз; әлі де өсіп-жетілуге, өзгеруге тиіспіз.

Құдайдың Мұса пайғамбарға артқан міндеті өте ауқымды еді. Ол үш миллион халықтың көшбасшысы болатын, Көне Өсиеттегі кереметтердің біразын Құдай сол Мұсаның қолымен жасады. Соған қарамастан, Мұса пайғамбар жер бетіндегі адамдардың ең кішіпейілі болатын. Ол мақсатқа жеттім деп масаттанып-марқайған жоқ. Алға қарай жүре берді, көздеген мақсатты қуа берді, көктегі сыйына ұмтыла берді. Рухани өсіп, жетілуіміз үшін кішіпейіл болуымыз шарт.

Құдайдың аманатын толықтай орындап шығуымыз үшін екінші шарт – артта қалғанның барлығын (*жеңіс пен жеңілістерді*) ұмыту! Ишая пайғамбардың жазбасы арқылы Құдай бізге айтады:

«Естеріңе бұрынғыны алмаңдар,
 Бұдан былай баяғыны ойламаңдар!
 Енді Мен жаңаны жасаймын да,
 Қазір ол шыққалы тұр жарыққа,
 Сендер мұны ұғынбайсыңдар ма?
 Міне, Мен иен далада жол саламын,
 Шөл даладан бұлақтар ағызамын» (Ишая 43:18).

Кешегі сәтсіздіктер мен күнәларды ойлай берсең, бүгінгіңді улап, ертеңіңе аяқ басқызбайды. Алайда, кешегі жеңістерің де Мәсіхтегі болашағыңа бөгет бола алады. Бұрынғы жетістіктерімізге сүйенсек, адами күшімізге сеніп, үмітіміз өзімізде болады. Олай болса, Құдайдың дайындап қойғанынан құралақан қалуымыз мүмкін. Ишая пайғамбар дәл осыны айтады. Өткен шақтағы жарылқаулар да Құдайдан келген болатын. Дегенмен, Құдайдың бізді өткен шақта жүргізген жолдарынан шығуға әзір болуымыз керек. Сонда ғана ілгері басып, Құдайдың аманатын орындай алмақпыз. Әйтпесе, кеуіп кеткен ескі торсыққа айналуымыз әбден мүмкін.

Бұл ақиқатқа Пауыл елші де көңіл бөледі:

«Бала кезімде балаша сөйлейтінмін,
 Балаша ойлап, балаша пайымдадым.
 Бірақ та ержеткеннен кейін мен
 Қол үздім балалық қасиеттерден.
 Сол сияқты, біздің қазір көргеніміз
 Айнадағы көмескі бейне іспетті,
 Ал болашақта бетпе-бет анық көреміз.
 Қазіргі білетінім тек қана шектеулі,
 Ал Құдайдың мені толық білетіні секілді,
 Бәрін де толықтай білемін сол кезде» (1 Қорынт. 13:11-12).

Баланыкі дұрыс емес деп айта алмаймыз: ол әлі ержеткен жоқ қой. Бес жасымда бар білетінім ойыншық машиналар мен конструктор болатын. Әліпбиді жатқа айту бес жасар бала үшін зор жетістік. Өмірді көмескі шыны арқылы көріп

тұрғандай едім. Өйткені, өмірдің күрделі қыр-сырына қанық болу үшін әуелі өсіп-жетілуім керек еді.

Он сегізге толғанымда, ойыншық машина мен конструкторлар баяғыда-ақ артта қалған болатын. Енді, көп жыл өткенде, өмірді көмескі әйнек арқылы көріп тұрған жоқпын. Ой-санам жетілді. Он сегіз жасар жігіт бес жасар баланың қылығын істегені өрескел болар. Өсе келе біз бұрынғы, балалық қылықтарды қоямыз.

Шөл даладан өту жолы

#6 Неден сақ болған жөн

Киелі Кітаптағы Исраил халқының шөл даладағы саяхаты жайлы әңгімені оқысақ, бұл саяхаттың қайғылы тұстары көп болғанын байқаймыз. Исраил халқының сол тәжірибесін ескере отырып, шөл даладағы өтпелі кезеңде неден сақ болуыңыз керек екенін атап өтейік. Шын мәнінде, бұл тізім мәсіхші өмірінің кез келген маусымына қатысты. Дегенмен, иен даланы кезіп жүргенімізде, қиындықтар алқымнан алғанда бұл күнәлардың тартымдылығы арта түскендей болады. Төмендегі нәрселерді істеуден аулақ болыңыз. Негізгі күнәларды атап өттім. Тізім, әлбетте, толық емес.

1. Теріс қылықтарға құмар болмаңыз. Қиын-қыстау кезде кейбір теріс әрекеттеріміз көңіл-күйімізді көтерер, тіпті, өзімізді бақыттырақ сезінуге септігін тигізер деген ой келеді.
2. Жалған тәңірлерге табынушы болмаңыз. Қалауларымыз Құдайдың Сөзіне қайшы келетінін біле тұра, соларға ұмтылу. Әлденені немесе әлдекімді Исадан артық көру де пұтқа табынумен бірдей
3. Азғындық пен арсыздыққа берілмеңіз.
4. Құдайды сынамаңыз.
5. Күңкілдей бермеңіз.

Олардың ендігі жерде пайдасы жоқ. Балалық сана мен шикі мінез бізді мақсатымызға жеткізе алмайды да, қажетімізге жарай алмайды.

Өмірдің түрлі кезеңдерінен өткенде де, рухани өсіп жетілу жолында да бұрынғы шала мінездерді қоюымыз керек. Паул елші айтқандай, қазіргі кезде Құдайдың жолдары мен салтанатты ұлылығын айнадағы көмескі бейне іспетті көріп жүрміз.

Қорынт. қаласындағы сенушілерге арнаған хатында Пауыл елші елсіз иен даланы кезген ата-бабамызға қарап, неден сақ болуымыз керек екенін үйренуімізге болатынын айтады:

«Бауырластарым, сендерді төмендегілер туралы хабарсыз қалдырғым келмейді: халқымыздың күллі ата-бабалары ... Тәңір Иенің құдіретін көрді. Алайда олардың басым көпшілігі Құдайға жақпай, айдалада құрып кетті. Міне, осы оқиғалар бізді ата-бабаларымыздай жамандыққа құмар болудан сақтандырып, үлгі болып тұр» (1 Қорынт. 10:1, 5-6).

Исраил халқының қателіктерінің құны қымбатқа түсті; ондай қателіктерді жібермейік.

Достым, шөл далада Құдайдың жолдарын да, жүрегін де танып біле аласыз. Ол үшін табандалық қажет, жүрегіңізде: «Ием, ізгілігің мен сүйіспеншілігіңді сезінбеген күнде де, ізгі Құдай екеніңе, мені сүйетініңе сенемін» деген бекем шешім болуы шарт.

Алайда, көктегі сыйымызға ұмтылған сайын, рухани көзіміз ашыла түседі, ақырында Құдайдың нұрлы жүзін бетпе-бет, анық көреміз. Жаратқан Иеміз бізді толық білетіні секілді, біз де Құдайымызды толық танып-білетін боламыз!

Пауыл елші айтқан көктегі сый дегеніміз не? Ол сұрақтың жауабын алдыңғы аяттан табамыз. Хаттарының бірінде Пауыл: «Сөйтіп, Мәсіхтің Өзін де, Оны қайта тірілген құдіретті де жақыннан танып білуге құштармын. Мәсіхтің азаптарына ортақтасып, Оның өз жанын Мен үшін өлімге қиғанындай, мен де Ол үшін өмірімді қиғым келеді» деп жазады (Філіпіліктерге 3:10). Сонымен, көктегі сый дегеніміз – Құдайдың Ұлы Иса Мәсіхтің бейнесіне сай өзгеру – Жаратқан Иеміз бізді толық білетініндей, Құдайымызды толық танып білу! Осы мақсатқа жетпей, қанағаттанбайық. Сондықтан, Құдайдың жүрегін іздеуді әсте тоқтатпайық.

Көктегі сыйға қол жеткізу үшін үшінші шарт – «көздеген мақсатқа ұмтылу». *Әлденеге ұмтылған адамның жолында бөгет пен қарсыластық кездесетіні сөзсіз. Құдайды танып білуге деген қырсыластық бар.*

Шайтан үшін ең зор қауіп – Иса Мәсіхке ұқсас адам. Түнек сенушінің ой-санасы мен мінез-құлқы Исаныкіне ұқсас болып өзгеруіне қарсы күреске бар күшін салады. Исаға ұқсас мәсіхші өзі үшін емес, жүрегінен орын алған Тәңірі үшін өмір сүреді. Ондай сенушілердің өмірінен Құдайдың құдіреті мен ықпалын көруге болады. Сол себепті, Пауыл елші айтқандай, Иемізді жақыннан танып білу үшін Мәсіхтің азаптарына ортақтасуымыз қажет. Пауыл айтқан тән азабы – «мен» деген пұттың өлуі һәм жаңа өмірге жаңа жаратылыс болып қайта тірілу!

Петір елші жазады:

«Сонымен, Мәсіхтің Өзі тәнімен азап шеккендіктен, сендер де (жақсылық үшін азап шегуге дайын) болыңдар! Осындай ой-ниет өздеріңді қорғайтын

қалқан іспетті. Тәні азап шегіп жатқан сенуші күнәлі құмарлықтарына берілмейді. Бұдан былай осы дүниедегі өміріңнің қалған кезеңін ескі күнәкар болмыстарыңның құмарлықтарына сай емес, Құдайдың еркіне мойынсұнып өткізулерің керек» (1 Петір 4:1-2).

Тәні азап шеккен сенуші адами жолдармен жүрмейді, осы дүниелік күнәар құндылықтарға ұмтылмайды. Бойына Мәсіхтің мінезі қалыптасады! Көздеген нысана да, мақсат та – осы!

Мәсіхтің азабына ортақтасу

Мәсіхтің азабы дегеніміз не? Киелі Кітаптағы осы ұғымның мағынасын кейбір діни ілімдер бұрмалап әкетті. Сол себепті көптеген сенушілерде қате түсінік қалыптасты. Мәсіхтің азабына ортақтасу дегеніміз аурудан қайтыс болу емес, жоқшылық та емес. Бірнеше апта бойы аш қалып, Құдайдың жүрегін сыздату емес. Мәсіхтің азабы – құрбандық емес, мойынсұну! Еврейлерге жазған хатында Пауыл елші Мәсіхтің азабының не екенін анық көрсетеді:

«Сонымен қатар Мәсіх жер бетінде жүргенде Өзін өлімнен құтқаруға құдіреті жететін Әкесіне қатты дауыстап сиынып, көз жасын төгіп жалбарынды. Мәсіх Әкесін терең қастерлегендіктен мінажаты қабыл болды. Құдайдың рухани Ұлы бола тұра, Мәсіх ауыр азаптар шеккен кезінде де Әкесіне мойынсұнуға үйренді» (Еврейлерге 5:7-8).

Иса мойынсұнуды аспаннан ала келген жоқ, жерде жүріп үйренді. Тілазарлық танытқаны оңайырақ болған сәттерде де Әкесіне мойынсұнды, сол арқылы үйренді. Иса адамдарға жағынуды емес, Әкесінің көңілінен шығуды көздеді. Оның мойынсұнуынан біздің ұтатынымызды Иса білді. Петір елшінің мәнінде тән азабы – ескі күнәкар болмыстың құмар-

лықтарына еріп күн кешудің орнына, Құдайдың еркіне мойынсұнып өмір сүру екенін көрсетті (1 Петір 4:2).

Ой-санамыз, көңіліміз, эмоцияларымыз бізді қамсыздыққа, ләззат алуға, қиындықтан қашуға итермелейді. Көңіл-күйдің жетегінде кетпей, Құдайдың жолымен жүру – «Мәсіхтің азабы» деген осы. Кейде Құдай бізді бір бағытта жетелейді де, достарымыз, әріптестеріміз, жақындарымыз басқа бағытқа итермелейді. Сондайда ішімізде түрлі сезімдердің арпалысы басталады. Осындай жағдайда Құдайдың еркіне мойынсұну – Мәсіхтің азабы. Өкінішке орай, қарсылық көбінесе ең жақын адамдардың тарапынан келетін сияқты. Осы ақиқаттың көрнекті мысалы – Петірдің Исаның азапты өлімге жанын қиюы жайлы айтқанына қарсылық білдіруі:

«Сол кезден бастап Иса Өзінің Иерусалимге баруға тиісті екенін ашық білдіре бастады:

“Ол жерде Мен рубасылар, басты діни қызметкерлер мен дін мұғалімдерінен көп азап шегуге тиіспін: Менің өлтірілуім, бірақ содан кейінгі үшінші күні қайтадан тірілуім де қажет!” – деді. Сонда Петір Исаны былайырақ алып шығып: “Құдай сақтасын, Мырза, ондай нәрсе басыңызға түсе көрмесін!” – деп қарсылық білдіре бастады» (Матай 16:21-23).

Иса шәкірттеріне Құдайдың еркін орындау үшін Иерусалим қаласына барып, басын азапты өлімге тігетінін, үш күннен соң қайта тірілетінін айтты. Исаның қайта тірілетіні жайлы сөзін Петір естімей қалған болса керек, әйтпесе Ұстазының таяуда ажал құшатыны жайлы хабар оған осыншалық ауыр тимес еді.

Петірдің сондағы ойы бәрімізге аян емес пе?

«Тоқтай тұр, Сен – Мәсіхсің (жаңа ғана Петірге осы ақиқат ашылған болатын), Сен Исраил патшалығын

қайта орнатып, нығайту үшін келдің. Кәсібімді тастап, бала-шаға, әйелімнен жырақ кетіп, Саған ердім. Саған ергеніме бола достарым теріс айналды. Саған шәкірт болуға көп күш салдым, өмірімнің үш жылын қидым, біраз бедел де жинадым. Мәжілісханалардың басшылары Сені жарымес деп ойлайды. Газеттер мен журналдар Сенің оғаш мінездерің туралы мақала жазудан жалықпайды. Сен – әлеуметтік желілерді шулатқан Адамсың. Және көпшілік Сен жайлы теріс пікірде. Беделді тәлімгерлер мен ғұламалар, діни қызметшілер Сені жалған ілім таратып жүр дейді. Енді келіп өлім туралы айтасың. Сонда менің күнім не болмақ? Саған еріп, шәкірт болған жылдарым босқа кетеді, ал өзім жаман атты боламын».

Көп ойланбастан Петір: «Жоқ, Ием! Олай істей көрме!» деді (парафраз).

Иса Петірдің ойы өзімшіл әрі осыдүниелік екенін сол сәт көрсетті. Петірдің көзқарасы Құдайдың көзқарасынан тіпті алыс болатын. Осы дүние тек өз мүддесін көздеуді шайтаннан үйренген. «...осы күнәкар дүниенің «тәңірі» (өзәзіл шайтан) олардың ой-саналарын соқыр қылып қойған» (2 Қорынт. 4:4). Құдайдың Патшалығы оған толықтай қарама-қарсы. Сондықтан, Құдайдың еркін орындаймыз десек, қоғамда қалыптасқан әдеттерге бой бермеуге, кейде, тіпті, сенімі бір болғанымен, ой-санасы осыдүниелік бауырластарымызға да қарсы шығуға тиіспіз. Петір жаман адам емес-ті, алайда, мына мәселеде ой-санасы Мәсіхтің емес, дүниенің ықпалында еді. Болашақ елші Исаның айтқаны қалай орындалатынын адами санасымен ұға алмағандықтан, алдағы өзгеріске қарсы болды.

Осы ақиқатты сипаттайтын тағы бір мысал – Қанахан жеріне жіберілген барлаушылар. Құдай Мұсаға Уәде етілген жерді барлап келуге адам жіберуді бұйырғанда, Исраил халқының елсіз далада жүргеніне бір жыл болған еді. Құдай-

дың еркі – олардың Уәде етілген жерді басып алуы болатын. Мұса әр рудан бір-бір азаматтан таңдап, он екі адамды барлаушы етіп тағайындады. Олардың арасында Халеп пен Нұнұлы Ешуа да бар еді.

Барлаушылар қайтып келгенде, олардың жеткізген мәліметі тіпті қарама-қайшы болды:

Он барлаушының сөзі мынадай болды:

«Барлаушылар Мұсаға баяндап былай деді: “Біз сіз жіберген елге барып келдік. Онда шынында да ағы мен балы молынан ағып жатыр екен. Міне, мыналар – сол елде өсетін жемістер. Алайда онда тұратын халық сондай мықты екен! Ондағы қалалар да бекіністі әрі өте үлкен. Біз одан тіпті Анақтың алып ұрпақтарын да көрдік. Елдің оңтүстігіндегі Негев аймағында Амалек тайпасы тұрады. Ортадағы таулы аймақта хеттіктер, ебустіктер, аморлықтар орналасыпты. Қанахандықтар (батыстағы) теңіз жағасында және (шығыстағы) Иордан өзені бойында қоныстанған екен. ... Жоқ, біз сол халыққа қарсы шыға алмаймыз, олар бізден соншама күшті! – деп ... исаилдіктердің арасында өздері барлап келген ел туралы жағымсыз хабар таратты: «Біз аралап, барлап келген сол ел өз тұрғындарын жалмайтын жер екен! Онда тұрып жатқан халықтың адамдары денелі. Бұл жерде алыптың тұқымынан тараған Анақтың ұрпақтары да тұрады! Біз олардың жанында өзімізді шегіртке іспетті кішкентай сезіндік! Олар да бізге солай қарады» (Руларды санау 13:29–30, 32–33).

Нұнұлы Ешуа мен Халептің жеткізгені басқа хабар болды:

«Ал Халеп Мұсаның алдында халықты тыныштандырып: «Уа, халайық, біз елге өрлеп барып, оны иемденіп алайық! Соны сөзсіз істей аламыз!»

деді. Егер Жаратқан Ие бізге риза болса, Ол бізді ағы мен балы ағыл-тегіл сол елге алып барып, оны бізге табыстайды. Тек Жаратқан Иеге қарсы бас көтермеңдер, елдің халқынан қорықпаңдар! Олар бізге жем болады: олар қорғаныштарынан ада қалған. Ал арамыздағы Жаратқан Ие бізге жар! Олардан еш қорықпай-ақ қойыңдар!» – деп ескертті» (Руларды санау 13:31, 14:8–9).

Он екі барлаушының барған жері – бір, Қанахан жері, көрген қалары да, адамдары да бір. Он барлаушының айтқаны басқа да, екі барлаушының айтқаны, тіпті, басқа. Бұлай болуы мүмкін бе? Себеп неде? Мәселе олардың ой-санасында!

«Алайда қызметшім Халеп ондай мінез көрсетпей, Маған шын жүректен сенімді болған...» дйді Жаратқан Ие (Руларды санау 14:24). Басқаша айтқанда, Халеп пен Нүнұлы Ешуа адами қалауларымен шектелмей, Құдайдың еркін орындауды көздеді. Олар Уәде етілген жерге өз қауіпсіздігі тарапынан емес, Құдайдың көзқарасымен қарады. Барлығының барлап келгені бір жер болса да, әлгі он барлаушының көргендері – басқа болуының құпиясы, міне, осында. Он барлаушы Құдайдың еркін орындауды көздеудің орнына, өз қауіпсіздігінің, жайлы өмірдің, жақындарының қамын жеген еді. Құдай адамды қай салаға, қай қызметке тағайындаса, сол істе табысты етеді. Жаратқан Иеге ерген әркім Құдайдың қамқорлығында болады. Он барлаушы осыны жете түсінбеген сияқты. Қалған халықтың да ойы дұрыс емес, сондықтан:

«Барлық израилдіктер Мұса мен Һаронға наразыланып, бүкіл қауым болып: «Бізге баяғыда-ақ Мысыр елінде өлгеніміз жақсы болған болар еді! Немесе осы елсіз далада өлген болсақ қой! – деп күңкілdestі. Жаратқан Ие бізді бұл елге неге алып келе жатыр екен? Сол жерде біз семсерден қырыламыз,

әрі әйел, бала-шағамыз жауға олжа болмақ. Одан да Мысырға қайта оралғанымыз жақсы емес пе!» деді (Руларды санау 14:2-3).

Израил халқы Мысырдағы «жақсы өмірін», тоя ішкен тамақтарын, сондағы тұрақтылықты еске алумен болды. Олар Мысырда құл болғанымен, шөл даладағы жағдай халыққа құлдықтан да ауыр тиді. Олар ой-саналарының, мінездерінің өзгеруі қажет екенін мойындағысы келмеді. Өзгеріс атаулыға қарсы болды. Бірте-бірте елсіз иен далаға да халықтың еті үйрене бастады. Көшпенді тұрмыстың ауыртпалығы мен ас мәзірінің бір сарындылығына қарамастан, шөл далаға көндіге берді. Нәтижесінде олар Уәде етілген жерді көрместен, Құдайдың өздеріне деген еркін орындамастан кетті.

Нұнұлы Ешуа мен Халеп мақсатқа бар күш-жігерімен ұмтылуға тиіс еді. Олар тап болған қарсылық қос батырдың үнін өшіруге тырысқан “бауырларының” тарапынан келген еді.

«Бірақ бүкіл қауым олардың екеуін таспен атқылап өлтіру туралы айта бастады» (Руларды санау 14:10). Нұнұлы Ешуа мен Халепке қарсы тұрғандар жаңармаған ой-сананың құлдары еді, олардың көзқарасы осыдүниелік болатын. Олар өздеріне дұрыс көрінген шешімдерінен таймақ емес, құлдық санадан шықпақ емес.

Нұнұлы Ешуа мен Халеп тәрізді Пауыл елші де артта қалғанның барлығын ұмытып, мақсатқа, көктегі сыйға ұмтылуға тиіс екендігін айтады. “Құдайдың сыйына – Оның Мәсіх Иса арқылы шақырған көктегі өміріне ие болу үшін көздеген мақсатты қуып жүрмін» (Філіпі. 3:14).

Ишая пайғамбардың жазбасындағы мына бір жігерлендірер аяттарды тағы да қайталап оқиық:

«Естеріңе бұрынғыны алмаңдар,
Бұдан былай баяғыны ойламаңдар!
Енді Мен жаңаны жасаймын да,

Қазір ол шыққалы тұр жарыққа,
 Сендер мұны ұғынбайсыңдар ма?
 Міне, Мен иен далада жол саламын,
 Шөл даладан бұлақтар ағызамын» (Ишая 43:18-19).

Өкінішке орай, бүгін де Құдайдың еркін орындап, жеңіске ұмтылудың орнына, «қауіпсіз» құлдықта қала беруді жөн көріп жүргендер баршылық. Еңсесін көтертпейтін, дегенмен, үйреншікті болып кеткен тыныс-тіршілігінен гөрі алдағы өзгерістерден көбірек шошиды. Енді біреулер Құдайдың бергенін, қолда барын, жеткен жетістіктерін қанағат тұтып, одан артыққа ұмтылмайды, өйткені, жаңа сын-тегеуріндерге тап болғысы жоқ. Кезінде Жаратқан Ие олар арқылы, шынында да, ауыз толтырып айтарлықтай істерді жүзеге асырған болатын. Алайда, олар сол жетістіктерімен шектеліп қалды.

Құдайдың еркіне мойынсұну шынайы өмір мен нағыз азаттыққа жеткізеді, толықтай қанағаттанудың жалғыз жолы болып табылады. Алайда, бүгінгі жағдайыңызда көктегі сыйға ұмтылу қолдан келмейтін істей көрінуі мүмкін. Құдай Ишая пайғамбар арқылы жаңа шарап жасайтынын, бірақ жаңа шараптың шөл далада пайда болатынын айтқан еді. Яғни, Құдайдың еркімен жүріп, Киелі Рухқа ерген адам ерте ме, кеш пе тығырыққа келіп тіреледі. Адами көзқараспен қарағанда, ол тығырықтан шығудың еш амалы жоқ сияқты. Алайда, Исаның «Адамның қолынан келмейтін нәрселер Құдайдың қолынан келеді» деп айтқанын білеміз (Лұқа 18:27). Бүгінгі таңда елсіз иен далада қалсақ та, оның ар жағында жеңістерге толы көңіл қанағаттандырар өмір барын біліңіз.

Құдайдың еркіне мойынсұнғысы келмей, өздерін шөл даладан алып шығар өзгерістерге қарсы болған он барлаушы мен оларды қолдаған халықтай болмаңыз. Оның орнына алға, Уәде етілген жерге – өзіңізге арналған Құдайдың көктегі сыйына шын жүректен ұмтылыңыз!

7


ҚҰДАЙДЫҢ ІЗГІ ЖОЛЫ

«Тауқымет, қиындықтар – құрал десек, аз болар. Рухани өміріміздің сапасын арттыратын ең тиімді құрал. Өзіміз кері кету деп қарастыратын жағдайлар мен оқиғалар, көбінесе, қарқынды рухани өсуімізге түрткі болады. Осыны ұғынып, рухани заңдылық деп қабылдасақ, қиындыққы төзу оңайырақ болады».

— Чарльз Стенли

*«Жар салған дауыс шығады айдалада:
«Жаратқан Иеге жолды дайындаңдар!
Құдайымызға арнап иен далада
Түзу қылып даңғыл жолды салыңдар!»»*

— Ишая 40:3



Таң қалдыратыны, Құдай Тағаланың ең тамаша жолдары иен даланы басып өтеді екен! Көктегі Әкеміздікіндей өресі биік, асқақ өмірге жетелейтін жол нақ шөл дала арқылы өтеді.

Адамзат тарихында сол жолмен тура жүргендер соншалықты көп емес. Қазіргі кезде Құдай сол жолмен жүруге көптеген сенушілерді дайындауда. Ишая пайғамбар былай дейді:

«Шөл далада бұлақ көздері қайнап, құла түзде өзендер ағады. ... Сол жерде даңғыл жол болып, ол «Қасиеттілік жолы» деп аталмақ. Бұл жолмен арам ниетті адамдар емес, тек Құдайдың халқы жүреді. Менмен ақымақтар оған еш түспейді» (Ишая 35:6, 8).

Шөл даладағы Құдайдың жолы картадағы тас жолдар секілді «И-95» немесе «66-шы бағдар» деп аталмайды. Оның аты «Қасиеттілік жолы».

«Қасиеттілік» сөзінің мағынасы – «пәк таза болу». Иса «Жүректері пәк тазалар бақытты: олар Құдайды көретін болады!» дейді (Матай 5:8). Иса ешбір дақсыз, ақаусыз, басқа да кемшіліксіз, қасиетті де пәк таза Қауымын алып кетуге келеді.

Бұдан ондаған жылдар бұрын, қызметімде алғаш қадам жасап жүрген жас кезім. Мінәжат етіп отырғанымда Құдай өмірімді тазартпақ екенін айтты. Құдайдың осы уәдесіне жігерленіп, Лизаға: «Тәңірім мені Өзіне ұнамсыздың бар-

лығынан арылтады» дедім де, бойымдағы жағымсыз қасиеттің бәрін тізіп айта бастадым (Лиза ол тізімге мен атамаған бірнеше сөзді қосқан болса керек!).

Алайда, келесі үш айдың ішінде еш өзгеріс байқалмады. Шын мәнінде, жағдай қиындай түскендей. Тазаруымның қажеттілігін бұрынғыдан бетер сезіндім. Құдайдан: «Жаман әдеттерім жоқ болудың орнына, күшейіп бара жатыр, неге?» деп сұрадым.

«Балам», – деді Құдай, – «Мен сені тазартпақпын деп айтқан едім. Сен оны өзің жүзеге асырмақ болдың. Енді осы істі Өзім, Өз қалауымша орындап шығайын». Шөл даладағы он сегіз айға созылатын саяхатқа аттанғалы отырғанымнан мүлде бейхабар едім.

Құдайдың жолы біздікінен басқа

Мәсіхшілік жолымның бастапқы кезеңдерінде Ти Эл Осборнның қызметімен танысқан болатынмын. Доктор Осборн майталман қызметкер әрі жазушы еді. Жұбайы Дейзи екеуі ондаған жылдар бойы дүние жүзіне танымал Ізгі хабар тарату қызметін басқарды, бұл қызметте көптеген кереметтер болып, талай адам шипа алған болатын. Ондаған миллион адам құтқарылды.

Доктор Осборн біздің қауымда уағыз айтпақ болып, Далласқа келгенде, ол кісіні қуана қарсы алған едім. Қауымға келген қонақтарды қарсы алу міндетім болғандықтан, Осборн бағушымен жеке танысудың реті де келді. Ти Эл тамаша адам болатын. Жанында жүргенімде өзімді Исамен бірге жүргендей сезінетінмін.

Ти Эл біздің Қауымға бірнеше рет келді, таныстығымыз достыққа айналды. Ол кісі маған жас кезінде, қызметке дайындалып жүрген шағында оқыған кітаптарын сыйға тартты. Екі рет өзінің киімдерін де сыйлағаны есімде (екеуіміздің дене бітіміміз шамалас). Ол кезде Лиза екеуіміздің қаражатымыз киім-кешек алуға жеткіліксіздеу еді, әлгі сыйлықтар біраз жоғымды жама-

ды. Біздің қауымға бірнеше рет келіп кеткеннен кейін Ти Эл мен Дейзи Лиза екеуімізге әке-шешедей болып кетті.

Сол жылдардан бұрынырақ, бір американдық корпорацияда жұмыс істеп жүргенімде, Ти Эл Осборн ағамыздың уағызын тыңдап отырған болатынмын. Киелі Рух: «Болашақта осы кісіге қызмет етесің. Доктор Осборнның қарамағында жұмыс істейсің» деді. Ендігі жерде Ти Элмен достық қарым-қатынасымыз да соның айғағы сияқты. Осборнның командасында болатыныма, болашақта мен де сондай қызмет бастайтыныма көзім жеткен сияқты.

Алайда, еш өзгеріс жоқ; әлі де шөл даладамын. Осборнның үйі Орlando қаласында, ал қызметтерінің бас кеңсесі – Талсада. Уақыт өткен сайын өз қызметімді бастауға деген ниетім күшейе берді. Ақырында Осборн тұратын Орlando қаласына көшпекке бел будым. Ондағы мақсатым, біріншіден, Ти Элге қолым бос екенін көрсету. Ти Эл сүттен ақ, судан таза адам еді, ол мені қазіргі бағушымының қол астынан алып кетпес еді. Екіншіден, Орlandoға көшіп барсақ, Лиза екеуіміз Осборнның қызметіне тезірек кірер едік. Сонымен, Флорида штатындағы Орlando қаласына көшу арманымыздың орындалуын тездететін сияқты көрінді.

Арттық кеттім, әрине, оны өзім де білем. Мені өмірдегі өз орныма бағыттауда Құдайға «көмектескім» келген еді.

Сонымен, Далластағы бағушыма хабарласып, менімен кездесуін сұрадым, ондағы ойым қызметтен кетіп, Орlandoға көшетінімді айту. Белгіленген кездесуге бір күн қалғанда, бірінен соң бірі үш бағушы маған телефон шалды. Әлгі үшеуі үш қалада тұрады. Маған хабарласуға өзара келіспеген болатын. Олардың әрқайсысы менің жоспарымды білген соң: «Лиза келісіп отыр ма?» деп сұрады.

Жоқ. Лиза келіскен жоқ. Әйелімнің бірнеше рет: «Джон, сенің басшылығыңа көнемін, дегенмен, осы ісің көңіліме қонбайды, шешімің дұрыс емес сияқты» дегені бар.

Лизаның бұл сөзіне мән бере қойған жоқпын. Ішімнен: *«Лиза мәселені түсінбей жүр, бірақ отағасы – мен, әйелім маған бағынуға тиіс»* деп ойлаймын. Сондағы ойларым неткен шикі, неткен ақылсыз десеңізші!

Кешке үшінші бағушы қоңырау шалып, алдыңғы екеуінің айтқанын бұл да қайталағанда, қателесіп жүргенімді түсіндім. Көзім ашылғандай болды. Жаратқан Иеме Өз жоспарын Өзі жүзеге асыруына мүмкіндік берудің орнына, Құдайдың жоспарын жүзеге асырмақ болып, өз күшімді салып жүр екенмін.

Ертеңіне Лиза екеуіміз бағушымызға жолықтық. Ол кісі де кездесуге жұбайымен бірге келді. Ол кісілерге болғанды бастан-аяқ айтып бердім: не себепті кездесу сұрағанымды да, әлгі үш бағушының сөзін де, енді ойымнан айнығанымды да. Бағушыларымыз қабақ шытқан жоқ, Лиза екеуіміздің олардың командасында қала беруімізді қалайтындарын айтты. Қызметте қала беруіме болады.

Еңсемді басқан ауыр жүктен арылғандай болдым. Енді өмірімізде Құдайдың Өзі әрекет ететін болады, мен дайынмын. Алайда, жүрегімді тазарту жұмысы әлі аяқталмапты. Жұмыстың жалғасын сол күні-ақ көрдім.

Бағушыммен арадағы әңгімеден кейін алты сағаттай уақыт өтті. Басқа қызметкерлермен бірге баскетбол ойнамақ болып, үйде киімімді ауыстырып жатқан болатынмын. Телефонға қоңырау түсті. Ти Эл Осборн екен! Күтпеген жайт!

Әңгімеміз бір жарым сағатқа созылды. Ти Эл Лиза екеуімізді өз қызметіне жұмысқа шақырды. Дейзи екеуіне көмекші болуымыз керек және сапарларында бірге жүруіміз керек. Сонымен қатар, Талса қаласында қауым ашуға тиіспіз. Сол жаңа қауымның үлгісімен басқа да көптеген жаңа қауым ашылмақ. Ти Эл Осборн ел-елді аралап, жиналыстар өткізетін. Сол жиналыстарда ол Ізгі хабар айтады, келген адамдар үшін мінәжат етеді. Ти Эл Осборнның уағызын тыңдауға ондаған мың адам жиналатын. Жиналыс өткен көптеген қалаларда қауымдар ашылуы тиіс. Әлгі жаңа қауымның тәжірибесі осы тұста қолданылмақ екен.

Ти Элмен әңгіме барысында: «Әке, Өз жоспарыңды жүзеге асыратыныңды білгем, бірақ осыншалық жылдам әрекет еткеніңе қайран қалам!» деген ойда болдым. Ти Элмен сөйлесіп тұрып, қаншалықты таңданып, қаншалықты жігерленгенімді айтып жеткізу қиын.

Міне, көптен күткен сәт – шөл даладан шығаратын жолдың табылуы. Нағыз бақыттың өзі! Төбем көкке жеткендей қуаныштымын. Сөйлесіп болып, бөлмемен шықтым. Құдайға деген алғысым шексіз. Алайда, жүрегімде бұлыңғыр бір сезім бар, тыйым ба, әлде қобалжу ма, әйтеуір, тереңде жатқан бір қолайсыз сезім.

Басымда шарқ ұрған ой: *«Жоқ, Құдайым, жоқ, жоқ, жоқ, олай ете көрме! Ти Эл Осборнның қарамағында қызмет етесің деп көп жыл бұрын Өзің уәде еткен едің ғой! Енді Өзің тыйым салуың мүмкін емес!»* Құдайдың рұқсат бермей тұрғанын сеземін. Сол сезіммен үш күн бойы күрестім. Мінәжат етіп, мазамды алған қобалжудан құтылуға тырысып бақтым. «Ием, осы істе тыныштық пен қуаныш бергейсің!» деп жалбарынумен болдым. Осборнның қызметінде жұмыс істеу мүмкіндігі Лизаны да қатты қызықтыратын, бірақ әйелімнің де жүрегінде сол сезім.

Ақырында осы бір қобалжу Құдайдан келген белгі емес пе деген ойды ысырып тастадым (бұл да бір ағаттығым, тіпті, соңы неге апарары белгісіз қауіпті шешім). Сонымен, Лиза екеуіміз Оклахомаға ұшып кеттік. Бәрі ойдағыдай секілді. Ти Эл мен жұбайы Дейзи өздерінің қарамағында жұмыс істеуді бізге ресми түрде ұсынды. Бізді Исаның туылуы мерекесіне орай ұйымдастырылған кеште өздерінің командасындағы қызметкерлерге таныстырды.

Далласқа қайтып келісімен, қауымдағы жұмысымнан шықтым. Алайда, әлгі сезім әлі де кетер емес. Бірнеше сағат бойы мінәжат етсем де, жүрегімде тыныштық орнамайды. Мазамды алған сол бір сезімнен қанша мінәжат етсем де, арыла алмай-ақ қойдым.

Ақырында, Лизаға:

– Неден екенін өзім де анық білмеймін, мазам кетіп жүр, – дедім.

– Менде де сол сезім, – деді Лиза.

Ти Элге хабарласып, жайымды айттым. Ол кісі:

– Жолығып, сөйлесейік, – деді.

Талсаға тағы келдік, екі сағатқа созылған әңгімеден кейін, Ти Эл:

– Лиза екеуіңнің жүректерің бізге деген сүйіспеншілікке толы екенін білеміз, өзіміз де сендерді жақсы көреміз. Сендерді командамызға шақырғанымыздың себебі сол еді. Алайда, бұл істің Құдайдың еркіне сай екендігіне соңғы кезде күмәндана бастадық, – деді.

– Мен де анығын білмеймін, – дедім, – дегенмен, сөзіңіздің жаны бар деп ойлаймын.

Осындай сөздің аузымнан қалай шыққанын өзім де білмеймін. Бар байсалдылығымды жинап барып айтсам керек. Ти Эл Осборнмен бірге қызмет ету – асқақ арманым еді.

Сол жылдары таң қылаң бере үйден шығып, бір жарым-екі сағат бойы мінәжат етуді әдетке айналдырған болатынмын. Болған жағдайдан кейін екі апта бойы мінәжатқа бөлген таңертеңгі уақытым қайғы жұтумен өтті. Құдайға сиына алмай, жылаумен ғана болдым. Соңғы екі айда болғанның барлығын еске алумен болдым. Соның бәрі рас екеніне сене алмаймын. Қайғымды айтып жеткізе алмаймын. Сүйікті адамымды жоқтағандай, жүрегім қарс айырылды. Бір күні, оңаша қалған сәтте бар дауысыммен айқай салдым:

– *Неге?! Неге мені арманымнан бас тартуға мәжбүрледің? Осборнның қарамағында қызмет етесің деп алты жыл бұрын Өзің айтып едің ғой. Неге?!*

Сондағы Құдайдың: «Өйткені, арманыңа ересің бе, Маған ересің бе, соны білмек едім» деген жауабы есімнен еш кетпек емес.

Жаратқан Иенің осы сөзі қайран қалдырды. «Ыбырайымға жалғыз ұлы Ысқақты құрбандыққа шалуды бұйырғанымының себебі де – сол. Ыбырайымның Менің берген жарылқауыма

деген сүйіспеншілігі Менің Өзіме деген сүйіспеншілігінен артық емес пе екен, соны білмек едім. Маған қызмет еткендегі көздегені – жарылқауыма қол жеткізу ме, әлде, адалдығыма, уәдемді орындайтыныма қалтқысыз сеніп, өз мүддесін былай қойып, шын жүрегімен Маған қызмет ету ме? Соны сынамақ болдым» деп сөзін жалғастырды Құдай Тағала.

Құдайдың осы сөзі соңғы екі апта бойы көкейімнен кетпей, әбден мазамды алған сұрақтардың бәріне жауап берді. Он сегіз айдан бері алғаш рет жүрегімді шаттық биледі. Өмірім қайта гүлденгендей болды, қаншалықты бақытты адам екенімді түсіндім. Жанымда сүйікті жарым, сүйкімді балам бар.

Шөл даладан өту жолы

#7 Досты дұрыс таңдай біліңіз

Біз оларды жақтасымыз деп жүргенде, олар аяусыз сыншы, ашынған қарсылас болып шығады. Бәлкім, оған таң қалмассыз. Досым деп жүрген адамдардан қудалау көру жиі кездеседі.

Шөл далада нағыз қудалау көруіміз де ықтимал. Мәсікке еру жолында қудалау болатынын алдын-ала білгеніміз жөн. Пауыл елші хаттарының бірінде: «Мәсіх Исамен жүріп, Құдайға ұнамды өмір сүргісі келетіндердің бәрі де қуғындалатын болады» деп жазған болатын (2 Тимоте 3:12). Қудалану – жүрегіңіздің тазаруы жолындағы бір белес. Қудалаушылар кім? Мысалы, жалған сенушілер – Құдайдың халқының арасына сіңіп кеткен, мәсіхші болып көрінетін, шын мәнінде жүректері Құдайға ұмтылмайтын адамдар. Пауыл елші Мұса пайғамбарға қарсы күрескен Янни мен Ямбыри деген екі адам туралы жазған болатын. Олар сырттан келген жау емес, Исраил халқының ішінен шыққан адамдар еді.

Отбасыма деген махаббатым лаулап қайта жанды. Көп пәтерлі жаңа үйде тұрамыз, үйімізден отыз қадамдай жерде әдемі бассейн бар, аспан ашық, күннің нұрына малынған дүние. Құдайдың көңілінен шығамын деп мойныма Ием маған артапаған міндеттерді артып алған екенмін. Қызметім еңсемді басып, өмірімнің қаншалықты жарылқанған өмір екенін көрмей кетіппін.

Осының барлығын еске алып отырып, түсінетінім, сол кезде-ақ Құдайдың берген уәдесіне сай Ти Эл Осборнның қарамағында қызмет етіп жүріппін. Ол кісі Далласқа келгенде, талай керегіне жараған болатынмын.

Пауыл басынан өткен қудалау мен сансыз қауіп-қатерді айта келіп, «жалған бауырластар арасында қатерге тап болдым» дейді (2 Қорынт. 11:26).

Шөл далада қалған адамның жанында жанашыр қамқоршылардың болғаны керек-ақ. Олар Құдайдың жолымен жүруіңізге бағыт беріп отырады. Әйүптің достары тәрізді сынап-мінеушілерден де, Әйүптің әйелі сияқты Құдайдан түңілуге итермелеушілерден де аулақ болыңыз. Жұмсақ түзетіп, жөн сілтеудің орнына жағынып жалған пайғамбарлық айтатындар да керек емес. Сізге өзіңізді сүйетін, Құдай берген даналығын сізбен бөлісуге дайын тұрған адамдар керек.

Дегенмен, сақ болыңыз. Сынай сөйлейтін, тіпті айыптайтын, шөл далаға тап болғаныңызды бетіңізге басып, өзіңізді жазғыратын адамдар, бәлкім, сізге дос емес шығар. Кейде Киелі Рух күнәмізді әшкерелегенде, қатемізді көріп, тәубе етуге көмектесетін адамды қолданатыны рас. Алайда, жігеріңізді құм қылатын үздіксіз айыптау – дұшпанның ісі. Сақ болыңыз!

Дегенмен, жұмыссыз қалдым. Бұрынғы қызметіме қайтып оралуыма болар ма екен, соны білмек болып, қауымға бардым. Бағушының көмекшісі қызметін атқарып жүрген досым бар еді. Сол жігітке:

– Шынымды айтсам, кірерге тесік таппай тұрмын, – дедім.

Солай деуге жөнім бар еді. Ти Эл мен Дейзидің қарамағында қызмет етемін деп жұрттың бәріне жар салғам. Бағушымыз қауымның сахнасынан менің жаңа қызметім жайлы хабарландыру жасаған болатын, енді соның бәрі бос сөз болып шықты.

Қауым басшылығы бетімді қайтармады, жарты айлыққа жұмыс тауып берді. Сөйтіп, тағы да сегіз ай сол қауымда қызмет еттім. Содан соң өмірімнің келесі кезеңі басталды, Құдай мені осыған дайындап жүрген еді. Америкадағы ең жылдам өсіп келе жатқан қауымдардың бірінде қызмет етуге шақыру алдым. Сол қауым маған жастар қызметінің бағушысы болуды ұсынды. Бұл Құдайдың кереметі еді. Лиза екеуіміз де бұл шақыру – Құдайдың ашқан есігі екеніне күмәнданған жоқпыз. Өмірге деген жаңа көзқарасым да, арман-мақсаттарым да жаңарған, жаңа қызметке дайын болатынмын. Жаңа шарапқа толы жаңа торсық мен едім.

Тазару жолы

Иса жер бетінен кеткеннен кейін, ғасырлар бойы, Оның шәкірттері қасиеттілікке адами күштерімен жетуге тырысты. Сол бір бос талпыныстардың нәтижесінде бірнеше деноминация да пайда болды. Алайда, оның бәрі адамзатты діншілдік құлдығына салды. Өйткені, қасиеттілік – сырттан шектеу қою емес, Құдайдың рақымының жүрекке әсері.

Құдай Тағала рақымын өркөкіректерге емес, кішіпейілдерге береді. Өркөкірек адам жазылған қағидаттарды, ережелерді, заңдарды мұқият ұстансам, Құдайдың көмегінсіз-ақ қасиетті өмір сүре аламын деп ойлайды. Ал кішіпейіл адам

ондай адами әрекеттің бәрі бос, пайдасыз екенін біледі, тек Құдайдың рақымына (күшіне) сүйенеді. Жүрегіне жазылған заңдарды орындауға деген күш-қабілет Құдаймен арадағы жақын қарым-қатынастан келетінін біледі. Сондықтан, Құдаймен жақын болуға бар күшін салады.

Жаңа Өсиет қағидаларын немесе өзіміздің белгілі бір нанымдарымызды берік ұстану арқылы Құдайға ұнамды өмір сүре аламыз деп талай тер төккендер бар. Ол әрекеттерінен түк шықпады. Заң талаптарын мұқият орындауымен құтқарылмақ болған еврей халқы тәрізді біз де ереже орындап қасиетті болмақпыз. Алайда, заң оларды да, бізді де құтқара алмайды. Жүріс-тұрыс пен іс-әрекеттің белгілі бір түрлерін ұстанып, өздерін өздері заңшылдық идеялармен шектеп жүрген сенушілер көп.

Бірақ Жаратқан Ие сырт бейнемізге қарамайды, тақуалықты қажет етпейді; жүрегіміздің өзгеріп, тазаруын қалайды, өйткені, таза жүректен таза ойлар, таза сөздер, таза істер шығады. Матай жазған Ізгі хабарда Иса: «Соқыр парызшылдар! Сыртының да таза болуы үшін, алдымен ыдыс-аяқтың ішін (жүректеріңді) тазартыңдар!» деген еді (Матай 23:26).

Жүрегіңіз таза болса, Исаның атына кір келтіретін істерден өзіңіз де жиренесіз. Порнографиядан бойыңызды аулақ ұстайсыз, киім киісіңіз де әдепке сай болады. Некесін сақтап қалғандар көп, алайда, ойларын нәпсі билеп жүрсе, интернеттегі порнографияға әуес болса, онысын қасиеттілікке жатқызуға болады ма?

Жүрегіңіз таза болса, смартфоньыңыз да, компьютеріңіз де сізді күнәға батыра алмайды. Технология сізді күнәһар ете алмайды. Сіздің шешімдеріңіз жүрегіңізде пісіп-жетіледі. Жүрегіңіз таза болса, Құдайға ұнамды нәрселерге ғана ересіз.

Ниетіміз бен пиғылымызды тазартатын өтты көріктердің бірі – шөл дала. Құдай біздің жүректерімізді Исаның қайта келуіне дайындауда. Жаратқан Ие Құдайға ұқсас етіп қайта жаратылған, Құдайдың еркіне сай әрекет ететін адамдарды, өз даңқын емес, Құдайдың даңқын асыратын адамдарды көтереді:

«Бір үлкен үйде алтын мен күмістен ғана емес, ағаш пен қыштан жасалған ыдыс-аяқтар да бар: алдыңғылары қадірмен тұтылса, соңғылар қадір-құрметтен ада. (Сол сияқты, қауымның көптеген мүшелері игі істерімен Құдайды құрметтесе, басқалары жамандықтарымен Оның даңқы мен ісіне нұқсан келтіреді.) Сол себепті, кім өзін соңғылардан арылтып таза ұстаса, қадірлі ыдыстар іспетті Қожайынына бағышталған, пайдалы және әрбір ізгі істер үшін қолданылуға дайын болады» (2 Тимоте 2:20-21).

Назар аударатын жайт, ыдыстар екі түрлі болады екен – қожайынына қадірлі ыдыстар мен қадірсіз ыдыстар. Мұндағы «қадір-құрметтен ада» деп аударылған гректің сөзі - *«атимия»*, мағынасы «масқара болу, мұқату, әбүйірсіз, жеркенішті». Түпнұсқада тұрған, «қадірлі» деп аударылған сөз - *«тиме»*, оның мағынасы «қымбат бағалы». Жаратқан Ие былай дейді: «Пайдасыз емес, асыл сөз сөйлесең ғана, Менің хабаршым боласың» (Еремия 15:19). Асылды пайдасыздан айырып алу үшін қоспа атаулыдан арылтып, мұқият тазарту керек.

Малахи – Көне Өсиет заманындағы пайғамбар. Ол Жаңа Өсиет жайлы көп айтқан. Жаңа Өсиет заманында қолданылатын сөздерді білмегендіктен, көрген аянын, Киелі Рухтың мәсіхшілер туралы айтқанын баяндау үшін «леуіліктер» мен «діни қызметкерлер» сияқты сөздерді қолданған.

Малахи пайғамбардың айтуынша, Жаратқан Ие алдымен Өзінің ғибадатханасына (Өз Қауымына) келеді, екінші рет келгенінде, ғибадатханасын (Қауымын) алып кетеді. Бірінші келуінің мақсаты – халқының жүрегін тазарту. Малахи пайғамбар:

«Сонда Ол күмісті балқытып, қоқысынан айырып тазартатын зергер іспетті леуіліктерді алтын-күмістей тазартып, зұлымдық атаулыдан арылтады. Содан

кейін олар қайтадан Жаратқан Иеге арнап таза сый-тартулар ұсына алады» деп жазады (Малахи 3:3).

Малахи айтып отырған Леуіліктер – Жаңа Өсиеттегі «Патшаның діни қызметкерлерінің», яғни, қауымдағы Мәсіхтің жолын қуушылардың бейнесі (1 Петір 2:9). Құдай діни қызметкерлерді тазартуды алтын-күмісті тазартумен салыстырып отырғандықтан, алтын мен күмістің қасиеттері туралы және оларды тазарту жайында көбірек білгеніміз жөн деп ойлаймын. Екі металды тазарту барысы ұқсас болғандықтан, алтын жайлы айтқаным жеткілікті болар.

Алтын – әсем сары түсті, биязы жылтыры бар металл. Табиғатта кең тараған, алайда, көбінесе аз мөлшерде кездеседі. Саф алтынның кездесуі сирек. Тазартылған алтын жұмсақ, иілгіш, өңдеуге икемді келеді. Тазартылған алтынның құрамында бөтен қоспалар қалмайды, алтын коррозияға ұшырмайды. Басқа металдар (мыс, темір, никель) қосылса, алтын қатаяды, иілгіштік қасиеті азаяды, коррозияға ұшырайтын болады. Металдардың қоспасы құйма деп аталады. Өзге металдардың үлесі неғұрлым көп болса, алтын құймасы соғұрлым қатты болады. Құрамында алтыны көп, басқа металдар аз болса, құйма жұмсақ болады.

Рухани ұқсастықты бірден байқаған боларсыз: Құдай алдында таза жүрек таза алтынға ұқсас. Таза жүрек жұмсақ, нәзік, сезімтал.

«Сондықтан Киелі Рухтың мынадай айтқандарына мән беріңдер:
 “Бүгін сендер Оның даусын естігенде,
 Ежелде айдалада сыналған кезде
 Бас көтергендердің істегендері секілді
 Қасарыстырмаңдар енді жүректеріңді!”»
 (Еврейлерге 3:7-8).

Саф алтынды құймаға айналдырып, жүрегімізді қатайтып, қасарыстыратын бөтен қоспа – күнә. Жүрегіміз жұмсақтығынан айырылса, жанымыз сезімталдықтан айырылады, Құдайдың даусын естуден қаламыз.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда көптеген сенуші сырт көзге Құдайға ұнайтындай болып көрінгенмен, Иса деп лаулаған, сезімтал жүрек иесі емес. Құдайға деген жалындаған махаббаттың орнында өзіне деген тәкаппар сүйіспеншілік қана, қара басының қамы, пайдакүнемдік пен нәпсіқұмарлық. Ондай адамдар Құдайға ұнамдылықты байлыққа қол жеткізудің жолы деп санайды (1 Тімоте 6:5), Құдайдың уәделерінен көретін пайданы ғана көздейді, ал сол уәделерді берген Тәңірден өздері байқамай, бас тартады. Осы дүниелік құндылықтарға қолдары жеткеніне мәз болып жүріп, көктегі сыйдан да дәмелі. Алданып жүрген адамдар! Бірақ Құдайдың қалайтыны ол емес:

«Құдай Әкеміздің алдында таза да мінсіз,
Құдайымызға ұнамды өмір сүру дегеніміз мынау:
мұқтаждық көрген жетім-жесірлердің қамын ойлау
және өзін осы дүниелік арамдықтардан кіршіксіз пәк
ұстау» (Жақып 1:27, NLT аудармасы).

Иса күйеуіне апарылған қалыңдықтай салтанатты да сұлу, ешбір дақсыз, ақаусыз, басқа да кемшіліксіз, қасиетті де пәк таза Қауымын (Ефестіктерге 5:27) – осы дүниелік арамдықтардан өздерін кіршіксіз пәк ұстаған адамдардан құралған қауымды алып кетуге келеді.

Алтынның тағы бір қасиеті – оны тот баспайды. Басқа металдар атмосфераның әсерінен күңгірттенеді, ал қоспасыз таза алтын болса, ондай ықпалға төтеп береді. Жез (мыс пен цинктің құймасы) алтынға өте ұқсас болғанымен, алтын емес. Жездің күңгірт тартуы жылдам. Яғни, жез алтынға ұқсас, бірақ алтынның қасиеттерінен ада. Қауымда көзге алтын болып көрі-

негін жез ыдыстар бар. Алтын ыдыс пен жез ыдыстың айырмашылығын тазартушы жалын ғана көрсетеді. Олар оттың жалынынан өткеннен соң не болатынын Малахи көрсетеді:

«Сол кезде сендер әділдер мен зұлымдардың, Құдайға қызмет ететіндер мен қызмет етпейтіндердің арасындағы айырмашылықты қайтадан көретін боласыңдар» (Малахи 3:18).

Алтынды тазарту жайындағы әңгімеге қайта оралайық. Алтынға араласқан бөгде заттар оны қатты, морт, икемсіз, тот басқыш етеді. Осы дүниенің атмосферасы оған оңай әсер ететін болады.

Қазіргі кезде осы дүниелік құндылықтар қауымға еніп алған. Алмағайып дүниенің мәдениетін әбден сіңдіріп, жұқтырып алдық. Қауымның құндылықтары осы дүниелік құндылықтарға араласып, былғанған. Америкада көптеген адамдар рухани сезімталдығынан айырылып, тазаруы тиіс екенін өздері де білмейтін күйге түскен.

Малахи пайғамбар «Ол күмісті балқытып, қоқысынан айырып тазартатын зергер іспетті леуіліктерді алтын-күмістей тазартып, зұлымдық атаулыдан арылтады. Содан кейін олар қайтадан Жаратқан Иеге арнап таза сый-тартулар ұсына алады» дейді (Малахи 3:3). Яғни, зергер алтынды отта балқытып тазартқандай, Иса Өз қауымын осы дүниенің ықпалынан тазартпақ. Тазарту барысында зергер алтынды әбден ұсақтайды да, флюс деп аталатын затпен араластырады. Флюс араласқан алтынды пешке қойып, балқытады. Флюс, оған қоса бөгде заттардың барлығы да, балқыған алтынның бетіне шығады. Алтын ауыр болғандықтан, ыдыстың түбінде қалып қояды. Сонда зергер флюспен бірге бөгде заттардың барлығын (мыс, темір, цинк, тағы басқа заттар) алып тастайды.

Енді Құдай Өзінің халқын қалай тазартатынына назар аударыңыз:

«Иә, Иерусалим, саған қарсы да қатаң шара қолданамын: зергердің күмісті балқытып, сілтімен тазартатынындай, Мен де сені былғайтын қоқыс атаулыңнан арылттып, тазартамын. Ежелде істегенімдей, саған тағы да әділ төрешілер мен дана кеңесшілерді тағайындаймын. Содан сен «Әділетті қала», «Адал астана» деп аталатын боласың» (Ишая 1:25-26).

Бізді тазартуға Құдай қандай отты пайдаланады? Бұл сұрақтың жауабы келесі үзіндіде:

«Қазір сендерге біраз уақыт азап шегіп, қуғын-сүргін көруге тура келгенмен, осы сөнбес үмітке қуаныңдар! Азап шегулеріңнің мақсаты – шын жүректен сенгендеріңді дәлелдеу. Жойылып кетуі мүмкін алтын отта балқытылған кезде сыналып, тазартылады. Сол сияқты, алтыннан әлдеқайда бағалы сенімдерің де бастан кешкен азаптарың арқылы сыналып, берік те шынайы екендігі дәлелденеді. Сонда Иса Мәсіхтің қайта оралып, ашық көрінетін күні Құдай сендерді мадақтап, даңқ пен құрметке бөлемек» (1 Петір 1:6-7).

Жаратқан Иенің тазарту оты – шөл даланың негізгі құралы болып табылатын сынақ пен тауқымет. Тауқыметтердің жалындаған оты бойымыздағы Құдайдың мінезін осы дүниелік қоспалардан ажыратып алады. Теория жүзінде бұл бізді қасиеттілікке жеткізеді («теория жүзінде» деп айтуымның себебі неде екенін кейінірек түсіндіремін).

Алтынның келесі қасиеті – ең таза саф алтын мөлдір (ол арқылы шыны арқылы қарағандай, басқа заттарды көруге болады). «Қаланың даңғыл көшесі мөлдір шыныдай саф алтыннан салынған еді» (Аян 21:21). Сынақ отына тазарғаннан соң сіз шыныдай мөлдір болып шығасыз! Мөлдір ыдыс өзінің атын асқақтатпайды, ішіндегісін паш етеді, назарды өзіне аудармайды, өйткені, көзге түсе қоймайды.

Біз тазарсақ, айналамыздағы жұрттың көзі бізде емес, Исада болады. Мөлдір шыны ыдыстың өзі емес, ішіндегісі анық көрінеді. «Өзіміз де, өміріміз де мөлдір болса, – айтатынымыз тек бүкпесіз шындық болса, тәкаппарлықтан ада, жасырырымыз жоқ, ақ-адал адам болсақ, – айналамыздағылар оны байқайды».

Ишая пайғамбар бұл ақиқатты жақсы жеткізген:

«Оның орнына сендерді тазарту үшін азап отынан өткіздім. Сонда да балқытылған күмістей саф таза болып шықпадыңдар. Өзіме бола әрі өз еркіме сай сендерді құтқармақпын. Қалайша Мен абыройыма дақ түсіртемін?! Өз ұлылығымды қайдағы біреуге қимаймын» (Ишая 48:10-11).

Бізді тазартатын от пен көрік – кәдімгі, алтын-күмісті балқытатын от емес, тауқымет пен сынақ оты. Басымызға түскен қиындықтар жалыны асылды қоқыстан ажыратады.

Құдай бізді қоқыстан, яғни осы дүниелік ой-санадан, күнәдан күштеп, еркімізден тыс тазартады деп ойласаңыз, қателесесіз. Пауыл елші Тимотеге жазған хатында: «кім өзін соңғылардан арылттып таза ұстаса, қадірлі ыдыстар іспетті Қожайынына бағышталған, пайдалы және әрбір ізгі істер үшін қолданылуға дайын болады» дейді (2 Тимоте 2:21). «Өзін ... арылттып таза ұстаса». Яғни, таза болғысы келген адам өзін тазартады. Егер сылтау тауып, күнә жасай бергіңіз келсе, Құдай сізді мәжбүрлеп тазартпайды. Онда басыңыздан өткен тауқыметтен пайда таппайсыз («теория жүзінде» деп айтқаным да сондықтан). Қасиеттілік жолында тазаруымыз үздіксіз жалғаса береді, және кейде жанымызға батады. Дегенмен, жемісі қандай боларын білгендіктен, Құдайдың тазартуына көнемін.

Еврейлерге жазған хатында Пауыл елші: «Барлық адамдармен тату болып, Құдайға бағышталған қасиетті өмір сүруге ұмтылыңдар! Мұнсыз ешкім Жаратқан Иені көре ал-

майды» дейді (Еврейлерге 12:14). Иса: «Жүректері пәк тазалар бақытты: олар Құдайды көретін болады!» деген еді (Матай 5:8). Құдайды құлшына іздеген Дәуіт: «Кім байқайды өз теріс қылықтарын? Тазарта гөр, Ием, құпия күнәмнан» деп сиынады (Забур жыры 18:13).

Осы сөздер біздің мінәжатымызға айналсын. Құдайдан жүрегімізді тазартуын сұрасақ, өзімізден жасырын жатқан ластығымыздан арылтады. Өзіміз де аңғармай жүрген жүрек түбіндегі ойларымыз бен ниеттеріміз Құдайға аян.

Рухани маусымдарды, оның ішінде, шөл дала маусымын дөп танып, дұрыс қабылдай білейік, достым. Отты сынақ келгенде, ашу-ызаға бой бермеңіз, басқаларға айып тақпаңыз, одан да келген тауқыметтің мақсатын түсініңіз. Жүрегіңізді тексеріп, асылды қоқыстан ажыратыңыз. Құдай бізге: «Мен киелімін, сондықтан сендер де Өзіме бағышталып киелі болыңдар!» деп бұйырады (1 Петір 1:16).

Есіңізде болсын, сынақ оты жақсы атаулыны нығайтып, арамдайтын, әлсірететіннің барлығын жойып жібереді. Құдайдың ұлылығын көрсете алатындай мөлдір де таза, қадірлі ыдысына айналуыңыз үшін, тазартушы сынақтан бас тартпаңыз.

8


БЕРІК НЕГІЗ ҚАЛАҢЫЗ

«Түн неғұрлым қараңғы болса, жұлдыздар соғұрлым жарық болады. Судың ең тәттісі – шөл даланың ішіндегі бұлақтың суы. Сенімнің асылы – тауқыметке төзіп, қиындықты жеңген сенім. Сыналған сенімнен тәжірибе туады. Басыңызға қиындық түспесе, әлсіз екеніңізді білмес едіңіз. Қиындықта Құдайдың құдіретіне мұқтаж болмасаңыз, сол құдіретпен таныспас едіңіз».

— Чарльз Стенли

«Өзінің ескі күнәкар болмысының еркі бойынша өмір сүретін әрбір жан сол болмысының қалауын жүзеге асыруға ұмтылады. Ал Киелі Рухтың жетелеуімен өмір сүретіндер Киелі Рухтың қалауын орындауға ниет етеді».

— Римдіктерге 8:5



Құдайдың қызметкерлерінің бекемдігі – майлануында емес, Құдайға ұнамды мінезінде. Шөл далада, қысым түскенде, көңіл қалып, жігер құм болғанда, асқақ армандар жеткізбестей болғанда, тиісті тазару – мінездің қалыптасуы жүзеге асады.

Бойымды кернеген ашу-ызамен күрескенім есімде. Шөл дала кезеңі болатын. Кітаптың бірінші тарауында сол уақыт туралы әңгіме болған. Құдайдан: «Не себепті сонша ашулымын? Әлдебір күштерге тыйым салуым керек пе, әлде өмірімнен қуып шығаруым керек пе?» деп сұрадым.

Көктегі Әкем: «Балам, ескі күнәһар болмысыңды қуып шығара да, байлай да алмайсың; оны тек айқыш ағашқа шегелеп тастай аласың» деді.

Бұрынғыдан бетер дегбірсізденіп: «Бұл ашу қайдан пайда болды? Бұрын, тіпті, тәубе етпей тұрғанымда да мұндайым жоқ еді» дедім.

«Ашу-ыза бойыңда көп жылдан бері бар», – деп жауап берді Құдай, – «алтын жүзігіңдегі қоспалар көзге көрінбейтіндей, бойыңдағы ашуың да көрінбейді. Алайда, отқа салып, балқытсаң, қоспалар алтынның бетіне шығады. Сені сынақтың отына салып, ашуыңды көзге көрінетін еттім».

Құдайдың айтқанын іс жүзінде қалай қолдануыма болатынын ұға алмай, дағдарып қалдым. Сондықтан Құдай Таға-

ла егже-тегжейлі түсіндірді: «Мазаның кеткенін әйеліңнен, әріптестеріңнен, жора-жолдасыңнан, күнделікті өмірдің қиындығынан көруіңе болады. Олай етсең, ашуың бойыңда қалып қояды. Оттың жалыны азайғанда, ашу-ызаң да басылғандай болып, жүрегіңнің түкпірінде тығылып қалады. Бірақ кейін тазартуды қайта бастауыма тура келеді. Міне-жат етіп, тәубеге кел. «Құдайым, кешіре гөр; өтінемін, мені ашу-ызадан арылта гөр» деп сиынсаң, үлкен ожауымды аламын да, алтынның бетіне шыққан қоқысты сүзіп алып тастаймын».

Құдайға бағындым. Шөл даланың отты жалыны бойымдағы ашуды әшкерелеп, көрсеткенде, тәубе етіп, Құдайдан өзімді ашу-ызадан азат етуін сұрадым.

Шөл дала кезеңі қандай ауыр болса да, өте құнды уақыт, осынау қиын кезеңнің жемісі – зор қуаныш болмақ:

«Қазір сендерге біраз уақыт азап шегіп, қуғын-сүргін көруге тура келгенмен, осы сөнбес үмітке қуаныңдар! Азап шегулеріңнің мақсаты – шын жүректен сенгендеріңді дәлелдеу. Жойылып кетуі мүмкін алтын отта балқытылған кезде сыналып, тазартылады. Сол сияқты, алтыннан әлдеқайда бағалы сенімдерің де бастан кешкен азаптарың арқылы сыналып, берік те шынайы екендігі дәлелденеді. Сонда Иса Мәсіхтің қайта оралып, ашық көрінетін күні Құдай сендерді мадақтап, даңқ пен құрметке бөлемек» (1 Петір 1:6-7).

Шөл дала – тазару орны, шөл далада мәсіхшілік мінез қалыптасады. Тауқымет пен қудалану кезеңінде нағыз Исаға ұқсас тұлғаға айналамыз. Римдіктерге жазған хатында Пауыл елші: «Иә, тіпті азап шегіп жүрсек те, шаттана аламыз. Себебі азаптың бізге шыдамды болуды үйренуге көмектесетінін білеміз. Шыдамдылықтан сенімділік туады, ал сенімділік бізге үміт береді» дейді (Римдіктерге 5:3-4).

Дәуіт патшалық таққа емес, Құдайдың жүрегіне ұмтылған еді, сонысымен Құдайға ұнамды болды. Саул патша сынақ отынан өте алмады; сондықтан тазарып, саф алтындай бола алмады, патшаға лайық мінез қалыптастыра алған жоқ. Дәуіт шөл даладағы отты сынақтан өтті, Дәуітті иен далаға жіберу үшін Құдай Саулды қолданды!

Құдайдың даналығы неткен бай, жолдарын ешкім зерттеп бітпес, Құдайдың еркі қашан да игі!

Арманның орындалуы кейінге қалды ма?

Алайда, отты сынақ жанға батады, одан өту оңайға соқпайды. Шындығын айтайық: шөл даланы кезу – Диснейлендты аралау емес. Тауқыметтің аты тауқымет, басымызға түскен кейбір қиындықтар өте ауыр болады.

Бәлкім, Құдай жарқын болашағыңызды көрсетіп, асқақ армандарға жетелеген шығар. Шөл даладағы кезеңнің бір ерекшелігі, Құдайға мойынсұнған сайын, Құдайдың жүзін іздеген сайын, Құдайдың Өзі жүрегіңізге салған арманнан алыстап бара жатқандай боласыз.

Жүсіптің өмірін қарастырайық. Ол түсінде ел басқаратынын, туған бауырлары мен бүкіл отбасы өзінің қол астында болатынын көрді. Ал артынша не болды? Туған ағалары інісіне қорған болудың орнына, алдымен орға тастады, кейін бөтен елге құлдыққа сатты. Сондағы Жүсіптің түңілгені, қайғысы, жүрегінің қарс айырылғаны көз алдыңызға келеді ме?

Құдай бір керемет жасап, көп ұзамай өзін құтқарып алды деп күткен болар, сірә. Ол үміті ақталмады, Жүсіптің құлдықта көрген тауқыметі бірнеше ай емес, бірнеше жыл емес, он жылдан астам уақытқа созылды. Не деген ұзақ мерзім! Сол ұзақ жылдар бойы өзіне опасыздық жасап, азапқа қиғандар молшылық пен тоқшылықта, әкесінің жанында тамаша өмір кешіп жүргенін де біледі Жүсіп.

Жүсіп не істеді? Шөл дала кезеңінде қалай әрекет етті? Ол сенімін сақтады, Құдайдың уәдесін ұмытқан жоқ, адалдықпен қызмет ете берді. Жүсіп адалдықтан, парасаттан, еңбекте ыждаһаттылықтан тайған жоқ. Соның арқасында жарылқау мен жетістікке қол жеткізді.

Кенет жағдай күрт өзгеріп, бұрынғыдан әлдеқайда қиындай түсті. Қожайынның әйелі Жүсіпке құмарлықпен қарады. Ол жігітті тұзаққа түсірмек болып, жанына талай рет барды. Соған қарамастан, Жүсіп Құдайдың алдында арын таза сақтады. Ақырында әлгі әйел айланы қойып, агрессияға көшті. Жүсіп оның қолынан қашып құтылды. Дегені болмаған соң әйел Жүсіпке жала жапты. Жүсіп жазықсыз болса да, жазаға кесілді. Енді ол тар қапасқа қамалды. (Сондай ауыр айып тағылған құл, өзі жат жерлік болса, қайтып жарық дүниені көрмес болар).

Абақтыға қамалған адамның ойлануға уақыты жеткілікті. Жүсіптің санасына неше түрлі ой келсе керек-ті. Сол ойлармен күресудің өзі қандай? *«Өмір бойы Құдайға адал қызмет еттім, сондағы тапқаным осы ма? Жазықсыздан жазықсыз түрмеге қамалдым, осы түрмеде шірімін. Өмірім осымен бітті! Қатыгез ағаларымның тыныс-тіршілігі бәз-баяғы қалпында, қарындары тоқ, көйлектері көк. Мен болсам, тар қапаста шіріп бітемін. Не жаздым оларға? Жазығым – көрген түсімді айтып бергенім бе? Сол түсті Құдайдан келген аян деп ойлаппын, ақымақ басым. Ақыры мынадай болды! Құдайға қызмет еткенімнен не пайда таптым? Құдайға мойынсұнған сайын, жағдайым мүшкіл болып барады».*

Жүсіптің осы ойларын дұрыс емес деп кім айта алады? Бәрі де рас емес пе?

Түрмеде өтіп жатқан ұзақ күндердің бірінде Жүсіп шөл дала кезеңінің ең тегеурінді сынағына тап болады. Құдай Жүсіпке екі адамды, патшаның уәзірлері шарапшы мен

наубайшыны жолықтырады. Бұл екеуі жұмбақ түс көріп, абыржыған күйде. Жүсіп Құдайға деген сенімнен айырылған болса, Құдайдың уәдесінен күдер үзген болса, өз қайғысымен болып, оларға көңіл бөлмес еді. «Түс көрдім дейсіңдер ме? Ее...Түсті мен де көргем. Түсімді Құдайдан келген аян екен деп мен де ойлағам. Түс жорып, арман қумай-ақ қойыңдар, бәрі бекер. Арман деген пайдасы жоқ, бос әурешілік, түкке тұрғысыз нәрсе. Түс жоры деп мазамды алмандар!» дер еді Жүсіп.

Олай етсе, Жүсіп сол түрмеде әлі көп жылдар бойы, бәлкім, өмірінің соңына дейін қамауда қалар еді. Бостандыққа шығарар жолға аяқ баспас еді. (кейін шарапшы перғауынға Жүсіптің түс жори алатыны жайлы айтып береді, соның арқасында Жүсіп түрмеден шығып, жоғары лауазымға қол жеткізеді). Жүсіп өзін-өзі аяп, мүсәпір қалыпқа түссе, сол түрмеде үмітсіз, тасбауыр, әбден түңілген күйінде мәңгі қалар еді. Оның өмірі басқаларға: «Құдай сөзінде тұрмайды; берген уәдесін орындамайды!» деп тұрғандай болар еді.

Жоқ, Жүсіп олай етпеді. Ол Құдайдың адалдығын жоққа шығармақ болған әлгі ойларды санасына ұялатпады, Құдайға мойынсұнып, шарапшы мен наубайшыға қызмет етті. Құдайға мойынсұнған қалпында қалды. Әрі қарай не болды дейсіз ғой? Бір күннің ішінде Жүсіп қамаудан шығып, Мысыр патшасы перғауыннан кейінгі екінші адам атанды! Міне, сынақтың ақыры осындай болды!

Жүсіптің Мысыр елін билеп тұрғанына тоғыз жыл толғанда, қатты ашаршылық болды. Жүсіптің ағалары астық сатып алмақ болып, Мысырға барды. Олар Жүсіптің алдына келді.

Осындай жағдайда көп адам Құдайдың Өзі қолыма түсірді деп, қылмыскерлерден кек алатын ба еді. Алайда, Жүсіп кек сақтаған жоқ. Жүсіптің бойында Құдай патшалығындағы нағыз көшбасшыларға тән мінез қалыптасты. Өзіне қастандық жасағандарға жақсылықпен жауап берді. Қанша та-

уқымет тартса да, Жүсіптің жүрегі қатыгез қара жүрекке айналып кеткен жоқ. Өзін сатқандарға кешіріммен қарап, мейірім көрсете білді. Жүсіптің жүрегі сенімге толы болатын. Забур жыры Жүсіп туралы былай дейді:

«Алдарынан шығарды Ол бір жігітті,
 Мысырға құлдыққа сатылған Жүсіпті.
 Тәңірдің сөзі оның мінезін сынап болғанша,
 Алдын ала айтқандары орындалғанша,
 Жүсіптің аяқтары қысылып бұғауланды,
 Мойнына оның темір құрсау салынды»
 (Забур жыры 104:17-19).

Жүсіпке берген уәдесінің қашан орындалатынын Құдай ғана білген еді (Жүсіптің көрген түсі жиырма жылдан кейін орындалды). Осынша ұзаққа созылған шөл дала кезеңі Жүсіптің мінезін шыңдады. Сол мінезі әрі қарайғы өміріне, отбасына, жетекшілік қызметіне берік негіз болды. Жүсіптің керемет жетістігінің құпиясы Құдайды терең қастерлеуінде еді. Қандай жағдайда болмасын, Жүсіптің сөзі де, ісі де Құдайдың Сөзіне сай болды, Жүсіп Құдайдың Сөзіне қалтқысыз мойынсұнды.

Ал сіз ше? Жоғарыда айтылғандай, Құдай түсіңізде аян беріп, жарқын болашағыңызды көрсеткен болар, бәлкім. Сізге деген аманаты қандай, сізге қандай тапсырмасы бар, сол жайлы сыр ашқан болар, мүмкін. Бәлкім, жүрегіңізге асқақ арман ұялатқан болар. Алайда, Жүсіптің кебін киіп, елсіз иен даланы кезіп жүрсіз. Құдайға неғұрлым мойынсұнып, Құдайдың Сөзіне неғұрлым бағынған сайын, асқақ арманыңыздан қол үзіп бара жатқандайсыз.

Басқалар, тіпті, сізді қудалағандар да, қауымдағы қызметі немесе жұмысындағы лауазымы жоғарылап, жаңа биіктерден көрініп жүргенде, өзіңіз Құдай жүрегіңізге салған арманыңыздан алыстап бара жатқандай болған шығарсыз.

Қолыңыздан келгеннің бәрін істесеңіз де, арманыңыз орындалмай-ақ қойғаны.

Айналаңызда Құдайды қастерлемейтін, соған қарамастан, табысты, әр ісінде сәтті адамдар бар болуы ықтимал. Олар қаржылай «жарылқау» мен әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Бәлкім, сол белестерге олар жағымпаздық пен айла-шарғының арқасында шыққан шығар, бәлкім, жалған сөйлеп, өтіріктің арқасында жетті ме. Дегенмен, олар Құдайдың «жарылқауын» алған адамдар сияқты, ал сіз аяқ-қолы кісендеулі, перғауынның түрмесінде жатқан Жүсіпке ұқсайсыз.

Осыған реакцияңыз қандай? Күңкілдейсіз бе? Құдай былай дейді:

«Сендер Мен туралы ауыр сөз айттыңдар! – дейді Жаратқан Ие. – «Біз Саған қарсы қандай ауыр сөз айттық?» деп сұрасаңдар, міне, жауап: Сендер былай дедіңдер: «Құдайға қызмет ету құр бекершілік! Әлемнің Иесінің талаптарын орындап, Оның алдында қасірет шеккен адамдар сияқты болып жүргенімізден бізге не пайда болды? Қайта, бұдан былай өркөкіректерді жарылқанған деп есептейміз. Расында зұлымдықпен шұғылданушылар табысқа кенеліп, Құдайды еркінсіп сынап келгендер аман-есен жүр ғой!» дейсіңдер» (Малахи 3:13-15).

Осы бір күңкілшілдер не дейді? Олар: «Құдайға бағынғаннан не пайда таптық? Өмірімізде еш өзгеріс жоқ. Біз емес, жауыздар ғана – күнәарлар мен өздерін өздері мадақтап жүргендер, табысқа, игіліктерге, байлықтарға қол жеткізеді» («Бивердің парафразы» деп түсініңіз). Мұндай сөзді Құдай адуын ауыр сөз деп бағалайды, Өзіне қарсы айтылған сөз деп санайды. Мұндай сөздер шағым мен күңкілге жатады.

Күңкіл Исраил халқының Уәде етілген жерге кіруіне бөгет болды. Не себепті күңкіл Құдайға қарсы айтылған адуын

сөзбен бірдей? Неліктен Құдай күңкілге соншалықты қатал қарайды. Өйткені, күңкілдеген адам Құдайға тікелей тіл тигізбесе де, астарлы ойы мынадай: «Өмірімде істеп жатқандарың маған ұнамайды, Сенің орнында болсам, басқаша істер едім». Күңкіл дегеніміз – Құдайды мүлде қастерлемеу, Құдайға деген құрметтің мүлде жоқтығы.

Көктегі Әкеміз кімнің Құдайдың Өзіне ұмтылатынын, кімге Құдайдың жарылқаулары ғана керек екенін анықтайды. Бірінші топқа жататын сенушілер қандай жағдайда да табандылық танытады, екіншілері өз дегені болмаса, күңкілді бастап ала жөнеледі. Кейбір сенушілердің жарылқау деп жүргені мен шынайы жарылқау – екі бөлек нәрсе. Жүрегіңіз, көзқарасыңыз дұрыс болмаса, өміріңіздегі жарылқаулар қарғысқа айналуы мүмкін. Күңкілге бейім пайдакүнем адамдарға Құдай былай деп ескерту жасайды:

«Ал мынау Менің сендерге арнаған ескертуім, уа, діни қызметкерлер! Мені тыңдап, есімімді шын жүректен құрметтеуге берік шешім қабылдаңдар! – деп нық айтады Әлемнің Иесі. – Әйтпесе Мен сендердің өздеріңе қарғыс жіберемін, әрі сендердің халыққа берген баталарыңды қарғысқа айналдырамын. Иә, тіпті қазірдің өзінде Мен оларды қарғысқа айналдырдым! Себебі сендер Менің есімімді шын жүректен құрметтемейсіңдер» (Малахи 2:1-2).

Біздің еншіміз бен үлесіміз мансап-дәреже де, мал-мүлік те емес. Біздің еншіміз, тиесілі үлесіміз – Құдайдың Өзі!

Көне Өсиетте мынадай сөз бар: «Діни қызметкерлердің мұралық жері жөніндегі ереже мынау: олардың мұралық үлесі Менмін. Оларға Исраилден ешқандай меншікті жер аймағы үлестірілмесін, себебі олардың үлесі Өзіммін» (Иезекиел 44:28).

Бүгінгі таңда көптеген сенушілер шынайы мұрадан теріс айналып, мансап-дәреже мен пайда-табыс қуып жүр. Мей-

лі, тіпті, ол – Құдайдың Өзі берген, жақсы нәрселер болсын, дегенмен, Жарылқаушыны елемей, жарылқау іздеу дұрыс емес. Әкеңді елеп-ескермей, әкеңнің берерін ғана бағалағанмен бірдей. Төрт ұлым бар, олардан қолымнан келген жақсылығымды аямаймын. Алайда, олар менімен тек өз пайдасына бола ғана сөйлесетін болса, жаныма қатты батар еді. Малахи пайғамбардың сөзін әрі қарай оқиық:

«Содан соң Жаратқан Иені терең қастерлеушілер өзара сөйлесіп, Жаратқан Ие оларды ден қойып тыңдады. Сонда бұлар туралы Оның алдындағы естелік кітапқа жазылды. Сол кітапқа Жаратқан Иені терең қастерлеп, Оның есімін құрметтейтіндер тіркелген» (Малахи 3:16)

Жаратқан Иенің алдындағы естелік кітапқа есімі жазылатындар да «күңкілшілдер» тәрізді шөл дала кезеңінен өтеді. Бірақ, олардың көздегені – мансап, атақ, ақша емес. Олар Құдайдың жүрегіне жақын болуды көздейді! Құдайды танып білуге құштар. Олармен әлеуметтік мәселелер жайлы да, бизнес төңірегінде де әңгімелесуге болады, ал Құдай мен Құдайдың Сөзі жайында сөз болғанда, көздері жайнап, жүрегіндегі жалынды байқатады.

Лұқа жазған Ізгі хабарда сондай адамдар жайлы айтылған: «Олар біріне-бірі: «Ол жолшыбай бірге келе жатып, бізге Киелі жазбалардың мәнін ашып бергенде, жүректеріміз жалындап кеткен жоқ па еді?» – десті» (Лұқа 24:32). Олардың жүрек қалауы Киелі Рухтың қалауына сай. Олардың ойы: «Құдайымды танып білсем болды. Жаратқан Иемнің көңілінен шықсам болды. Құдайдың Сөзін аңсаймын. Құдайым – қуанышымның қайнар көзі, көктегі Әкем де маған қарап, қуанса екен деймін». Міне, олар үшін маңызды нәрселер – осылар. Олардың махаббаты – мансап-дәреже де, мал-мүлік те емес, Иса.

Елсіз иен даланы кезіп жүр ме, әлде миллиондаған адамның алдында уағыз айта ма, қимыл-қарекеті қашанда сол қалпында.

«Сонымен біз Құдаймен бірге еңбектенушіміз, ал сендер Оның «егістігісіндер». Сондай-ақ, сендер Құдайдың «құрылысысыңдар». Оның рақыммен өзіме сыйлаған елшілік қызметім бойынша мен үйдің іргетасын салатын данышпан «шебер құрылысшы» іспетті, қауымның негізін қаладым. Ал қазір басқа біреулер соның үстіне қаластыруда. Бірақ әрқайсысы әрі қарай қалай салу керек екенін мұқият қарауы керек» (1 Қорынт. 3:9-10).

Өмірімізді қалай қалаудамыз, соған мұқият болуымыз керек! Киелі жазбада үй салу өмірімізді қалауды және Құдайға қызмет етуді бейнелейді. Біз – Құдайдың меншігіміз, сондықтан біз – Құдайдың Өзі салған үйміз:

« ... Мұса пайғамбар Құдайдың бүкіл үйіндегі қызметін адал атқарғанындай, Иса да Өзін тағайындаған Құдайға адал болды. Ал салынған үйден гөрі үй салушы көбірек құрметке лайық, сол сияқты Иса да Мұсаға қарағанда әлдеқайда зор құрметке ие. Әрбір үйдің салушысы бар, ал бәрінің де Жаратушысы – Құдай. (Сондықтан да Оның рухани Ұлы Мәсіх Мұсадан анағұрлым мәртебелі!)» (Еврейлерге 3:1-4).

Үйді салатын кім, соған назар аударайық. Құрылысшы – Құдайдың Өзі. Бұл үй пенденің күшімен салынбайды. Құдайдың тұрғызған үйі мәңгі, біздің салғанымыз өткінші, алмағайып. «Егер Жаратқан үйдің құрылысын жарылқамаса, құрылысшылардың еңбегі түгелдей зая» дейді Киелі Кітап (Забур жыры 126:1). Құрылысын Құдай жарылқамған әр-

бір үй – адамның өмірі, отбасы, қызметі, қайсысы болса да, тұрақты бола алмайды.

Ондай мысалды Жаратылыстың басталуы кітабынан көреміз: «Өзімізге қала және төбесі көкке жететін зәулім мұнара тұрғызып алайық. Осылайша өз атымызды шығарайық, сонда біз жердің түкпір-түкпіріне бытырап кетпейміз», – десті» (Жаратылыс 11:4).

Бабыл мұнарасын тұрғызбақ болған сол бір адамдардың ниеті қандай еді? Атын шығаратын зәулім мұнара салып, өзімшіл арманына қол жеткізбек. Олар Құдаймен тең және Жаратқаннан толықтай тәуелсіз болмақ. Құдайдың еркі емес, күнәһар болмыстың қалауы. Біздің ниетіміз қанша жерден жақсы болса да, құрылысты Құдай жарылқамаса, Құдайдың Өзі басы-қасында болмаса, бәрі бос әурешілік. Сол себепті бізге мынадай ескерту берілген:

« ... Бірақ әрқайсысы әрі қарай қалай салу керек екенін мұқият қарауы керек. Себебі Құдай өз қауымының бірден-бір «негізі» ретінде Иса Мәсіхті белгілеп қойған, сондықтан ешқандай басқа негізді салуға болмайды. Ал осы «негіздің» үстіне қауымды әрі қарай дамыту үшін адамдар алуан түрлі әдістер қолдануда: бұлар алтын, күміс, асыл тастар секілді төзімді немесе ағаш, шөп, сабан сияқты осал болулары мүмкін. Әр құрылысшының істеген жұмысының сапасы Мәсіх үкім шығаратын күні айқындалады. Сол күні әркімнің еңбегін от сынап, шынайы сапасын әшкерелейді» (1 Қорынт. 3:10-13).

Алтын, күміс, асыл тастар Құдайдың еркіне сай құрылысты бейнелейді. Ағаш, шөп, сабандар – үй салудың осы дүниелік әдістері. Осы аяттар көкте болатын сот жайында ғана ма? Жоқ! Мұнда Құдайдың ғибадатханаға келуі суреттелген (Малахи 3:16–4:1 және 1 Қорынт. 3:16–17). Жаратқан Ие ағаш,

шөп, сабанды өртеп жоқ қылатын, ал алтын, күміс, асыл тастарды тазартатын от болып келеді. Әрі қарай: «Ал кімдікі өртеніп кетсе, сол сыйынан құр қалады. Өзі құтқарылса да, жаны оттан өткендей әзер дегенде құтылады» деп жазылған (15-ші аят).

Өміріңізді, ісіңізді, қызметіңізді қолдан жасалған кірпіштерден, жеке тұлғаңыздың күш-қабілетіне сүйеніп, осы дүниелік бағдарламалар мен әдістерге сай қалайтын болсаңыз, ... адамдарды қорқытып-үркітуге негізделген манипуляция қолданатын болсаңыз, оларды уысыңызда ұстасаңыз, ... әлдіге жағынып, әлсізді басынып жүріп, лауазымға қол жеткізбек болсаңыз, ... өз құрылысыңызды салып жүріп, басқалардың құрылысын сын мен өсектің көмегімен қиратып жүрсеңіз, ... онда осы жолдармен тапқаныңыздың барлығы отқа өртеніп жоқ болады.

Айла-шарғы қолданып немесе өтірік айтып, басқаларды басып озғысы келетіндер көп. Ондай жетістіктер де жанып кетеді! «Ешкім өзін-өзі алдамасын! Араларыңдағы қайсыбіреуің данамын деп ойласа, ол күнәкар дүниенің пікірінше «ақымақ» болып Мәсіхтің ілімін ұстансын; сонда ол Құдайдың даналығына ие бола алады!» (1 Қорынт. 3:18-19).

Құдайдың көзқарасында пайдакүнем пиғылмен істелген істің қайсысы да – ағаш, шөп, сабан. Өз уақытыңызды қиып, бір Құдайдың ризашылығы үшін басқаларға көмек беріп жүргендей көрінсеңіз де, бәрі өртеніп кетпек.

Осы дүниелік даналықтың түп қазығы – «мен» деген өзімшіл ниет. «Ал егер жүректерің удай қызғанышқа толып, қара бастарыңның абыройын ойласаңдар, онда даналықтарыңа мақтанбаңдар, әйтпесе шындықты бұрмалайсыңдар. Мұндай жалған «даналық» көктен келмейді. Керісінше, ол осы күнәкар дүниеге, өз бетімен жүрген ескі болмысымызға және жын-перілерге тән» (Жақып 3:14-15). Қызғаныштан

бәсекелестік пен күдік туындайды. Абырой мен лауазымнан айырылам ба деген қорқыныш адамды талас-тартысқа итермелейді. Ал оның салдары достарыңызбен араңызға сызат түсу, тыныштықтан айырылу, Құдаймен қарым-қатынастың бұзылуы болады. Абырой-бедел, мансабын, жалақысын Құдаймен жақын болудан жоғары бағалайтын бағушылар да, қызметкерлер де бар.

Ал шын жүректен Құдайды аңсайтындар Жаратқан Иені құлшына іздеген сайын, Одан алыстап бара жатқандай болады. Олар ах ұрып: «Құдайым-ау, Сені іздеген сайын көкке самғаудың орнына, тұңғиыққа батып бара жатқандаймын» дейді.

Құдай оларға: «Тереңдей бер, тереңірек қаз!» деп жауап береді.

«Маған келіп, сөздерімді тындап, оларды орындаған әркімнің қандай адамға ұқсас екенін айтып берейін: ол жерді терең етіп қазып, іргетасын берік тасқа қалап үй салған адамға ұқсайды. Сел басып, тасыған өзен бұл үйді соққылағанда, оны қозғалта алмайды. Себебі оның іргетасы берік тасқа қаланған» (Лұқа 6:47-48).

Далласта тұрғанымызда, біздің үйдің жанында бірнеше көп қабатты әулім үй салынды. Үйлердің салынуы көз алдымызда болды. Бастапқыда бірнеше ай бойы құрылысшылар жерді тереңдете қазумен болды. Сол уақытта жұмыс тіпті алға баспайтын сияқты көрінді, тіпті жер бетінде шошайып көрінген ештеңе жоқ. Және, неғұрлым биік үйлердің іргетасы соғұрлым терең салынады. Сырт көзге құрылысшылардың еңбегі еш өнбей жүргендей көрінді. Біраздан кейін үйдің қабырғасы қалана бастайды да, жылдам биіктей береді. Дайындық уақытымен салыстырғанда, үйдің қалануы бір-ақ күнде біткендей көрінетін.

Тереңде жүрген дайындықпен салыстырғанда қабырғаның биіктеп қалануы түкке тұрғысыз көрінді.

Бүгінгі таңда Мәсіхтің денесінде көптеген адамдар, әсіресе, жастар терең дайындықтан өтуде. Сол үшін Құдайға алғысым шексіз! Бәлкім, олар қызмет етуге шақырылған болар, немесе Құдай жүректеріне салған басқа арманы бар шығар. Алайда, қазіргі кезде олар қызметте тұғырлы орындарда емес. Олар Құдайдың қарауында шөл далада мұқият дайындықтан өтіп, ысылуда. Шайқалмас берік іргетас – Мәсіхке тән мінез қалыптастыруда.

Шөл даланы кезіп көрмеген басқалар сұрқия саясат пен маркетинг әдістерін қолданып, жұлқынып алға шығуда. Иен далада жүргендер өздерін тоқырап қалғандай сезінеді, олар жылдам да оңай жолға түсіп кетуге аз-ақ қалады. Алайда, оңай жолдармен жүріп, табандылық пен қажырлылыққа ие бола алмайтынын ескеріп, Құдайдың жолында қалады. Құдайдың уақытын төзімділікпен күтіп, Бас Құрылысшының мықты іргетас қалап шығуына мүмкіндік береді.

Ерінбей-жалықпай, бар ынтасын салып, Құдайды іздейтін бағушылар бар, бірақ еңбектерінің жемісі мардымсыз, тіпті, мүлде жоқ сияқты. Олар қуаңшылық маусымында немесе қуаң жерде. Олардың көз алдында басқалар осы дүниелік маркетинг әдістерін қолданып, өзін, өзінің қызметін жарнамалап, әлемге танымал болып жатыр. Ондай адамдар әлеуметтік желілерде бақытты өмірдің жасанды бейнесін көрсетіп жүр. Алайда, Құдай шөл далада жүргендерге осы дүниелік әдістерді қолдануға рұқсат бермейді, себебі, оларға бұзылмайтын берік негіз қалауда.

Кейбір адамдарға Құдай болашағы жайлы нақты аян бермесе де, жүрегіне арман ұялатқан. Бұлар сол арманы қалай оындалатынын білмейді, арманы, тіпті, көзден ғайып болып бара жатқандай көрінеді.

Шөл даладан өту жолы

#8 Нұнұлы Ешуа бәрін дұрыс түсінді

Шөл дала біздің игілігіміз үшін қажет екенін білдік, олай болса, шөл далада жақсылыққа қалайша қол жеткіземіз және жамандықтан қалайша аман қаламыз?

Нұнұлы Ешуа – елсіз иен далада жүрегін таза сақтаған адам. Мұса Синай тауына көтерілгенде, Ешуа сол таудың етегінде қалған болатын. Себебі, Құдайдың құзырына мейлінше жақын болғысы келді. Жаратқан Ие Мұсамен кездесу шатырында бетпе-бет сөйлесетін, сол кезде Ешуа да шатырдың жанында болатын. Мұса ел қонысына қайта оралағанда да, көмекшісі Нұнұлы Ешуа кездесу шатырының қасынан кетпейтін еді (Мысырдан шығу 33:11).

Мысырдағы құлдықтан шыққан Исраил халқы бес салада күнәға бейім еді, сол осалдығынан арыла алмады. Ешуа Нұнұлының жазбасынан көретініміздей, екінші ұрпақ (Ешуа Нұнұлының замандастары) соншалықты осал болған жоқ. Бір рет қана, Ахан атты адам күнә жасады. Сонда жетекшілер де, бүкіл халық та дереу Құдайдың алдына келіп, осы мәселені шешуге күш салды. Әкелерінің шалыс басқанын талай көрген бұл ұрпақ дұрыс сабақ алып, дұрыс ой түйген болатын. Әке-шешелері Құдайдың уәдесіне қол жеткізе алмай, елсіз иен далада сүйектері қурап қалғанын көрген ұрпақ еді.

Ешуа Нұнұлы мен оның замандастары жүректерін Жаратқан Иеге бұрды, соның арқасында Уәде етілген жерге кірді. Олар Құдайдың Сөзін қастерлеуде ыждаһатты болды, қиындықта жасыған жоқ. Күңкілдеуден бас тартты, Құдайдың уәделеріне шүбәсіз сенді.

Сабыр сақтап, Құдайдың уақытын күтетіндер бар да, айла-шарғы жасап, жалған сөйлеп, өздерін-өздері жарнамалап жүріп, мансапқа жететіндер бар. Осы қуаң уақытта Құдай оларды ажыратып, анықтайды. Құдай белгілеген уақытты мойынсұна күтіп жүргендердің мәртебесін Жаратқан Иенің Өзі көтереді. Құдай былай дейді:

«... «уақытты Мен белгілеймін,
Әділетті сотты Өзім жүргіземін.
... Шығыс, батыс не айдаладан келген
Ешкім басқаны жоғарылатпас шынымен,
Себебі сотты Құдайдың Өзі жүргізеді,
Ол біреуді түсіріп, басқаны көтереді»
(Забур жыры 74:3-8).

Ескі болмыстың бос әуресі

Ескі болмысымыздың қалауы Киелі Рухқа қарсы, ал Рухтың қалауы ескі болмысымызға қарсы. Бұл ақиқат Құдайға қызмет етуге ғана емес, өмірдің барлық салаларына қатысты. Есіңізде болсын, ескі болмыс Құдайдың уәделерін жүзеге асыра алмайды! Ескі болмысыңыздан туғанның бәрі сол ескі болмысқа сүйенеді, ал бұл өміріңізге жаңа проблемалар әкеледі. Есесіне, Киелі Рухтан туғанды Құдайдың Өзі қолдап, нығайтады.

Ескі болмыс билік құрған жерде айла-шарғы, бақылау пайда болады. Нәтижеге жету үшін жетекшілер мәжбүрлеу әдістерін қолданады немес адамдардың түрлі сезімдерін пайдаланады. Қарамағындағылар нұсқауына көнбесе, әлгі жетекшілер өздерінің сәтсіздігін солардан көреді. Керісінше, қолдау көрсеткендерді мақтайды. Осындай ортада қысым, заңшылдық, айла-шарғы, өктемдік көп болады.

Мен көбінесе қызмет туралы айтамын, дегенмен, осы айтып отырғаным барлық салаға қатысты. Ескі болмыстың күшімен құрылған қай ортада болсын, осылай болмақ. Биз-

нес, білім беру жүйесі, денсаулық сақтау саласы, өкімет, әскери күштер, кәсіби спорт және Құдай Өз адамдарын жіберген басқа да көптеген саларда да осылай.

Ал Киелі Рухтан туған қай істе де адами күш-қабілетке сүйену болған жоқ. Сондықтан ондай жерде өсу де, жеміс беру де ескі болмыстың күшінен болмайы. Өзі тұрғызған үйді Құдайдың Өзі нығайтады.

Ысқақ туғанда Ысмағұл ер жетіп қалған еді (Жаратылыстың басталуы 16-21). Уәде етілген перзент – Ысқақ – туғанға дейін Ысмағұлдың дүниеге келуіне мүмкіндік туады. Қашанда солай, өз басымда сондай жағдай талай рет болды. Сондайда адами күш-қабілетке сүйеніп, амалын тауып, Құдайдың уәдесінің орындалуын тездетпек боласыз. Олай азғырылмаңыз. Құдай уәде еткенді сіз емес, Құдайдың Өзі дүниеге келтіреді. Құдайдың Ыбырайымға айтқан мына сөзін есіңізде сақтаңыз: «Мына күнді баласымен бірге қуып жібер! Күңнің ұлы менің ұлым Ысқақпен бірдей мұраға ие болмасын. Мен оған жол бермеймін!» (Жаратылыс 21:10, NLT аудармасы)

Құдай Өз халқына: «Ысмағұлдарды тудырған адами әрекеттеріңді доғарыңдар. Ескі болмысқа негізделген ешбір іс уәде етілгенмен бірдей мұраға ие бола алмайды. Ескі болмысқа сүйенген әрекеттер жемісті болып көрінгенімен, Құдай олардан арылуды талап етеді. Құдайдың алдында ескі болмыс мақтанбасын!» дейтін күн жақын.

Құдай үкім шығаратын күні өз күш-қабілетімізге сүйеніп тұрғызған үйлеріміздің ешқайсысы тазарту отына төзе алмайды. Қам-қарекетіңіздің барлығы қара басыңыздың мүддесі үшін болса, бәрі де өртеніп кетпек. Алайда, өзіңіз аман қаласыз. «Өзі құтқарылса да, жаны оттан өткендей эзер дегенде құтылады» (1 Қорынт. 3:15).

Құдайдың Өзі уәде еткен, Киелі Рухтан, Құдайдың рақымынан туған дүниелер ғана қалады.

9

ШЫҢДАЛУ

«Құдай ең жақсы сарбаздарын Тауқымет тауынан табады».

— Чарльз Х. Сперджен

«Ал Жақия ержүрек, зейінді бала болып есейе берді. Исраил халқының алдына шыққанша, ол айдалада тұрды».

— Лұқа 1:80



Мәсіхтің жолын қуушы біздерге күшімізді шыңдап, сенімімізді нығайтатын дайындық уақыты қажет екенін осыдан көп жыл бұрын, қиындыққа тап болғанымда білдім. Қызық болғанда, сол жолғы шыңдалуым елсіз иен далада емес, спорт залдары мен сауықтыру орталықтарында өтті.

Ол кезде жасым отыз бесте. Джорджия штаты, Атланта қаласындағы бір қауымда жалынды уағыз айттым. Сахнадан түсе бергенімде талып қала жаздадым. Денсаулығым, тәнім әлсіреп кеткен екен, Құдайға әрі қарай да адал қызмет етем десем, денемді шынықтыруым қажет.

Джорджиядан үйге қайтып келдім де, Лизаға болғанды баяндап бердім. Артынан:

– Жаттығу залына баратын болдым, – дедім.

Лизаның жауабы таң қалдырды:

– Құдайға шүкір! Сен жаттығу залына барса екен деп сиынып жүр едім!

Күйеуі үшін қалай мінәжат ету керек екенін білетін әйелің болғаны тамаша ғой, шынында да.

Ол кезде біз Флоридада тұратынбыз, көршілес үйлердің бірінде Рестлингтің Әлемдік Федерациясының балуаны, Кип есімді жігіт тұратын. Балаларымыз қатар болған соң, отбасымызбен достасып кеттік. Кип мені өзі жаттықтырмақ болып, жаттығу залына шақырып жүрген болатын. Мен қашанда: «Жоқ,

қолым тимейді. Бос уақытым мүлде жоқ» деп жауап беретінмін. Қолым бос емес, ол рас, бірақ аздап қорыққаным да бар; кәсіби балуанмен бірге кімнің жаттығу жасағысы келеді дейсіз?

Кип батыр тұлғалы жігіт еді: бойы – 190 сантиметр, салмағы – 108 килограмм, тұла бойындағы майдың үлесі небәрі алты пайыз. Жауырыны қақпақтай, екі иығына екі адам мінгендей, кеуде мүсіні латын әліпбиіндегі «V» әрпі дерсің, бұлшық еттері білеуленіп киімінің сыртынан білініп тұратын. Кип екеуіміз балаларымызды алып, баскетбол не хоккей ойнайтынбыз. Ойын барысында бір-бірімізді қағып кететін сәттер болады. Сондайда Кип міз бақпайды, мен болсам, бір жарым-екі метр жерге ұшып түсем!

Атлантаға барған әлгі сапарымнан кейін Кипке жолығып:

– Кип, денемді шынықтыруым керек. Мені жаттықтырам деп едің ғой. Сол сөзің әлі күшінде ме? – деп сұрадым.

Кип келісе кетті:

– Әрине, келесі жолы жаттығу залына бірге барамыз.

Киптің миығынан күлгенін байқауым керек еді-ау сонда. Өзімді не күтіп тұрғанынан тіпті бейхабар екенмін!

Ертеңіне Кип екеуіміз жаттығу залына бардық. Табалдырықтан аттағанымда-ақ байқағаным, бұл залда нағыз спортшылар жаттығады екен. Бұлшық еттері білеуленген жігіттер білектің күшін шыңдауда, тердің ащы иісі мұрын жарады. Жаттығу залына алғаш барған күні ұққаным – жеңіл штанганы жиырма-отыз рет көтергеннен бұлшық етің өсе қоймайды екен. Оның орнына штанганы ауырлатып, үш-төрт рет қана көтере алатындай салмақ қосқаныңыз дұрыс.

Салмақты үшінші не төртінші рет көтергенде ғана бұлшық ет шыныға бастайды. Сол кезде денеңіз: «Енді көтере алмаймын!» деп айқалағандай болады. Алайда, айналаңызда жиналған жігіттер бірауыздан: «Көтер, көтер, тағы да көтер!» деп дауыстағанда, бойыңызда бір қуат пайда болады да, ышқынып барып, әлгі салмақты төртінші немесе бесінші рет

көтеруіңізге дем береді. Бұлшық еттің шынығып, өсуінің күрделі процесін қарапайым тілмен жеткізгенде, осылай.

Айтуға ұят, бірінші күні шалқамнан жатып, көтере алғаным небәрі 40 килограмм болды. Менің алдымда ұзақ жол жатқанын Кип, әлбетте, білді! Екі апта бойы жаттыққаннан кейін 45 килограмм салмақ көтердім. Тағы бірнеше апта өткенде көтерген салмағым 55 килограмға жетті. Алпыс килограмм көтеретін дәрежеге жеткенімде, штанганың екі басына отыз килограмдық екі диск орнатқанымды керемет мақтан тұттым. Штанга көтеруден енді ұялмайтын болдым.

Әңгімемді осы тарауда әрі қарай жалғастырамын. Қазір айтпағым, бірте-бірте білектің күшін шынықтырғаным Құдай Иеміздің бізді шөл даладағы «жаттығу залына» апарып, руханы күшімізді шыңдағанына ұқсас екен.

Шөл далада рухымыз шынығады, өйткені, шөл дала тек қуаңшылық жері емес, сонымен қатар сыналу орны. Шөл дала кезеңі – қиын-қыстау кезең болғанымен, ауыр салмақ көтеріп, рухани қайратымыз шыңдалған сәтте жанымызда жігер берушілер бар екенін ұмытпағанымыз жөн.

«Бұл жайында не дейміз? Құдай жақтаса, бізге кім қарсы шыға алады?!» (Римдіктерге 8:31).

Бізді жақтағанымен қоймай, Құдай бізге берік уәде беріп, жігерлендіреді:

«... Құдай Өзінің уәдесіне берік: Ол төзімдеріңнен артық сыналуларыңа жол бермейді. Еліктірілген кездеріңде соған шыдауға күш-қуат беріп, құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді»
(1 Қорынт. 10:13).

Сондықтан, қандай ауыртпалықтарға тап болсаңыз да, қаншалықты сұрапыл күндер туса да, қандай қуаң жерлерден өтсеңіз де, төзіміңізден артық сыналуыңызға Құдай жол бермейді. Ойланып көрсеңіз, бұл ғажайып уәде.

Қиын-қыстау күндерде кім екеніңізді ұмытушы болмаңыз. Сіз – Құдайдың сүйікті перзентісіз, сондықтан Иса сізге айтады: «Мен сендерге жыландар мен шаяндарды таптап басып, жаудың барлық күшін жеңетін билік бердім. Енді сендерге еш нәрсе де зиянын тигізе алмайды» (Лұқа 10:19). Сонымен, дұшпан бізге қандай шабуыл жасағаны тіптен маңызды емес; не де болса, төтеп бере аламыз. Төтеп бере алмасақ, Құдай оған жол бермес еді!

Осы тұста тағы бір мәселе бар. Ауыртпалықтарға төтеп беруде өспейтін сенушілер көп. Олар жаттығу залынан қашқақтайды, ал онда бара қалған күнде күңкіл мен шағымнан көз ашпайды. Пауыл елшінің қиындықтар туралы не дегенін оқып көрейік:

«Ол сендерге рақым етіп, Мәсіхке сенуді ғана емес,
Ол үшін азап шегуді де сый еткен»
(Філіпіліктерге 1:29, орысшадан аударма).

Құдай бізге азап шегуді сый етіп бергенін оқығанда, қандай сезім пайда болды? Оғаш көрінді ме? Бұл сөздің шынайы мағынасы қандай? Маған біреу: «Саған дайындалған сыйлық бар» десе, жақсылық, жарылқаудан дәмеленер едім. «Қандай сыйлық алар екенмін?» деп, дәмелене күтер едім.

Бір сөйлемде «сый етілген» және «азап шегу» деген сөздердің басын қосуға болады ма? Біреуге: «Туған күніңізге тіс дәрігеріне барып, тісіңіздің тамыр каналынан тіс ұлпасын алу сый етілген» дегенмен бірдей. «*Рас па? Рахмет, ондай сыйыңыздың маған қажеті жоқ*» дер еді әлгі кісі. Мағынасыз бос әңгімедей естіледі. Қазіргі заманда, Америка Құрама Штаттары тәрізді алдыңғы шептегі елде тұрып жатқан біздер жайлы өмірге, жан тыныштығына ұмтыламыз. Сондықтан азап шегу сый етіп берілді деген ой аздап есеңгірететін сияқты. Тауқымет тартып жүрген адамдардың көбісінің айтатын сөздері мынау:

«Мынаның бәрі менің басыма қайдан түсті?»
«Неге дәл менде осы мәселе болуы керек?»

«Осыншама тауқымет тартуым керек пе?»

«Осы жағдайды ойласам, зығырданым қайнайды!»

«Қандай жағдайда жүргенімді ешбір жан түсіне алмайды».

«Менің өмірім неге осындай болуы керек?»

«Құдай-ау, мына пәледен құтқара гөр!»

«Күресіп қайтемін? Жеңіле салғаным дұрыс...»

Шындап келгенде, басымызға қиындық түскенде, мұндай көзқарас немесе осындай ой бәрімізде де болған. Өкінішке орай, көбінесе сынақ пен тауқыметтің (шөл даланың) көздегені не екенін жете түсінбейміз.

Алайда, бізге ненің қажет екенін, Құдай патшалығында неғұрлым жемісті болуымыз үшін бізге қанша күш-қабілет керек екенін Жаратқан Ие қашанда дәл біледі. Міне, Сондықтан да Пауыл елші сеніміміз шыңдалуы үшін «стратегиялық маңызы бар азап шегудің» өзімізге сый етіп берілгенін айтады.

Еліктірудің ролі

Жоғарыда айтқанымдай, шөл далада шыңдалуымыздың мақсаттарының бірі – еліктіруді дәп танып, оған төтеп беруді үйрену. Иса қызметіне кірісерде көктегі Әкеміз шайтанның Исаны сынауына жол берді. «Киелі Рухқа кенелген Иса Иорданнан қайтқанда, Киелі Рух Оны айдалаға бастап алып барды. Сол жерде әзәзіл шайтан Оны қырық күн бойы сынады. Иса сол күндері нәр татпай, осы мерзім аяқталғанда әбден ашықты» (Лұқа 4:1-2).

«Жол берді» деген сөзді әдейі қолданып отырмын, себебі, Құдай еліктіру мен азғырудың авторы емес. «Күнәға еліккен ешқайсың да: «Құдай мені еліктіреді» деп айтпаңдар! Құдай күнәға еш елікпейді де, ешкімді еліктірмейді де» (Жақып 1:13).

Ал енді, еліктірудің мәнін терең қарастырайық. Шайтанның көздейтіні – сенушіге күнә жасату, сонда ол Құдайға қуана мойынсұнудан және Құдайдың сөзін қастерлеуден бас

тартады. Шайтанның мақсаты белгілі, ал сыналуымызға жол бергендегі Құдайдың көздегені не? Петір елші осы сұрақтың жауабын назарымызға ұсынады: «Сонымен, Мәсіхтің Өзі тәнімен азап шеккендіктен, сендер де (жақсылық үшін азап шегуге дайын) болыңдар! Осындай ой-ниет өздеріңді қорғайтын қалқан іспетті. Тәні азап шегіп жатқан сенуші күнәлі құмарлықтарына берілмейді» (1 Петір 4:1).

Яғни, шөл даладағы сынақтардан өту, күнәні, қиындықтарды жеңу, осының барлығы бір мақсатты көздейді – рухани жетіліп, күш-қайратымыздың шыңдалуы. Осы аяттағы «өздеріңді қорғайтын қалқан» деген өте маңызды сөзге назар аударайық.

Шайқасқа қару-жарақсыз аттанған сарбаздарды көз алдыңызға келтіре аласыз ба? Тікұшақтары да, танкілері де, автоматтары да, оқ-дәрілері де, – мүлде ешқандай қаруы жоқ. Бұл дегеніңіз нағыз қасірет болар еді. Тауқымет тартып, сыналуға дайындалып, лайықты түрде жарақталмаған сенуші де дәл сондай қасіретке ұшырайды.

Коммерциялық әуе жолдарының пилоттары – неше түрлі проблемаларды шешуге арнайы дайындалып, шыңдалған адамдар. Олар алты ай сайын кезекті дайындықтан өтіп отырады. Дайындық орталықтарында арнайы симуляторлар бар. Ұшқыш сол симуляторға отырады да ең күрделі жағдайларда әрекет етуді үйренеді. Мұндағы мақсат – әрбір пилоттың төтенше жағдайларға төтеп беру қабілетін арттыру. Ұшақ бортында күтпеген қиын жағдай туса, жолаушылар сасқалақтайды немесе үрейге бой алдырады, ал пилот мәселені шешуді көздейтін нақты әрекеттер жасайды. Неге дейсіз ғой? Өйткені, жолаушылар мұндай қиындыққа дайын емес, ал пилот арнайы дайындықтан өткен әрі жарақталған.

Құдайды дәріптейтін сенушілер шөл далада осындай дайындықтан өтеді. Шөл дала кезеңі қиындықтарға толы, оның мақсаты – бізді алдағы жеңістерге дайындап,

қаруландыру. Күнәһар дүниеде қысымшылық көріп, тауқымет тартатынымызды Исаның Өзі алдын-ала ескерткен; «алайда батыл болыңдар: Мен осы дүниені жеңіп шықтым!» деген уәдесі де бар.

Жақсы мүмкіндік

Шөл дала кезеңін рухани бұлшық етімізді шынықтырып, Құдайдың болашақтағы берер игіліктеріне дайындалуға жақсы мүмкіндік деп қарастырғанымыз жөн. Жақып елші былай дейді:

Шөл даладан өту жолы

#9 Дүниеге Ысмағұлды келтірмеңіз

Елсіз иен далада қалғанымызды біліп, шөл дала кезеңінің тым ұзаққа созылып кеткені жайлы ойлана бастағанымызда, арманымыздың орындалуы үшін «ең болмаса бір нәрсе» істемек боламыз. Осындай, мезгілінен бұрын жасалған әрекеттерді өз басым Ысмағұлды дүниеге әкелу деп атаймын. Бұл Құдай уәде еткен жарылқауға адами күшімізбен қол жеткізбек болғандағы әс-әрекетіміз. Көбіне Ысмағұлдар шынайы қажеттіліктен туатыны да рас, бірақ олар ескі болмыстан туады.

Бұл идея, әлбетте, Ыбырайым мен Сараның хикаясынан бастамасын алады. Оларға Құдай ұл берем деп уәде еткен болатын. Сол ұлды күткендеріне он бір жыл болды, Ыбырайымның жасы сексен алтыда, Сара болса, қартайып, ана болудан қалған. Сол себепті олар Құдайдың уәдесін жүзеге асыруға өз ақылын салды. «Қосалқы жоспар» – Сара Ыбырайымға Ажар атты күңін қосты. Мұнысы үлкен ағаттық еді.

«Бауырластарым менің, сендер алуан түрлі қиын сынақтарға ұшырағанда, бұл жайтты зор мүмкіндік деп қабылдаңдар» (Жақып 1:2, NLT аудармасы).

Біз, американдықтар, іскерлікті бағалаймыз, сондықтан, мүмкіндіктің не екенін жақсы түсінеміз. Бизнестегі жаңа мүмкіндік дегеніміз өсуге, жаңа табыс көздерін ашуға, өркендеуге мүмкіндік беретін жағдайлар. Сол жағдайларды дұрыс пайдалана білген кәсіпкердің өрісі кеңейе түседі. Қиындықтарға деген көзқарасымыздың дәл сондай болғаны жөн. Өйткені, Жақып елшінің сөзінің жалғасы мынадай:

Ысмағұлға қатысты қай жоспарыңыз да, – қаншалықты жақсы болып көрінсе де, шын мәнінде, – ағаттық. Әлденені адами күш-қайратыңызбен тудырсаңыз, оны қолдап-демеуге де үнемі сол адами күшіңізді жұмсайсыз.

Шөл далада жүргенімде бірнеше рет «қосалқы жоспарларымды» іске асырмақ болғаным есімде. Қызметім – дүние жүзіне Ізгі хабар тарату болатынын Құдай уәде еткен болатын. Құдайдың бұл уәдесінің орындалуын ұзақ жылдар бойы күттім, өзімді жергілікті қауымның қызметіне «шырмалып» қалғандай сезіндім. Бірнеше рет сытылып шығып, шөл даладан қашып кетпек те болдым. Сол әрекеттерімнің құны қымбатқа түсті әрі еш нәтиже берген жоқ. Көніп, мойынсұнуым мұң екен, Құдайдың Өзі іске кірісті.

Сізге берер кеңесім: босқа әуре болып, өзіңізді-өзіңіз қиындыққа душар етпеңіз – Ысмағұлды дүниеге әкелмей-ақ қойыңыз. Құдайға жол беріңіз, Өз уәдесін Жаратқан Ие Өзі орындайды.

«Себебі сенімдерің сыналғанда, төзімділіктеріңді арттыруға мүмкіндік туады. Тек берік те шынайы төзімділіктерің іс жүзінде соңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды» (Жақып 1:3-4, NLT аудармасы).

Шөл далада, сеніміміз сыналғанда, төзімділігімізді арттыруға мүмкіндік туады. Қазіргі заманда «төзімділік» сөзін қай мағынада қолданып жүрміз? Көбінесе, төзімділікті жаттықтыру мағынасында – яғни, төзімділікті арттыратын жаттығулар топтамасы ретінде. Төзімділікті жаттықтыру болашақтағы қиындықтарға төтеп беру қабілетін арттырады.

Оның мәні мынадай: басымызға түскен қай сынақта болсын, Құдайдың қиындықтарға жол беруінің белгілі бір мақсаты бар. Ол мақсат – қабілетімізді арттыру. Құдай қиындықтардың келуіне жол береді, жол береді деген сөзді баса айтқым келеді. Бүгінгі қиындықтар – ертеңгі тауқыметтерге дайындайтын жаттығу құралы (ұшақтың симуляторы есіңізде болар). Сондықтан, сынақ әрқашан да біздің күш-қабілетімізден асып түсетіндей көрінеді. Сонымен, Құдай бүгінгі қиындықтарымызды бізді болашақтағы үлкен жеңістерге дайындау үшін пайдаланады.

Енді менің жаттығуларыма қайта оралайық. Жоғарыда айтқанымдай, Кип мені жаттықтырып, шалқамнан жатып 60 килограмм салмақ көтере алатын дәрежеге жеткізді. Мұның өзі мен үшін зор жетістік еді, дегенмен, одан да көп салмаққа шамам келер ме екен деп ойлаумен болдым. Жаттығуларымды рухани дайындықпен салыстырар болсақ, Құдайдың маған деген, 60 килограмм салмақты көтеруден зор қабілетті қажет ететін, тапсырмасы бар ма?

Сонымен, жаттығу залына барып жүрмін. Ақыры, 90 килограмм салмақты да көтердім-ау, әйтеуір. Бірақ осы салмақтан екі жыл бойы аса алмадым. Бірде Калифорнияда бір конференцияда қызмет еттім. Сонда жиналған қызметкерлердің бірнешеуі жаныма келіп:

– Джон, 100 килограмм салмақты көтеріп көрдің бе? – деп сұрады.

– Жоқ, бес жыл болды, сол деңгейге жете алмай жүрмін, – деп мұңымды шақтым.

– Бұл асуды алуыңа көмектесеміз, – деді олар.

Шынында да, сол күні 100 килограмм салмақты көтердім! Сондағы қуанғаным-ай!

Біраздан кейін біздің «Мессенджер Интернейшнл» атты қызметімізге жаңа қызметкер келіп қосылды. Ол жігіт ауыр атлетикамен айналысады екен. Бірге жаттығатын болдық. Сол жігіттің көмегімен 105 килограмм жүкті көтеруді үйрендім. Бір жолы 110 килограмм көтергенім бар. Бұдан зорына шамам келе ме?

Арада бір жыл өткенде, Детройт қаласындағы бір қауымда уағыз айттым. Жексенбілік жиналыстардан кейін қауым бағушысы маған:

– Джон, менің жаттықтырушым – Америкаға танымал фитнес-инструктор, ол кісі біздің қауымның мүшесі. Ертең таңертең жаттығу залына барамын. Менімен бірге барасың ба? – деді.

– Әрине, барамын, – деп, қуана келістім.

Ертеңіне жаттығу залына бардық. Жаттықтырушы маған сынай қарады да:

– Сонымен, көтерген ең ауыр салмағың 110 килограмм, солай ма? – деді.

– Рас, ондай салмақты бір рет көтергем.

– Бүгін одан асырасың.

«*Не дейсің?!*» Дауыстап айтпасам да, ішімнен: «*Есің дұрыс па?! Қайдағыны айтып тұрсың ғой!*» деп ойлады. Алайда, аз-кем жаттығу жасадым да, артынан әлгі жігіттің айтқандарын бұлжытпай орындап отырып, 120 килограмм салмақты көтердім.

Бұл жетістігім мені қатты жігерлендірді. Ауыр атлетикамен айналысатын жігіт екеуіміз Колорадоға қайтып келдік. Әлгі жаттықтырушы бізді апта сайын электрондық пошта арқылы жаттықтырып отырды. Біз тынбай еңбектенумен болдық. Келесі жылы Детройттағы қауымға тағы бардым. Жазым 42-де болатын.

Жексенбі күні Киелі Рухтың тамаша қасиеттері жайында уағыз айттым. Дүйсенбі күні бәріміз жаттығу залына бардық. Жаттықтырушы:

– Джон, бүгін түсімде сені көрдім, түсімде сен 140 килограмнан асатын салмақ көтердің, – деді.

– Гажап екен! - дедім. Ішімнен: «Жарайсың, алайда, мен ондай түс көрген жоқпын!» деп ойласам керек.

– Джон, кеше сен Киелі Рухтың құдіреті жайлы уағыз айттың. Бүгін түнде Киелі Рух маған аян берді! Жат та, штанганы көтеруге дайындал. Қолыңнан келеді!

Денемнің құрысын жазатын бірнеше жаттығу жасадым да, ышқынып, 150 килограмм салмақты көтердім!

Қуанышым кеудеме симай Детройттың аэропортынан Лизаға телефон шалып:

– Асқақтап тұрғаным сондай, үйге ұшақсыз да ұшып бара аламын! – дедім.

150 килограмм салмақты көтерерде, 100 килограмм салмақпен жаттығу жасап жүрген болатынымын. Кейбір күні 100 килограмдық штанганы қатарынан он рет көтеріп жүрдім.

Алайда, жеті жыл бұрын неден бастағаным есіңізде ме? Сол кезде Кип штангаға 40 килограмның орнына 100 килограмм салмақ орнатса не болар еді? Жазым болар едім. Штанга үстіме құлап, жаншып тастар еді! Жылдар бойғы жүйелі жаттығудың нәтижесінде бүгінгі күшіме ие болдым. Бүгінгі таңда үйреншікті салмаққа айналған 100 килограмм жеті жыл бұрын мені мерт қылатын еді.

Міне, сондықтан ұзақ уақытқа созылған қиындықтар, шын мәнінде, болашақтағы биік асуларды бағындыруға қажет болатын рухани күш-қайратты шынықтыру жолы болып табылады. Рухани күшіміз артқан сайын, Құдай патшалығында қомақты істер атқара алатын боламыз.

Өкінішке орай, кейбір сенушілер Мәсіхтің сотының алдында тұрып, Исаның аузынан мынадай сөз естиді: «Менің саған берерім әлдеқайда көп еді, алайда, сенен сол жарылқаулармен бірге келетін қиындықтарды көтерер күш-қабілет табылмады». Құдай біздің қандай ауыртпалыққа төзе алатынымызды біледі, одан ауырына жол бермейді. Өзі солай деп уәде еткен!

Жаттығуларымды көрнекті мысал ретінде тағы да қолданбақпын. 60 килограмм рухани қысымды көтере аласыз дейік. Ал Құдайдың сізге деген тапсырмасы бар. Сол тапсырманы орындау үшін сізге 80 килограмм құдалау, сынақ, қиындықты көтерер қабілет керек. Құдай сізге әлгі қызметті әзірше сеніп тапсыра алмайды, өйткені, қызметпен бірге келетін ауыртпалықты көтере алмайсыз. Жаратқан Ие сізді әуелі жаттықтыра бастайды. Құдай, бәлкім, сізді басып қалып мерт қылмайтын, дегенмен күшіңізді әжептәуір шыңдайтын 65 килограмм қиындыққа жол берер (тағы да қайталаймын, Құдай қиындықтардың авторы емес).

Мысалы, біреу сыртыңыздан жамандап, сіз жайлы өсек таратып жүр дейік. Сол адамға қарсы шығып, өзіңізді ақтап, оны жамандаудың орнына Құдайдың Сөзіне мойынсұнып, қарсы сөз айтпай, сол адамды тек жарылқаумен боласыз дейік. Міне, тамаша, сіз 65 килограмм рухани салмақ көтердіңіз! Келесі белес – 70 килограмм! Алған бетіңізден таймай, ауыртпалық түскенде Құдайға мойынсұнумен болсаңыз, шыныға бересіз.

Келесі деңгей 80 килограмм болады. Сөйтіп, өміріңізге деген Құдайдың жоспарының орындалуына, яғни, Құдай патшалығында жоғарырақ мәртебеге дайын боласыз.

Ал егер, өзіңіз жайлы айтылып жүрген өсекті естігенде, ызаланып, дау-жанжалға кірісіп кетсеңіз, Құдай Ие сізге: «Өте өкінішті, дегенмен, 60 килограмм рухани салмаққа қайта оралуың керек» дейді. Әлі де «жаттығу залындасыз», бірақ пйдасын көріп жүрген жоқсыз.

Жаттығып жүрсіз, алайда бұрынғы деңгейіңізде қала бересіз. Бір күні қаражат жағынан қинала бастайсыз, бұл – 65 килограммдық келесі сынақ. Құдайдың жарылқауын іздеудің орнына, «Ештеңе етпейді! Кредит ала саламын!» дейсіз. Құдай штангаңызға салған қосымша салмақты алып тастайды да, «60 килограмм салмаққа қайта орал» дейді.

Күндердің күнінде Құдай сізге әлдебір тапсырма немесе Өз патшалығында белгілі бір дәреже бермек болады, алайда, ол сізге 80 килограмм ауыртпалық түсіреді. Шөл даладағы жаттығуларыңыз үнемі сәтсіз өтсе, рухани бұлшық еттеріңіз шынықпайды, әлгіндей ауыртпалықты көтере алмайсыз. Олай болса, тапсырмасын орындауға Құдай басқа біреуді тағайындайды.

Күш пен қабілеттің артуы

Шөл даланың маңызы мынада: *ол біздің күш-қайратымызды арттырады.*

Жақия айғамбардың рухани шыңдалған жері – елсіз иен дала болатын.

Елсіз далада Иса Киелі Рухтың күшіне кенелген болатын.

Олардың рухани күш-қайраты қамсыз кезде емес, сенімі сыналған сәтте шыңдалды.

Жақып елшінің сөзі жігер береді: сеніміңіз сыналғанда басқа түскен қиындықтардан Құдайға мойынсұнып өтсеңіз, болашақта жеңіске жетуге толықтай дайын боласыз, өйткені, күш-қайратыңыз әбден шыңдалмақ.

«Себебі сенімдерің сыналғанда, төзімділіктеріңді арттыруға мүмкіндік туады. Тек берік те шынайы төзімділіктерің іс жүзінде соңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды»
(Жақып 1:3-4, NLT аудармасы).

Жақып біздің төзімділігіміз бен күш-қабілетіміздің артуы туралы айтып отыр. Сонымен қатар, шөл далада дұрыс әрекет етсек, болашағымыз қандай болатыны жайлы да айтады:

«Қиын сынақты төзімділікпен басынан өткізіп жатқан әркім бақытты! Содан өтіп, сенімді екендігі дәлелденгеннен кейін, ол бәйге жүлдесіндей «шынайы өмірдің тәжін» иемденбек. Мұны Жаратқан Ие Өзін сүйгендерге сыйлауға уәде етті» (Жақып 1:12)

«Тәж» – биліктің баламасы, билікпен бірге құдірет те келеді. Иса шөл далаға барып, сынақтан өткенде, көктегі Әкеге мойынсұнуы мен табандылығының арқасында күш-құдіретке бөленіп қайтты. Біз де солай, шөл дала кезеңінде рухани билікке ие болып, күшімізді арттыра аламыз.

Сізді қайдам, өз басым Құдайдың өміріме деген жоспарына сай келетін рухани күш-қабілетім бар деп сенгім келеді.

Жаттыққыңыз келеді ме?

10

ШӨЛ ДАЛАДАҒЫ СУ

«Жағдайымыз мүшкілінде Құдайға сене алмасақ, Жаратқан Иеге мүлде сене алмайтын болғанымыз».

— Чарльз Х. Сперджен

«Мына судан ішкен адам тағы шөлдейді. Ал кімде-кім Мен беретін «судан» ішсе, ол мәңгі бақи шөлдемейтін болады. Мен беретін «су» оның ішінде мәңгілік өмір сыйлайтын, бұрқылдап жатқан «қайнарға» айналады».

— Жохан 4:13-14



Шөл далада айлап жаңбыр жаумайды. Су тапшы. Су табыла қалса, оны құдықтан немесе бұлақтан алуыңыз керек. Шөл дала дегеніміз құлазыған құлан түз (Забур 62:2).

Сондықтан Иса бізді былай деп шақырады:

«... Кімнің жаны шөлдесе, сол Маған келіп, «ішсін»!
Кім Маған сенсе, (келіп, шөлін қандырып су ішсін!)
Киелі жазбаларда бұл туралы мына тәрізді сөздер
айтылған: оның жүрегінен өмір беретін «су»
тасқындап ағады» (Жохан 7:37-39).

Басымнан өткен шөл дала кезеңдерінде қанша мінәжат етсем де, сусындай алмаған кездерім болды. Сондай қуаң маусымдардың бірінде Құдаймен оңаша қалмақ болып, қалалық саябаққа бардым. Палатка орнатып, сонда түнедім. Түнде мінәжат еттім, Киелі Кітап оқыдым, содан кейін мадақтау жырларын айтып, Құдайға табындым. Осының барлығы үш сағаттай уақытқа созылды. Еш өзгеріс жоқ. Жаңа леп сезілмейді, сол баяғы қуаңшылық. Көңілім қалды. Көрпеме орандым да, ұйықтап қалмақ болдым.

Сол түні жын атаулы ойнақ салғандай болды. Ұйқым қашты. Құдайдың құзырын неге сезіне алмайтынымды ойлап, түні бойы дөңбекшіп шықтым. Таңертең саябақтың ал-

леяларында бөтен тілде мінәжат етіп ұзақ жүрдім. Бір жарым сағат өтті. Құдай мені естімейтін тәрізді. Ақыры, көзімді көкке тігіп, «Ием, шөл далаға тап болған сияқтымын» дедім. «Құдайды іздегенді қойып, үйге қайтқаным дұрысырақ болар; мені шөл далаға әкелген Құдайдың Өзі, енді Құдайдың Өзі шөл даладан шығармайынша, еш өзгеріс болмайды» деген ой да келді.

Сол ойым қате еді! Құдай бізді шөл далаға жетелеп апарғанда, жағдайды Өзі өзгерткенше, қол қусырып, бейжай қарап отыра берсін деген жоқ! Шөл дала ұтылыс орны емес, жеңіс орны болуға тиіс! Кенет жүрегіммен «*Күресе бер!*» деген сөзді естідім. Бәсең ғана айтылған осы бір қысқа сөз жандүниемде өмір отын тұтатқан ұшқынға айналды.

Сол мезетте:

– Киелі Рухтың дарындары лаулап жансын! Өмір суы тасысын! Жүрегім тасқындаған өмір суына толсын! – дедім.

Исраил халқы шөл даланы кезіп жүргенде орын алған бір оқиға есіме түсті:

«Сол жерден исраилдіктер Бегерге көшіп барды. Жаратқан Ие сондағы құдық туралы Мұсаға: «Халықты жина, Мен оларға су беремін» деді. Сол кезде Исраил халқы мына әнді шырқады: «Уа, құдық, суыңды сарқырата бер, Құдық жайында айтыңдар әндер!» (Руларды санау 21:16-17).

Киелі жазбадағы осынау сөздерді қайталап айта бердім. Содан кейін саябақтағы аллеялардың бірінде Құдайға сиынып, Құдайдың Сөзін жалынмен жариялап, әрлі-берлі біраз жүрдім. Жаңа леп келді, тынысым ашылды, дүр сілкініп қалдым! Құдайдың құзырын өте қатты сезіндім. Осыдан бірер сәт бұрын кеудемді ауыр салмақ басып тұрғандай еді; енді, міне, қай жаумен болса да, бетпе-бет келіп, Құдайдың Сөзімен жеңуге дайынмын!

Осы күйім жиырма бес минутқа созылса да, бес-ақ минут өткендей болды. Қайта түлеп, жаңарып, Құдайдың тапсырмасын орындауға дайын болып шықтым.

Исаға келіп, сусындағандардың жүрегінен өмір «суы» тасқындап ағады. Киелі Кітап солай дейді. Шөл далада Киелі Рух жаңбыр болып жаумайды. Шөлейт жерде суды терең құдықтан (жүрегіміздегі Құдай Сөзінен) тартып шығарамыз.

Иса айтып тұрған «судың» көзі – Киелі Рух (Жохан 7:39) және де сенушінің жүрегінен жалғыз жылға емес, тасқындаған «су» ағады.

Киелі Рухтың жүректерімізден тасыған өзендердей ағуы қалай болады? Ишая пайғамбар Киелі Рухтың әсерін түсіндіреді: «Осы патшаға Жаратқан Иенің Рухы – Даналық пен Парасат Рухы, Ақыл-кеңес пен Құдірет Рухы, Білімділік пен Жаратқан Иені терең қастерлеу Рухы қонады» (Ишая 11:2, орысшадан аударма).

Киелі Рух Даналық пен Парасат Рухы, Ақыл-кеңес пен Құдірет Рухы, Білімділік пен Жаратқан Иені терең қастерлеу Рухы деп аталады. Киелі Рух жүрегімізден тасқындаған көп судай ағады деп Исаның Өзі айтқан, демек, Даналық өзені, Парасат өзені, Ақыл-кеңес өзені, Құдайды қастерлеу өзені бар. Әлгі аллеяда жүрегіміздің лаулап жанар реті бар еді!

Осы ойымды дәлелдейтін тағы бірнеше аят келтірейін:

- Нақыл сөздер 18:4: «Адамның сөзі – тұңғыық судай, Даналық көзі – тасқынды бұлақтай».
- Нақыл сөздер 16:22: «Ақылдыға естілік – өмір бұлағы».
- Нақыл сөздер 20:5: «Адамның ой-ниеті тұңғыық судай болар, Ақылды адам олардан сарқып алар».

Тұңғыық суы бар құдық – адамның жүрегінде, Өйткені Киелі Рух жүректі мекендейді. Алайда, Құдайдың жолдарын түсінетін есті адам ғана сол құдықтан су шығара алады. Бұл аяттағы негізгі сөз «сарқып алар». Тағы да ескерте кетейін,

шөл далада Киелі Рух аспаннан жаңбыр болып жаумайды, рухани сусынды еңбектеніп, құдықтан тартып шығарамыз.

- Нақыл сөздер 10:11: «Әділдің аузынан өмір қайнар...».
- Нақыл сөздер 15:23: «Дәл айтылған жауап адамды қуантар...».

«Құдайды іздегенді қойып, үйге қайтқаным дұрысырақ болар; мені шөл далаға әкелген Құдайдың Өзі, енді Құдайдың Өзі шөл даладан шығармайынша, еш өзгеріс болмайды» деген оймен палаткамды жинап алып, қайтып кетсем, келгендегі қалпымда кетер едім. Бірақ мен Құдайдың жүрегіме салған сөзін дауыстап айттым да, жүрегімнің тереңіндегі тұңғиық сулардан сусындай алдым. Судың тереңдегі көздеріне жетіп, мөлдір таза суды алып шықтым. Шөл далада салқын су ішіп сусындаған сондай болар!

Қуаңшылық кезінде көптеген сенушілер күрестен бас тартып, жеңілгенін мойындайды. Алайда, Құдай: «Алға баса бер! Тоқтама!» дейді. Жүрегіңізде тапжылмас табандылық пен қажырлы қайрат болсын, Құдайдың еркі толығымен орындалғанша, қайтпаңыз.

Қуаңшылыққа тап болғанда, көптеген сенушілер мінәжат етуді тоқтатады; су құдықтан өздігінен ақпайды, оны шығару тым қиын болып көрінеді. Олар әлсіз, бірақ Құдай оларды шынықтырып, болашақтағы шайқастарда жеңіс бермек.

Тереңдегі бұлақтардан сусындау үшін күш-қайратты қайдан аламыз? Күш – қуанышта, достым! Ишая пайғамбар:

«Құтқарылудың қайнар көздерінен

Су ала бересіңдер қуанышпен» дейді (Ишая 12:3).

Себебі, Нехемия пайғамбар айтқандай, «Жаратқан Иеге деген қуаныштарың сендерге күш-қуат беріп, паналарың болады!» (Нехемия 8:10).

Жаратқан Иеге деген қуаныш дегеніміз не? Көп жыл бойы Жаратқан Иеге деген қуаныш дегеніміз Құдайдың қуанышына ортақтасу деп ойлап келдім және оған қалай қол

жеткізе алатынымды түсіне алмадым. Алайда, бұл аяттың мәні басқада. Әлдебір жұмысты атқарғанда қуаныш сезіміне бөленген кездеріңіз болды ма? Сол істің өзінде қуаныш жоқ. Бірақ жұмыс атқарылғанда қуанасыз. «Жаратқан Иеге деген қуаныш» – бұл Құдаймен жақын қарым-қатынастан туындайтын қуаныш. Құдайдың Өзі беретін қуаныш!

Мінәжат еткенде, Құдайдың құзырын сезінбесеңіз, Құдай менен теріс айналды деп ойламаңыз. Біздің қуанышымыз сезімге негізделмейді. Қуанышымыз Құдайдың жеке Тұлғасына негізделеді, Құдаймен тығыз байланыста болу мәртебесіне ие болғанымыздан туындайды. Құдай менен теріс айналды деген пікір – шайтанның өтірігі, оған ермеңіз. Шын мәнінде, Құдай Әке бізді тереңдерге жетелейді!

Көмілген құдықтарды аршып алайық

Бірде Ыбырайымның Құдайдың құдіретімен дүниеге келген ұлы – Ысқақтың өмірінде қуаңшылық жылдары басталды:

«Бір кезде Ыбырайымның тұсында болғандай, елді тағы да аштық жайлады. Сонда Ысқақ філістірлердің патшасы Әбумәліктің еліндегі Герар қаласына қарай жол тартты. Ал Жаратқан Ие Ысқаққа аян беріп: «Мысыр жаққа көшпей, Мен айтқан жерде қоныстанып, сол елде жат жұрттық болып тұра бер! Саған жар болып, батамды қондырамын. Сенің ұрпақтарыңа осы жерлердің бәрін табыстап, әкең Ыбырайымға берген антымды жүзеге асырамын» (Жаратылыс 26:1-3)

Мысыр жайлы өмірді бейнелейді. Жаратқан Ие Ысқаққа Мысырға көшпей, Құдай қоныстандырған жерде қалуды бұйырды. Қуаң жерге тап болғанымызда, көбінесе, «мына жерден кету керек!» деп ойлаймыз. Таңғы мінәжат кезінде

Құдайдың құзырын айқын сезіне қоймасақ, ойымыз жан-жаққа шашырап, қам-қарекетімізді ойлап кетеміз. Мінәжатымызды асығыс аяқтай салып, шаруамызға кірісіп кетеміз.

Барып жүрген қауымымызда қуаңшылыққа тап болсақ, Құдайдан сұрамастан, «жігер беретін уағыздар айтылатын қауымға *кетем!*» деп шешеміз.

Кәсібімізде, не болмаса, әлеуметтік салада қуаңшылық болса да, басқа жаққа көшіп, экономикасы өркендеген қалаға орныққымыз келеді. *«Осында қала берсем, әбден кеуіп, қурап қаламын, өміріме деген Құдайдың жоспары орындалмай қалады»* деп ойлаймыз.

Америкадағы сенушілердің көбісі солай ойлайды. Олар бір әлеуметтік желіден екіншісіне, бір кәсіптен басқа кәсіпке, қауымнан қауымға, қаладан қалаға ауысып, сулы, нәрлі, құнарлы жер іздейді. Құдық қазып, Құдайдың еркімен қуаң жерді суарудың орнына олар жан тыныштығы мен жайлы өмір іздеп, «Мысырға көшіп кетеді». Алайда, олар бір ақиқатты түсінбейді: осы қуаң дала Құдай олардың арманын орындайтын жер болуы мүмкін. Рас, кейде Құдайдың Өзі ескі шарапты төгіп, бізді жаңа бастамаларға жетелейді. Сондықтан, Киелі Рухтың жетелеуімен жүргеніміз жөн! Құдайдың Өзі басқа жаққа жетелемесе, осы орныңызда қалып, күресті жалғастыра беріңіз!

Сонымен, Ысқақ аштық жайлаған елде қалды. Жаратқан Иеге осылайша мойынсұнуының нәтижесі мынадай болды:

«Ысқақ осы жерге егін салып, сол жылы одан жүз есе өнім алды, себебі Жаратқан Ие оны жарылқаған болатын. Осылай байи берді. Дүние-мүлкі көбейген үстіне көбейіп, Ысқақ нағыз бай адамға айналды. Оның ірілі-ұсақты малдарының отар-табындары және құл-қызметшілері көп болғандықтан, філістірлер Ысқаққа қызғанышпен қарай бастады. Сондықтан

олар Ысқақтың әкесі Ыбырайымның тірі кезінде қызметшілеріне қаздырған барлық құдықтарын топырақпен толтырып, бітеп тастады... Сол жерде Ысқақ әкесі Ыбырайымның тірі кезінде қаздырған, бірақ ол өлгеннен кейін філістірлер топырақпен бітеп тастаған құдықтарын қайтадан аршытып, оларды әкесінің қойған аттарымен атады» (Жаратылыс 26:12-15, 18).

Шөл даладан өту жолы

#10 Қуаныштың құпия кілті

Шөл дала кезеңі қиындыққа толы, кейде уайымға салынып, мәселенің шешуін іздеп, шарқ ұрамыз. Сіздерге сондай қиын-қыстау кездерде сенімді сақтап, қиындықты жеңіп шығудың сырын ашпақпын. Қандай жағдайда да қуана білудің құпия кілтін сіздің де қолыңызға ұстатпақпын.

Қанша дұға етсем де, түк шықпайтындай көрінгенде, жігерім таусылып, көңілім құлазығанда, Исаның өзіме жасаған жақсылығын еске аламын. Ол мені жалындаған оты мәңгі сөнбейтін, күкірт иісі мұңкіп тұрған тозақтан құтқарды. Тозақтағы азап мәңгі бітпек емес. Тозақ маған емес, шайтанға арнап жаратылған болатын. Алайда, шайтан адамзатты алдап соқты да, енді тозаққа өзімен бірге жетектеп ала кетпекші. Иса, менің Жаратушы Ием Өз өмірін қиып, мені тозақтан құтқарды.

Осыны ойласам, басымды көтеріп, Иемнің нұрлы жүзіне көз тіксем, алғысымды айта бастасам, өміріме мәңгілік тұрғысынан қарасам, бүгінгі жағдайым соншалықты маңызды болудан қалады. Қуаныштың құпия кілті – осы, Исаға қарап, жақсылығын еске қайта түсіріп, алғыс айту

Ысқақ әкесі Ыбырайым қаздырған, бірақ кейін філістірлер көміп тастаған құдықтарды қайта аршытып, егінін суаруға қажет суды сол құдықтардан алды. Ысқақ тәрізді біз де Құдайдың Сөзі жүрегімізде өсіп-өнуі үшін, оны, көмілген құдықтарымызды аршып, суаруымыз керек. Філістілер – осы дүниелік адамдар. Осы дүниемен, осы дүниелік жүйемен тым жақын қатынасқанмызда құдықтарымыз бірте-бірте көміле береді, оны, тіпті, өзіміз де аңғармай қаламыз. Құдықтарымызды аршып алып, жанымызды сусындатудан маңызды еш нәрсе жоқ.

Мәсіхтің қауымына осы дүниелік мәдениеттің, құндылықтардың өнуі көптеген құдықтарымызды көміп тастады. Қауым мөлдір таза судың қайнар көзі болуға тиіс. Ол дұшпанның еліктіруіне, құдықтарының көмілуіне жол беріп, қуаң жерге айналуы мүмкін бе?

Мені мына сұрақ толғандырған кез болды: «Құдай Өз Қауымын мөлдір таза сумен сусындатып, қайта өркендете алады ма?». Әрине! Бұл сұрақтың жауабын Ишая пайғамбардың жазбасынан табамыз:

«Мен, Жаратқан Ие, сендерді әрқашан жетелеп
жүремін, шөл далада да қажеттеріңмен
қамтамасыз етіп, денелеріңе қуат беремін.

Осылай сендер суы мол баққа, ешқашан
сарқылмайтын бұлаққа ұқсайтын боласыңдар.

Халқың ежелде қираған мекендеріңді қайтадан
салып, баяғы ұрпақтардан қалған негіздердің
үстінен қалаларыңды қайта орнатады.

Жұрт сендерді «Қираған қамалдарды қалпына
келтіріп, жолдар мен үйлерді қайта
салушылар»деп атайтын болады» (Ишая 58:11-12).

Ысқақ жағдайы жақсы елге көшіп, өз күйін жақсартпақ еді, Құдайға мойынсұнып, ол ойынан бас тартты. Мұратқа жетудің адами жолын іздемей, Құдайды дәріптесек, суы мол

бақтай, сарқылмайтын бұлақтай боламыз. Құдайдың еркіне сай жүрсек, Жаратқан Ие бізді қуаңшылықтан қурап қалған тағдырларды өзгертер бұлаққа айналдырады.

Осы дүние көміп тастаған құдықтарымызды қайта аршып алайық, Құдай бізді соған шақырады. Оған, әлбетте, табандылық қажет. Және бұл бірнеше сағат, бірнеше апта немесе бірнеше айдан да ұзақ мерзімге созылатын еңбек болуы мүмкін.

Талаптың сөнуі

Шөл дала – көптеген түрлі жағдайларды бейнелейтін метафора екенін оқырманға анық жеткіздім деп ойлаймын. Бұл жағдайлардың бәріне ортақ нәрсе – басқа түсетін қиындықтар мен рухани қуаңшылық. Шөл далаға тап болған сенушілердің көбі тағы мынадай күй кешеді: рухани енжарлық, жігерсіздік, түңілу, тіпті, Құдаймен қарым-қатынасқа деген селқостық.

Жастар қызметінің бағушысы болып қызмет атқарып жүргенімде басымнан өткен тағы бір шөл дала кезеңі жайлы айтып берейін.

Флоридадағы сол қауымдағы алғашқы тоғыз айым тамаша өтті. Жастар қызметі өркендеуде, командалық жаңа адамдар келіп қосылуда. Талабым таудай, жігерім тасып тұрған кез. Бірте-бірте күшім сарқылып, ынта-талабым да жоғалғандай болды.

Мінәжатқа көбірек уақыт бөлетін болдым. Өзгеріс байқалмайды. Оның үстіне, жастар қызметіне деген арман-мақсаттарым да көмескіленіп, мінәжатты көбейткен сайын сөніп бара жатты (бұл торсығымның ескі шараптан босағанының белгісі еді). Сырт көзге бәрі баяғысынша болғанымен, іште өзгеріс бар.

Оған қоса, бұрын-соңды көрмеген қиындықтарға тап болдық. Қол астында қызмет етіп жүрген басшым маған қарсы

іс қозғамақ болып, дайындалып жүр екен. Ондағы мақсаты – мені қызметтен тайдыру. Сол адамның опасыздығы әсіресе ауыр тиді. Ол кісінің ұлы мен бағушы болып жүрген жастар қызметіне қатысатын. Бір күні, жастар жиналысынан кейін әлгі жігіт жұбайыма жолығып, сұрақ қойды:

– Миссис Лиза, менің әке-шешем үйде мынадай іс істеп жүрсе, мен қалайша Джонның уағызына сай өмір сүре алмақпын? (ол кісілердің ісін атап айтудың қажеті жоқ, тек нашар іс екенін айтайын).

Лиза қапелімде сасқалақтап қалса да, даналықпен жауап берген екен:

– Құдайдың Сөзін қастерлеуден тайма, Құдайға адал бол. Әке-шешенің жүрегін Құдайдың Өзі өзгертсін, соған жол бер.

Сол күннен бастап, бастығым абыройымды айрандай төгіп, өзімді қызметтен қуып шығармаққа бел буды. Ол маған қарсы астыртын әрекет бастады. Бас бағушы екеуіміздің аразмызға жік салды. Он алты апта бойы бағушыммен жолығып, сөйлесе алмадым.

Әлгі кісінің бірнеше айға созылған жауыз әрекеттерінен кейін бас бағушы мені қызметтен шығаратын болып шешті. Жексенбілік жиналыста бағушы жастар қызметінде едәуір өзгерістер болатынын айтып, хабарландыру жасады. Бағушының екі інісінен дүйсенбі күні жұмыстан шығарылатынымды естідім.

Алайда, Құдай Өзі араласып, кереметін жасады. Бас бағушы шешімінен бас тартты. Жексенбілік қызметтегі әлгі хабарландыру мен дүйсенбіге белгіленген кездесуіміздің аралығында Құдай бағушының жүрегіне сөйлеген екен. Кездесу барысында ол кісі былай деді:

– Джон, сені біздің қауымға жіберген Құдайдың Өзі. Құдай Өзі жетелеп алып шықпайынша, кетпейсің.

Алты айдан кейін мені аяғымнан шалмақ болған бастығымның өтірігі ашылып, қауымдағы қызметінен босатыл-

ды. Оның істері біздің білгенімізден әлдеқайда асып түскен екен.

Сол бір ауыр кезеңде осы сияқты сырттан келген шабуылдармен қатар бұрын-соңды болмаған ішкі түйткілдер де көп болды. Әлбетте, кінәні өзімнен іздедім. Есіме түсіре алған әрбір күнәмді атап, Құдайдың алдында қайта-қайта тәубе еттім. Онымнан жеңілдік болмады, қуаңшылықта қала бердім. Шабуылдар да тоқтаған жоқ.

Бірде, қандай күнә жасағанымды түсінбек болып тағы сиынып отырғанымда, Құдай: «Бұл шөл далаға күнә жасағандығыңнан келген жоқсың! Мен сені алдағы өзгерістерге дайындаудамын» деді. Бұл 5-ші тарауда сөз болған «жаңа шарап» болатын.

Сол қиын кезеңнің басталғанына бір жылға жуық болған. Құдай мені ауыз бекітіп, ораза ұстауға жетеледі. Ораза тұтқаныма бірнеше күн болғанда, Құдайға сиынып отырғанымда аузымнан шыққан сөзімді құлағыммен естіп, қайран қалдым. Ой-санадан емес, жүректен шыққан мінәжат еді: «Жаратқан Ием, елсіз иен далада жалғыз қалсам да, миллиондаған адамның алдында тұрып, уағыз айтсам да, жүрегімде жалғыз ниет болсын. Қайда болсам да, не істесем де, жалғыз тілегім – Сенің жүрегіңе жақын болу!».

Жан-дүниемде асқақтаған саз естілгендей болды. Құдайдың жүрегімді қалай өзгертпек болғанын түсіндім! «Құдайым, көздегенің осы екен ғой», – дедім. – «Несібем де, өмірдегі үлесім де – қызметім де емес, басқа да емес, Өзіңсің. Жалғыз махаббатым да – Өзің. Осыны ұғынып, мойындай алатын күйге жеткіздің мені. Сенің жарылқауың келгенде, оны Сенен артық көріп, пір тұтпаймын. Сенен теріс айналып кетпеймін, қызметті Сенен артық бағаламақ емеспін. Жүрегім әрқашан да тек Сен деп соғатын болады».

Сол сәт Құдайдың Дәуіт туралы айтқаны есіме түсті:

«Кейін оны тақтан түсіріп, халыққа Дәуіт пайғамбарды патшалыққа тағайындады. Құдай ол туралы мына тәрізді сөздер айтты: Мен көңілімнен шыққан адамды тауып алдым, ол – Есей ұлы Дәуіт. Сол Менің қалағанымның бәрін орындайтын болады» (Елшілердің істері 13:22)

Естеріңізге мына бір маңызды мәліметті тағы да түсіре кетейін – Саул патшаның өмірінде шөл дала кезеңі болған емес. Бастапқыда, Самуил оны патшалыққа майламақ болғанда, Саул жүктің арасында жасырынып, кішіпейілділік танытқан-дай еді. Бірақ, бірнеше жетістіктен кейін, шынайы мінезі көріне бастады. Саул ұлы шайқаста жауды жеңіп шықты, алайда, сол жеңіске Құдайға мойынсұнбастан, өз бетінше, адами жолмен әрекет етіп жетті. Бұл аз болғандай, өзіне ескерткіш қойғызды. Әділетсіз істерінің бұл бастамасы ғана еді. Әрі қарай құлдырай берді де, ақырында, ажал құшты. Оған себепкер болған – өзі жеңуге тырыспаған осал мінезі еді.

Екі түрлі жағдайда бойыңыздағы асылыңыз да, арам ниетіңіз де анық көрінеді. Оның бірі – оттың тазартушы жалыны. Екіншісі – жетістік. Алайда, жетістігіңіз мінезіңіздің осалдығын айналадағы жұрттың бәріне көрсетеді, ал өзіңізге сонда да көрінбеуі мүмкін. Жүректері отқа тазармаған қызметкерлер көп. Кезінде олар шөл даланың отына қақталғысы келмеді. Дегенмен, Саул тәрізді олар да қызметке тағайындалды. Өкінішке орай, олар сол қызметке дайын болмай шықты. Жеткен жетістіктері олардың бойында алтын ғана емес, қоқыстың да барын көрсетті. Сол рухани қоқыс оларға тапсырылған істі тып-типыл етіп қиратты.

Саул өзінің «қызметін» жақсы көргені сонша, оны сақтап қалу үшін адам өлтіруге дейін барды. Дәуіт таққа таласқан жоқ; Құдайдың жүрегіне ұмтылды. Шөл далада Дәуіт қуаныштың сарқылмас көзін тапты, сол қайнар бұлақ – Құдай-

дың Өзі еді. Саул бір емес, екі рет Дәуіттің қолына түсіп-ақ тұр еді. Дәуіттің серіктері оны жауын өлтіріп, таққа ие болуға итермеледі. Дәуіттің пиғылы Саулдыкіндей болса, Құдайдың Самуил пағамбардың аузымен берген уәдесіне қол жеткізбек үшін, шімірікпестен қан төгер еді.

Құдайдың өздеріне уәде еткен игіліктеріне қол жеткізу мақсатында бауырласын сыртынан жамандауға да, өсек айтуға, да жалған сөйлеуге де дайын тұрған сенушілер көп; бұл өкінішті де, күлкілі де. Ондайлар Саулға ұқсас. Еншісін алып қалу үшін бәріне дайын. Құдай мансап, байлық, әл-ауқат, абырой-бедел қуғандарды емес, жүректері Құдай деп соққан «Дәуіттерді» іздейді. Ескі торсықты илеп жұмсарту дегеніміз – бойымызға Исаның мінезіндей мінез қалыптастыру, сол мінезді нығайтып, тереңдету. Сондай мінез ғана Киелі Рухтың жас шарабының қысымына (майлауы мен құдіретіне) төзе алады. Құдайымыздың жүрегін іздеп, Оны жақын танып-білуге, Құдайдың еркіне сай жүруге күш салғанымызда, бойымызға сондай мінез қалыптасады.

«Оған қанша уақыт қажет?» деп сұрайтын боларсыз.

Жауабым мынадай болмақ: «Уақытты ойлап, қам жеменіз; су шыққанша тереңдеп қаза беріңіз». Көбінесе, бір мінәжаттан кейін жауап келе қоймайды. Мінәжат етуді жалғастыра беріңіз, дұғаңызды тоқтатпаңыз.

Далласта тұрғанымызда, бағушы мен жұбайы екеуінің көмекшісі болатынмын. Бас бағушының көмекшісі, қауым қызметкерлері ұжымының басқарушысы менің жақын достарымның бірі еді. Сол жолдасыммен бірігіп күнде дерлік таңертең мінәжат ететінбіз. Мінәжат бөлмесіне таңғы сағат 07:00-де барып дұға ете бастайтынбыз. Құдайдың құзырын, Жаратқан Иенің әрекетін сезінген кездеріміз жиі болды. Сонымен қатар, мінәжат бөлмесінен сағат 08:30-да (жұмыс күні басталатын уақыт), кеңсемізге баратын уақыт болғанда, рухани сусынымыз еш қанбаған күйі шыққан күндеріміз де

болды. Сондайда көңіліміз қалуға өте таяу едік. Көмілген құдықтарымыздың аршылмаған кезі еді ол!

Ертеңіне тағы да бас қосып, мінәжатымызды жалғастыратын едік. Кейде сондай қуаңшылық қатарынан екі-үш күнге, кей жолдары, тіпті, бір аптаға созылатын! Дегенмен, артынша дүр сілкініп, қайта түлеп, жігерленіп шығатынбыз.

Қызмет бабымен бүкіл Американың қауымдарын аралап шықтым. Көптеген сенушілер құдықтарының көмілуіне жол берген де, өздері сол құдықтардың жанында жантая орналасқан. Әсіресе толғандыратыны: мұндай күйге түскендер саны тым көп. Осы көпшілік Киелі Рухтың отын лаулатып, Құдайдың еркіне сай жүрсе, не болар еді? Айналамыздағы адамдар, жанұялар, қауымдар, бүкіл Америка өзгерер еді ғой!

Киелі Рухтың дарындарын сөндіріп тастаған сенушілер тым көп. Құдықтар көміліп қалса да, Киелі Рух сізді күтеді.

Тереңге бойлай беріңіз! Шөл далада мөлдір судың қайнар көзін табасыз!

ҚҰДАЙҒА ЖОЛ ДАЙЫНДАҒАҒА

«Тауқымет қашанда қапелімде келеді, ешкім де оны өзіне тілеп алмайды. Тауқымет – қаскүнем ұры, алайда, Құдайдың қолында ол Жаратқанның құдіретін көрсететін құралға айналады».

— Чарльз Стенли

«Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Әкесінің істегенін көрмесе, Оның рухани Ұлы өздігінен ештеңе істей алмайды. Өйткені Әкесінің жасап жатқанын Ол да дәл солай жасайды».

— Жохан 5:19



Шөл дала – Құдайымызға арнап даңғыл жол салынатын жер, сай-сала толтырылып, тау-төбелер аласаратын жер. Ишая пайғамбар осыны көркем тілмен жеткізеді:

«Жар салған дауыс шығады айдалада:

«Жаратқан Иеге жолды дайындаңдар!

Құдайымызға арнап иен далада

Түзу қылып даңғыл жолды салыңдар!

Жолдағы сай-салалар толтырылсын,

Әрі тау-төбелер аласартылсын,

Бұралаң жерлері де түзетілсін,

Ой-қырлары да түгелдей тегістелсін!

Сонда Жаратқан Иенің ұлылығы

Бар адамзатқа көрінетін болады,

(Оның өз халқын құтқарып алғанын)

Барлығы да ап-анық көре алады.

Себебі Жаратқан Иенің Өзі

Осы бұйрықтарды шығарған еді».

– Жар сал! – деп бір дауыс бұйырды.

– Не туралы жариялайын? – деп сұрады хабаршы.

– Күллі пенде атаулы көк шөп секілді!

Бар салтанаты мен сенімділігі дала гүлдерінде

өткінші: Жаратқан Ие ыстық лебін үрлесе,

шөп қурап, гүлдер солып қалады. Шынынд халық сондай шөпке ұқсайды! Шөптер сарғайып қурап, гүлдер солады, Құдайымыздың сөзі мәңгі қалады» (Ишая 40:3-8).

Дәл қазір иен даланы кезіп жүргендер үшін осы аяттардың мән-мағынасы қандай?

Мәсіхтің Қауымындағы әр адамға Құдайдың тапсырмасы берілген. Құдайдың сол аманатын орындауға кірісерден бұрын, шөл даладағы сынақтан өтіп, шынығуымыз керек. Шөл далада ескі болмысымыз айқыш ағашқа шегеленеді. Сонымен қатар, шөл далада Құдайдың өзі белгілеген мерзімін төзімділікпен күтуді, сол мерзімге дейін сабыр сақтауды үйренеміз. Белгіленген уақыт келгенде, Құдайдың үнін естіп, айтқанын ұғып, Жаратқан Иеміздің еркін бұлжытпай орындаймыз.

Шөл даланы кесіп өтетін жол тіп-тік емес, адастырар айналма жолдар мен қым-қиғаш қиылысқан бұрылыстардан, ішінара күтпеген аялдаулардан тұрады. Соны көрсету үшін өз басымда болған тағы бір жайды баяндап берейін.

1979 жылы, «Пердью» университетінде оқып жүрген болатынымын, сол жылы ерлердің жатақханасында Ізгі хабарды естіп, тәубе еттім. Төрт ай өткенде Киелі Рухқа шомылдым. Енді Құдай мені қызметке шақыра бастады. Шынымды айтайын, Құдайға қызмет ету үш ұйықтасам, түсіме кірмейтін; ондай істен, тіпті, аулақ жүргім келетін. Мен көрген қызметкерлердің барлығы үлгі алардай адамдар емес-ті. Сол кездегі пікірім біржақты болса да, айтайын, Құдайға қызмет етіп жүргендердің барлығы әпенділеу, балалары да біртүрлі, тозығы жеткен үйлерде тұратын адамдар деп ойлайтынмын. Сол пікірім жаңсақ екенін кейін білдім, әрине. Шындап келгенде, өте парасатты, балалары да тамаша, және жақсы үйлерде тұратын қызметкерлер көп екен! Дегенмен, жас кезімде

Құдайға қызмет ету деген – құты қашқан күнкөріс немесе Африкадағы лашықта аш-жалаңаш өмір сүру деп ойлайтынмын.

Балалық шағым 3.000 халқы бар кішкене ғана қалада өтті. Құдайдың екі қызметкерін ғана білетінмін. Бірі – католик дін қызметкері (католик дінінде қызметкерлерге үйленуге рұқсат жоқ, сондықтан ондай қызметті тіпті қарастырған емеспін), екіншісі – азын-аулақ адамы бар қауымның бағушысы. Бағушының жасы менімен шамалас екі баласы бар еді. Екеуі де – біртүрлі оғаш мінезді балалар. Және, қашан барсаң да, үйінен мұңкіген иіс шығып тұратын. Бір барғанымда, әлгі иістің күшейіп кеткені сонша, еркін тыныстай алмай, кеткенше асықтым. Сылтау тауып, үйден атып шықтым! Құдайға қызмет етуді онша армандап жүрген жігіт емес едім, қысқасы. Діни қызметкер де, оғаш мінезді балалардың әкесі де, сасық үйдің егесі де болмақ емеспін. Африкаға миссионер болып барып, сондағы ескі лашықта өмірім өткенін де армандаған емеспін.

Жоспарым – «Пердью» университетінің машина жасау факультетін бітіріп, артынан «Гарвардта» бизнес басқару магистры дәрежесін алу. Әрі қарай американдық корпорациялардың біріне жұмысқа тұрамын, қызметім жоғарылай береді, ақшаны молынан табатын боламын, қауымымды қаражатпен қолдап отырамын. Міне, менің жоспарым осылай болатын. Ал Құдайдың толық қызметке кіру жайлы жүрегіме салған ойынан ат-тонымды ала қашатын едім (өз жоспарым да жақсы еді, тек Құдайдың жоспарына сай келмейтіндігі болмаса).

Төрт ай өткенде, жексенбілік жиналыстардың бірінде бағушымының уағызын тыңдап отырғанымда, Киелі Рух бұрынғыдан қаталырақ сөйледі: «Мен сені қызмет етуге шақырдым! Не істемек ойың бар?».

Бұл жолғы естігенім өте анық болды. «Құдайым, мейлі Африкада, ескі лашықта, аш-жалаңаш қалсам да, Саған мойынсұнамын, қызмет етемін!» деп жауап бердім. (Құдай

біздің назарымызды Өзіне қалай аудару керек екенін біледі. Бұрын, жұмсағырақ сөйлегенінде, көне қоймайтынмын). Енді міне, шешімімнің құнына қарамастан, Құдай Тағаланың көңілінен шығуға дайынмын!

Осыдан кейін Құдай мені дайындауға кірісті. Жүрегім лаулап жана бастады; жатақханадағыларға Иса туралы айта бастадым, Ізгі хабар естігендердің көбісі тәубе етті. Шамамен бір жарым жылдан кейін жатақханада Киелі Кітапты оқып талдау үйірмесін аштым. Басқосуларымызға университет жатақханаларының бәрінен студенттер келетін болды. Апта сайын жаңа адамдар өмірлерін Исаға арнап жатты, сауығу мен азат болу сияқты кереметтер көп болды.

Құндылықтарым түбегейлі өзгерді! Ізгі хабар таратуға деген ниетімнің күшті болғаны сондай, университетті соңғы курсында тастап, қызметкерлер дайындайтын діни мектепке кетпек болдым. Ойым былай болатын: мен болашақ уағыздаушы екенмін, адамдар күнде тозаққа кетіп жатқанда, математика мен физиканы оқудың не қажеті бар? Жақында Иса қайтып келеді, пісіп тұрған егіндікті жинауға асығуым керек.

Университеттегі сабақтарымды жек көріп кеттім. Бір күні кешке, үй тапсырмасын орындап отырғанымда, сәреде тұрған Киелі Кітапқа көзім түсті. Ғылым-білімге әбден тойған екенмін! Термодинамика пәнінің оқулығын қабырғаға атып ұрдым. Енді күтпеймін; университетті тастап, қызметкерлер дайындайтын оқу орнына түсуге бел будым.

Маған рухани қамқорлық жасап жүрген жігітке қоңырау шалдым. Ол «Пердью» университетінде зерттеу жүргізетін әрі менің жақын досым. Мен үзілді-кесілді:

– Дон, оқуды тастайтын болдым, қызметкерлер дайындайтын оқу орнына түсемін! – дедім.

Дон салмақты жауап берді:

– Бүгін кешке серуендеп қайтайық, жолай осы жайында мінәжат етейік. Қалай қарайсың?

Солай еттік те. Сол күні Құдай жүрегіме сөйледі: «Өзім белгілеген уақытта толық қызметке кіресің ... Машина жасау саласындағы оқуыңды аяқта».

Кейін, шағын қалада туып өскен мендей адамға Құдай қалайша Ізгі хабарды әлемге таратуды бұйырады деген оймен арпалысқанымда, Жаратқан Ием: «Саған берілген тапсырманы ойластырып, бекіткен кім, сен бе, Мен бе?» деді.

«Сен, Ием», – деп жауап бердім.

«Жоспарымның іске асуын сенен гөрі Мен көбірек ойлаймын, солай емес пе?». Құдайдың осы сөзі жүрегіме тыныштық сыйлады.

Сонымен, машина жасау факультетін бітіріп шықтым. Оқуымды бітіргеннен кейін «Роквэлл Интернейшнл» компаниясына, АҚШ Әскери-теңіз флотының тапсырысымен жасалып жатқан жобаға инженер-технолог болып жұмысқа тұрдым. Жақсы қауым тауып, соған баратын болдым. Бір жылдан кейін Лизаға үйлендім.

Қауымға бойдақ жігіт болып барған едім, қауымдағы қай қызметте көмегім керек болса, соның бәріне қатыстым. Үйленгеннен кейін де сол. Тәртіп тобында қызмет еттім, түрмедегі қызметке қатыстым, бағушының балаларына теннис ойнауды үйреттім, басқа салаларда да көмек көрсеттім. Қауымда қызметкерлерді дайындайтын мектеп бар еді, оның кешкі сабақтарына барып жүрдім.

Екі жылдан кейін қауым мені бағушы мен бағушының отбасына көмекші етіп жұмысқа алды. Бағушыға өмірлік миссиям – Ізгі хабар тарату екенін, сол себепті бұл қызметтен бір жылдың көлемінде кететінімді алдын-ала айттым. Менің міндетім бағушының отбасына тиесілі машиналарды жуу, оларға жанармай құю, бағушының аяқ киімін тазалау,

түрлі тапсырмаларын орындау, екі баласына суда жүзуді үйрету, қауымға келген қонақтарды күтіп алып, оларға жағдай жасау, тағы басқа көптеген ұсақ-түйек шаруа. Бір жыл емес, төрт жарым жыл бойы осы қызметті атқардым.

Құдайға қызмет етуге келісім бергеніме, сол кезде, бақандай жеті жыл болған еді. Университетте оқып жүргенімде көз алдымда талай студент тәубе етті, талайы шипа алды, тәуелділіктерден азат болды. Жақында, тіпті, бірер аптада, толық қызметке кірісемін деп ойлайтынмын сонда. Құдайдың мені қандай жолмен жетелейтінінен бейхабар едім.

Қауымда қызмет етіп жүрген сол төрт жарым жылдың ішінде үш рет толық қызметке кіруге әрекеттендім. Азиядан Далласқа қайтып келе жатқан жолда ұшақта Киелі Кітап оқып отырған едім. (Құдайдың мені жіберетін жері сол емес пе екен, соны білмек болып, Азияға үшінші рет барған болатынмын). Жохан жазған Ізгі хабардағы бір аят кітап бетінен секіріп шығып, дәл жүрегіме түскендей болды: «Құдай жіберген Жақия есімді адам болды» (Жохан 1:6). Киелі Рух: «Джон Бивер жіберген адам болғың келеді ме, әлде Құдай жіберген адам болғың келеді ме?» деп сұрады.

«Құдай жіберген адам болғым келеді» дедім.

«Дұрыс, өйткені, сені Джон Бивер жіберсе, Джон берген билік пен құдіретке ие боласың, ал Мен жіберсем, Менің билігім мен құдіретіме бөленіп барасың!» деп жауап берді Жаратқан Ием.

Осыдан кейін сабама түстім де, Құдайдың бүгінгі тапсырмасын алаңдамай орындауға күш салдым. Алайда, біраздан соң әлгі тағатсыздық қайта оралды. Шөл даладағы дайындығым әлі аяқталған жоқ-ты; әлі де шындалуда едім.

Сол жеті жыл бойы Құдай мені сөреге қойып, қызметте қашан орын босайтынын күтті дей аламыз ба? Жоқ, тіпті де олай емес! Сол бір шөл дала кезеңі әбден ысылып, Құдайға

ұнамды мінез қалыптастыруым үшін қажет еді. Құдайдың жолымен жүруге дайын болуым үшін. Болашақтағы қызметімде жемісті болуым үшін мінезім пісіп-жетілуі тиіс еді. Кейін түсінгенім, әрбір жаңа рухани белеске шығарымыздың алдында дайындық кезеңі болады екен.

Өз күшіңізге сүйенбеңіз

Ниетіміз қанша жақсы болса да, Құдайдың қатысуынсыз мәңгілікте құнды болар ешбір іс қолымыздан келмейді! Сол істі Исаның атымен атқарсақ та! Исаның Өзі: «Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Әкесінің істегенін көрмесе, Оның рухани Ұлы өздігінен ештеңе істей алмайды. Өйткені Әкесінің жасап жатқанын Ол да дәл солай жасайды» деген еді (Жохан 5:19).

Не деген мәлімдеме десеңізші! Иса – адам кейпінде келген, майланған Құдайдың рухани Ұлы Өздігінен шын мәнінде құнды болар ештеңе істей алмайтынын мәлімдейді. Осы ақиқатты анық ұғынуымыз үшін бірнеше мысал келтірейін.

Иса Бетанияда тұратын Елазарды, оның екі қарындасы Марта мен Мәриямды жақсы көретін. Бірде Елазар қатты науқастанды. Сонда не болғанын оқып көрейік:

«... апалы-сіңлілі екеуі: «Мырза, Сіз жақсы көретін кісі ауырып жатыр», – деп Исаға Елазар туралы хабар жіберді. Иса мұны естігенде: «Бұл аурудың соңы өлімге соқтырмайды, қайта, Құдайды ұлылыққа бөлеуге септігін тигізеді: ол арқылы Құдайдың рухани Ұлының құдіретті ұлылығы көрінеді», – деді. Иса Мартаны, оның сіңлісі мен Елазарды жақсы көруші еді. Бірақ Ол Елазардың науқастанып жатқанын естісе де, сол кезде болған жерінде тағы да екі күнге қалып қойды» (Жохан 11:3-6).

Иса көктен келген Мәсіх болғанымен, Оның да жақын достары бар еді. Достарының бірі – Елазар, Иса Елазармен

және оның отбасымен жақсы достық қарым-қатынаста еді. Алайда, жаңа ғана оқығанымыздай, досының төсек тартып жатқанын естісе де, Иса екі күн бойы орнынан қозғалмайды. Неге тездетіп Бетанияға жүрмейді? Өйткені, Құдайдан сондай бұйрық болған жоқ. Иса Киелі Рух жүруге нұсқау бергенше, Құдайға мойынсұнып, сол орнында қала берді. Құдайдан сөз келісімен, жолға шықты.

Осы жайлы ой толғап жүргенде түсінгенім, Елазар менің досым болса, Киелі Рухтан сұрамастан, машинама отырып, шұғыл түрде жетер едім де, қолымды қойып, мінәжат етер едім. Өкінішке орай, Сенушілердің көбісі солай. Құдай үнемі бізбен бірге, сондықтан, әлгіндей жағдайларда Киелі Рухтың жетелеуін сұраудың қажеті жоқ деп ойлаймыз. Сабыр сақтап, Құдайдың Рухына сезімтал болғанымыз дұрыс болар еді. Жаратқан Иенің Өз жоспары бар ғой. Сәл бөгеліп, Құдайды тыңдасақ, Құдайдан нұсқау күтсек немесе Құдайдың жоспарын ұғынуға тырыссақ, не істеуіміз керек екенін Киелі Рух айтар еді.

Киелі Рухтың жетелеуінсіз-ақ, науқастарға қол қойып мінәжат етсек, Құдай олардың барлығын сол сәт сауықтыруға міндетті деп ойлаймыз ба? Олай болса, неліктен ауруханаларға барып, науқастарды түгел сауықтырып алып шықпаймыз?

Киелі Кітапты оқып отырып, байқайтынымыз, кейбір жағдайда «Иса науқастардың барлығын түгел сауықтырып жіберді» (Матай 15:30, NLT аудармасы). Енді бір жағдайларда, мысалы, Жохан жазған Ізгі хабардың 5-ші тарауындағыдай, Бетезде деп аталатын тоғанның төңірегінде жатқан соқырлар, ақсақтар, сал болып ауырғандар, тағы басқа көптеген науқастарды сауықтырмай, отыз сегіз жыл сал болып жатқан бір ғана адамды сауықтырды. Киелі Рухтың жетелеуі солай болды ма?

Тағы бір мысал: тумысынан сал болып туған бір адамды күн сайын ғибадатхананың «Көрікті қақпасының» қасына

көтеріп алып келіп, отырғызып қоятын. Сол жерде ол қайыр сұрап отыратын еді. Иса ғибадатханаға барған сайын сол қайыршыны көрді ғой, неліктен сауықтырмады? Өйткені, көктегі Әкесі сондай нұсқау берген жоқ.

Кейінірек, Иса көкке көтеріліп кеткеннен кейін, Петір мен Жохан ғибадатханаға барғанда, Киелі Рухтың жетелеуімен әлгі адамды сауықтырды. Соның арқасында халықтың арасында рухани ояну басталды (Елшілердің істері 3).

Исаның қызметінде қатып қалған қағидалар болған жоқ; біреуге түкіріп шипа берсе, біреуге қол қойып шипа берді, енді біреулерге «сеніміңе бола құтқарылдың» деп сөз айтты. Бір зағип адамның көзіне батпақ езіп жақты, біреулерді дін қызметкеріне көрініңдер деп жіберді. Осынау алуантүрліліктің себебі неде дейсіз ғой? Өйткені ешбір істі Өздігінен жасаған жоқ, Әкесінің жасап жатқанын көріп, Ол да дәл солай жасайды! Құдай әр науқастың сауығуының уақыты мен әдісін дөп таниды.

Құдай әр қызметкерінің осындай болуын қалайды. Исаның не істеп жатқанын көріп, соны біз де істеуге тиіспіз, көктегі Әкеміз соны қалайды. Өз ойымыз бен өз қалауымызға сай әрекет еткенімізді емес. Жохан жазған Ізгі хабарда Иса: «Әкемнің Өзімді осы дүниеге жібергені сияқты, Мен де сендерді адамдарға жіберемін» деп айтады (Жохан. 20:21). Біз Исаға ұқсап өмір сүруге, яғни, Киелі Рухтың жетелеуімен жүруге, Ол ғана істете алатындай істер атқаруға тиіспіз. Ол үшін ескі болмысымыз Мәсіхтің Рухы – Киелі Рухқа толықтай бағынышты болуы шарт. Киелі Рухтың жетелеуімен жүруді үйренуге ең қолайлы жаттығу залы – шөл дала. Шөл дала сын-тегеурінге толы, онда Жаратқан Иеге даңғыл жол дайындалуда.

Жаратқан Ие Мұсаны қызметіне шөл далада қырық жыл бойы дайындады. Дайындық мерзімі аяқталғанда:

«Кәне, жүр, Мен сені перғауынға жіберемін. Сен халқым Исраилді Мысырдан бастап алып шығасың! – деп бұйырды. Ал Мұса Құдайға:

– Перғауынға барып, исаилдіктерді Мысырдан алып шығатындай соншама мен кіммін? – деп жауап қайырды. Құдай:

– Мен саған жар боламын. Сен халықты Мысырдан алып шыққан соң, сендер Маған осы таудың маңында ғибадат ететін боласыңдар. Сені Өзім жібергендігімнің дәлелі сол болмақ, – деді» (Мысыран шығу 3:10-12).

Құдайдың осы айтқанын өздерін өздері жіберген адамдарға айтқанымен салыстырып көрейік:

«Мен бұл пайғамбарларды жіберген жоқпын, әйтсе де олар хабарларын жеткізуге асығады. Мен оларға сөйлеген де жоқпын, ал олар бәрібір пайғамбарлық сөздер айтқансыды. Иә, сол өтірік түс айтатындарға Мен қарсы шығамын! Мен оларға тапсырма беріп тағайындамасам да, жібермесем де, олар көрген түстерін айтып, сорақы өтіріктерімен халықты теріс жолға салады. Олардың осы халыққа тигізетін титтей де пайдасы жоқ!» – деп тұжырымдайды Жаратқан Ие» (Еремия 23: 21, 32).

Өте қатаң айтылған! Мұндай сөзді Құдайдың аузынан естігісі келетін адам жоқ-ау.

Қырық жасында, Мұса өзінің қандастарын алғаш рет құтқармақ болғанда, халыққа титтей де пайдасы тимеді, өйткені сол кезде оны Құдай жіберген жоқ. Мұса өзінің өмірлік миссиясын білетін. Білімдар, басшылыққа қабілетті, парасатты, Мысырдың бетке тұтар азаматтарының бірі болатын. Алайда, Құдайдың қолдауынсыз, Құдай белгілеген мерзімнен бұрын ханзада мәртебесінде жүрген Мұсаның өзі де Жаратқан Иенің

аманатын орындай алмады. Қол жеткізген нәтижесі – жау жақтан жалғыз сарбаздың өлімі болды. Мұсаның ниеті адал болғанымен, сол бір асығыс әрекеттің пайдадан гөрі зияны көп болды. Елсіз иен даладағы қырық жылдық дайындықтан кейін жаңа Мұсаны көреміз. Бұл Мұса – Құдайдың айтқанынан бір елі ажырамайтын, тек Құдайдың жетелеуімен әрекет ететін, Құдай айтпаса, тіпті, қозғалмайтын Мұса. Сонымен, Құдайдың Өзі белгілеген уақытта, Мұсаның бастауымен, Исраил халқы құлдықтан босап шықты, ал Мысырдың әскерін Қызыл теңіз түп-түгел жалмап қойды. Пенденің күші мен Құдайдың құдіретінің айырмашылығы осы – бір сарбаз бен қалың қол.

Жақия пайғамбар небәрі алты айға созылған қызметіне отыз жыл бойы дайындалды. Дегенмен, Иса Жақияның қызметін ерекше атап өтті. Жақия туралы Иса: «Сендерге шындығын айтайын: адам баласы атаулының ішінде Жақия пайғамбардан жолы үлкен ешкім болған емес» деген еді.

Дәл солай! Адами күш-қабілетіне сүйеніп, тер төккен адамның алпыс жылда істеген ісінен Құдайдың Өзі жіберген адамы арқылы алты айда жеткен нәтижесі асып түседі.

Иса: «Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Әкесінің істегенін көрмесе, Оның рухани Ұлы өздігінен ештеңе істей алмайды. Өйткені Әкесінің жасап жатқанын Ол да дәл солай жасайды» дегенде осыны меңзеген болатын (Жохан 5:19).

Ишая пайғамбардың сөзін тағы да қайталап оқиық:

«Жар салған дауыс шығады айдалада:

«Жаратқан Иеге жолды дайындаңдар!

Құдайымызға арнап иен далада

Түзу қылып даңғыл жолды салыңдар!

Жолдағы сай-салалар толтырылсын,

Әрі тау-төбелер аласартылсын,

Бұралаң жерлері де түзетілсін,

Ой-қырлары да түгелдей тегістелсін!

Сонда Жаратқан Иенің ұлылығы
 Бар адамзатқа көрінетін болады,
 (Оның өз халқын құтқарып алғанын)
 Барлығы да ап-анық көре алады.
 Себебі Жаратқан Иенің Өзі
 Осы бұйрықтарды шығарған еді.

– Жар сал! – деп бір дауыс бұйырды.
 – Не туралы жариялайын? – деп сұрады хабаршы.

– Күллі пенде атаулы көк шөп секілді!
 Бар салтанаты мен сенімділігі дала гүлдерінде
 өткінші: Жаратқан Ие ыстық лебін үрлесе, шөп
 қурап, гүлдер солып қалады. Шынынд
 халық сондай шөпке ұқсайды! Шөптер сарғайып
 қурап, гүлдер солады, Құдайымыздың сөзі мәңгі
 қалады» (Ишая 40:3-8).

Шөл дала – Жаратқан Иеге арнап даңғыл жол салынып
 жатқан жер. Құдайдың жолы адамның күш-қайратын
 да емес. Ескі болмыстың тәкаппар тау-төбелері аласарсын,
 кішіпейілдер (Құдайды күтіп жүргендер) еңселерін көтерсін,
 бұралаң жерлер (жалғандық, өтірік, екіжүзділік) түзетілсін,
 ой-қырлар (дөрекілік, жаратпаушылық, өшпенділік) түгел-
 дей тегістелсін дейді Құдай!

Студент кезімде Исаның жаңа шәкірті едім, сол кезде Ізгі
 хабар таратудағы еңбегімді Құдай жарылқады, қызметім
 жемісті болды, дегенмен, өмірімдегі кейбір таулар аласаруға
 тиіс, ойлы-қырлы жерлер тегістелуі тиіс еді. Ысылып, кейбір
 мін-ақауларымнан арылуым үшін шөл дала кезеңінен өтуім
 керек екенін Құдай білді.

Шөл дала кезеңіндегі ең маңызды нәрсе – Құдайдың ер-
 кіне мойынсұну, өмірімізде Құдайдың Өз қалауынша әрекет
 етуіне мүмкіндік беру. Далластағы қауымда бағушыма қыз-
 мет етіп жүргенімде, Құдай маған: «Джон, болашақта Ізгі

хабар таратуда ауқымды қызмет етесің, алайда, ертеңді күтіп жүріп, өмірінде бүгін істемегімді елеусіз қалдырма» деп тіл қатты. Мен болсам, Ізгі хабар тарату қызметіне кірісуге асығып жүргенім сонша, уақытым бос кеткендей көріп жүр екенмін.

Шөл даладан өту жолы

#11 Жолдорбаңыз жинаулы болсын

Шөл дала кезеңі ұзаққа созылып, бітпестей көрінсе, жолдорбаңызды ашып, сол жерді мекендемек болып, жайғаса бастауыңыз мүмкін. Шөл даланы өмірлік мекеніңізге айналдырмаңыз. Уақыты келгенде, Құдай сізді лезде көшіріп әкетеді. Сондықтан, үнемі дайын болыңыз. Жүсіпті еске алыңызшы: тар қапастан енді қайтып шықпайтындай болған ол бір күннің ішінде, аяқ астынан арманына қол жеткізді!

Өмірімдегі шөл дала кезеңдерінің бірінде жағдайым қырық жыл бойы өзгермес деп ойлағаным бар. Кенеттен Құдайдан сөз келді, Жаратқан Ие сол кездегі қызметімнен босап, ел-елді аралап жүріп, Ізгі хабар тарататын уағыздаушы болатынымды айтты. Өмірім сол сәтте өзгере қалған жоқ. Алайда, Құдай белгілеген уақыт келгенде, өзгерістер өте жылдам болды. Мен Құдайға қызмет етудің жаңа деңгейіне дайын болатынымын. Белім буулы, жолдорбам тас-түйін дайын еді.

Осындай тұзаққа сіз де түсіп қалмаңыз! Құдай уақытты босқа жоғалтпайды, *соны түсініңіз!* Уақыт Жаратқанның қолында! Қазіргі тұрған жеріңіз – көздеген мақсатыңыздың бір бөлігі екенін есте сақтаңыз. Сіз қазір жаттығу залындасыз. Берілген уәдеден уәденің орындалуына апарар жолдасыз.

Жеке бөліктердің бірігіп, біртұтас бейнеге айналуын Құдайдың қолына тапсырыңыз, жаратқан Иеге сеніңіз, Оған ере беріңіз! Ол Құдай Тағала, Бастаушы да Кемелдендіруші де бір Өзі. Біздің жалғыз міндетіміз – Құдайға үміт арту, бүгінгі айтқанына мойынсұну!

Құдай Ізгі хабар тарату саласындағы ауқымды қызметке қолымды қалай жеткізетінін түсіндім-ау дегенімде, Жаратқан Ие қашанда: «Балам, арманыңның орындалу жолы бұл емес!» дейтін. Шынымен де солай еді. Құдай мені арманыма ойыма кіріп-шықпаған жолмен жеткізді. Құдай жүрегімізді паңдыққа емес, алғысқа толтырғысы келеді.

Құдайдың қалауына сай әрекет етіңіз

Құдай адамға билік беріп, құдіретін қондырғанда, сол билік пен құдірет неғұрлым ауқымды болса, тілазарлық соғұрлым қатаң жазланады. Мұса қырық жасында өз бетімен әрекет еткенде, Құдай оны жазалаған жоқ. Себебі, Мұсаға әлі билік пен күш-құдірет берілген жоқ-ты. Алайда, кейін бәрі өзгерді. Сін атты елсіз далада Исраил халқы Мұса мен Һаронға қарсы шығып, нарызылық пен күңкілді тағы бастаған еді. Халықты шөл қысты, судың жоқтығын айтып, күңкілдеді. Сонда Құдай Мұсаға нұсқау берді:

«Әлгі таяқты қолыңа алып, ағаң Һарон екеуің бүкіл қауымды жинаңдар. Олардың көз алдында мына жартасқа бұйыра сөйлендер! Сонда ол сендерге ішінен суын ағызады. Осылайша сен жартастан су ағызып шығарып, халықтың да, малының да шөлін қандыратын боласың» (Руларды санау 20:7-8).

Жаратқан Ие Мұсаға «мына жартасқа бұйыра сөйле, сонда су ағады» деп анық айтқан болатын. Мұсаның не істегенін оқып көрейік:

«Содан кейін Мұса қолын көтеріп, жартасты екі рет таяғымен соғып қалды. Сонда одан су молынан сарқырап аға жөнелді. Бүкіл жамағат та, малдары да ішіп, шөлдерін қандырды. Бірақ Жаратқан Ие Мұса мен Һаронға тіл қатып былай деді: «Маған жете сенбей, Исраилдің үрім-бұтағының алдында Менің киелі екенімді көрсетпедіңдер.

Сондықтан екеуің осы қауымды Өзім оларға табыстап отырған елге алып бармайсыңдар!»»

(Руларды санау 20:11-12).

Осыны көріп тұрған бірнеше миллион халыққа Құдай кереметін жасап, су берді. Не деген ғажап! Жартастан шыққан су! Жиырма бірінші ғасырда мұндайды кім естіген? Сонымен, Мұса Құдайдың бұйрығын айтылған қалпында орындамаса да, Құдайдың кереметі жүзеге асты. Шөлдеген халық суға қарық болды. Жаратқан Ие Мұсаны жазаламақ ниетпен халықты сусыз қалдырған жоқ. Дегенмен, Мұсаның тілазарлығы ескерусіз қалған жоқ: ол Исраил қауымын Құдай табыстап отырған елге алып бара алмады.

Осы мысалдан анық көріп тұрғанымыздай, Құдайдың майлауы мен адамға берген күш-құдіреті сол адамның мәртебесін асыру үшін емес, басқалардың мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін берілген! Мынадай өзімшіл әрі күңкілшіл адамдардан әбден мезі болған Мұса, бәлкім, халықтан көңілі қалып, аздап Құдайға да налып жүрген болар. Бұдан бұрынырақ, Син даласында жүргенде, Мұса жартасты қолындағы таяғымен соғып, су шығарған (Мысырдан шығу 17:1-7). Әлде Мұса өзінің қызметіне немкетті қарай бастады ма? Бәлкім, қай ісімді болса да, Құдай қолдайды деп ойлады ма. Мұса өз бетімен әрекет етті, бірақ бұл жолғы тілазарлықтың салдары ауыр болды. Мұса Құдайдың құдіретіне бөленген адам еді; Мұсаның бойындағы күш-құдіреттің бастауы Құдайға

деген толық тәуелділікте болатын. Енді міне, Жаратқан Иеге мойынсұнбай әрекет етуінің кесірінен Мұса жазасын алды.

Сондықтан Жақып елші былай дейді: «Бауырластарым менің, бәрің бірдей тәлім беруші болуға ұмтылмаңдар! Иеміздің бізге, тәлім беретіндерге, басқалардан гөрі қатаңырақ төрелік айтатынын білесіңдер» (Жақып 3:1). Неғұрлым көп билік берілсе, жауапкершілік те соғұрлым жоғары болмақ.

Құдайдың Өзі бізбен бөліскен билігі мен құдіретіне бөленіп жүріп, тілазарлығымызға бола Жаратқанның қаһарына ұшырамайық. Ол үшін шөл даладағы дайындықтан өтуіміз керек. Елсіз иен даланың сортаң жерлерінен өткен, шаңы шыққан жолдарында тәкәппарлық аласарып, кішіпейілділік биіктейді. Шынай кішіпейіл адам Иса тәрізді әрекет етеді. «Киелі Рухтың соны істеп жатқанына көзім жетпесе, ешбір іске кіріспеймін. Өз күш-қабілетіме тырнақтай да сенім артпаймын» дейді.

Замандастарымыздың көбісінің өмірінен Құдайдың салтанатты ұлылығы мен құдіретінің көрінбеуі де осыдан емес пе? Бәлкім, Құдайдың Өзі оларды жазаланудан қорғап жүрме екен? Жаратқан Ие ескі болмысымызды рухтан ажырататын бірден-бір жер – шөл дала деп кәміл сенемін. Шөл далада жүріп, Құдайға үміт артуды, Құдайды тыңдауды үйренеміз. Соның арқасында өмірімізден Құдайдың салтанатты ұлылығы көрінгенде, бар атақ-даңқ Оныкі екенін мойындаймыз әрі тек Құдайдың қалауынша әрекет етеміз.

Киелі Рухтын дауысын естіңіз. Құдай өзіңізге тапсырған міндетті қалай орындауға тиіс екеніңізді Киелі Рухтың Өзі көрсетсін. Жаратқан Иенің істеп жатқанын көріп, естіңіз.

«Мен күзетке тұрып, мұнараға шығамын, Жаратқан Иенің маған не айтатынын, шағымыма қандай жауап беретінін күтемін. Сонда Жаратқан Ие маған былай деп жауап берді:

– Сен аянда көрген хабарымды тақташаларға анық қылып жазып қой! Содан шабарман оны әр жерде оқып жарияласын! Өйткені бұл хабар белгілі бір уақытта іске асып, орындалатын кезіне меңзейді. Ол өтірік болып шықпайды. Орындалуы кейінірек болса да, оны күт! Ол шүбәсіз келіп, еш кешікпейді. Паңданып кеткен жауға қарашы, оның ой-ниеті адал емес. Ал әділ адам сенімі арқылы шынайы өмір сүреді» (Аббақұқ 2:1-4).

«Мен күзетке тұрып, мұнараға шығамын, Жаратқан Иенің маған не айтатынын ... күтемін» дейді пайғамбар. Киелі Рухтың бізбен тілдесу жолдарының бірі – аян көрсету. Иса Әкемнен көргенімді істеймін деп Өзі айтқан. Аббақұқ аянда көрген хабарды жазып қойды, белгіленген уақытта шабарман оны жер-жерге таратты. Әрі қарай пайғамбар: «ал паңданып кеткен өркөкіректер көпірген шараптай тыным таппайды» деп сөзін жалғастырады (бұл Құдайдан келетін Сөзді күтпей, Құдайдан аян алмай, шаба жөнелген адам туралы айтылған сөз). Алайда, әділ адам басқа біреудің сенімімен емес, өзінің сенімі арқылы шынайы өмір сүреді!

Сенім Құдайдың сөзін естіп, сол сөзге бағынғанымызда келеді. Сондықтан, «адам тек нанмен ғана емес, Жаратқан Иенің аузынан шыққан әрбір сөзімен де өмір сүреді дегенді үйрету үшін» Құдай Исраил халқын құла түзге жетелеп апарды (Заңды қайталау 8:3).

Киелі Кітап былай дейді: «Абай болыңдар, өздеріңе сөйлеп тұрған Тәңір Иені тыңдаңдар! Ежелде Оның тапсырмасымен жер бетінде сөйлеген Мұса пайғамбарды тыңдамай қойған Исраил халқы жазадан құтылмады. Ендеше бізге көкпен сөйлеп тұрған Құдайдың Өзінен бас тартсақ, онда алатын жазамыздан одан бетер құтыла алмаймыз!» (Еврейлерге 12:25). Назар аударатын жайт, бұл үзіндіде «сөйлеп тұрған» деген сөз тіркесі екі рет қолданылған және екеуінде де өткен

шақта емес, қазіргі шақта тұр. Алайда, Киелі Рух не айтса да, айтқаны Киелі жазбаға қарама-қайшы келмейді.

Сонымен қатар, Киелі Кітаптан өз ойыңызды қоштайтын аяттарды үзіп алатын болсаңыз, бұл – адасу жолы. Иса: «Мен науқастарға шипа беруге майланғанмын, сондықтан, осыған дейін істеп жүргенімдей, Елазарға да қол қойып мінәжат етемін» деген жоқ. Оның орнына Иса Киелі Рухтың жетелеуін күтті. Құдай айтқанда ғана қозғалды.

Құдайдың жетелеуінсіз Һәм құдіретінсіз Жаратқан Иеге ұнамды бірде-бір іс жүзеге аспақ емес. Осыны ұғындыратын бірден бір жер – шөл дала. Ескі болмыстың қолынан мәңгілік мәні бар ешбір іс келмейтінін шындап ұғынғанымызда ғана, Құдайдың өзімізге сеніп тапсырған арманын орындап, мақсатына жетуге дайынбыз. Шөл дала – дайындық орны, уәденің орындалу жолы. Исадан үлгі алайық, Киелі Рухтың жетелеуімен жүрейік, әрбір істі өз қалауымызша емес, Құдайдың қалауына сай атқарайық.


ШӨЛ ДАЛАДАҒЫ ЖЕҢІС

*«Ажалды пенденің тауқыметі де өткінші. Үзілмейтін дем де,
бітпейтін тауқымет те жоқ. Қиындықтар келетіні рас,
Құдайға шүкір, кететіні де рас. Айналып ұшқан құстай,
басымызға төнеді, алайда, жүрегімізге қонақтай алмайды. Бүгін
тауқымет тартып жүрсек те, ертеңіміз жарқын».*

— Чарльз Сперджен

*«Құдайдың хабарын алмаса, халық бетімен кетер,
Ал Оның тәлімін сақтағандар бақытқа кенелер».*

— Нақыл сөздер 29:18



Шөл дала – бара жатқан нысаналы жеріміз емес, жолдағы аялдаманың бірі. Дұрыс әрекет етсеңіз, шөл далада жеңіске жетесіз де, арғы бетке шығасыз!

Өмірімдегі шөл дала кезеңдерінің бірінде талабым таусылды. Жастар қызметінің бағушысы болатынмын. Сол жолғы иен даланы кезу тым ұзаққа созылып кеткендей болды.

Жағдайымның әйтеуір бір жақсаратынына күмәндана бастадым. Басшыммен арадағы түсініспеушілік басталарда Киелі Рух өмірімде өзгерістер болатынын айтты. Құдай жүрегіме сөйледі: «Жастар қызметінің бағушысы лауазымынан айырыласың», – деді Ол, – «Мен сені Американың Батыс Жағалауынан Шығыс Жағалауына дейінгі, Канаданың шекарасынан Мексиканың шекарасына дейінгі қалаларға, Аляска мен Гавай аралдарындағы қауымдар мен конференцияларға жіберетін боламын...»

Алайда, жоғарыда айтып кеткенімдей, Құдайдың уәдесі ертеңіне немесе келесі аптада орындалған жоқ! Шын мәнінде алты ай бойы еш өзгеріс те, өзгерістің нышаны да байқалмады. Біздің қауымда барлығы он бір бағушы бар еді, оның бірі – мен. Бір күні бас бағушымыз жиналыстардың бірінде Құдай аян бергенін, қауымда қызмет ететін бағушылардың бірі арамыздан кететінін, ол адамның ел аралап Ізгі хабар тарататын уағыздаушы болатынын айтты.

– Джон Бивер, сол адам – сенсің, – деді маған қарап.

Тағы біраз уақыт өтті (дәлірек айтсақ, алты ай) – елсіз иен даланы кезу тағы біразға созылды. Кенет, бар болғаны, үш аптаның ішінде уағыз айтуға жеті шақыру алдым.

Мені шақырған қауымдардың бірі Канаданың шекарасынан бір сағаттық жерде, екіншісі – Американың шығыс жағалауында, Флоридада, үшіншісі – Тынық мұхит жағалауына жақын жерде, төртіншісі – Мексикамен шекаралас аймақта! Бас бағушыға жолығып, бұл шақыруларды қайтем деп ақыл-кеңес сұрадым. Ол кісі күліп:

– Джон, Құдай маған осы жөнінде аян бергенін айтпап па едім. Біздің қауымдағы мерзімнің аяқталғанға ұқсайды, – деді.

Таяу арада (1990 жылдың ақпанында) жексенбілік қызметте бағушы Лиза екеуімізге батасын берді, содан бері толық қызметтеміз! Өзімді осындай үлкен қызметке дайынмын деп санаған кезім болды, сондай сәттерде қызметке кірісіп кетпек болып талпынғаным да бар. Дегенмен, Құдайға мойынсұнып, Жаратқан Иенің Өзі белгілеген уақытты күттік. Соның арқасында қызметіміз әлдеқайда жемісті болды («әлдеқайда» деген сөзді баса айтқым келеді).

Алпысты алқымдаған жасым бар, Құдайды жан-жүрегіммен жақсы көремін. Оқырманым сіздің алдыңызда өмірімді бүкпесіз жайып салғанымның бірден бір себебі – сіздің де еңбегіңіз дәл сондай нәтижелі болса екен деймін. Құдайдың аманатын орындауда жемісті болыңыз! Кітабымның соңында назарыңызға осы мақсатқа жетуіңізге септігін тигізер бірнеше маңызды ақиқатты ұсынбақпын.

Дұрыс мақсат пен нысана

Назарымыз Құдайдың Өзі алдымызға қойған мақсатта болуы шарт. Сол мақсатқа жету жолында кездесетін кедергілерге назарыңыз шашылмасын. Дұрыс жерге жетеміз десек, мақсатымыз айқын болуы керек. Жол азабына шыдап, мәреге жет-

кенде, бағытымыз дұрыс болмай шықса – өте өкінішті жайт! Қаруыңды кезеп, дәлдеп тұрып атқан нысанаң қате болып шықса апат емес пе!

Парызшылдар өте ыждаһатты да ынталы болатын. Алайда, мақсаттары өзіншіл еді. Арман-мақсаты дұрыс болмағандықтан, Құдайдың еркін орындай алмады.

Құдайдың бізге, Өз халқына қоятын мақсаты қандай? «Құдай ниет еткендерінің бәрін өз еркіне сай орындайды. Ол бізді Мәсіхпен байланысты өз халқы болуға алдын ала таңдап алған еді. Бұл Құдайдың әуел бастағы мақсатына сәйкес болды» (Ефестіктерге 1:11).

«Алдын ала таңдап алынған» деген сөздің мағынасын сенушілердің көбісі дұрыс ұқпайтын сияқты. «Алдын ала» деген сөз «басталмай тұрып» деген мағынаны береді. «Таңдап алынған» деген сөз «белгілі бір мақсатқа жетуге тағайындалған» дегенді білдіреді. Сонымен, «белгілі бір мақсатқа жетуге алдын ала тағайындалған» деген мағына. Демек, Ефестіктерге арналған хаттың 1-тарауы, 11-аятында айтылғандай, Құдай адамзатты белгілі бір мақсатқа жетуге алдын ала, яғни, жаратпастан бұрын, тағайындаған.

Римдіктерге арнаған хатында Пауыл елші былай дейді:

«Тағы да мынаны білеміз: барлық жағдайларда Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді, себебі Ол бізді өз мақсатына сай таңдап алды. Құдай алдын ала білетін біздерді Өзінің рухани Ұлының үлгісіне ұқсасын, осылайша рухани Ұлы көптеген бауырластарының арасындағы тұңғышы іспетті аса қадірлі болсын деп бұрыннан белгілеп қойған еді» (Римдіктерге 8:28-29).

Құдайдың бізге жаратылыстан бұрын белгілеген мақсаты – Жаратқан Иемізді сүю әрі Құдайдың рухани Ұлының үлгісіне ұқсас болу. Күнделікті өміріміздегі және қызметіміз-

дегі әрбір ісіміз осы мақсатты көздеуі тиіс! Құдай сізді үлкен қызметтің мүшесі болсын деп, Құдай патшалығына миллиондап қаржы бөлсін деп, танымал суретші болсын немесе басқа бір жолдармен мансапқа жетсін деп жаратқан жоқ. Ол түгілі, Құдайдың сізді жаратқандағы мақсаты – науқастарды сауықтыру да, гуманитарлық көмек көрсету де, құлдыққа сатылып кеткен адамдарды құтқару да, күнәарларды Исаға алып келу де емес. Бұл айтылғандардың барлығы адамның мақтауына да тұрарлық, Құдайға да ұнамды істер болғанымен, бұл істерді атқарып жүргендердің барлығы мәреге жетті деп айта алмаймыз. Олардың өмірлік жолы сәтсіз аяқталуының себебі – қызметтің шынай мақсатын елеусіз қалдырып, бар назарын қызметтің өзіне аударғандарында.

Енді «Құдай не себепті біздерді Өзінің рухани Ұлының үлгісіне ұқсас болуға белгілеп қойды?» деген сұраққа жауап берейік. Бұл сұрақтың жауабы – бізді қатты сүйгендіктен және бізбен қарым-қатынаста болғысы келгендіктен. «Осылайша Ол бізге Мәсіх Исаның арқасында мейіріммен қарап, болашақ дәуірлерде Өзінің ағыл-тегіл мол рақымын көрсетпек» (Ефестіктерге 2:7).

Лекси атты итім бар. Лекси ақжарқын мінезді, ойнақы ит. Дегенмен, итіммен қарым-қатынасым шектеулі. Әттең, Лексимен тілдесіп, сөйлесе алмайтыным-ай деп өкінемін кейде. Ал балаларым олай емес. Өскен сайын, олармен қарым-қатынасым да тереңдей түсті. Төрт ұлымыз Лиза екеуіміздің өмірімізді көркейтті. Міне, Құдайдың бізді жаратқандағы мақсаты да – осы. Жаратқан Ие бізбен арадағы жақындық менің Лексимен қарым-қатынасымдай деңгейде болуын қаламайды. Құдаймен терең сырластығымыз болғанын, жүрекпен жүрек тілдескендей сөйлесуімізді қалайды.

Жаратқан Иеміздің мақсаты әу бастан сондай. Құдай Тағала адамды жаратып, Едем бағына қоныстандырды. Құдайдың Едем бағына келіп, Адам атамен бірге серуендеп, сөйле-

сүінің себебі – адамға деген сүйіспеншілігі еді. Адам атаның ұрпақтарының бірі осыны ұғынып, осы мақсатқа сай өмір сүрді. Ол кісі туралы былай деп жазылған: «Енох Құдаймен тығыз байланыста жүрді. Кейін ол жер бетінен ғайып болды, себебі Құдай оны Өзіне алып кеткен еді» (Жаратылыс 5:24). Пауыл елші Еврейлерге арналған хатында былай деп жазады: «Енохтың ... өмірінің Құдайға ұнамды болғаны туралы да Тауратта куәлік берілген» (Еврейлерге 11:5). Енох Құдайға несімен ұнамды болды дейсіз ғой? Оның қызметі ерекше болды ма? Жоқ, Енох Құдаймен тығыз байланыста жүрді.

Құдай өткен шақтарда, бүгінгі таңда, болашақта не істесе де, әрбір ісінің бірден бір себебі – адамға деген сүйіспеншілік. Сонымен, шөл даланың мақсаты – бізді Исаның үлгісіне мейлінше ұқсас ету.

Құдайдың өмірімізге деген басты мақсатын назарымыздан шығарып алсақ, жүгенсіз кетеміз де, рухани құлдырауға ұшыраймыз. Қауым ретінде Құдайдың мақсатын елеусіз қалдырсақ, суалып, осы дүниелік мекемелердің біріне айналамыз. Қызметіміздің жемісі деп, қауымымыздағы адам санын немесе зәулім ғимаратымызды айтамыз, ал басты құндылық – Исаға шәкірт болуды шет қалдырамыз (Матай 28:19).

Нақыл сөздер кітабындағы мына аяттарды тағы да оқып шығайық:

«Құдайдың хабарын алмаса, халық бетімен кетер,

Ал Оның тәлімін сақтағандар бақытқа кенелер» (Нақыл сөздер 29:18).

Мұндағы Құдайдың айтып тұрғаны мынау: Құдайдың хабарын алған адам Жаратқанның көздеген деңгейінен төмен рухани деңгейде, яғни, Исаның үлгісіне ұқсас болмастан өмір сүруге келіспейді де, қанағаттанбайды. Жаратқан Иемізден аян алсақ, Құдайымыздың алдына келіп, нұрлы жүзіне тік қарай алатындай, Мәсіхтің бейнесіне сай болуға ұмтыламыз, сол мақсатқа жетпей, қанағаттанбаймыз. Құдайдың хабары

бізді Жаратқанның еркінен төмен тұрған ешбір нәрсеге қызықпайтындай етеді. Құдайдың хабарын алған адам осы дүниеге еліктеп өмір сүре алмайды.

Рухани жанарымыз жайлы Иса былай дейді: «Дененің «шамы» – көз. Көзің кіршіксіз таза болғанда өмірің түгелдей нұрға кенеледі. Ал егер жанарың қараңғы болса, бүкіл өміріңді қараңғылық басады. Сонымен, егер өміріңде нұр орнына қараңғылық болса, ол қандай қара түнек болмақ!» (Матай 6:22-23, орысшадан аударма).

Иса тәндік көзімізді емес, жүректің көзін, немесе көзқарасымызды айтады.

Өмірге деген көзқарасыңыз, ұғым-танымыңыз қандай болса, өзіңіз де сондай адамға айналасыз. «Жүрегіндегі ойы қандай болса, өзі де сондай» (Нақыл сөздер 23:7, орысшадан аударма).

Басыңызға түскен жағдайды қалай қабылдасаңыз, солай әрекет етесіз. Уәде етілген жерді барлап келген он екі барлаушының көргені – сол қамалдар, сол алыптар, сол қанахандық әскер еді. Дегенмен, екі барлаушы – Нұнұлы Ешуа мен Халеп – көргенін Құдайдың көзқарасына сай қабылдады. Ал қалған он барлаушы көрген-білгенін өз тәжірибесі мен күш-қабілетіне қарай саралады. Олардың көз жанары қараңғы болғандықтан, іс-әрекеттерінің барлығы (Иса айтқандай, бүкіл өмірі) қараңғы болды. Олардың сөзі мен ісі Құдайдың еркіне қарсы келді, сондықтан олардың жеткізген хабарын да Құдай «жаман» хабар деп бағалады:

«Оларға мынаны жеткіз: Мәңгі тірі Жаратқан Ие былай деп ант етеді: құлағымға шалынған сендердің айтқандарыңды Мен өз бастарыңа айнытпай-ақ келтіремін! Санақтан өткен жасы жиырмадағы не одан асқан еркек кіндіктілерің – Маған қарсы күңкілдеп наразылық білдірген барлығыңның сүйектерің осы иен далада шашылып қалады. Мен өздеріңді қоныстандыруға ант еткен сол елге Ефунне ұлы

Халеп пен Нұн ұлы Ешуа екеуінен басқа сендердің ешқайсыларың кірмейсіңдер!» (Руларды санау 14:28-30).

Он барлаушы Құдайдың уәдесіне қол жеткізе алмастан өмірден озды, оған себеп – жаман хабар жеткізуі. Олай сөйлеуінің себебі неде? Себеп – көзқараста, көргенін іштей қалай саралауында. Олардың көзқарасы адами, көрген-білгенін пйғамбарлық тұрғыдан емес, пендешілік тұрғыдан қарастырды. Олар жай ғана көргендерін баяндап берді.

Шөл даладан жеңімпаз болып шығуымыз үшін көзқарысымыз Құдайдыкіндей болуы шарт. Уәде етілген жерге барлаушы жібергенге дейін де, бір жыл бойы, Исраил халқы күңкілдеумен келген еді. Көзқарасы теріс, Құдайдан хабар алмаған, жүгенсіз кеткен адамдар. Сондықтан, Құдай оларға ағы мен балы ағып жатқан жерді көрсеткенде, олар көргенінен еш жақсылық түймеді, жақсылықтан үміттенбеді де. Оның орнына сол елдегі алыштарды айтумен болды.

Тек шөл даланы (және ондағы қиындықтарды) ғана көретін адамдар шөл далада мәңгі қалмақ. Уәде беруші Құдайдан көз алмайтындар, Жаратқанның уәдесіне сенетіндер елсіз иен даладан Уәде етілген жерге кіре алар, сол елде Құдайдың патшалығын орната алар қайратты жауынгер болып шығады.

«Сондықтан да еш мойымаймыз (әлсіремейміз және жүгенсіз кетпейміз). ... Уақытша көретін жеңіл азаптарымыз бізді өздерінен әлдеқайда зор, тіпті шексіз де мәңгілік ұлылыққа жеткізеді! Сонымен көзге көрінетін емес, көрінбейтін нәрселерге назар тігеміз. Себебі қазір көрініп тұрғандар өткінші, ал көрінбейтіндер мәңгі» (2 Қорынт. 4:16-18).

Әлдеқайда зор, шексіз де мәңгілік игіліктермен салыстырғанда, шөл далада өткізген уақытымыз қысқа, ондағы көрген азабымыз өткінші де жеңіл. Бірақ, елсіз иен даланың арғы жағында өзіңізді не күтіп тұрғанынан бейхабар болсаңыз, азаптарыңызды жеңіл деп қарастыруыңыз, әлбетте, қиын.

Бұрынырақта, шөл даланың нақ ортасында өзім жүргенде, сол бір ауыртпалығы мол кезең тіпті де қысқа көрінбеген еді. Кейде: «*Тауқыметтің бітетін күні бар ма? Құдайдың уәдесі орындалады ма?*» деген ой да келетін. Сол ойлардан тезірек арылуға тырысып, өзіме-өзім дем беруші едім. Өзіме берілген аян мен пайғамбарлық сөздерді есіме алып, сенімсіздікпен күресетінмін (1 Тимоте 1:18 қараңыз). Сол пайғамбарлық сөз арқылы Құдай өміріме деген мақсатын ашып берген болатын. Оны маған Киелі Рух Өз Сөзі арқылы берген еді.

Шөл даладағы шайқас орны – сіздің жаныңыз. Адамның жаны ой-сана, ерік, эмоциялардан құралған. Құдайдың жолын таңдайсыз ба, яғни, өмірге деген көзқарасыңыз Құдайдыкіндей болады ма, әлде, назарыңыз басыңызға түскен қиындықтарда болады ма – осыны шешетін сіздің еркіңіз. Петір елші былай деп ескертеді: «бауырластарым, (осы күнәкар дүниеде) жат жерлік адамсындар, сондықтан сендерге ескертемін: өз жандарыңа ұдайы қарсы шығатын арам құмарлықтардан бас тартыңдар!» (1 Петір 2:11).

Өміріңіздің қазығы кім – Жаратқан Ие ме, өзіңіз бе? Бар мәселе осында. Ой-санаңыз бен сезімдеріңізді ескі болмыс қалаулары билеп алса, тек өзімшіл мүддені ойлайсыз, Құдайдың еркі ескерусіз қалады. Өйткені, Құдайдың жолы – өзімшілдік емес, қайта жанқиярлық, өзімшіл мүддеден бас тарту.

Көптеген сенушілер айтып жүрген Ізгі хабар қамсыз, жайлы өмірді насихаттайды. Бүгінде кең тараған жолдаулардың көбісі ескі болмысымызды айқыш ағашқа шегелеуге шақырмайды. Керісінше, құмарлықтарды құптай беруге, ескі болмысты мәпелей беруге жетелейді. Сөйтіп, түпкілікті мақсатымызға – Иса Мәсіхке ұқсас болуымызға тосқауыл қояды. Мұндай жолдаулардың негізгі түйіні: «Құдай менен не күтеді?» емес, «Құдай маған не бере алады?». Осы бір ескі болмысқа жайлы Ізгі хабар Мәсіхтің жолын қуушылардың қайсы-

сы да қудалауға ұшырайды деген ақиқатты бүркемелеп, жасырады. Қысқартылған Ізгі хабардың кесірінен көптеген сенуші тоғышар өмір кешуде. Бұрмаланған Ізгі хабар сенушілерді Құдайдың сарбаздары болуға жарақтандыра алмайды.

Пауыл елші шәкірті Тимотеге жазған хатында осы мәселені қозғайды:

«Иса Мәсіхтің «адал сарбазы» ретінде азаптарды бірге көр! Есінде болсын: ешбір сарбаз тұрмыстық істермен шырмалмайды, қайта, қолбасшысының көңілінен шығуға ұмтылады» (2 Тимоте 2:3-4).

Қиындыққа тап болғанда, бетпе-бет келіп, жеңіп шығудың орнына, кері шегіну жолдарын іздей бастайтынымыз да – сол бір «жайлы Ізгі хабарға» сенгендігімізден. «Жайлы Ізгі хабар» ілімінен туындайтын арман-мақсаттар – көктен келген мақсат емес, өзімшіл құмарлықтар.

Пауыл елші былай дейді:

«Міне, осы себептен мен, Агриппа ағзам, маған көктен аян беріп, Бұйырғанға бағынбай тұра алмадым. Керісінше, алдымен Дамаск пен Иерусалимнің, одан кейін бүкіл Яһудея аймағының тұрғындары мен басқа ұлт адамдарына да: «Теріс жолдан қайтып, Құдайға бет бұрыңдар, әрі соған лайықты іс істеңдер!» деп уағыз айтып жүрдім. Яһудилердің мені ғибадатханада ұстап алып, өлтіргілері келген себебі, міне, осы» (Елші. 26:19-21).

Осы дүниеде неше түрлі арман-мақсаттар көп, ал көктен келген арман біреу-ақ, ол – Құдайдың еркі. Пауыл елшінің «Яһудилер мені ғибадатханада ұстап алып, өлтірмек болды» деген сөзіне назар аударыңыз. Пауыл көктен берілген аянның орындалуын көздеді, сол жолда талай кедергілерді жолықтырды. Пауыл елші бүгінде белең алған «жайлы Ізгі хабарға» сенсе,

Шөл даладан өту жолы

#12 Естелік жазыңыз

Қазір, осы кітабымды жазып отырғанымда жасым елу тоғызда. Артта қалған жылдарға бұрылып қарасам, басымнан өткен шөл дала кезеңдері, кейбір кезде алға басудың орнына кейін қарай шегініп бара жатқандай болсам да, ең қарқынды рухани өсу мерзімдеріне айналыпты. Байырғы досымыз Әйүп былай дейді: «Бірақ шығысқа қарай жүрсем, Ол онда жоқ, батысқа қарай жүрсем, Оны сол жерден де таппаймын... Құдай жүретін жолымды жақсы біледі. Ол мені сынап тексергенде, алтын сияқты таза болып шыға келемін» (Әйүп 23:8-10).

Кітаптарымның мазмұнының 90 пайызы (осы күнге дейін жиырма кітап жазыппын) – молшылықта өткізген күндерімде емес, шөл далада өткен қуаңшылық маусымдарында түйгендерім. Сондықтан, сізге айтарым, елсіз иен далада қалғаныңызда көрген-білген, ұққаныңызды тиянақтап қағазға түсіріңіз. Осынау ауыртпалыққа толы күндерде түйген ойларыңыз көп адамға (жылдар өте, өзіңізге де) медеу болады. Кім біледі, мезгілі жеткенде, бәлкім, өмірлік жолыңыз жайында кітап жазарсыз!

Достым, дәл қазір сізге арналған пайғамбарлық сөз айтпақпын! Сөзімді барынша мұқият, ден қойып тыңдаңыз. *Құдай Өзі белгілеген уақытта сіздің өміріңізде өте маңызды өзгерістерді жүзеге асырады. Сол өзгерістер көптеген адамға ықпалын тигізеді. Бұл өзгеріс өміріңіздегі шөл дала кезеңіне деген Өзінің еркін орындауына Құдайға мүмкіндік берсеңіз ғана жүзеге асады. Құдайдың сіздің өміріңізде істегені көптеген адамға ықпалын тигізетін болады. Сол жемісті көріп, сіз мәңгі қуанышқа ие боласыз. Достым, сіз оттан шыққан алтындай сыналып, таза да мықты болып шығасыз.*

көктен берілген арманына жете алмас еді. Ол Агриппа патшаның алдында тұрмас еді. Өйткені, кейін шегініп, күрестен бас тартудың жолын әлден-ақ қарастырып қойған болар еді.

Еремия – көктен келген арманына еріп, талай қуғын-сүргінге ұшыраған Киелі Кітаптың тағы бір қаһарман кейіпкері. Бірде Еремия пайғамбар салы суға кетіп, күңкілдей бастады: «Уа, Жаратқан Ие, ... неліктен зұлымдардың өмірі табысты? Неліктен опасыздар алаңсыз жүріп өркендейді?» (Еремия 12:1).

Құдай Еремияға жұбату айтқан жоқ. «Жаяулармен жарысып, олар сені шаршатқан болса, аттылармен қалай жарыспақсың?!» деп жауап берді (Еремия 12:5). Яғни, «Еремия, шайтанның жаяу сарбаздарымен шайқасып, осынша шаршағанда, атты әскерімен бетпе-бет келгенде, не істемексің?»

Соғыс шайқастардан тұрады

Ұлы шайқастарды көрмей, ұлы жеңіске жете алмақ емеспіз. Еремияның жағдайы тіпті мүшкіл болды. Балағат сөз бен қорлыққа енді тар қапасқа қамалғаны қосылды. Одан кейін қаскөйлер пайғамбарды суы тартылған құдыққа тастады, сол құдықтың түбінде белшесінен батпаққа батып жатты. Алайда, Жаратқан Ие Еремияны тауқымет пен құдалаудың бәрінен аман алып шықты.

Қазіргі кезде Мәсіхшілердің басынан өтіп жатқан құдалаудың көбісі – Пауыл елшінің өмірінде болған қауіп-қатер емес, ой-санаға жасалған шабуыл. Ал құдалау күшейе түссе, қайтеміз? Қазіргі қиындықтар бізді болашақтағы зор шайқастарда жеңіп шыға алатындай етіп шынықтырсын.

Шөл дала – әскери оқу-жаттығу лагері әрі алдағы шайқастарға дайындық алаңы. Жауынгерлер әскери арнайы лагерьге барып, соғысқа дайындалады, сол сияқты, Құдай да Өз сарбаздарын шөл далаға жетелеп апарады да, Құдай патшалығын орнатуға өз үлестерін қосуға дайындайды. Жауынгер-

лерге ең үлкен сын болатын кедергілер – қорқыныш пен дәрменсіздік сезімдері, жасу мен жігерсіздік. Дәл солай, біздің де шөл даладағы ең зор шайқастарымыз ой-санамыз бен сезімдерімізде өтеді.

Шөл даладағы ең үлкен жауымыз тауымыздың шағылуы, яғни, жасу. Бірде, мінәжат етіп отырғанымда, Құдай менен: «батылдыққа қарама-қарсы нәрсе не? Білесің бе?» деп сұрады.

«Әрине, қорқыныш» деп жауап бердім.

«Жасу» деді Құдай. «Батылдық» сөзінің мағынасын бұл тұрғыдан бұрын-соңды қарастырған емеспін. Нұнұлы Ешуаға сегіз рет «Қайратты да батыл бол!» деп айтқанда, Құдай жасымауды да меңзеген (Руларды санау 13:20; Заңды қайталау 31:6, 7, 23; Ешуа 1:6, 7, 9, 18). Сенушінің өміріндегі ең үлкен сынның бірі – қиындықта жасымау, тауқыметте торықпау екенін көктегі Әкеміз біледі. Шөл далада немесе рухани шайқаста назарымыз Құдайда емес, өзімізде болса, сол сыннан сынбай өте алуымыз екіталай.

Дұшпанымыздың көздегені – назарымызды Жаратқан Иемізден, Құдайдың уәделерінен тайдыру. Шөл даладағы қашанғы әрекеті сол. Иса қырық күн бойы нәр татпай әбден әлсірегенде, азғырушы әзәзіл Оның қасына келіп: «Егер Құдайдың рухани Ұлы болсаң, мына тастар нанға айналсын деп бұйыра гөр! – деді» (Матай 4:3). Осы тұстағы азғырудың мәні – Құдайдың құдіретін Жаратқанның еркінен тыс, өз қажетіне қолдануда еді. Есімізде болғай, Құдай дарын бергенде, сол дарынмен қоса зор жауапкершілік те келеді. Дарынымызды өз бетімізше емес, Құдайдың еркіне сай қолдануға тиіспіз. Көктегі Әке Ұлының мұқтаждығын Өзі қамтамасыз етпек, алайда бұл Құдай белгілеген уақытта және Құдай белгілеген жолмен жүзеге аспақ. Шайтан кетті, періштелер келіп, Исаға қызмет етуге кірісті.

Өзінің қызметі жайлы Исаның айтқанын тағы да қайталап оқып шығайық:

«Иса оларға былай деп жауап берді:
– Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Әкесінің істегенін көрмесе, Оның рухани Ұлы өздігінен ештеңе істей алмайды. Өйткені Әкесінің жасап жатқанын Ол да дәл солай жасайды» (Жохан 5:19)

«Көрмесе» деген сөзге назар аударыңыз. Иса Өз бетінше ештеңе істемеген еді.

Шөл далада мәселені өзіңізше шешіп, ауыртпалықтан құтылып кетуге азғырыласыз. Бұл – Құдайдың құдіретін арманыңызға Құдай белгілеген уақыттан бұрын қол жеткізуге қолдану деген сөз. Қызу шайқастың ішінде жүріп, қолбасшыға бағынбай, өз бетінше соғысып жүрген сарбазды алайықшы. Өзіне де, өзгелерге де қауіп төндірмей ме? Оқу-жаттығу лагерінде сарбаздар шайқаста өзінің де, жолдастарының да өміріне керек емес қатер төндірмеу үшін, бұйрықты бұлжытпай орындауға әдеттенеді.

Құдай ашып берген ақиқаттарды ұмытпағанымыз жөн. Шұғыл шешім қажет ететіндей көрінетін жағдайлар болады, ондайда: *«Қазір жауап беруім керек!»* немесе *«Дәл қазір бірдеңе қылмасам болмайды!»* деп ойлайсыз. Құдайдан сұрағыңызға жауап ала алмасаңыз да, көктегі Әкеңіз қалыс қалған жоқ! Құдай өмірімізге үнемі тікелей араласуда. Әлгіндей жағдайда Құдай үндемей тұрғандай болса, демек, «Қазір ештеңе істеуің қажет емес» дегенді меңзегені. Ондайда өз күшімізбен ештеңе істемей, Құдайдың араласуын күткен дұрыс:

«Әрдайым Жаратқанға арт сенімді,
Батыл болып, нығайта түс жүрегінді!
Әрқашан Жаратқанға арт сенімді!»
(Забур жыры 26:14).

Назарымыз Құдайда емес, өзімізде болса, ұнжырғамыз түседі. «Уақытша жеңіл азапқа» тым көп мән берудің қажеті

жоқ. Оның орнына қиындықта бойымызда қалыптасатын Мәсіхтің мінезіне көңіл бөлейік. «Уақытша көретін жеңіл азаптарымыз бізді өздерінен әлдеқайда зор, тіпті шексіз де мәңгілік ұлылыққа жеткізеді» (2 Қорынт. 4:17).

Алда күтіп тұрған қуанышты көздейік, мақсаттан көз жабайық.

Алда күтіп тұрған қуаныш

«Бауырластарым менің, сендер алуан түрлі қиын сынақтарға ұшырағанда, бұл жайтты зор қуанышпен қабылдаңдар. Себебі сенімдеріңнің сыналып, берік те шынайы екендігінің дәлелденуі төзімділік тудыратынын білесіңдер. Тек төзімділіктерің іс жүзінде соңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды» (Жақып 1:2-4).

Қуаныш – қиындықтарға төтеп беріп, сынақтарға төзуге септігін тигізер рухани күш. «Жартылай қуанышты, жартылай қайғылы жағдай» деп қарастырыңдар делінбеген, «зор қуанышпен қабылдаңдар» деп жазылған. Жүрегімізде қуаныш та, қайғы-мұң да бірдей орнықпасын. Қолыңызда тоқсан тоғыз буыны қуаныштан, бір буыны қайғыдан тұратын шынжыр бар дейік. Шынжырдың беріктігін неғұрлым осал буынының беріктігі көрсететіні белгілі. Сондықтан, шынжырыңыздың буындары түгел қуаныштан ғана болсын, бір буын да қайғы болмасын. Сонда өмір түйткілдеріне төтеп берер қайратыңыз болады.

Жағдайымыздың жақсы кезінде, айымыз оңынан туып тұрғанда, зор қуанышқа бөленіп жүру оңай. Жақып елшінің сөзі – ол туралы емес. «Зор қуанышпен қабылдау» уақыты – шөл дала кезеңі, қудалау, қиындық, тауқымет, сынақ уақыты. «Жаратқан Иеге деген қуаныштарың сендерге күш-қуат

беріп, паналарың болады!» дейді Құдай (Неемия 8:10). Құдаймен жақын қарым-қатынастан туындайтын қуаныш бізді қайратты етеді.

Жұбайым мен отбасым – ұлдарым, келіндерім, немерелерім маған қуаныш сыйлайды! Үйден жырақта жүргенімде бірге түскен суреттерімізді қарап, жаным жылып, қуанып қаламын. Отбасымды ойласам, жігерлене түсемін.

Нехемияның қасындағыларға айтпағы да сол. Олардың басына зор тауқымет түскен болатын, сонда Нехемия: «Еңселеріңді көтеріңдер; Құдайдан көз алмандар. Өйткені, Жаратқан Иемізге жақындай түскен әркім қуанышқа бөленіп, қайраттанады» дейді (парафраз менікі).

Құдайды мадақтаңыз, сонда назарыңыз өзіңізден Жаратқан Иеге ауысады. Сынақтың отында жүргенде, ауыртпалық еңсемізді басып, Құдайдың құдіретін ұмыттырмақ болады. Дәуіт өзінің жырларының көбісін қиын-қыстау күндерде жазған болатын. Құдайды мадақтауды тоқтатпағанының арқасында өте қиын шақтарда қайраты қайтпады.

Жаратқан Ие басымызға «шашқан күл орнына әшекейлі тәж кигізіп, жұпар иісмай жағып, қайғымызды қуанышпен алмастырады. Үміттері үзіліп, көңілдерін мұң шалғандар енді мадақтау әндерін шырқап, шаттыққа бөленетін болады....» дейді Ишая пайғамбар (Ишая 61:3).

Бірде, қатты рухани қуаңшылықтың ортасында жүргенімде, осы аяттың мағынасы маған жаңаша ашылды. Сол күні еңсемді ауыр жүк басқандай болып еді. Киелі Кітабымды қолыма алдым, бірақ оқи алмадым. Мінәжат ете бастадым, жағдайым одан сайын нашарлай түсті. Киелі Рух жүрегіме сөйлеп, «Мадақтауды қос» деді. Аудиожүйе тұрған бөлмеге бардым да, мадақтауды қостым. Дауыстап мадақтау өлеңдерін айттым, оным аз болды. Құдайдың алдында билемек болдым. Еңсемді басқан ауыртпалықтан аяқ-қолым да икемге келмей қалған сияқты. Бұл бір арпалыс болды.

Өлеңдер біткенде, екінші қайталап тағы қостым. Бұл жолы Құдайды мадақтаған өз даусымды ести бастадым. Бір кезде жүрегімде Исаның ұлы сүйіспеншілігі жарқ еткендей болды, Иемнің тақта отырған бейнесі жылт етіп көз алдымнан өтті. Жүрегім қуанышқа толды, еркін билей бастадым. Өзіме, қайғыма, қиындығыма қадалған назарым енді көкке, ұлы Ием Исаға ауды. Келесі жарты сағатта Құдайды дауыстап мадақтаумен, билеумен, балаша шаттанумен болдым. Небәрі жарты сағат бұрын көңілімнің аспанын торлап тұрған қара бұлт сейіліп, жоқ болды. Өмірге деген құштарлыққа, күш-қайрат, жігерге толып шықтым.

Құдайды мадақтағанда көзімді Жаратқан Иеме тіктім. «Құтқарылудың қайнар көздерінен

Су ала бересіңдер қуанышпен» деп жазған еді Ишая пайғамбар (Ишая 12:3). Пайғамбардың сөзі жүзеге асты, Құдайдың алдындағы қуаныштың арқасында құтқарылудың қайнар көзінен күш-қайрат алып, сусындадым.

Құдайды мадақтағанымызда, назарымыз айналадағы жағдайда емес, алда күтіп тұрған қуанышта болады.

«Осылай өз сенімдерін айқын паш еткен қалың көпшілік бізді жарыстағы жанкүйерлердей қоршап тұр. Сондықтан да бізге бөгет болатынның барлығынан, әсіресе, тез шырмап алатын әрбір күнәдан арылып, алдымыздағы «жарысты» қажырлылықпен аяқтайық! Басқа жаққа мойын бұрмай, бар назарымызды Исаға аударайық! Бастапқыда сенім жолын салған Ол бізді сеніміміз арқылы Құдай белгілеген мақсатымызға жеткізеді де. Иса Өзін күтіп тұрған зор қуаныш үшін айқышқа шегеленудің қорлығын елемей, соған төзді. Бұдан кейін Ол Құдайдың тағының оң жағындағы құрметті орнына жайғасып отырды. Исаның күнәкарлардың қаншама жауыздықтарына шыдағанын ескеріңдер!

Осылай сендер де қажымандар, жігерлеріңді жасытпаңдар! Күнәға қарсы тойтарыс берген күрестеріңде сендер әлі де қандарыңды төгіп, жандарыңды пидә еткен жоқсыңдар» (Еврейлерге 12:1-4).

Иса ешбір адам баласының басына түспейтін ауыр сынақтан өтті. Өзін күтіп тұрған зор қуаныш көңіліне медеу болды. Айқышқа шегелену азабынан кейін сол қуаныш – Исаның қайта тірілуі – жүзеге асты. Мәсіхтің азабы мен өлімінен кейін келген салтанатты ұлылық сол болатын. Соның арқасында көптеген адам Құдайдың патшалығына келді, оның ішінде мен де, сіз де бармыз!

Исаның ізімен жүру дегеніміз – осы. Өз мүддемізден бас тартып, ескі болмысымызды айқыш ағашқа шегелеудің нәтижесі – жаңа өмір болмақ. Тән азабын тартқан сенуші рухани есеюге қол жеткізеді. Соның арқасында Исамен мейлінше жақын қарым-қатынасқа дайын болады. Шөл даланың тауқыметінен кейін Құдайдың салтанатты ұлылығын көреміз. Пауыл елші «Болашақта біз үшін анық көрінетін салтанатты ұлылықпен салыстырғанда, қазіргі заманның азаптарының түк емес екендігіне әбден сенемін» дейді (Римдіктерге 8:18).

Иса жер бетіне қайтып келгенге дейін қауым Құдайдың салтанатты ұлылығын әлемге паш етеді. Құдайдың ұлылығының көрінісі зор болатындығы сонша, қалалар мен елдер бүтіндей тәубе ететін болады. Өздерін саф алтындай тазартуға Құдайға мүмкіндік берген мәсіхшілер арқылы Құдайдың құдіреті бұрын-соңды болмағандай зор ауқымда, зор салтанатпен көрінеді. Мол жеміс беретін Киелі Рухтың сол төгілуі адами қолдауды қажет етпейді. Оны Құдайдың құдіреті мен салтанатты ұлылығы қолдайды!

«Қымбатты бауырластарым, өздеріңнің «от кешіп» ауыр азап шегіп, сыналғандарыңды оғаш нәрсе деп ойламаңдар. Қайта, неғұрлым көбірек Мәсіх секілді

азап шексеңдер, соғұрлым көбірек қуаныңдар. Сонда Мәсіх салтанатты ұлылықпен қайта оралып, ашық көрінген кезде де шаттанып қуанатын боласыңдар» (1 Петір 4:12-13).

Сонымен, бізді алда күтіп тұрған қуаныш не? Ол – Мәсіхке мойынсұну қанша қиын болса да, Құдайға деген адалдығын сақтап қалған адамдардың өмірінен көрінетін Құдайдың салтанатты ұлылығы. Және айта кететін жайт, көрген тауқыметіңіздің шамасы алдағы қуанышыңызға пара-пар. Тауқымет неғұрлым зор болса, қуаныш та соғұрлым зор болмақ, соны біліңіз!

Өміріңізді Иса үшін қиыңыз

Достым, қандай қарсылыққа тап болсаңыз да, Құдайдың жолынан таймаңыз! Жаратқан Ие сізді қиындықтарға толы шөл далаға жетелеп апарарды, білем. Шайқас неғұрлым ауыр болса, жеңісіңіз өз өміріңізде де, Құдай патшалығы үшін де соғұрлым маңызды болмақ.

Сұрапыл шайқастың ішінде жүріп мынаны есте ұстаңыз:

«Ал Құдай Өзінің уәдесіне берік: Ол төзімдеріңнен артық сыналуларыңа жол бермейді. Еліктірілген кездеріңде соған шыдауға күш-қуат беріп, құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді» (1 Қорынт. 10:13).

Қандай сынаққа тап болсаңыз да, одан мойымай өте алар күш-қайратыңыз бар. Олай болмаса, Құдай бұл сынаққа жол бермес еді!

Жаныңыз тәтті болса, сыналған сәтте осалдық танытасыз. Исаның жолынан таясыз да, жеміссіз тұл қаласыз.

Киелі Кітапта «Бауырластарымыз «Тоқтының» өз жанын құрбан етіп Қанын төгуінің арқасында және өздерінің Ізгі ха-

барды қабылдап, ашық мойындауларымен жеңіске қол жеткізді. Олар өз жандарын тым қатты сүймей өлімге қиды» деп жазылған (Аян 12:11).

Жаны тәтті адамдар деп Құдайдың еркін орындаудан гөрі қара басының қамын көбірек ойлайтындарды айтамыз. «Себебі кім өмірімді сақтаймын десе, одан айырылады, ал өмірім Мен үшін қиған әркім оған (мәңгі) иелік етеді» дейді Иса (Матай 16:25).

Алдағы сынақтарға төзудің жалғыз жолы – жанымыз бен өмірімізді Иса үшін қию. Сізді алға ұмтыла беруге шақырамын. «Ал кейін Құдай көктен өз Рухын үстімізге құяды. Сонда елсіз дала бау-бақшаға айналып, бау-бақша ормандай жайқалып, мол өнім беретін болады» (Ишая 32:15).

Шөл дала – қылышымызды қынабына салып, күрестен бас тартатын жер емес. Құдайдың еркі орындалуы үшін шөл далада да қайратты, жігерлі, батыл болуымыз шарт. Жаратқан Иемізге қалтқысыз мойынсұнып, шайтанға табандылықпен тойтарыс берейік.

Жүрегіңізде не жасырынып жатқанын білуіңіз үшін де Құдай сізді шөл далаға жетелеп апарады. Шайтанның азғыруы деп жүрген нәрселерім жүрегімнің қараңғы бұрыштарында жатқан, Исаның алдында мойындауды қажет етіп жүрген өз кінәраттарым болып шыққаны бар.

Мына аяттарды есте ұстап, көктегі сыйыңызға ұмтыла беріңіз:

«Алайда Құдайға шүкір: Ол Мәсіхпен тығыз байланыстағы бізді әрдайым жеңістің шеруімен жетелейді ... » (2 Қорынт. 2:14).

«Мәсіхтің сүйіспеншілігінен бізді не айыра алады? Азап пен қысым ба, қудалану мен аштық-жалаңаштық па, әлде қауіп пен семсер ме? Ал осының бәрінде біз өзімізді шексіз сүйетін Иеміздің арқасында ұлы жеңіске жетеміз» (Римдіктерге 8:35, 37).

«Құдайға шүкірлік етейік! Ол бізге Иеміз Иса Мәсіх арқылы жеңісті сыйлайды!» (1 Қорынт. 15:57).

Мәсіхтің ізімен жүріңіз. Қандай жағдайда да Құдайдың Өзі берген арман-мақсатыңызды жоғалтпаңыз.

Жүсіп алдымен терең орға, артынан бөтен елде құлдыққа, сосын тас қамауға түскенде, күдер үзетіндей-ақ жағдайда еді. Өмірі күйреген, болашағы жоқ адам деп осыны айт. Алайда, «... адамның қолынан келмейді, бірақ Құдайдың қолынан келеді. Оның қолынан бәрі де келеді!» (Марқа 10:27).

Бұл сөздің сізге де қатысы бар: «Сенушіге бәрі де мүмкін» деп Исаның Өзі айтқан (Марқа 9:23). Жағдайыңыз қанша ауыр болса да, осы сөзді естен шығармаңыз.

Өзіңізді алда күтіп тұрған қуаныштан – Құдайдың нұрлы салтанатынан көз алмаңыз. Сонда басқа түскен қиындықтың бәріне де төзе аласыз. Құдайды шын жүрегіңізден іздеңіз, Құдайдың Сөзі арқылы Киелі Рух сізге сөйлейтініне сеніңіз. Сонда шөл далада жеңіске жетесіз.

«Сендерді адасып кетуден сақтап,
 Өзінің нұрлы салтанаты көрінген
 күні қуанышпен, мүлтіксіз таза
 күйлеріңде өз алдына тұрғызуға бірден-бір
 Құдайымыздың құдіреті жетеді.
 Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх
 арқылы құтқарған еді ғой.
 Даңқ пен ұлылық, құдірет пен
 билік күллі өткен дәуірлерде
 болғандай, қазір де, мәңгілік те Онiкi!
 Аумин» (Яһуда 1:24-25).

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Осы кітапты «Шөл дала» атты оқу курсының өту барысында оқып жүрсеңіз (бұл тамаша болар еді!), апта сайын бір бейнесабакты көріп, сол сабаққа сәйкес сұрақтарды топ ішінде талқылағаныңыз дұрыс. Бейнесабактар кітаптағы негізгі ойтүйіндерді қайталайды және әрі қарай дамытады. Топ мүшелерінің барлығы кітапты оқумен қатар, бейнесабактарды да көріп шықса, өте дұрыс болар еді.

Рахаттаныңыз!

1-ші сабақ

1-ші тарауды оқып шығыңыз

1. Құдайдың бір мезетте барлық жерде бола алатын қасиеті мен айқын құзырының арасындағы айырмашылық неде? Осы айырмашылықты түсінуіміз неліктен маңызды?
2. Өмірдің маусымдарын дөп басып тани білгеніміз неліктен маңызды? Шөл далаға тап болғанымызды түсіне білуіміз не үшін қажет?
3. Не себепті шайтан бізді күнә жасауға немесе сенімнен бас тартуға азғыру үшін шөл дала кезеңдерін пайдаланады?
4. Неліктен Құдай шөл далада кідіруімізге жол береді?

2-ші сабақ

2-ші және 3-ші тарауды оқып шығыңыз

1. Шөл даланың бірнеше мақсаты бар. Осы сабақта аталған жеті мақсаттың қайсысы сізге ерекше әсер қалдырды?
2. Не себепті шөл дала кезеңінде Құдайға мойынсұну рухани жетілуге септігін тигізеді?
3. Шөл дала – өзіңізді-өзіңіз тану уақыты. Шөл далада жүріп, өзіңіз жайлы және Құдаймен қарым-қатынасыңыз туралы не білдіңіз?
4. Шөл дала кезеңінде Құдайдың бұлағынан сусындап, жігерленуді қалай үйрендіңіз?

3-ші сабақ

4-ші тарауды оқып шығыңыз

1. Уәденің берілуі мен орындалуының арасында қашанда уақыт өтеді. Сол аралықта болатын үрдістердің маңызы неде деп ойлайсыз?
2. Дайындық кезеңі өміріңізге қандай өзгерістер әкелгеніне назар аударып па едіңіз?
3. Не себепті Құдай дайындық кезеңінің алдында сенушіге уәде береді?
4. Өзіңіз жасаған бес жылдық жоспарыңыз ғана емес, өміріңізге деген Құдайдың уәдесі болғаны неліктен маңызды?

4-ші сабақ

5-ші және 6-шы тарауды оқып шығыңыз

1. Құдайдың бізді шөл далаға жетелеп апарып, тазарту отынан өткізуінің маңызын Саул мен Дәуітті салыстыра отырып, көрсете аламыз ба?
2. Тазарған алтын жұмсарып, иілгіш келеді. Сол сияқты, Құдайдың тазартуы бізді де жұмсақ және сезімтал етеді. Осы өзгерістерді тереңірек ашып, сипаттаңыз.
3. Тазарту оты жасырын күнәңізді немесе осалдығыңызды ашкерелесе, реакцияңыз қандай болуы тиіс?
4. Тазарту отынан өткеніміз өмірімізден Исаның айқын көрінуіне қалайша септігін тигізеді?

5-ші сабақ

7-ші тарауды оқып шығыңыз

1. Құдай күңкілді неліктен жек көреді? Сіздің өміріңіздегі күңкілдің орны қандай?
2. Малахи пайғамбардың жазбасындағы адамдардың күңкілі мен Еремия пайғамбардың күңкілінің айырмашылығы неде? Құдайдың бірінші топтағылардың күңкіліне ашуланып, Еремияға жауап беруінің себебі неде?
3. Соттың мәні үкім шығаруда емес, шешім қабылдауда. Сот сенушілерден басталғанда, Құдай кімдердің Өзіне қызмет етуге лайық екенін, кімдердің лайық емес екенін шешеді. Сол шешімді қабылдарда, Құдай қай нәрселерге көңіл аударады деп ойлайсыз?
4. Құдай Өзіне қызмет етуге лайық адамдарды іздейді. Шақырылу мен таңдалудың арасындағы айырмашылықты қалай түсіндірер едіңіз?

6-шы сабақ

8-ші тарауды оқып шығыңыз

1. Азап шегудің сізге сый етіп берілгенін естігеніңізде алғашқы реакцияңыз қандай болды? Сабақтың соңында көзқарасыңыз қалай өзгерді?
2. Құдай күш-қайратыңыздан асып түсетін сынақтарға жол бермейді. Осы ақиқат сізді жігерлендіреді ме?
3. Құдай күш-қайратыңыздың бүгінгі деңгейінде қалуына жол бермейді. Олай болса, өміріңізге деген Құдайдың жоспары қандай болуы мүмкін?
4. Болашақта қиындықтарға кез боламыз. Сол қиындықтарға ұқсас сынақтардан Құдай бізді қазір өткізуде. Болашағыңыз жайлы Құдай сізге не айтқан еді? Жаратқан Иенің сол уәдесі қазіргі қиындықтарға деген көзқарасыңызға қалай ықпал етеді?

7-ші сабақ

9-шы тарауды оқып шығыңыз

1. Құдайдың жолы кейде адами логикаға қонбайды. Құдай іс-әрекетіміздің үйреншікті үлгісін «бұзғанда», Оған үміт арту неліктен қиынға соғады?
2. Құдай сіз күткендей әрекет етпесе, өзіңізді қалай сезінесіз? Жаратқанның уәделерінің орындалуы кейінге қалып бара жатқандай болғанда, қандай қысымды сезінесіз, қандай азғырулар келеді?
3. «Ескі болмыс әлденені тудырса, оны қолдап тұруға да әрдайым ескі болмыстың күші керек болады» деген тұжырымның ақиқат екеніне көзіңіз жетті ме? Өміріңіздегі Құдайдың құдіретімен пайда болған нәрселерден мұның айырмашылығы қандай?

4. Құдайдың жолымен келе жатқаныңызға сенімдісіз бе? Не себепті?

8-ші сабақ

10-шы тарауды оқып шығыңыз

1. Шөл дала – Құдаймен кездесу орны. Олай болса, не себепті шөл далада өзімізді Жаратқан Иеден ажырап қалғандай сезінеміз?
2. Жарылқауға емес, ең алдымен Құдайға ұмтылу дегенді қалай түсінесіз?
3. Құдайдың Өзінен гөрі уәдесі немесе аманаты маңыздырақ болып кеткені не себепті қауіпті деп ойлайсыз?
4. Киелі жазба кейіпкерлерінің Құдайды жақын танып білгені жайлы оқығаныңызда, шөл дала кезеңіне деген көзқарасыңыз қалай өзгереді?

9-шы сабақ

11-ші тарауды оқып шығыңыз

1. Жұбаньштың қайдан келетіні не себепті маңызды? Және, рухани қуаңшылық маусымында ерекше маңызды.
2. Мінәжат пен Құдайдың Сөзіне, құлқынымыз соқпай тұрғанына қарамастан, терең бойлай берсек, рухани тамырларымыз жайылып, нығая береді. Осы жайында пікіріңіз қандай?
3. Өршеленген шабуылдар Құдайдың уәдесі орындаларда, жарылқау келерде басталады. Осы ой сізге жігер береді ме?
4. Не себепті Құдайдың уәдесіне беріктігі жайлы ой толғау шөл даладағы уақытымызды мәнді етеді?

10-шы сабақ

12-ші тарауды оқып шығыңыз

1. Басыңыздан өткен шөл дала кезеңі сізді келесі деңгейге өтуге қалайша дайындады?
2. Не себепті өзгерістер қиынға соғады? Өзгерістерге бейімделуімізге ең үлкен кедергі не?
3. Торсықты жаңарту жайлы әңгімеде сізге ерекше әсер қалдырған қай нәрсе? Не себепті?
4. Жаңа нәрселерге ие болуымыз үшін, ескіден арылуымыз қажет. Өміріңізге өзгерістер келуі үшін қай нәрселерден арылғаныңыз жөн деп ойлайсыз?

ҚОСЫМША

Әрбір адам құтқарыла алады.

«Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне сенсең, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады»

— Римдіктерге 10:9, 10

Құдай өміріңіздің табысты болуын қалайды. Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі зор, сіздің өміріңізге деген Жаратқан Иеміздің арнайы жоспары бар. Алайда, осынау тамаша тағдырыңызға жеткізер жол біреу-ақ, Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх арқылы құтқарылуды қабылдауыңыз шарт.

Исаның өлімі мен қайта тірілуі арқылы Құдай сүйікті перзенті – сізге Өзінің Патшалығына жол ашты. Исаның айқыштағы өлімінің арқасында мәңгіліктегі молшылыққа толы өмір сіз үшін қолжетімді. Құтқарылу дегеніміз – Құдайдың сізге арналған сыйы, оған іс-әрекетіңізбен қол жеткізу, не оған лайық болу мүмкін емес.

Осы қымбат сыйды қабылдау үшін өз күнәңізді және өміріңізге дем берген Жаратушыдан тәуелсіз өмір сүргеніңізді (себебі осы тәуелсіздік барлық күнәнің түптамыры болып табылады) мойындау қажет. Теріс жолдан қайту – құтқарылудың ең маңызды бөлігі. Елшілердің істері кітабында суреттелген бес мың адам құтқарылған күні Петір осы жайында анық айтқан еді: «Сондықтан теріс жолдан қай-

тыңдар! Сонда Құдай Ие күнәларыңды кешіреді» (Елшілердің істері 3:19). Киелі Кітап әрбіріміз күнәнің құлы болып туылдық дейді. Ол құлдық қасарысу мен тілазарлыққа жол берген Адам атаның күнәсінен бастау алады.

Теріс жолдан қайту – өзіңізге және өтіріктің бастауы шайтанға бағынудан бас тартып, бұдан былай жаңа Иеңіз, сіз үшін Өз өмірін қиған Иса Мәсіхке мойынсұну.

Мәсіхке бойсұнып, Оны өзіңіздің Иеңіз және өміріңіздің билеушісі ретінде мойындап, Оған барыңыз бен өз-өзіңізді толықтай (рухыңыз, жаныңыз бен тәніңізді) бағыштауға тиіссіз. Өміріңізде Оның билігі шексіз, даусыз болсын. Осыдан кейін Құдай сізді түнектен азат етіп, нұрға, Өз Патшалығының салтанатына жетелейді. Сіз өлімнен өмірге өтіп, Оның перзентіне айналасыз!

Иса арқылы құтқарылуды қабылдағыңыз келсе, төмендегідей мінәжат етіңіз:

Көктегі Құдай, мен күнәһар екенімді, Сенің әділдігіңе сәйкес өмір сүре алмайтынымды мойындаймын. Жасаған күнәм үшін мәңгі жазаға лайықпын. Мені осы күйімде қалдырмағаның үшін рахмет, мен үшін өлімге барып, айқыштағы жазамды өз мойнына алған Мәриям қыздан туған Жалғыз Ұлың Иса Мәсіхті жібергеніңе сенемін. Оның үшінші күні қайта тіріліп, қазір Сенің оң жағыңда отырғанына сенемін. Иса – менің Ием және Құтқарушым. Сенен тәуелсіз өмір сүргенімнен бет бұрып, өмірімді толығымен Иса Мәсіхке арнаймын.

Иса, Сені Жаратқан Ием және Құтқарушым деп мойындаймын. Рухыңмен өміріме еніп, мені өзгертіп, Құдайдың перзенті ете гөр. Осы кезге дейін түнекте өмір сүрдім, енді бұдан былай одан бас тартып, өзім үшін өмір сүруді тоқтатып, рақымыңмен Сен үшін өмір сүретін боламын, себебі Сен мен үшін Өзіңді

құрбан еттің, соның арқасында мен мәңгілік өмірге ие болдым.

*Жаратқан ием, Саған рахмет. Енді менің өмірім
Сенің қолыңда. Сенің Сөзіңде жазылғандай, осы жолды
таңдағаным үшін мен ұятқа қалмаймын.*

Құдайдың отбасына қош келдіңіз! Басқа сенушілерге осы мінәжатыңыз туралы айтып беріңіз. Киелі Кітапқа сенетін жергілікті қауымға қосылуыңыз маңызды. Сеніміңізді жігерлендіретін бауырластармен қарым-қатынаста болғаныңыз дұрыс.

Сіз тамаша өмірге аяқ бастыңыз. Күнделікті рухани өсуіңізде, Құдаймен қарым-қатынасыңызда, Оны танып-білуде Құдай сізді жарылқасын!



«Мессенджер Интернэшнл» адамдарға, жанұяларға, қауымдарға және халықтарға Құдай Сөзінің жаңартушы құдыретін ұғынып, сезінуге көмектесуді көздейді. Сол құдыретті ұғынған адамдар күш-қабілетке бөленеді, қоғам өркендейді, әділетсіздік тойтарылады.



Cloud Library — дүние жүзіндегі қызметкерлерге өз тіліндегі тегін ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін онлайн-платформа.

CloudLibrary.org сайтынан Джон мен Лиза Бивердің **100**-ден астам тілдегі ресурстарын тауып, жүктеп алуыңызға болады.

Электрондық кітаптар, бейне және аудио тәлімдер, аудиокітаптар, Киелі Кітаптар...

Көбірек білгіңіз келеді ме? Сканерлеңіз:
CloudLibrary.org



Мәңгілікке ұмтылғандар

Бүгін де, мәңгілікте де терең мағынасы бар өмір



Жердегі өмір — қас қағым сәт қана, алайда көбіміз мәңгілік жайлы еш ойланбастан өмір сүреміз. Мәңгіліктегі тағдырымыздың қандай болары жерде қалай өмір сүргенімізге қарай шешіледі. Киелі Жазбаның айтуынша, сенушілердің алатын сауабы әртүрлі — істерінің барлығы отқа жанып кететіндер де, Мәсіхпен бірге мәңгі патшалық құратындар да болады.

Қорынттықтарға арналған 2-хаттағы (5:9-11) үзіндіні негізге алып, Джон Бивер барлық сенушілердің Мәсіхтің алдында өз іс-әрекеттеріне қарай лайықты баға алатындарын еске салады. Уақытымыздың басым бөлігін мәңгіліктегі сыйға жеткізетін нәрселерге емес, тіпті басқа заттарға арнағанымызды түсінгенде көбіміз қатты өкінетін боламыз.

Өміріміз мәнді болуы үшін не істеуіміз керек? «Мәңгілікке ұмтылғандар» кітабынан өміріңіздің мақсатын қалай табуға болатынын, Құдайдың берген сыйын арттыра түсіп, тапсырмасын қалай орындайтыныңызды біле аласыз. Өміріңізге мәңгілік тұрғысынан қарай білсеңіз, мәңгі жеміс үшін еңбек етуге дайын боласыз.

Messenger қызметінің сайтында ағымдағы бейнежазбаларды көруіңізге, Джон Бивер мен Лиза Бивердің осы кітабын және басқа тәлімдерін тегін жүктеп алуыңызға болады:



CloudLibrary.org

ӨМІРІҢІЗДІҢ КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢІНДЕ ҰНЖЫРҒАҢЫЗ ТҮСІП, «ҚҰДАЙ, ҚАЙДАСЫҢ?!» ДЕГЕН СҰРАҚ МАЗАЛАП ЖҮР МЕ?

Бәлкім, Құдайдың даусын естіген боларсыз. Алайда, қазір Жаратқан Ие үн қатпайтын тәрізді. Мүмкін, сенім жолымен жүрген боларсыз. Енді, міне, Құдайдың құзырын таппай жүрсіз. Жаратқан Иенің уәде беруі мен сол уәденің орындалуы арасындағы орын – шөл далаға қош келдіңіз.

Алайда, жақсы хабарым да бар, шөл дала – мақсатсыз кезіп жүрген жеріңіз емес. Шөл даладан дұрыс өтер болсаңыз, ол дайындық орнына айналып, сізді Құдайдың аманатын орындауға жарақтайды. Өміріміздегі шөл дала кезеңінен қол құсырып, Құдайды күтумен ғана өтпейміз. Шөл далاداғы сіздің көзқарасыңыз бен іс-әрекетіңіз өте маңызды. Құла түзді шыр айналып, уақытыңызды босқа жоғалтпауыңыз үшін, шөл даланың не екенін анық білгеніңіз жөн.

Бірнеше бестселлердің авторы Джон Бивер даналыққа толы осынау кітабында өз өмірінен мәнді мысалдар келтіріп, оқырманды Киелі Кітаптан алынған маңызды мәліметпен жарақтандырады. Бұл кітап қуаңшылық маусымынан, күрделі кезеңдерден аман-есен өтіп, Құдай уәде еткен жерге кіруіңізге көмектеседі.



ДЖОН БИВЕР – халықаралық уағыздаушы әрі бестселлерлердің авторы, Құдайдың Сөзін батылдықпен, ымырасыз уағыздайды. Джон Бивер және оның жұбайы Лиза — «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің негізін салушылар. Қызметтің мақсаты – дүние келбетін жаңартып, өзгерте алар мәсіхшілерді көтеру. Джон отбасымен бірге Колорадо қаласында тұрады, ол төрт ұлымен бірге түрлі ойындар ойнағанды жақсы көреді, кейде Лизаны гольф ойнауға көндірмек болып әуре-сарсаңға түседі.



Тегін жүктеу үшін және ағымдағы видеоларды көру үшін
CloudLibrary.org сайтына кіріңіз.



Бұл кітап – автордың сыйлығы.
Сатуға арналмаған.

Мәзірлік біліңіз қалай ме?
Мәзірлік жерден өткізіңіз.

